

810(К03)2(075.11)

А 90

ШЕГЕН АХМЕТОВ

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

*Жоғары оқу орындары мен
педучилищелердің студенттеріне арналған оқу құралы*

Қазақ ССР Оқу министрлігі бекіткен

«МЕКТЕП» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1974

Балалар әдебиеті туралы түсінік	3	Дін құпиясын өскере ету мақсатына құрылған ертегілер	50
Бірінші бөлім		Төртінші тарау.	
Бірінші тарау.		Эпостық жырлардағы балалар ауыз әдебиетіне жататын нұсқалар	64
Ауыз әдебиеті — балалар әдебиетінің алтын қоры	11	Қобланды батыр жырларындағы Тайбұрдың шабысы	65
Балалар ауыз әдебиетіндегі эстетикалық идея	14	Кімбір батыр жырның халықтық сипаты	67
Бала тілін дамытудағы жаңылтпаштың тәрбиелік ролі	28	Балалар ауыз әдебиетінің көркемдік ерекшеліктері	71
Өтірік әлемдердің өкімі көпінкістеріндегі өмір танытарлық оқиғалар	32	Екінші бөлім	
Екінші тарау.		XIX ғасырдағы қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуы	80
Мақал, мәтел, жұмбақтар	36	Махамбет Өтемісұлы	83
Халық даналығын баутуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік ролі	37	Ыбырай Алтынсарин	87
Балалардың логикасын дамытуда жұмбақтардың тәрбиелік ролі	40	Абай Құнанбаев	109
Үшінші тарау.		Үшінші бөлім	
Ертегілер — халық даналығының айналымы	46	XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ балалар әдебиеті	127
Хайуанаттар жайындағы ертегілердің өмір танытарлық сипаты	47	Сауда Ишан дастаны	129
Боз інген	49	Спадияр Қобеев	139
Тайшалар айналысында айтылатын куәлдігі ертегілер	52	Сұлтанмахмұт Торайғыров	148
Түрмис салт ертегілері	56	Қазақ балалар әдебиеті байланыстарының қайнар көзі	158
Ақ би ертегісіндегі даналыққа құрылған өмір танытарлық парасатты ой	57	Сәбит Дөнентаев	165



711563

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТҰРАЛЫ ТҮСІНІК

Балалар әдебиеті — совет әдебиетінің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиетпен бірге дамып, толысып келген ол XIX ғасырда өз ерекшеліктерімен дербес күйге жетті. Советтік заманымызда балалар әдебиеті тәлім-тәрбие, білім беретін өмір оқулығына айналды.

Балалар әдебиетінің қалыптасуына, дами түсуіне Коммунистік партия мен үкіметіміз үнемі қамқорлық жасап келеді. КПСС Орталық Комитетінің бас секретары Л. И. Брежнев XXIII съезде жасаған баяндамасында: «Партия мен комсомолдың бүкіл идеялық-саяси жұмысы жас ұрпақтың бойына маркстік-лениндік сананы сіңіріп, нығайту; өмірдің барлық құбылыстарына таптық тұрғыдан қарауды үйрету, коммунистік партияның ісіне берілгендік рухта тәрбиелеу болуға тиіс»¹ деп көрсетті. Осының өзінен-ақ балалар әдебиетінің маңызы мен мақсатын толық аңғаруға болады.

КПСС Орталық Комитеті балалар әдебиетінің көркемдік және идеялық сапасын көтеру, оны өркендету мәселесінде де үнемі тікелей басшылық етіп келеді. Әсіресе совет шындығын типтік образдар арқылы көрсету міндеттерін үнемі алға қоюда. Балалар әдебиетінің мектеп өмірімен, политехникалық оқумен байланысын, тәрбиелік мәнін күшейту еш уақытта назардан сырт қалып көрген жоқ. Осындай қамқорлықты КПСС-тің XXI, XXII, XXIII, XXIV съездерінің тарихи қарарларынан айқын сезінеміз.

Балалар әдебиетінің өркендеуі жағынан Россия алдынгы қатардағы мәдениетті елдердің бірінен саналады. Россияда балаларға арналған әдебиет өз алдына дараланып XVI—XVII ғасырларда таныла бастаған. Ұлы орыс халқының алдынгы қатардағы жазушылары мен әдебиет қайраткерлері бала тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, балалар әдебиетін жасауға ат салысқан. Бұл ретте Жуковский мен Одоевскийдің, Белинский мен Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Лев Толстой мен Чеховтың, Некрасов пен Мамин-Сибиряктің, Горький мен Маяковскийдің есімдері ерекше аталады.

¹ Л. И. Брежнев, КПСС XXIII съезінде жасаған баяндамасы, «Қазақстан баспасы», Алматы, 1966, 100-бет.

Үлкен әдебиет үлкен теорияны тудырады. Осындай алдыңғы қатардағы балалар әдебиеті теориясының негізін салған ұлы орыс халқының революционер демократтары В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов болды. Олардың балалар әдебиетіне қойған ең үлкен талаптары Отаны, халқы алдында қызмет ететін болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу мәселесі еді.

В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов балалар әдебиетінің реалистік демократтық бағытта дамуына жол ашып берді: «Балалар кітаптарының мақсаты — балаларды белгілі бір іспен ғана шұғылдандыру емес, оларды бұзық әдеттерден, бұзық бағыттан алдын ала сақтандыру ғана емес, сонымен қатар оларға табиғаттың берген адамгершілік рух элементтерін: сүйіспеншілік сезімін, шексіздікті сезінуін дамыту болады. Мұндай кітапшалар балалардың өс-ақылына емес, сезіміне төтеден, тікелей әсер ететіндей болуы керек. Сезім білімнен бұрын пайда болады, ақиқатты сезбеген адам — оны түсінбеген де білмеген адам. Балаларды үш әлем табиғатымен таныстырып, толып жатқан халқы бар бүкіл жер шарын олармен бірге аралап өту керек. Оларға әр алуан мінез-құлықтары, әдет-ғұрыптары, ұғымдары, нанымдары бар адамзат ұрпақтары мен қоғамдарын көрсету керек. Ал ол үшін балаларға арнап бүкіл дүниеге, бүкіл табиғатқа жан беріп, меніреу тасты да, қырдың қылтамағын да, сарқыраған бұлақты да, майда қоңыр желді де, жер үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілік тілмен, өмір тілімен сөйлету керек»¹ деді В. Г. Белинский.

Ал Н. Г. Чернышевский: «Біз кейде балалардың ақыл-ойын дұрыс бағалай білмейміз... Біз баланың зейіні нашар, ақылы өткір емес деп ойлаймыз; жоқ олай емес, баланың тек тәжірибесі ғана жоқ, ал ақылы өткір, қиялы жүйрік екеніне сеніңіз. Үлкен кісілердің кез келгеніне ұғындыра алмайтын алгебраның қиын есептерін он екі жасар бала оқып үйренеді ғой... Ендеше, істі біліп қана қолға алу керек, балалармен тарих туралы да, адамгершілік ілімдер туралы да сөйлесуге болады»² — деген.

Революционер демократтардың осындай теориялық идеялары социалистік қоғамның жаңа жағдайында жасалған совет балалар әдебиетін құруға негіз болды. Ал совет балалар әдебиетін социалистік реализм бағытында дамытқан, соның негізін салған М. Горький еді. Халықтың көкейтесті ой-арманын, тідегін бейнелеген өткен замандардағы мол тәжірибелерін пайдалана отырып, балалар әдебиеті жас өспірімдер мен балдырғандардың ең таңдаулы, ең мақтаулы жаңа әдебиетіне айналды. М. Горькийше айтқанда, балаларға арналған поэзия негізі бесік жырынан басталады. Санамақ, жаңылтпаштар, тұсау кесу жырлары мен

мақал-мәтелдер жәндіктер тіршілігіне байланысты айтылатын қысқа-қысқа кіші-гірім өлеңдер айналасында болады.

Октябрь революциясының арқасында жарық көрген совет балалар әдебиеті өзінің жаңа оқырмандарын тапты. Шаруалар мен жұмысшы балаларына қызмет көрсете бастады. Оларға өздерінің әкелері мен аталарының, апалары мен ағаларының бастап кешіргендері жайлы көркем шығармалар жасап берді. Балалар әдебиеті алдына жаңа міндеттер қойылды. Бұл жөнінде М. Горький былай деген еді: «Біздің елде балаларды тәрбиелеу дегеніміз — балаларды революцияландыру, яғни баланың ой-пікірін ата-бабалардың өткен замандарда ұялаған үйреншікті ойынан, оның адасуынан азат ету деген сөз»³.

Совет шындығының негізінде пайда болған балалар әдебиетінің алға қойған міндеттері — жас өспірімдерді советтік патриотизмге, коммунистік моральға, интернационалдық бірлікке, еңбекке, коммунистік көзқарасқа және адамгершілікке деген ізгі қасиетке баулу.

Совет балалар әдебиетінің тағы бір үлкен ерекшелігі — халқымыздың Октябрь революциясына дейін бастап кешірген бейнет, қасіреттерін қазіргі өмірімізбен салыстыра суреттеу, шындық тұрғыдан бейнелеп беру. Осыған орай А. С. Макаренко совет балалар әдебиетіндегі басты проблемалардың бірі тақырыпты таңдап ала білуде, таба білуде деп көрсетті. Адамгершілік қасиет балаға жас кезінен егілуге тиісті болса, соның негізінде тақырып таңдау бала тәрбиелеудің саяси міндеттерімен тығыз байланыста болмақ.

Совет балалар әдебиеті теориясын дамыту жайында айтылған М. Горький еңбектерінде социалистік құрылыстар тақырыбына және бұл жолдағы ірі табыстарымыз жайында жазылған көркем әдебиеттер өте жоғары бағаланған. Соның ішінде әсіресе ғылыми-фантастикалық көркем әдебиеттер мен еліміздің көрнекті озық адамдарының өмірі жайлы жазылған шығармаларға көп көңіл бөлінген.

М. Горький «Тақырып жайында» деген мақаласында балаларға арналған ғылыми көркем әдебиеттерді қалай жазу керектігі жайында бір тұтас программа сызып берген.

Алексей Максимович совет балалар әдебиетінің ұлы жазушысы, теоретигі, сыншысы және оның қамқоршысы, балаларды коммунистік рухта тәрбиелеудің қажырлы қайраткері болды. М. Горькийдің балалар әдебиеті жайында жазған: «Темалар туралы», «Ертегілер туралы», «Жауапсыз адамдар туралы» және «Біздің тұсымыздағы балалар кітабы туралы» т. б. еңбектері ғылымға және балалар әдебиеті жайында жазылған сын еңбектерге енгізген ірі мұра болып қалды.

Совет балалар әдебиетінде оптимизм басым. Сары уайым, қайғы-шер атымен кездеспейді. Бала біздің болашағымыз, өмі-

¹ М. Горький. Әдебиет туралы, 1954, 97-бет.

¹ В. Г. Белинский. «Жаңа жылға сыйлық» деген мақаласынан, V том, 648-бет.

² Н. Г. Чернышевский. «А. С. Пушкин, оның өмірі мен шығармалары», II том, 648-бет.

ріміздің жалғасы болғандықтан, олар коммунизм құрылысына қажырлы күш жұмсайды, керек болған жерде отаны үшін жанын да, қанын да қияды. Балалар әдебиетіндегі басты қасиеттердің бірі оларды осындай ер жүрек, өз отанының патриоты, ардагері болуға жетелейтін, өнеге беретін батыр, адал адамдардың образын жасау.

Балалар әдебиеті шығармаларының ықпалы, тәрбиелік күші жағымды кейіпкерлер образын жасау проблемасына байланысты шешіледі. Жаксыны үлгі етіп көрсету, ардагер адамдардың отаны, халқы алдындағы қызметін суреттеу, солардың типтік образдарын жасап беру жас өспірімдердің еліктеуіне, солардай болуға талптануына жол ашады. Октябрь революциясынан кейін совет балалар әдебиетінде жаңа адамдар бейнесінің туу бастауы, еңбек адамдарының көрінуі жас өспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды.

«Өнер алды қызыл тіл» деп Абай айтқандай, балалар әдебиетіндегі басты проблемалардың ендігі бір түрі — осы тіл. «Әдебиет — сөз арқылы сұлу суреттелетін өнер» деген гой М. Горький. Балалар жазушысы әдеби тілге шебер болумен қатар, оған өте ұқыпты қарауға тиіс. Балаларға арналған шығармалардың тілі, ең алдымен, өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, жүйелі түрде қисынды сөйлеуге, әсіресе ана тілін сүйе білуге баулитын көркем құрал болуға тиісті. Әрбір сөз өз орнында өз қызметін атқара тұрып, баланың ықпалымен жас жанына қозғау салып, сұлу суреттерімен эстетикалық күшті әсер ететіндей болуы керек.

Балаларға арналған өлеңдер ойнақы, жинақты, тілі баланың өз ойындай мөлдір де тұнық, қызықты да қарапайым болуы шарт.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін қазақ балалар әдебиеті жөнінде де сыншылар мен зерттеушілер, ғалымдар мен акын-жазушылар және мұғалімдердің ықыласы ерекше болды. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері жайында әр кезде алуан пікірлер айтылды. Бұл ретте С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің, М. Әуезовтің, С. Ерубаевтың, С. Мұқановтың еңбектерін атап өтуге тиіспіз.

С. Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан-аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған. «Жұмбақ айтысу — хат жазу білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлімше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп беретін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін, сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған»¹ дейді ол. С. Сейфуллин балалар ауыз әдебиетін әрі жинаушы, әрі зерттеуші болды.

І. Жансүгіров 1927 жылы жарық көрген «Өтірік» атты жинаққа жазған алғы сөзінде: «Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады», — деп түйіндеген.

М. Әуезов «Әр жылдар ойлары», «Ертегілер» деген ғылыми еңбектерінде балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалар екенін дәлелдеді. Бұл жөнінде М. Әуезовті балалар әдебиетінің тарихы туралы нақтылы тұжырым жасаған ғалым деуге болар еді.

С. Көбеевтің жас өспірімдерге арналған «Үлгілі бала» атты кітабы жөнінде 1939 жылы С. Мұқанов әсіресе «Жетім» деген өлеңінің қатты әсер еткенін атап өткен.

Балалар әдебиеті жайындағы сын мақалалар әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін кең өріс алды. Академик М. Ғабдуллин өзінің жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралында балалар фольклорына жататын мұралар көп екенін атап өткен.

Педагогикалық, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда «бала» деп атап жүрген жас жеткіншектердің өз араларында үлкен өзгешеліктер бар. Мәселен, бес жастағы бала мен он жастағы баланың мінезі, ұғымы, дүниеге көзқарасы бірдей емес-тігі мәлім. Соған орай балалар әдебиеті өз ішінде бірнеше салаға жіктеледі.

Мектеп жасына дейінгі балдырғандар шын мағынасындағы оқырмандар емес, олар — тек тыңдаушылар, көрушілер ғана. Оларға арналған шығармалар қысқа да ықшам жазылған суретті кітапшалар түрінде беріледі. Бұл жастағы балаларға арналған әдебиет жанры жағынан көбіне жеңіл сюжетке құрылған арналған шығармалар, хайуанаттар жайында жазылған әңгімелер, белгілі оқиғаға не ойын түрлеріне құрылған өлеңдер болып келеді. Бұл жастағы балдырғандарға арналған шығармалардың тақырыбы көбінесе табиғат әлемінен, өзін қоршаған, күнде көріп жүрген оқиғалардан алынады. Тілі жеңіл, сөзі ойнақы келеді. «Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп бес саусақты санау, таныту, тағы сол сияқты баланы ойната отырып күлдіру, күлдіре отырып өмірге үйрету жағы көзделеді. Немесе:

Ал білек, ал білек,
Балбыраған, бал білек
Аулың толы мал, білек.
Атқа тоқым сал, білек,
Отан тілін ал, білек,
Мал ішіне бар, білек,—

деген сияқты ойнақы болып келеді. Оның жатталуы да қиын емес. Бұл жаста әсіресе өлең сөздер айрықша әсер етеді. Өйткені олар есіткенін жаттап алуға ауес.

¹ С. Сейфуллин. Шығ., VI том, Алматы, 1964, 254-бет.

Бастауыш класс
оқушыларына
арналған
әдебиет

Бұл жеті мен он жастың арасын қамтиды. Жүйелі түрде өтілетін мектеп оқуы, мектеп программалары бұл жастағы балалар үшін жазылатын көркем шығармалардың білім берерлік және тәрбиелік мәнін тереңдете түсуді талап етеді. Балаға қоршаған айналымы, ортаны толығырақ, кепірек таныту көзделеді.

Бастауыш мектеп оқушылары бұл кезде мектеп жасына дейінгі балаларға карағанда сдәуір білімді, тәжірибелі болады. География мен табиғат танудан алғашқы мәлімет алады. Отанымыздың бастан кешірген дәуірлері жайында; тарих пен есепті, әдеби кітапшаларды оқи бастайды. Мектеп өміріне тереңірек үңіліп, қоғам жұмыстарына тез араласып кетуге ынталанып тұрады. Поэзия шығармалары, хайуанаттар жайындағы әңгімелер, ертегілермен қатар, енді қиял-ғажайып салт ертегілерді және күлдіргі әңгімелер мен күлдіргі ертегілерді оқуға көбірек көңіл бөледі. Әсіресе Алдаркөсе мен ташшалар бейнесі, олардың тапқырлығы мен ақыл-айласы бұл жастағы балаларды таңтамаша етеді. Куақы, қызық жазылған, тапқыр ойға құрылған кітаптарды іздеп жүріп, қолдан-қолға тигізбей оқиды. Бұл жастағы балалар үшін өзін қоршаған орта жайлы, табиғат ғажайыптары жайлы, олардың әр алуан тілектеріне, сұрақтарына жауап берерліктей әдемі суреттермен нақышталған ғылыми-фантастикалық көркем әдебиеттер болғаны жөн. Дүние ғажайыптарын танытатын суретті кітапшалардың мол болуының бұл жастағы балалар үшін маңызы зор.

Сегіз жылдық
мектеп оқушыла-
рына арналған
әдебиет

Балалар әдебиетінің бұл сатысы он бір мен он үш жас арасын — (V—VIII класс) оқушылары қамтиды. Сегіз жылдық мектеп оқушылары кітапшалармен үздіксіз байланыс жасап тұрады, өте көп оқиды. Олар мектеп өміріне қызыға араласып, түрлі-түрлі үйірмелерге қатысады. Қандай тапсырма болса да оны тезірек орындауға тырысады. Тезірек ер жетуді, комсомол қатарына өтуді мақсат етеді. Ол үшін пионер қатарында жүргенде үлгілі оқушы болуға тырысады. Өздерін-өздері тез көрсетуге, тез танытуға ынталанады. Үлкен кісілерге еліктеп, өздеріне лайық мамандық іздеуді арман ете бастайды.

Бұл жастағы балалар көбіне ғылыми-фантастикалық кітаптар мен саяхатшылар жайындағы және шытырманды оқиғаларға (приключенияға) құрылған кітаптарды оқуға құмартады. Олар енді ертегілер оқудан сырттай бастайды. Мұның орнын күрделі мәселелер қозғайтын әңгімелер мен повестер, очерктер мен естеліктер ала бастайды. Өздеріне өнеге, үлгі тұтарлық заманымыздың ардагер абзал азаматтарын, батырларды, ғалымдарды, революционерлерді, мәдениет қайраткерлерін және Коммунистік партияның қажырлы қайраткерлерінің өмірінен жазылған биографиялық шығармаларды бар ынтасымен іздене жүріп оқиды.

Жоғары класс
оқушыларына
арналған
әдебиет

VIII—X класс оқушылары өткінші шақтан (переходный возраст) өтіп; көмелеттік дәрежеге жетеді. Көмелетке жету — ұлы Абайдың сөзімен айтқанда, «жас жігіт» деген сөз. Сондықтан да 15 пен 17 жастың арасындағы жас өспірімдер көбінесе үлкендер оқитын көркем мұраларға әуес келеді. Жоғары класс оқушылары өздері оқып жүрген сан алуан пәндер төңірегінде сабаққа пайдасы тиетін шығармаларды іздестіреді. Мұғалім оларға қандай кітапты оқу керектігі жөнінде ақыл береді. Әр оқушының ерекше ұнататын пәні болады. Сол негізде олар мамандық таңдайды. Ертең университеттің немесе институттың қай факультетіне түсу жайында толғанады. Сол кезде көркем әдебиет көмекке келе алса, ол өзінің қызметін аброймен атқарғаны.

Осыған орай бір жайды ерекше атап өтпекпіз. Орыс әдебиетінде біздің «балалар әдебиеті» деп жүргеніміз «Дошкольная литература», «Детская литература», «Юношеская литература» болып айқын жіктеледі. Ал қазақ әдебиеті тарихында «Юношеская литература» (жас өспірімдер әдебиеті) дейтін термин де жоқ. Осыдан келіп, біздің балалар әдебиетінің мұрасы деп отырғанымыз кейбір зерттеушілерге үлкендерге арналған шығарма сияқтыны көрінеді. Мұндай жағдайда бүкіл орта мектепке арналған әдебиет пәнінің программалары мен оқулықтарына жүгінуге тиісті.

Қазақ балалар әдебиеті идеялық-көркемдік жағынан болсын, тақырыптық-тәрбиелік жағынан болсын, партиямыз бен үкіметіміз алға қойған ізгі талаптарға сай өркендеп келеді. Қазақ балалар әдебиетінде батырлық, ерлік дәстүр, өнеге тұтатын ұлы өнерпаздар, еңбек ерлері, космос батырлары, ғылым ашқан ғаламаттар — бәрі-бәрі сипатталады.

Сонымен, балалар әдебиетінің төмендегідей басты-басты алты ерекшелігі бар деп білеміз.

Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санаына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жақсы болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыру шарт.

Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне карағанда, балалар алдымен оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінезінің әр жақты дамуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет — эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі.

Ал, көркемдікке тәрбиелеу — баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады.

Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рақаттанып рухани ләззат алуын көздейді.

Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны, идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға себепкер болуға тиісті. Оларды еңбекке, ғылымға, әр қилы мамандыққа еліктіріп үлкен істерді орындауға дайындай білуі, соған әуестендіруі керек.

Алтыншыдан, «сөз әдебиеттің негізгі материалы болып табылады. Біздің барлық әсерімізді, сезімімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін — сол»¹ деген М. Горький. Әсіресе балалар әдебиетіне қойылатын талап та дәл осындай. Балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл әрі көркем, қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден-бір құрал.

Қорыта айтқанда, балалар әдебиеті деген не, оның мақсаты қандай? Балалар әдебиеті — жас буынның сана-сезімін онытып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілік, коммунистік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты — мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он жеті жасқа дейінгі оқушыларға әдеби тілде жазылған жоғары идеялы, қызықты шығармалар беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Бізде балалар әдебиеті жаңа адамға коммунистік тәрбие берудің игілікті міндетін атқаратын, жаңа өмірді насихаттайтын трибунаға айналды.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші тарау

БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ — БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛТЫН ҚОРЫ

Балалар ауыз әдебиетін жасаған — халық. Адамға баласынан жақын, баласынан артық еш нәрсе болмаған. Халық еш нәрсені де өзінің баласынан жоғары бағалаған емес. Сондықтан халық ең алғаш өзінің жақсы ойын, тәтті қиялын өлең етіп, ән етіп баласына арнаған. Жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш еткен. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу, оның алдына неше алуан тілек-мақсаттар қою өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылған. Өйткені «Адам — дүниені ұйымдастырушы, екінші жаратылысты, мәдениетті жасаушы күш-қуаттың несі, адам — жаратылыстың органы, жаратылыс оны өзін тану, өзін көркейту үшін туғызған, міне, балаларға осыны ұғындыру керек. Балалар алты-жеті жасынан ой-пікірдің кереметтей күшін түсіне бастауға, әлеуметтік көріністердің мағынасын ұғынып, өз қабілеттерін тануға тиіс. Сондықтан, балаларды өмірмен таныстырғанда, бұрынғы өткен заман туралы, еңбек процестерінің және ой-пікірдің ұйымдастырған жұмысының бастапқы кезеңі туралы әңгімелерден бастау керек»¹ деген М. Горький. Демек, халық ауыз әдебиетінің алғашқы пайда болуы, шығуы халықтың балаға арнап айтқан өлең, жыр, ертегілерден басталады.

Бала өскен соң, өздерін қоршаған жаратылыстың ішкі құпиясын ғылым жолымен сезініп білмесе де, жапан түзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, адаспай кете беретін болған. Жастайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын сак құлақ көреген де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де шыққан. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, алты-жеті жасынан-ақ олар ат құлағында ойнайды. Қолы босағанда үлкендерден ертегі, өлең, батырлық жырлар естиді, бұларды жаттап алады.

Халық ауыз әдебиетін балалар сүйіп оқиды, қызыға тыңдайды. Халықтық шығармалармен мектеп жасына дейінгі балалар да ата-анасының, туған-туысқандарының айтуы бойынша ертеден-ақ таныс бола бастайды. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаш сөздер, мақал мен мәтел-

¹ М. Горький. Әдебиет туралы, Алматы, 1954, 49-бет.

¹ М. Горький. Әдебиет туралы, Алматы, 1954, 100-бет.

дер, өтірік өлеңдер — бәрі де баланы қызықтырып, оларды мәзмейрам етеді. Сайып келгенде, осының бәрін балалар ауыз әдебиеті деп атауға болады.

Балалар ауыз әдебиетіне халықтық шығармалармен бірге туып жасасып келе жатқан, бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың өмір тәжірибесінен туған игі ісі, жемісі жатады. Балалар ауыз әдебиеті — балалардың психологиясымен, олардың ерекшелігімен санасудан туған және оларды тәрбиелеу ісінен келіп шыққан игілік. Балалар ауыз әдебиеті төмендегідей ерекшеліктермен байланысты туған. Жылаған бөбегін жұбату үшін немесе ұйықтату үшін ата-анасы балаға бесік жырын шығарған. Бөбектердің кішкентай саусақтарын қимылдатып, өз саусақтарымен өздері ойнап, үілдеп бірінші тіл қатқаны, мәзмейрам боп сықылықтап күлгені ата-ананы шексіз қуанышқа бөлеген.

«Бесік жырынан» кейін — «тұсау кесу» жыры келеді. Мұнда жас нәрестенің қаз тұрып, апыл-тапыл басқанын «тәй-тәй» деген әнді әуенмен, жылы сөзбен, мазмұнды әсем ырғақпен жыр етеді. Балдырған өскен сайын әннің де, өлеңнің де мазмұны тереңдеп, енді балаға тілек, мақсаттар қойыла бастайды.

Бұдан кейін бөбектерді айналадағы өмірмен, жәндіктер тіршілігімен және өздеріне ең жақын мал шаруашылығымен таныстыру көзделеді. «Марқа қозым», «ақ тоқтым», «ақ марадым», «құлыным», «ботам» деген жылы сөздерді айту арқылы мал қадірін танытады.

Келесі кезекте — бөбектерді жыл мезгілдерімен, соған байланысты өзін қоршаған ортамен таныстырады. Сол арқылы өлке тану ісіне жұмылдырады. Ізсіз, түзсіз, адыр-адырларды кезіп жүріп, ауылдың қай тұста, қай қоныста отырғанын білуге немесе жоғалған малдарын із кезіп жүріп табатын шеберлікке баулиды.

Одан кейін балаларды дұрыс та, анық сөйлеуге, яғни тілін жаттықтыру үшін жаңылтпашты айтқызады: оны халық жалаң қолданбайды, өмір таныту ісімен, балалар ойынымен байланыстыра жүргізеді.

Ең соңында балалардың ақыл-ойын дамыту үшін жұмбақ жапрын пайдаланады. Осылардың бәрін де балалардың шамашарқына қарай, жастық, психологиялық даму өзгешеліктерімен санаса отырып, олардың табиғаты тілеп отыратын ойын-сауық істерімен байланыстыра жүргізеді. Балалар есейген сайын оларға қойылатын талап-мақсаттардың ұлғая беруіне байланысты, балалар ауыз әдебиетінде оқиғалар да, соған байланысты жүретін тәрбие жұмыстары да бірден-бірге күрделене береді. Осыдан байқалатын бір жүйе баланың бар өмірі халық поэзиясымен тығыз байланыста өсетінін білдіреді.

«Халықтың көкей тесті ой-арманын, тілегін бейнелеген, оның рухани және эстетикалық қажеттеріне сай келген ежелгі қазақ поэзиясы бізге өзінің білімдік, танымдық, эстетикалық қасиет-

тері мол мәңгі өшпес үлгілерімен де, Совет поэзиясын дамытудың сарқылмас қайнар бұлағы ретінде қызмет етіп келгендігімен және қызмет етіп отырғандығымен де қымбат»¹ дейді профессор М. Каратаев.

Бастауыш мектеп оқушылары мен сегіз жылдық мектептің жас өспірімдері батырлық жырларды сүйсініп, оның ішіндегі жағымды кейіпкерлерге еліктей отырып, қызыға оқитыны осыдан.

Бізге балалар ауыз әдебиетін жинау, бастыру, оны бір жүйеге келтіріп, жас өспірімдерге ұсыну жұмысы тек XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғана қолға алынды. Өйткені XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ даласында ең бірінші рет жаңа типті орыс-қазақ мектептері ашыла бастауына байланысты халық ағарту жұмысымен шұғылданған педагогтар ең алдымен халық ауыз әдебиетіндегі бала тәрбиелеуге арналған шығармаларды жинауға бет бұрды. Олар балаларды оқытуға, тәрбиелеуге ең қажетті материалдар халық ауыз әдебиетінен табылатынын анықтады.

Қазақта балалар ауыз әдебиетін бірінші жинаған және оны ең бірінші рет құрастырып, «Қазақ хрестоматиясы», «Мақтұбат» атты кітаптарына енгізіп, 1879 жылы бастырып шығарған Ыбырай Алтынсарин еді. Төрт бөлімнен құрастырылған осы кітаптың бірінші бөліміне өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелер, ертегілер енгізілген. Ыбырай Алтынсарин тек балалар ауыз әдебиетін жинаушы болып қалған жоқ, сонымен қатар ол қазақ балалар жазба әдебиетінің атасы болды. Осыдан соң-ақ қазақ халқының алдыңғы қатардағы оқыған азаматтары, педагогтары қазақ балалар ауыз әдебиетін жинаумен шұғылдана бастады. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген оқытушы Спандияр Көбеев 1910 жылы бастырып шығарған «Үлгілі тәржіме» және 1912 жылы бастырып шығарған «Үлгілі бала» кітаптарына балалар ауыз әдебиетінен өлеңдер, ертегілер және Қожанасыр әңгімелерін енгізген. Тайыр Жомартбаевтың 1912 жылы шыққан «Балаларға жеміс» деген кітабында да балаларға арналған көптеген шығармалар кездеседі.

Ұлы Октябрь революциясынан соң, балалар ауыз әдебиетін өз алдына дербес жинауға мұқият көңіл бөлініп, оны зерттеу, оқыту жұмысы айрықша қолға алынды. 1926 жылы еңбек мектептерінде әліппеден соң өтілетін «Балаларға тарту» деген оқу құралы жасалды. Мұнда тек қана балалар ауыз әдебиетіне байланысты халықтық шығармалар басылған. 1927 жылы Ілияс Жансүгіров Москвада «Ел әдебиетінен жинақ» деп балаларға арнап «Өтірік» деген кітап бастырып шығарды. 1932 жылы Сәкен Сейфуллин құрастырған «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралына бесік жырынан бастап, балалар ауыз әдебиетіне жататын көптеген халықтық шығармалар енгізілген. 1956 жылы «Қазақ

¹ М. Каратаев. «Өнерпаз болсаң арқалаң», Алматы, 1960, 51-бет.

балалар әдебиетінің хрестоматиясы» жарық көрді. Осыдан соң-ақ бірінші кластан бастап, төртінші класка дейінгі оқу кітаптарында, сегіз жылдық мектептің 5-6-7-8-класстарында оқытылатын оқулықтарда да балалар ауыз әдебиетіне жататын халықтық шығармалар көптеп енгізілетін болды.

«Ертедегі ата-аналар өздерінің балаларын жастайынан еңбекке баулып тәрбиелегенде, олардың еңбек сүйгіш, еңбеккер және тұрмыс-тіршілікке икемді, қолынан іс келетін ер азамат болуын көздеген. Бала тәрбиелеуде бұл мақсатына жету үшін, олар тәрбие құралының бірі етіп халықтың ауыз әдебиетін, әңкісін көп пайдаланған. Бұлай ету бұрынғы кез үшін заңды да еді» — деген академик М. Ғабдуллин.

Халықтық шығармалардың балаларға тигізетін тәрбиелік әсері ұшан-теңіз. Халықтық шығарма балаларды адам баласының өткен ғасырлардағы тарихи өмірі, тұрмысы, әдет-салты, күн көрісі, шаруашылық-экономикасы, мәдениетімен таныстырып отырады. Сонымен қатар халық алдында қызмет еткен адал ұлдары мен қыздарын ардақтайды, олардың үздік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге етіп ұсынады.

БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ИДЕАЛ

Халық шығармаларының көркемдік принципі — жағымды кейіпкерлерді мейлінше дәріптеп суреттеумен қатар, жағымсыз кейіпкерлерді жиіркенішті, жексұрын етіп көрсетуге негізделген. Халық ауыз әдебиетіндегі көркемдік әдістің творчестволық күші, өзіндік өзгешелігі, міне, осында. Адам өз ғасырының айнасы болғандықтан, ол өз заманының сипатын танытады. Біз осы негізге сүйеніп, балалар ауыз әдебиетіндегі эстетикалық идеалға көңіл аударамыз.

Қай жерде өмір болса, сол жерде поэзия бар, — деп Пушкин айтқандай, қай жерде шындық болса, сол жерде поэзия бар, — дейді Белинский. Бұл екеуі бірін-бірі толықтыратын өзекті мәселе. Бірақ өмір бар жерде өтірік те, қиянат та болады ғой. Ал қиянат бар жерде нағыз халықтық поэзия болуы мүмкін емес. Белинский айтқандай, соған қоса шындық керек. Шындық бар жерде өмір дегенің гүл-гүл жайнап, көркемденіп, жанданып сала береді. Халықты қанаттандырып, рухтандырып, ерекше әсер етеді. Сондықтан поэзия халық үшін өмір шындығын суреттеумен ғана әсерлі, шынайы көрінеді. Ал, шындықты аңсау халықтың эстетикалық идеалынан туған. Бұдан шығатын қорытынды эстетикалық идеалсыз ешқандай көркем шығарма тумайтынын аңғартады. Өйткені идеалсыз өнер өмірдің тек салқын, жансыз құр сүлдесіне айналған болар еді.

Марксизм теориясының анықтаған жаңалығы бойынша эстетикалық идеалды таптық көзқарастан туған идеологиялық мақсатқа әкеліп тірейді. Таптық қоғамда идеология таптық сипат алып отырғандықтан, эстетикалық идеал да өз мазмұнына қа-

рай таптық сипатқа ие болады. Халықтың әдеті, салты, дәстүрі, гүрпынан тыс фольклор болмайды. Сондықтан фольклордағы эстетикалық идеал халықтың салтымен, әдетімен, гүрпымен, дәстүрімен, кәсібімен тығыз байланыста дамиды да, әрқашан әр түрлі жағдайларға байланысты халықтың көңіл-күйін танытып отырады. Күйіну-сүйіну үстіндегі эстетикалық идеал — ауыз әдебиетіне тән ең тамаша ерекшелік.

Адамға әрқашан шабыт беріп отыратын коллективтің творчестволық жасампаздық еңбегі әрқашан халықтың эстетикалық идеалының негізі болып келді. Бұлай дейтін себебіміз көптеген ертегілер мен халық өлеңдеріндегі және батырлық жырлардағы тамаша образдар өз еңбектерінің нәтижесінен туған эстетикалық идеал негізінде пайда болғаны анық.

Балалар ауыз әдебиетінде эстетикалық мазмұн, эстетикалық идеал әр жақты, әр алуан мол болады. Соның өзі балалар санасының дамуына үлкен мүмкіндіктер туғызады. Өйткені, балалар ауыз әдебиетінде халықтың болашақтан үміт еткен эстетикалық идеалы өте күшті сезіледі. Әсіресе жыршының шығарманы суырып салып орындап отырған кезінде оқиғаның ақиқатына жетердегі адамның жан жүйесін тебіртетін эстетикалық әсері тым күшейіп кетеді. Ауыз әдебиетінің ең тамаша ерекшелігі оның осындай күйініш-сүйініш үстіндегі эстетикалық әсерінен байқалады.

Егер ауыз әдебиетінің осындай қасиеттерін кино немесе магнитофон, не кітап арқылы бермек болсақ, ол өзінің эстетикалық әсерін мүлде төмендетіп алған болар еді. Демек, халық шығармаларындағы жақсы адам — эстетикалық идеалдан туған еңбеккер шаруаның типтік образы екені көрінеді. Халық шығармаларында типтік образдардың портретін суреттегенде аппақ етін — «қарға», қызыл бетін — «қанға», оған ғашықтығын кеудесіндегі — «жанға» балап айту бар. Осыдан келіп оның ер көңілділігі, ер болып туып, ел алдында халқы үшін қызмет ететіні бірге суреттеледі.

Эстетикалық тәрбие көркем өнер мен әдебиеттің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың толық түсінуін, сол шығармалардан рақаттанып, рухани азық алуын көздейді. Бұдан шығатын қорытынды эстетика — адамның шындықты көркем түрде игеру заңдылығын білдіретін ғылым, яки эстетика — өнердің бар байлығын игеріп, соның жалпы заңдылығын көркем түрде танытатын ғылым. Эстетикалық идеал — халықтың арман-мүддесін бейнелеп, шындықтың шексіз шыңына жетуге тырысатын көркемдіктің шарықтау шегі.

Адам баласы тарихында ауыз әдебиетінің алтын ұрығы — жыр, өлеңнің бірінші бастамасы «Бесік жыры» десек, қателеспеген болар едік.

«Бесік жырында» қазақ қауымының балаға деген ең ізгі сүйіспеншілігі, тілегі, халықтың шешендігі мен арманы, эстетикалық идеалы бейнеленген. Оның сөз жүйесі мен ыр-

Бесік жыры және ондағы эстетикалық идеал

ғағы, мән-мағынасы аса ұқыпты. Ана сәбиді тербете отырып «бесік жырын» айтады. Ересектеу баласы оны жаттап алады. Ана ересектеу баласына бөбекті тербеттіреді, ал ересектеу бала анасынан үйренген өлеңді айта отырып, тербетеді.

Бесік жырларында дүниеге жаңа келген жас нәрестенің болашағын ойлап, қолдан келер мүмкіндіктерін соның жолына бағыштауға тырысады. Халық тәрбиесі баланың жас басынан көпшіл, ынтымақшыл, сый-сипат көрсете білетін өнегелі азамат болуын көздеген, баладан адамгершілік қасиетті талап еткен. Қолы ашық, алақаны жазық береке несі болсын дегенді балаға жас басынан ұқтыруға тырысқан. Баланы күту, бағу, тәрбиелеу, әлпештеп ақ бесікке салу, оның мәңгілік қамқоршысы болу — ата-ананың борышы. Бала туғанда шілдехана жасау, жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш ету, оны өздеріне бақыт санау жалпы халықтық салтқа, әдет-ғұрыпқа, эстетикалық идеалға айналған.

Бармақтарын майысып,
Түрлі ою ойнысып,
Ұста болар ма екенсің?

Бала халыққа әр жақты өнерімен, білімімен, игілікті ісімен танылса деп арман еткен қауым:

Таңдайларын тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей
Шешен болар ма екенсің?—

деп, бесікте жатқан жас нәрестенің болашағын ойлайды. Қай іске, қандай өнерге болса да икемі бар бір сырлы, сегіз қырлы азамат болуын көздейді. Әйтеуір қандай іс, қандай өнер болса да өзінің бейіміне, ықылас-әрекетіне қарап кәсіп ете беруін халық ертеден-ақ аңсаған. Сондықтан да өз сәбиін өнердің, есібектің қандай түріне болса да баули беруді, ынталандыра беруді мақсат еткен. «Бесік жырының» мазмұнына тереңірек үнілсек, одан адамның бастап кешірген бар тағдыры көрінгендей болады. Бала тербете отырып, ана кейде өз басынан кешкен қайғысын да, қасіретін де, өмірден көрген қуанышы мен рақатын да, эстетикалық идеалын да қоса жырлайды. Болшақтан күткен зор үмітке, арман-тілекке, біреуге тәуелді болмай, ерікті түрде өмір сүруге жеткізетін осылар болар ма екен деп, жас басынан баланың құлағына құйып отырады:

Кең балағын түрісіп,
Ойға, тауға жүрісіп,
Балуан болар ма екенсің?

Немесе:

Құрығынды майырып,
Түнде жылқы қайырып,

Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?—

деген аваның асыя арманы, эстетикалық идеалы — жалпы халықтық тілекпен үндесіп, өзектесіп жатады.

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?

Мұнда жеке бастың пайдасына бола даңқ, атақ алу үшін емес, «атасының баласы болу» үшін емес, адамның баласы болуын тілегендіктен айтылған халықтың асыл ойлары берілген. Біз отанын қорғайтын патриот болар ма екен деген тілектер қойған. Бала жұбатудан басталатын бірнеше тілек-мақсаттар оның болашақтан күткен арманына жетудің жалғасы болады деп мезеген «Бесік жырының» әсем де жеңіл айтылуы, оның сазды әуенге қосылып, сондайлық баппен шырқалуы баланың көңіл күйін ашып, оны мәз-мейрам күлкіге шомдырады. Бесіктің тербелуі мен ән ырғағының бірдей шығуы бала тербеткен ананың да, бесікте жатқан баланың да жүректері бірге соққандай әсер береді.

«Бесік жыры» ғасырлар бойы ұзақ өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласумен қатар, оған бала жұбату, тәрбиелеуде заманы қойған тілек, мақсаттарға қарай жаңа мазмұнда, жаңа түрде айтылатын шумақтар да қосыла берген.

Айналайын балдырған,
Қылығың мейір қандырған,
Күйші болар ма екенсің,
Өнердің отын жандырған, —

деп, біздің қазіргі қойып отырған талаптарымыз да аналар сөзімен қоса жырланатыны бар. Қорыта айтқанда, «Бесік жыры» — мәңгілік өріс алып, одан ары дами беретін балалар ауыз әдебиетіндегі халық ауыз әдебиетінің алтын ұрығы, жыр, өлеңнің бірінші бастамасы.

Балаға үміт артарлық осындай тілек-мақсаттардың қойылуының өзі де олардың ақыл-есін жетілдіріп, көңіл күйін оятап, болашаққа, алға қарай талпынтады; талпыну талаптануға, ілгері қарай ұмытылуға, жігер қайратының шыңдалуына бастайды. Осының бәрі көркем шығармалардың күшін және әдемілігін жақсы сезіну арқылы жетілетін игі нәрсе. Екінші сөзбен айтқанда, көркемдікті, әдемілікті, жақсылықты түсіндіре білудегі эстетикалық тәрбиенің жемісі.

Бесікте жатқан баланы тәрбиелеу ісіне халық осындай зор мән берген. Үйткені балаға жақсы тәрбие беру үшін оны ең алдымен бес жасқа келгенге дейін дұрыс тәрбиелей білу керектігі жайында А. С. Макаренко кезінде өте дұрыс айтқан. Халық

бала тәрбиелеуде өздерінің асыл ойларын, мол тәжірибелерін көбіне өлеңге, әнге қосып айту арқылы баланың ой-ықыласын тез баурап алуға болатын әдіс-айлалар қолданғанын білеміз. Үйткені әйтеуір бір себептен қатты ызаланып шырылдап жылаған бала жай сөзге еліге қоймайды. Тербете отырып айтылған жақсы ән мен тәтті күй ғана оның көңілін жұбата алады. Бұл эстетикалық жылы дәззаттың зор әсері мен күдіретті күшінен тұрған көңіл күйін аулайтын жақсы тәрбиенің жемісі.

Тұсау кесу
жырмалағы
эстетика

Қазақ халқы тек бесікте жатқан балдырғанды ғана қалай тәрбиелеу керектігіне көңіл бөліп қоймаған, олар сонымен қатар аяғын апылтапмыл басып, қаз-қаз тұрған балаға қалай қарау керектігін өлеңге, әнге қосып айтып, оны да зор қуаныш көрген. «Тұсау кесу» жыры деп айтылатын халықтық өлеңде бұл жайында мынадай терең ой бар:

Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Кадам бассан мәз болам.
Күрмеуінді шешейік,
Тұсауынды кесейік.

Бұл балдырғандарға қойылған бірінші шарт, бірінші тілек десек, бала сол тілекті орындауды өзіне зор қуаныш көреді де, оған мәз болады. Оның қаз тұруы ата-ана тілегін орындағандықтың алғашқы адымы болып саналады. Өлеңде ешқандай бұйыру жоқ, тек қана тілек бар. Ол тілек әсем сазды өлеңмен айтылады.

Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Тақымынды жаз, балам.
Қадамына қарайық,
Басқаныңды санайық.

Бірден-бірге алға қарай жетектеп, өмірге баулып, үйретіп келеді. Бала жақсылықтың, жақсы тілектің, жылы сөздің не екеніне түсініп, соған қуанады, күледі, мәз болады. Бала ілгері қадам басқан сайын, оның алдына қойылатын тілек-мақсаттар да, эстетикалық идеал да бірден-бірге зорая бастайды.

Қаз, қаз, балам, жүре ғой,
Балтырынды түре ғой.
Тай, құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой...

Бұл өлең баланың жүруіне ғана байланысты емес, мұнда баланы өзін қоршап тұрған айналасына зер салуға үйрету де көзделіп тұрғаны байқалады. «Тай, құлын боп шаба ғой» деудің өзінде де бөбекті тезірек өссін деген тілекпен тай, құлынға балау бар. Сол арқылы неге зер салу керектігін үйретіп отырады. Көре жүріп үйренудің, білудің керектігін танытады. Балаға зор сенім

арта отырып, қатаң талаптар қоя білу де, оларды шынықтыра түседі.

Қаз бола ғой, қарағым.
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер, —

деп, өмірдің кең құшағына аттандырады. Сол сенім баланы ата-ананың қойған талаптарын ақтайтындай етіп, өз Отаны, өз жерінің нағыз патриоты, жан ашыры етіп шығарады. Осының бәрін баланы ойната, көңілдендіре, бойларын сергіте жүріп айтады да, өміріне рухани азық болатын өнегелі, ілтипатты сөздерді жас кезінен құлақтарына құя береді. Ал ойын баланы қимылға, әрекетке, денс шынықтыруға төселдіреді, сол арқылы өмір күресіне, еңбекке баулиды. Халық бала тәрбиелеуде осындай игі мақсаттар үшін күресті.

Осының бәрі де баланың жан жүйесіне әсер еткен эстетикалық тәрбиенің жемісі. Өйткені жастайынан ән мен өлең арқылы көп нәрсені ұққан бала, есбе келе өздері де көңіл күйін әнмен, өлеңмен білдіруге талаптанып, осыған әуестене бастайды. Қазақ-та жас кезінде өз көңілінен екі ауыз өлең шығармайтын кісі өте аз кездеседі.

Хаты жоқ, сауаты жоқ қазақ сияқты көшпелі халықтар алғашқы кезде есіткен, білгенін көкейінде сақтап, соны жатқа үйренуге машықтанған. Әдебиет, өнер нұсқаларын бірден сурып салып, жатқа жырлай беретін болған. Көркем сөздің қоғам өмірінен алатын орын мен маңызы күшті екенін түсінген қазақ халқы бала тәрбиелеуде алдымен сөз өнеріне машықтануға, сонымен қатар көркем сөз арқылы айналасындағы бар дүниені танытуға зор күш жұмсағанын байқаймыз.

Октябрь революциясына дейін қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, балаларын малмен, шаруашылық жұмыстарымен таныстыруға зор мән берген. Балаларға арналған төрт түлік жайында мынадай өлеңдер бар: «Маң-маң басқан, маң басқан», «Түйе-түйе, түйелер», «Бөбектің тілегі», «Қасқырдың қойшыға айтқаны», «Малдың баласын сүйі», тағы басқалар.

Баланы кіші пейілі, рақымшыл, өзінен үлкенді сыйлай білетін адамшылығы мол етіп тәрбиелеу үшін, жас өспірімдердің көңіліне қонымды болу үшін мал, жануарлар арасында болатын мейірімділіктерді де мысал етіп ұсынады. Адам түгіл жануарлар да өз балаларын жақсы көреді. Қатерлі жаудан қорғай біледі. Олар да өз балаларын алпештейді, сүйеді.

Қой сүйеді баласын «қонырым» деп,
«Ештеңені білмейтін момыным» деп.
Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,

«Қараңғыда баспаған қорқағым» деп.
Түйе сүйеді баласын «боташым» деп.
«Жаудыраған көзіңнен тоташым» деп.
Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,
«Тастан-тасқа секірген шұнағым» деп.
Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп.
Тұлпар болып жүгірер жұрыным деп.

Міне, бұл — балалар үшін аса қызықты өлең. Әрі қысқа, әрі ықшам, мазмұнға бай. Бұл — халық даналығының қайнар бұлағынан шыққан бағалы еңбек. «Мал бағып кәсіп еткен халық жастардың, жас балалардың есіне осы ойларын құя берген»¹ деген академик М. Ғабдуллин. Мұнда жануарлар өз төлдерін қалай сүйіп, қалай құрметтейтінін көрсету ғана емес, сонымен қатар, мал шаруашылығымен таныстыру, оны құрметтей, ардақтай және күте білуге шақыру бар. Әр түрлі малдардағы мінез-құлықтардың барлығымен таныстыру үшін де бұл өлеңнің маңызы зор. Халық шығармаларында балаларды тәрбиелеумен қатар, оларды шаруашылық жұмыстардың барлық түрімен таныстыруға, соған үйретуге де зор мән берген.

Бұл өлеңнің тағы бір өзгешелігі ерте заманда қазақ халқы өзінің көшіп-қонып жүруіне байланысты тек қана мал шаруашылығымен кәсіп еткенін аңғартады. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ балалары тәрбиені үй ішінен, өзінің көрген-білгенінен, ауыл айналасынан үйренетін. Еңбекші халықтың балалары 6—7 жасқа келісімен-ақ, ауыр жұмысқа жегіліп, үлкендердің көмегімен жас төлдерді бағуды міндетіне алып, ата-анасының ертеден қолданып келе жатқан кәсібін үйренетін. Яғни, балалар бақшасында тәрбиелену, 7 жасқа келісімен-ақ мектепке бару, оқу ол балаларда мүлде болмаған. Олар көшпелі тұрмыстың ауыр жағдайына байланысты неше алуан қиын-қымтау жағдайларды бастарынан кешіріп, тек қана мал бағумен күнелткен. Басқа кәсіпті, өнер-білімді білмеген. Сондықтан қазақ халқы бала жұбатса да, ойнатса да, еркелетіп сүйсе де немесе оның жақсы қасиеттерін бағалағысы келсе де өзі кәсіп еткен малдардың ерекше жақсы қасиеттеріне, көркем тұлғасы мен көрінісіне теңеп айтатын болған. «Қошақаным», «құлыным», «бота көзім», «ақ маралым», «ақ тайлағым», «ақ тоқтым», «марқа қозым» деп айтатын болған.

Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқының аса қадірлейтіні түйе болғандықтан, бұл жайында айтылған өлең, жыр, әңгіме, ертегілер, мақал-мәтелдер мен әсерлі тенеу сөздер өте көп. Түйенің барлық жақсы ерекшеліктерін, төзімділігі мен беріктігін, күй талғамайтындығын көрсетіп, жұмбақ тәрізді етіп, әдейі балаларға арнап айтылған өлеңдер де бар.

Май-май басқан, май басқан,
Шудаларын шаң басқан.
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан.
Тілін тікен теспеген
Алабота, теріскен.
Мұрындығы келіскен,
«Шөк!» — дегенде, «бық!» — деген,
Шешіп үйін жүктеген.

«Бұл не?» деп сұрақ қойса, үш-төрт жастағы балдырғандар жоғарыда айтылған барлық ерекшеліктеріне қарап, «түйе» деп жауап қайтарып отырған.
Немесе:

Мүйізі айдай иілген,
Мұрын көкке шүйірген.
Керілген желін сала емшек,
Сауғанда жапың сүйірген.
Ірімшік пенен құрт майы,
Жегенде тілді үйірген.

«Бұл не?» — десе, оны сөзсіз сиыр деп айтуы анық.

Халық өлеңдерінің осындай тәрбиелік жақтары, әсіресе қалада өскен сәбилер үшін маңызы аса зор. Мұны оларға яслиде, балалар бақшасында айтқызуға болады. «Алабота, теріскен, жан-так, түйекарын, сора» сияқты шөптерді, ашамай, қом, жазы, бұйда, мұрындықтардың суреттерін жеке-жеке салып, қос өркешті немесе нәр түйелердің, ботаның жайылым өрістердегі әдемі көріністерін, тігілген киіз үйдің суреттерін қоса салып, осы өлеңнің негізінде түрлі-түсті суретті кітапша етіп таратса, аса бағалы да, қажетті де болар еді. Балаларды тәрбиелеуде бұл өлеңнің әлі күнге маңызын жоймағандығы осындай ерекшеліктерінде деуге болады.

Қазіргі кезде қоғамдық мал шаруашылығын өсіру, оларды азықтандыру жағын жас балаға түсіндіру, үқтыру жайында мал шаруашылығымен айналысуға баулудың бір жолы тек құрғақ үгітпен ғана емес, жастайынан-ақ оның санасынан эстетикалық берік нәр алатын осындай көркем образды сөздермен түсіндіріп отырған жөн. Мұндай өлеңдер баланы өз бетімен ізденуге, қиын-әрекетке, еңбекке үйретеді. Баланы еңбекке тәрбиелеуде бұл ертеден келе жатқан халықтық сипаты бар шебер әрекет деп бағалаймыз.

Халық өлеңдерінде баланы жас кезінен-ақ еңбекке баулудың бұдан басқа да сан алуан шебер түрлері бар. «Түйе, түйе, түйелер» деген өлеңде мал басын өсірудің, оларды азықтандырудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін көрсетеді.

Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?

¹ М. Ғабдуллин, «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Алматы, 1958, 33-бет.

Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...?
Еніп кеттім егіске,
Койным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусаны мен қойға бердім,
Кой маған қошаканын берді...
Мүз суып берді,
Суын қара сиырға бердім,
Қара сиыр сүтін берді.» —

дейді. Еңбектену арқасында осындай табыстарға жететінін түсіндіреді. Егер ол еңбектенбесе, онда өзінің болашақтан күтетін бақытын жоятынын да балаларға алдын-ала ескертіп отырады. Осының бәрін қорыта айтқанда:

Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар,

дейді. Жас бала өзінің албырттығына салынып, еш нәрсеге ықпалдастанбай, оның аяғын салғырттыққа айналдырып жіберсе, түбінде өмір соққысына душар болатынын алдын ала ескертеді. «Еңбек түбі зейнет» дейтін сияқты, еңбектенсе ғана ойлаған мұратына жететінін, өмір сүрудің жеңіл де рақатты болатынын, одан эстетикалық нәр алатынын жас басынан-ақ олардың құлағына құйып, бойына сіңіре береді. «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген накыл сөз жастар үшін әдейі өмір тәжірибесінен алынып айтылғанын білеміз. Мал шаруашылығымен біте қайнасып өскен еңбек баласы осының бәрінен тиісті қорытынды шығарып, өз ісінің жемісті болуына әрқашан тілек білдіреді де, сол тілектің іске асуына аянбай күш салады. «Бөбектің тілегі» деген халық өлеңінде мынадай бір жақсы үміт, игі тілек бар:

Тоқтышағым тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап,
Сегізін де семіз тап!

Немесе:

Құла бием құлып тап,
Құлып таппа, құнан тап,
Құнан тапсаң егіз тап.

Осындай жақсы тілектер жақсы тәрбиенің жемісінен туған игі істің, эстетикалық идеалдың көріністері екенін байқатады. Бала да мал төліне мейірлене, сүйсіне, қызыға қарайды. Ата-аналарымен бірге олар да мал басынын өсуіне, көбейе беруіне ат салысады, жақсы тілектер білдіреді.

Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол, төрт ешкім

Төртеуің де бөрте бол,
Өлмей-жітпей есен боп,
Кой алдында көсем боп,
Төртеуің де серке бол, —

деген тілектер білдірумен қатар, оны ит-құстан аман сақтауға да жан аямай еңбек етеді. Халық бала тәрбиелеу ісін өзінің күнделікті шаруашылығына, өмірге тығыз байланыстыра жүргізетінін бұл айқын айғағы екенін біледі. Жақсы тілек, жақсы сөздерді баланың аузына салып, өздеріне айтқызу арқылы оларды мал шаруашылығы жұмысындағы еңбекке саналы түрде кірісуге жол ашып береді. Бұл халықтық педагогиканың тамаша табыстарынан туған эстетикалық асыл ойлар екенін танытады. Осыған жалғаса әр малдың өзіндік ерекшеліктерін, сүйкімді қасиеттерін танытатын өлеңдер туған. «Ешкі» деген халық өлеңінде оның толық сипаты бейнеленген:

Ешкі қойды бастаған,
Қойды артына тастаған.
Ешкі деген жануар,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса, сүті бұлақтай.
Ешкі деген жануар,
«Баста!» десе, бастаған,
Қайырып мүйіз тастаған.
Жанына лақ келгенде,
Сүзіп-сүзіп тастаған.

Балаға жас кезінен әр малдың өзіндік қасиеттерін осылайша танытуға тырысқан. Малды бағудың, күтудің, оны жақсы көрудің жолдарын үйреткен.

Мал мінезін, малдағы бар әр алуан өзгеше қасиеттерді балаға жас кезінен үйрету, ұғындыра беру — олардың малға деген қамқорлығын, сүйсінуін, мамандығын, тәжірибесін арттыра беру мақсатынан келіп шыққан. Мал күтудің қиындығын алдын ала ескерткен, соған жас кезінен төзімді болып өсу дағдыға айналса екен деген тілек білдіреді.

Ешкі бақтым, еңіреп бақтым,
Кой бақтым, қоңырау бақтым.
Сиыр бақтым, сидаң бақтым.
Жылқы бақтым, жорғалаттым.
Лақ бақтым, жылап бақтым.
Түйе бақтым, түйме бақтым.

Қиналуынан қимастығы басым көрінетін шаруашылықтың мұндай түрлері кімді болса да өзіне үйіріп әкетеді. Кой қоздап, түйе боздап жатқандағы ауыл көріністері қандай әсем десейші. Адам жанын сүйсіндіретін мұндағы эстетикалық әсерді ауызбен айтып жеткізу өте қиын.

Халық өлеңдерінде төрт түлік малды бағу, күту, азықтандырумен қатар, оны азулы аңдардан қорғай білу керектігін де сондай бір қуақы тілмен әсерлі түрде айту бар: «Қасқырдың қойшыларға айтқаны» дейтін өлеңде бақташылар жайы былай суреттелген:

Бала қойшы,
Алыста ойнап қала қойшы...
Екі қойшы,
Ермек қойшы,
Бір тоқтыңды бермек қойшы.
Атты қойшы —
Ашуы қатты қойшы...
Түйелі қойшы —
Тұрған қойшы,
Төбесінен ұрған қойшы.
Өгізді қойшы —
Өлген қойшы,
Жеп бөлғанда, көрген қойшы.

Аңқау, салғырт болудың салдарынан осындай тұтқымал апатқа душар болмау жағын жас өспірімдерге алдын ала ескертіп отыру жағы да халық өлеңдерінде ұмыт қалмаған. Баланы ойнату, жұбату, тәрбиелеу жұмысына байланысты айтылған халық өлеңдерінің қайсысын алсақ та, соның бәрі де еңбек процесімен байланыстыра айтылғанын білеміз.

Балаларға үйретілетін халық өлеңдерінің қайсы біреулерінен маалы ауылдың өмірі көз алдыға келеді.

Ертең аулым көшеді,
Уық бауым шешеді.
Ақ сандық, көк сандық,
Арқан тарт, кілем арт.

Баланы өмірге үйрететін бұл да бір көңілді көрініс. Бірақ осының өзін адам өмірімен, оның тіршілік тірегімен, әрекетке байланыстыра айту жағы көзделген. Соның артынша-ақ малды ауылдың көшіп-қонуына байланысты әрқайсысына міндеттер жүктеу жағы да ұмыт қалмаған.

Сен түр — қойыңа бар,
Сен түр — қозыңа бар,
Сен түр — жылқыңа бар,
Сен түр — сиырыңа бар,
Сен түр — түйеңе бар! —

деу жағын бала құлағына жас кезінен сіңіре береді. Баланы бастан деген сияқты, оларды жас кезінен еңбекке баулу, үйрету, оны дағдысына айналдыру, не нәрсеге болса да икемді ете беру, бір сырлы, сегіз қырлы етіп өсіру халықтың эстетикалық мұратынан туған игілік.

Халық өлеңдерінде балаларды мал шаруашылығының осындай әр жақты салаларына үйретумен, баулумен қатар, оларды жас кезінен-ақ, есепке, аздап көпті айырып, санап білуге, қолда барын түгендей білуге үйрету жағына да көп көңіл бөлінген. Оны да баланы қызықтырарлық эстетикалық нәрі бар әсерлі сөздермен, жұмбақ өлеңмен айтатын болған.

Бірім — бір,
Екім — екі,
Үшім — үш,
Төртім — төрт,
Бесім — бес,
Алтым — алты,
Жетім — жеті,
Сегізім — сегіз,
Тоғызым — тоғыз,
Оным — он,
Он бірім,
Оны таңшы,
Ай, Күнім! —

деп, әдейі бір санды әлденеше рет қайталап айттыру арқылы естерінде тезірек сақтап, жаттап алуға икемді етіп келтірген. Мұның шешімінде де, әрине, осы сандар тағы да қайталанып айтылатындай етіп, оны асқан шеберлікпен, ұтымды әдіс қолданған. Санның қайталануы айтылуымен қатар, баланың бұрын есітіп білмеген жаңа зат атауларымен таныстырып отыру да ескерілген. Осы арқылы баланы санауға да, бірте-бірте сөздік қорын байытуға да жаттықтыра берген. Бұл санның шешімі былай деп айтылады.

Бір дегенің — білеу,
Екі дегенің — егеу,
Үш дегенің — үскі,
Төрт дегенің — төсек,
Бес дегенің — бесік,
Алты дегенің — асық,
Жеті дегенің — желке,
Сегіз дегенің — серке,
Тоғыз дегенің — торқа,
Он дегенің — оймақ,
Он бір кара — жұмбақ, —

деп бітіреді. Баланың есінде тез сақталу үшін бір санды үш-төрт рет қайталап айту міндеттелген. Мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш класс оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде халықтық өлеңдердің маңызды роль атқаратыны осыдан айқын көрінеді.

Жас баланың әңгімеге әуестігі тілі жаңа шыға бастаған кезден-ақ басталады. 3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларды ойнату, жұбату, оның айналасында болып жатқан оқиғалармен таныстыру үшін айтылатын қазақ балалар ауыз әдебиетінде алуан түрлі өлеңдер бар. Жас балаға бірінші кездескен нәрсенің бәрі де жаңалық, бәрі де тамаша, ғажап дүние сияқты боп көрінеді. Соған қызығады да маз болады. «Бір қазан сүт» деген әңгіменің оқиғасы былай басталады. «Бір қазан сүтті пісіріп, суытуға үйдің іргесіне қойып едік, енді бір қарасак, қаспағы да қалмапты», — деп әңгімені бірден оқиғадан бастайды. Бұл жағдайға таңданған бөбектердің ауыздары ашылып:

— Төгіліп қап па?

— Ит ішіп кетіп пе? — деп, әңгімені айтушының аузына қарап, одан бетер ынтыға түседі. Әңгімені айтушы оларды ынталандыра түсу үшін әдейі түрлендіре түседі. Самайын бір сипап қойып: «Төгіліп те қалмаған, ит те ішпеген», — деп бір қояды.

— Төгілмесе, ит те ішпесе, бір қазан сүт қайда кеткен? — деп балалар жан-жағынан шулай түседі. Әңгімені айтушы кісі енді термелей жөнеледі:

Көбелек келіп көріп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапада келіп жалп етіп,
Жарымын ішіп ол кетті.
Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп санқ етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Қырғауыл кеп қиқу сап,
Қазан түбі қаспағын,
Қырнап ішіп ол кетті, —

деп, айтушы аузын сипайды. Оқиғаның осылай болып аяқталғанына балалар маз-мейрам болады. Оқиғаға қатысушы құстардың ерекшеліктері де, аттары да, озбырлық әрекеттері де балаларға жаңалық боп көрінеді. Оқиға мазмұнына байланысты бір талай құстардың аттарымен де танысады. Соның өзі — балаларға эстетикалық тәрбие. Баланы жас басынан әр нәрсеге әуестендіре беру, олардың жан-жақты көп нәрседен хабары бар азамат болып өсуіне жәрдемдеседі. «Өнер алды — қызыл тіл» демекші халықтық шығармаларды балаға жас басынан тыңдату, өздеріне жатқа айтқызу, не оқыту арқылы балалардың сөздік қорын байытуға болады. Сонымен қатар сөйлей алу, қабілеттілігін арттыруға да бірден-бірге дағдыландыра береді.

Қандай шығармада болса да белгілі мақсат, жүйелі түйін болады. Бұл өлеңнің де жүйелі мақсаты бар; бұл өлең баланы

тек қана күлдіру, жұбату үшін айтыла салған жеңіл-желпі нәрсе емес. Мұнда терең мазмұн, үлкен сыр да бар. Табан ақы, маңдай термен табылған еңбек жемісі — «суытуға қойылған сүт» сияқты талап-таражға түсіп кетсе, не болмақ? Еңбекпен табылған дүние мүлктің көздің қарашығындай сақтай да, қорғай да білу қажет деген ұғымдарды балаға осындай сөздермен, қызықты мысалдармен болса да бойларына сіңіріп айта білген, түсіндіре берген. Бұл өлеңдегі халық даналығының түп қазығы, идеялық мазмұны осыны баяндайды.

Жас баланың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, іздегені өз айналасынан табылып отыратындай қызықты да күлкілі етіп осылай айта білу халықтық шығармаларда көп кездеседі. Ұшқан құс, жүгірген аң, қыбырлаған жәндіктердің бәрі де тіршілік тірегі боларлық өмір қамы үшін іс-әрекет үстінде болатынын, әйтеуір қарап жатпайтынын ойнақы жеңіл сөздермен ұқтырады. Соның бәрі де еңбек процесіне байланысты қимыл әрекеттен тұратыны негізге алынады.

Баланың рухын көтеріп, санасын оятатын, жігер-қайратын тудыратын, эстетикалық идеяны шыңдайтын осындай үгіт-насихат сөздерді мысал ретінде айту арқылы оны өмір сүре білуге талпынтады. Тірлік үшін асығуға, күресуге баулиды. М. Горький: «Поэзия, тілден туған көркем шығарма еңбек процесімен жанданады, сол еңбекпен бірге дамиды және еңбек екпінін қоздыра түседі»¹ деген. Бала үшін айтылған шығармалардың осындай үлгілі, өнегелі жақтарын ашып айтып, оларға әрқашан түсіндіріп, ұқтырып отырған жөн.

Мұндай өлеңдер өте қысқа, тұжырымды айтылуымен де, терең ойлы мазмұнымен де балаларды қатты қызықтырып, олардың еркін тез билеп алады. Өздерін қызықтырған әсем үнді, терең мазмұнды өлеңдерді олар тез жаттап алады да, бірінен-екіншісіне жеткізуге асығады. Өйткені жас өспірімдер өз өнерін, өз білгенін тезірек таратуға тырысады. Өлеңді жатқа айту әсіресе қазақ халқында үлкен өнеге саналатын. Мысалы, «Қарға, қарға, қарғалар» деген өлең де көркемділік жағынан және мазмұны жағынан да балаларға сондайлық әсерлі, қызғылықты көрінеді. Жаттап айтуларына да ықшамды:

Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар,
Боран сокса долданып,
Бұтаға келіп қорғалар.
Қысып кетсе сары аяз,
Көзден жасы сорғалар.
Қар үстінде жем көрсе,
Қапелімде қолға алар.
Екі шоқып, бір-қарар,
Деп «жолымды оңғарар!»

¹ М. Горький. «Әдебиет туралы», Алматы, 1954.

Осы сияқты жүгірген ан, ұшқан құстардың қай кезде, қалай өмір сүретіндерін айтып таныстыра беру — балалардың білімін, ақыл-ойын толықтырып, ойлау қабілетін арттырып отырады. Халықтық шығармалар ішіндегі балаларға арналып айтылған халық өлеңдерінің сыр-сипаты, эстетикалық әсері, тәрбиелік мәні, көркемдігі, идеялық бағыты бәрі де «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», ыстық сезім, жақсы әсер әпереді. Балаларды өмір мектебінің белесіне шарықтатып отырады. Бала тәрбиелеуге арналған осы тараудағы халық өлеңдерінің бәрі дерлік көбіне мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш мектептің бірінші, екінші класс оқушыларына лайықталған өлеңдер.

М. Горький: «Мектеп жасына дейінгі балаларға ойын, санақ, әзіл, күлкі боларлық әрі түсінікті, әрі шебер жазылған көркем өлеңдер керек. Осы күнгі балалар кітабының шеберлерінің өлеңдерімен қатар, фольклордың ең жақсы үлгілерінен құралған бірнеше жинақ шығару қажет»¹ деген.

Осы талданған халық өлеңдерінің бәрі де М. Горький айтқан осы пікірді толықтыра түсетін фактілер және мектеп жасына дейінгі балаларға жинақ етіп бастыруға жарайтын алтын қор деуге де болады.

БАЛА ТІЛІН ДАМУДА ЖАҢЫЛТПАШТЫҢ ТӘРБИЕЛІК РОЛІ

Халық ауыз әдебиетіндегі ұсақ жанрлар деп аталатын жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер мен мақал-мәтелдердің балалар фольклорынан алатын орны ерекше. Бала тәрбиелеуде бұл жанрлардың атқаратын үздік орны барлығына халық зор мән берген.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та айқын сөйлеуге үйрететін, тілін дамытуға жаттықтыратын жанр да бар. Ол — жаңылтпаш. Сәкен жаңылтпаш туралы: «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі дүкенін құрған орында айтылатын айтыстың бірі — жаңылтпаш. Бұл да ертек, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тілге ұстануларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақшаша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлімше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын. Ойнақы, қырлы, қиын дыбысты сөздерді билеп еркін сөйлеуге төселу ретінде балаларға, жастарға жас басынан сабақ-ойын болатын нәрсе әсіресе осы — жаңылтпаш»² дейді.

Жаңылтпаш — көбінесе мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты шығарма. Олай дейтініміз жеке дыбыстар мен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету, ол көбінесе балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті

эстетикалық нәр алатын қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған баланы еліктіру арқылы жаттығу жұмысын жүргізуге үлкен шеберлік керек. Бұған алғаш үлкен кісілер де араласады. Баланың тіліне, оның әрбір тәтті сөздері мен тартымды қылықтарына күле отырып, оларды дұрыс бағытта сөйлеуге баулиды.

«Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған»¹ деген академик М. Ғабдуллин. Балалардың көпшілігі он жасқа келгенге дейін кейбір сөздерді не жеке дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Кейбір ерке өскен, шолжан балалар тіпті он бес жасқа дейін сақаулана сөйлейтіні бар. Міне, осы сияқты жаңсақ та сақаулана сөйлеуді болдыртпау үшін «баланы жастан» деген сияқты халық оларды жас кезінен дұрыс сөйлеуге үйретуді көздеген.

Балалардың көбіне дұрыс айта алмайтыны, тілі келмейтіні «р» дыбысы. Осыған байланысты «р» дыбысын дұрыс айттыруға бағытталған жаңылтпаш сөздер сондай көп. Мысалы: «Ай, Тайқарбай, малыңды жадыраға жай, Тайқарбай. Ай Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай?» — деген сөздерді жылдам айтқызғанда, бала жаңылып «р»-дың орнына «и» дыбысын қолданып, «Тайқайбай» деп те жібереді. Бұл сонымен қатар сөздерді бұрмалап айтпау үшін ойын айқын да дәл сөйлеуге жаттықтырады. Жаңылтпаштардың әрбір сөйлемінде баланың тілі келіңкіремейтін сол «р» дыбысының әлденеше рет қайталап келуін де қарастырған. Жоғарыда келтірілген бір сөйлемде «р» дыбысы бес жерде қайталанып айтылған. Сол сияқты «Қырық құрықтық, сырық қырықтық» немесе: «Сыпыра сөктім, сыпыра тіктім, сыпыра сөктік, сыпыра тіктік» дегенде де бір сөйлемнің әр сөзінде «р» дыбысы айтылып, соның дұрыс сөйленуін талап еткен. «Р» дыбысын дұрыс айтуға үйретумен қатар, сырт тұлғасы және айтылуы жағынан да, мағыналық ұйқасы жағынан да бір-біріне жақын тұрған «қырық, құрықтық, сырық» деген сөздерді бір-бірімен шатастырып, олардың орнын алмастырып алмау үшін де, дұрыс сөйлеуге үйрету мақсатын көздеп сөздерді әдейі осылай етіп құраған және осы сөздердің бір-бірінен мағына айырмашылығын танытуға үйрету бар. Бұл жағы балалардың сөз байлығын, сөздік құрамды байытуға үйретеді.

Торта қойдым,
Орта қойдым,
Орта қойдым,
Жорта қойдым, —

немесе:

Төбесі төбел төрт бөрік,
Төртеуі де көк бөрік, —

¹ М. Горький. «Әдебиет туралы», Алматы, 1954.

² С. Сейфуллин. Алматы, 1964, алтыншы том, 253-бет.

¹ М. Ғабдуллин. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Алматы, 1964, 43-бет.

деген осы сияқты «р» дыбысын дұрыс айтқызуға бола арналып айтылған сөздер екені белгілі. Осыларды дұрыс айта алмаған, «р» дыбысына тілі келмеген балаларға өз достары күліп, оның кейде намысына тиіп, қалай да дұрыс сөйлеуге, әр сөзді айқын, дәл айтуға мәжбүр етеді. Намысына тырысқан бала достарының талкегіне түскісі келмей өз бетінше жаттығып, сол сөзді, сол дыбысты сақауланбай қалай да дұрыс айтуға тырысады. «Жаңылтпаш әдейіленіп, тілдік оралымдылығын, тілдің өте ыңғайлылығын тілейтін, айтуға қиын, қырлы сөздерден құралады. «Р» тілдің орамы келмей, тілдің ыңғайы келмей, кішкене қырдан тайып кетсе, тізілген сөз мүлт айтылса, айтушы мазақ боларлық, күлкі боларлық, айтушыға ұят келерлік сөздерден құрылған болады... Сөйтетін болғандықтан, жаңылтпаш жастардың тілін безеп, қиынан құралған сөздерді қиыстырып айтуға дағдыландыратын»¹ дейді Сәкен.

Жаңылтпаш сөздер жайдан-жай айтыла салмайды. Оның да қоғамдық мәні бар. Баланы дұрыс сөйлеуге үйретумен қатар, оларды айналасындағы неше алуан көріністермен, өмірмен таныстыруға да жәрдем етеді.

Сөз мағынасын бұрмалап жібермеу үшін абайлап, баяншап, маңызды сөйлеуге жаттықтырады. Жаңылтпаш сөздердің бірнеше сөйлемнен құралған күрделенген түрлері де бар. Мұнда әр дыбысты дұрыс айтумен қатар, сөздердің мағынасын бұрмаламай сөйлеуге де үйрету шарттары қойылған.

Мынау қай арал?
Қайың менен тал арал.
Талға қарға ұялар,
Тарғыл иттің құйрығы,
Талға оралар, талға оралар, —

немесе:

Құдағиға сақтаған сүр бал қаймақ,
Ол бал қаймақты мен жаламай, кім жалайды,
Ол бал қаймақты мен жаламай кім
жалайды, —

деп айтылатын түрлері де көп. Балаларды жалықтырмау үшін жаңылтпаш сөздер қызықты, күлдіргі және ұйқасты боп келеді. Балалардың жаттап айтуына оңай да жеңіл тиеті.

Жаңылтпаш бала тілін дұрыс сөйлету үшін «р» дыбысына байланысты ғана айтыла бермейді. Айтылуы қиын және мағынасы жағынан бір-біріне жақын тұратын сөздерді айыра білдіру үшін де қолданылатын жаңылтпаштар бар. Сонымен қатар ашық та айқын сөйлеуге жаттықтыратын жаңылтпаш мазмұндарынан баланы тату-тәтті ынтымаққа, бірлікке шақыру мақсаты

көзделетіні, сол арқылы бірқатар тәрбие жұмыстарының жүретіні де көрініп отырады.

Қамаштан көріп қалашты,
Қалашқа Жарас таласты.
Бөлісін десең қалаш тең,
Таласпа Жарас Қамашпен.

Айтылуы қиын сөздерді айқын сөйлеуге үйрету арқылы соның мазмұнын ашып алуға жаттықтыру жағы көзделген. Оны мынадай мысалдардан көруге болады:

Ұлы тауда ұларлар бар,
Ұларларды ұстар ұландар.
Оларды орағыта қашатын,
Ұларлар айлалы ма?
Ұларды орнынан басатын,
Ұландар айлалы ма?

Жас өспірімдерді дұрыс та айқын сөйлеуге үйретуді мақсат етумен бірге, жаңылтпаштарда оларды үлкен ойға шомдыратын тәсілдер де қолданылатыны байқалады.

Жақсы атты әп-сәтте,
Асқаттар ақсатты.
Жаза алмай бас қатты.
Ақсатса, жақсы атты,
Кім болар жақсы атты.

Міне, осының өзі баланы ашық та айқын сөйлеуге үйретумен бірге, оларды үлкен ойға шомдырады. Дұрыс сөйлеуге үйретумен бірге, дұрыс та әділ шешім айтуға дағдыландырады. Сонымен қатар, контекстен тыс жеке тұрғанда тұлғасы да, мағынасы да бір сөздердің сөйлем ішінде әр түрлі мағынаға ие болатынын ажырата білуге де үйрететін амал-тәсілдердің барлығы жаңылтпаштардан айқын көрінеді.

Міне, осының бәрі жаңылтпаштардың жасалу жолымен бала тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелігін танытады. Жаңылтпаштардың құрылысы жағынан ықшамдылығы, жаттап айтуға жеңіл тиетіні, ұйқасымы күшті, әуенді, сазды және мазмұны жағынан күлдіргі боп келетіні жас өспірімдерді қатты сүйсіндіреді. Жаңылтпаштарда балалардың намысын қозғап, өздерін ештеңе сынап қою жағы да ұмыт қалмаған. Ештеңе сынау арқылы да оларды дұрыс сөйлеуге, өздерін-өздері дұрыс алып жүруге үйретуді көздеу бар.

Әсең әсем билеймін деп әлек,
Қасең шешен сөйлеймін деп әлек.
Қашан Қасең шешен сөйлеп еді?
Қашан Әсең әсем билеп еді?

¹ С. Сейфуллин. Алматы, 1964, алтыншы том, 258-бет.

Әсем билегендерін де көргеміз жоқ,
Шешен сөйлегендерін де көргеміз жоқ.

Осының өзі баланы дұрыс та айқын сөйлеуге жаттықтырумен қатар, бір жағы оларды сынап та қайрап отыр. Әсем билеуді де, шешен сөйлеуді де талап ету тілегі бар. Бұл тілек біздің бүгінгі өмірдің тілегі. Мұнда жас өспірімдерге бір сырлы, сегіз қырлы болуды үйретуді көздеу мақсат етіп қойылған. Қорыта айтқанда бала тәрбиелеуде, оған ана тілін үйретіп, анық та айқын сөйлеуге жаттықтыруда балалар фольклоры ішінде жазылған үлкен роль атқарады.

ӨТІРІК-ӨЛЕНДЕРДІҢ ОҚЫС КӨРІНІСТЕРІНДЕГІ ӨМІР ТАНЫТАРЛЫҚ ОҚИҒАЛАР

Өтірік әңгімелермен қатар, қазақта өтірік өлендер де бар. Өтірік өлендер — қазақтың халықтық шығармаларында ертеден орын алған жанр. Мұның түп нұсқасы әзіл-оспаққа, өткір сынға құрылған. Сонымен қатар мұнда қиыннан қиыстырылған тапқырлық және ойдың өткірлігі мен логиканың күштілігі арта түседі. Сөз еткен тақырыптардың бәрінде де адам күлерлік, бой сергітерлік әдемі, жарастықты әзіл-оспақтардың болуымен қатар, үлкен ойға шомдыратын, өмір танытарлық құбылыстар да қамтылып отырған. Лияна Жансүгіров: «Қазақтың өтірік өлені, өтірік ертегі дегендері расында кенеуі жоқ босқа өтірік емес, өте шеберлікпен, тілдің орамдылығымен өзгеше өңделген сөз... Өтірік өленде өмір көп. Салғастыру бар, сықақ мол. Әр жануардың, әр айтылған нәрсенің тұрмысқа байланысы «бар» деген.

Айттым да өтірік өлең желдеп кеттім,
Сонымнан көбедекке кел деп кеттім.
Асауың бөгелектің ұстап мініп,
Астыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

немесе:

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,
Басына қарағайдың көз тұрыпты.
Өзгесі өтірік болса да осыным шын,
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең аттың мүлкі,
Ішінде топ кісінің жығып кетіп,
Қылдың ғой ойбай қарсақ мені күлкі.

¹ Л. Жансүгіров. «Өтірік», Москва, 1927, 3—4-бет.

Осы айтылған үш ауыз өтірік өлең ішінде адам күлерлік, бой сергітерлік, эстетикалық әсер аларлық қаншама оқыс оқиғалар бар. Сонымен қатар көркем ойдың асқан шебер түрлері мен көркем суреттеулер де осыдан табылады.

Бір қоянды міндім де аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай жерге түстім.
Алты күндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз қурай түбіне ас қып іштім.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Той қылып мың масаны сонда сойдым.
Жүрегің біреуінің төрт бөліп жеп,
Нағсаңыз өмірімде бір-ақ тойдым, —

деген секілді әдемі суреттеулер де молынан кездеседі.

Өтірік өлендерде өзінің көлемі жағынан үлкен, кішілігіне қарамай, бәрінде де елеулі роль атқаратын кейіпкерлері болады. Сол кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастар, олардың өмір тіршілігі үшін жасаған әрекеттері тым күлкілі. Сонымен қатар өтірік өлендердегі кейіпкерлер арасындағы өмір құбылыстары мен қарым-қатынастары бейнелеу, әсірелеу арқылы суреттеледі. Осындай ерекшеліктеріне қарай өтірік өлендер үлкен кісілермен қатар, мектеп жасындағы балалардың оқуына да, жаттап айтуына да лайықты. Қазір баспада жарияланған, оқушыларымыз білетін мынадай өтірік өлендер бар: «Өтірік өлендер», «Кірпік шешен», «Бүркіт», «Қер бие, торы құлын», «Торы тай», «Шыбын», «Ағаш пен шөптің ажырасқаны», «Қамыстың жауабы», тағы басқалар.

Бұрын халықтық шығармаларда өтірік өлендердің қамтыған тақырыптары көбіне шыбын-шіркей және жануарлар тіршілігіне байланысты айтылатын болса, біздің советтік социалистік елімізде маңызы жоғарыда аталған тақырыптардан әлдеқайда зор мәселені көтергенін байқаймыз.

Дуниенің ауыры үрген қарын,
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.
Алты атанға үш төстеп артып едім,
Көтере алмай жығылды атандарым, —

десе, қазіргі советтік тұстағы жаңа мазмұнды өтірік өлендерде:

Ұстадым киттің өзін қармақпенен,
Көтердім Көкшетауды бармақпенен.
Галоштың тұңғышының қайық етіп,
Мұхитты жиһарқездей шарлап келем, —

делінген. Мұндағы қармақпенен ұстаған кит пен бармақпен көтерген Көкшетау керегенің басындағы үрген қарынмен салыс-

тырғанда салмағы бар заттар ғой, сондықтан китті кармақпен ұстап, Көкшетауды жалғыз саусағымен көтеріп тұрған бармақтай бала екеніне, әрине, күлесің. Профессор М. Ғабдуллин: «Нақтылы деректерді мол шеберлікпен фантастикалық дәрежеге жеткізу, адамның ойына келмейтін «өтірік» әңгімеге айналдыру қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдер түрінің негізгі бір ерекшелігі болып табылмақ¹ деген.

Адам жас шағында да, есейіп ер жеткен соң да арманшыл келеді. Адамның арманы киттей алып болуды көксемейді. Адамның алыптығы ақылымен көріпуді аңсайды да, ақылды азамат болуға күш жұмсайды. Өтірік өлеңдердегі баланың китті кармақпен ұстап, Көкшетауды бармақпен көтеремін деуі орындалатын арман. Белгілі Грек оқымыстысы Архимед жер кіндігі тауып берсеңдер, оны мен жалғыз қолыммен айналдырған бола, едім деуінің өзі ғылымға сүйенгендіктен айтылған. Бұл — эстетикалық идеалдан туған нәрлі ой. Осыған орай өтіріктің де бір жағы шындықпен астасып жататынын атап өтпекпіз. Шын бергісіз өтіріктер болатыны фантастикалық әңгімелерден көрінеді емес пе?

Біз өзіміздегі жетістіктерді жұмбақ жанрына қосып айтынымыз сияқты, өтірік өлеңдерде ғылым, техника жаналығына байланысты айтылып жүрген өтірік өлеңдер соңғы жолдарда баспа беттерінде мүлде көп жарияланып келеді. Мұн өзі балалар мен жас өспірімдердің көңіл күйін оятып, ойын сегітіп, бір ауық күлдіріп қоюмен қатар, оларды арман ағысының зор болашағына қарай ұмтылуға үйретеді.

Поезға арттым жалғыз қауырсынды,
Тарта алмай тепловоз ауырсынды.
Тышқанға қоса тіркеп беріп едім,
Жүйіткіді әлгі поезд дауыл сынды.

Тым тамаша айтылған. Бұл өлең бала түгіл үлкен кісілер де сүйсіндіреді. Егер тышқанның орнына поезды сіріңкенің қоробқасындай атомға тіркеп жіберсе қайтер еді. Бұл да шындыққа айналған болар еді. Адамның эстетикалық идеалы, арманы таусыла ма, басында өтірік өлең деп жарияласақ та, ондағы әңгімеленіп отырған күрделі мәселелер түптеп келгенде шындыққа айналуы да ғажап емес.

Бір күні, күн шыққан соң, таңда тұрып,
Ойыншық-резинка шарға мініп,
Жөнелдім қуып екі жер серігін,
Дем алдым Ай қасында жолда отырып.

Өтірік өлең деп айтып жүрген осы ойымыз қазірдің өзінде-ақ іске асты деуімізге болады. Гагарин мен Титовтың, Николас

пен Поповичтің т. б. жер серіктерін ұшырудан соң-ақ көп ұзамай аспан әлемін-космосты айнала ұшқанын өмірдің өзі көрсетті. Қазіргі өтірік өлеңдер ішінде ауыл шаруашылығына байланысты айтылып жүргендері де толып жатыр.

Тас жидым жұмсақ қой деп жастық үшін,
Бес жаста әкемнен де асты күшім.
Танктің бір драуын таңдап мініп,
Теңізге бидай ектім астық үшін.

Біріне-бірі шендестіре айту арқылы бір заттың екінші заттан өзгешелігін, артықтығын көрсету өтірік өлең жанрының ең басты қасиеті екені жоғарыда келтірген мысалдардың бәрінен де көрінеді. Бұл сондықтан да көркем, сондықтан да қызықты естіледі.

Қорыта айтқанда біздің заманымызда туған өтірік өлеңдер — адам қиялының, арманының өрісін кеңейтетін, қиыннан қиыстырып, көп болжаулар жасауға мүмкіндік беретін және ұтымды пікір тудыратын қызықты жанр. Балаларды мәз-мейрам етіп, көңіл күйін өсірумен қатар оларды қиял прағына мінгізеді.

¹ М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, 1958, 44-бет.

Екінші тарау

МАҚАЛ-МӘТЕЛ, ЖҰМБАҚТАР.

Мақал-мәтел, жұмбақтар бір ғасырдың ғана жемісі емес. Мақал-мәтел, жұмбақтар — халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып шешетін асыл мұра, ақылына ақыл қосатын жарқын болашағына дұрыс бағыт сілтейтін, өмірді танытатын қамқоршы. Онда халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі өсиеттері айтылған. Онда халық даналығы сақталған. Сондықтан да қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын жинау, қамтыған тақырыптарына қарай бір жүйеге келтіру, бастыру XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алынған. Бұл жөнінде алдымен Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, С. Көбеевтің еңбектерін ерекше атауға болады.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары — көркем әдебиетте сөздің әріпін келтіретін, айтайын деген ойдың мағынасын толықтыратын, сонымен қатар ұтымды да, ықшамды да қолданылатын әдемі форма. Өйткені бұл — мол тәжірибенің ұзақ уақыт әбден сұрыпталған, екшелген, сыннан өткен асыл түйіні. Халықтың осындай асыл мұрасын зерттеу, одан үздіксіз үйрене беру керектігі жайында жастарымызға арнап М. Горький өзінің әдеби еңбектерінде: «Мақал мен мәтелдер халық бұқарасының ой-өрісін өте айқын көрсетеді... халықтың әлеуметтік-тарихи тәжірибесін айқын дәл қорытып айтады»¹ — деген.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары адам өмірінің бастан кешірген тарихи-әлеуметтік іс-әрекетіне, тіршілік тірегіне байланысты барлық мұрасы толық қамтылып, түгел айтылады. Халық туралы, отан туралы, ерлік, батырлық туралы, еңбек-кәсіп туралы, қоғамдық, таптық хал-жайлар және адамгершілік, достық ынтымақ туралы, туысқандық, семья, адамның өмірі туралы, төрт түлік мал туралы, әдет-ғұрып заң туралы, ғылым, өнер, тәлім-тәрбие туралы, денсаулық, тазалық, аңшылық, табиғат құбылыстары туралы жан-жақты жинақталып түгел айтылған. Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарында адамның өмірі, тіршілігіне байланысты қамтылмаған, айтылмаған

еш нәрсе жоқ деуге болады. Адамның мінезіндегі жат қасиеттер де мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда жиркенішті түрде күшті түйреледі:

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНА БАУЛУДА МАҚАЛДАР МЕН МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК РОЛІ

Мақалдар мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, есте сақталуға икемді де жеңіл болатындықтан және бала тәрбиелеу ісінде ерекше роль атқаратындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады. Сонымен қатар, балаларға арналған мақалдар мен мәтелдердің ерекшеліктері оның құрылысы мен жасалу жолынан емес, мазмұны мен мағынасы тәрбие жұмыстарына, оқу-ағарту істеріне байланысты болуынан көрінеді. Мақалдар мен мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар, оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын дамыта түседі. Оларды жарқын болашаққа тәрбиелейді, өміріне жол сілтейді.

«Көре-көре көсем боласын, сөйлей-сөйлей шешен боласын» деп еңбектенудің, талаптанудың, үздік әрекеттің арқасында осындай игілікке, алға қарай шырқай беруге болатынына жас өспірімдердің сенімін арттырып, өздерін ынталандыра, қызықтыра түседі. Балалардың көңілін серпілтіп, қанатына су бүркіп, эстетикалық идеяны шыңдап аспандата береді. Осының бәрі халықтың балаға деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра.

Халықтық шығармалар ішінде балаларға арнай айтылған мақал мен мәтелдердің алатын орны да өз алдына ерекше. Бұл барлық айтылған ойдың, насихаттың жиынтығы, қорытындысы ретінде беріледі. Мысалы: «Ата балаға сыншы» деген халық мақалы мейлінше дұрыс айтылған пікір. Бұл — өмір тәжірибесінен алынған бірден-бір даналық сөз.

Бала өсіруде, тәрбиелеуде халық өзінде бар барлық асыл сөз, даналық ойларын балаларға, жеткіншектеріне арнады. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал, мәтел етіп, үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын бала-сына, немересіне қалдырып отырған. «Бала-бауыр еті, көздің нұры» деп босқа айтпаған. Кім болса да өз баласын білімді, өнегелі халық азаматы болып өссін дегенді арман еткен. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар барлық мүмкіншілігін бала болашағының игілігіне аямайды. «Оқу-білім өмір шырағы» — деген ақыл сөздерді әрқашан құлағына құйып отырады. «Оқу — білім азығы, білім — ырыс қызығы» деп, өз болашағының ырысты болуы да сол білімділіктен туатынын айтады.

«Ақыл — тозбайтын тон, білім — таусылмайтын кен» деп, оның болашағы да соншалық баянды, мығым болатынын сан рет ескертеді. Бірақ, мұның өзі еңбексіз, әрекетсіз тектен-тек қолға түсе қалатын оңай олжа емес. Асуы қиын бел-белес, ұшы-қыры көрінбейтін құба жон екенін де ашық айтқан. Қажымай қайрат

¹ М. Горький. «Әдебиет туралы», Алматы, 1954, 138—139-беттер.

көрсету арқылы ғана оның үдесіне жетуге болатынын ескертеді. «Білім — қымбат, білу қиын» деген мақал осыдан алынып, жас өспірімдерге әдейі айтылған. Білім алу жолына түссен, оның қиындығын ауырсына. «Өз білмегенінді кісіден сұра, үлкен жоқ болса, кішіден сұра», қалайда соның үдесіне жет, шынына көтеріл дегенді насихат етеді.

Егер білім алу жолындағы қиыншылыққа төзбесен, еңбектенбесен, қатарынан қалып қоясың, өкінішті боласың. «Өкініш естен кетпейді; бір тойғаның түске жетпейді, — осы жағын да ескеріп қой. «Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп жастардың намысына тие, ойына қозғау сала айтатын жақтары да халық мақалдарынан көп кездеседі.

«Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» деп баланың психологиялық өсу процесіне зер салып, дұрыс бағытқа жөн сілтеп отырған. Адам болатын баланың талабы, ынта-жігері жас кезінен танылады. Көпшілікке, оның игілікті жақсы жақтарына үйір бола бастайды. Қоғамшыл, көпшіл бола бастайды. Ақыл парасатқа бой ұрып, игі жұмысқа тез үйренеді. Адам болмас баланың қиыр-қисық жақтарын дер кезінде біліп, дер кезінде нашар бағыттан, өнегесіздіктен арашалап алуды қажет ететінін ескертеді. Бала тәрбиелеу аса қиын, аса жауапты іс екенін тәжірибенің өзі-ақ көрсететінін осыдан аңғаруға болар еді.

Халық мақалдарының балаларға арналған түрлерінде жас өспірімдерді білімге баулумен қатар, оларды тәрбиелеу керектігі де толық ескерілген. Адам баласына пайдалы, өнегелі істердің барлығы да мақал, мәтел етіп айтылған. «Есер баладан ерке бала жаман» деп, баланы жас кезінен ерке, шолжақ етпей өсіруді жақтайды. «Жорғаның тері кетпес, еркенің көз жасы кетпес» деп ерке баланың пайымсыз, ақылсыз, шолжақ болатынын айтады. «Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман» деп көңіл соқырлығы жас кезінен ерке пайымсыздылығынан келіп шығатынын оңай түсінуге болады. «Балаң жаман болса, көрінгенің мазағы». Ол ата-анаға күйік, ауыр қайғы болатынын да қатты ескертеді. Баланы шолжақ етпеу үшін онымен сөйлесуде үлкен кісілердің өздері парасатты әңгімелер айтуға, балаға баласының қарамау керектігін де әрқашан еске салады. «Балана байқап сөйлесен, ақылыңа көнер, байқамай сөйлеген көп ішінде өлер» деп баланың қалай өсуі алдымен ата-анаға байланысты екенін құптайды. Балаға «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле» дегенді қатты ескертеді.

Білім алу, жақсы өсу, еңбекті сүйішілікке дағдылану — осының бәрі де адамның саулығына, жақсы тәрбиеге байланысты екені де мақалдар мен мәтелдерде толық қамтылған. Халық өз өмірінің тәжірибесінен көрген-білгенінің бәрін де өзінің ұрпақтарына мақал-мәтел етіп, үлгі насихат ретінде қалдырып отырған. «Денсаулық зор байлық» деп алдымен саулығыңды сақта, саулығың жақсы болса, ойлаған мақсатыңа жетесің деп үйретеді.

Саулық та өз-өзінен келмейтінін ескертеді. «Тазалық-саулық негізі, шаруашылық — байлық негізі» — дейді. Осының барлығы да біріне-бірі тығыз байланысты. Бірінсіз бірі қаз қалпында тұруы мүмкін емес. Саулықтың негізі таза тұрып, таза жүруге байланысты болса, саулық пен таза жүрудің негізі ұқыптылыққа байланысты екені де айтылады. Өзі өзіне ұқыпсыз, сылбыр-салақ болса, мұның бәрі де іске аспайды. Сондықтан да «Ұқыптының тоны тозбас, ұқыпсыздың ісі оңбас» деп қатты айтады. Қай нәрсеге болса да ұқыптылықпен, зейін, ықыласпен, ынта-жігермен кірісуге шақырады. Осы айтылған мақал-мәтелдердің бәрі де жас буынға ой салып, өмір танытады.

Мақалдар мен мәтелдерде жолдастық қатынастар жайында да айтылған. Жас өспірімдерді мейірімді, кіші пейіл болуға, берілген үде, айтқан сөзден айнымайтын адал дос, жақсы жолдас болуға үйрету бар. «Ат жаманы жолда қалдырар, жолдас жаманы қолда қалдырар» деп жаман адамның соншалық опасыз, тұрақсыз, табансыз, тайғақ болатынын білдіреді. «Жаман аттан — аяғым артық, жаман жолдастан — таяғым артық» деп, жаман жолдастың опасыздығын қолдағы таяқтан да қадірсіз екенін ескертеді. «Жаман дос көлеңке, басынды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басынды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» деп қорытынды жасайды. Жолдастық, достық мәселесін айтқанда, жас буынға көбіне адамгершілік сипатқа жатпайтын жат мінездердің барлығынан аулақ болуды көздейді.

Балалар әдебиетінің жас өспірімдерге тигізетін тәрбиелік әсері бір жақты емес, дүние тегігінің барлық жайымен таныстыруды көздейді. Халық, ғасырлар бойы өзінің жинаған барлық көрген-білгенін, тәжірибесін, арман-мақсаттарын және келешегінің баянды болуын соларға үлгі, өнеге етіп ұсынған.

Баланы тәрбиелеудегі негізгі мақсат оны алдымен еңбек процесімен таныстырып, еңбектенуді сүйе білуге үйретуді көздейді. Қалған барлық мәселе осыдан өрбитінін, осыдан тарайтынын түсінген. «Ағаш кескен, ұзын кес, қысқартуың оңай, темір кескен қысқа кес ұзартуың оңай» деген мәтел сөздерге тәжірибесі мен көргені аз балалар алғаш бұл жұмбақталып айтылған сөз бе деп түсінбей де қалуы мүмкін. Ойға салып талқылай келе, өмір тәжірибесінен алынып айтылған өнегелі сөз екеніне сүйсініп, өзіне үлгі етеді. «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деп қай нәрсенің болса да еңбексіз қолға түспейтінін баладан жасырмай сендіре айтады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегенде осы негізге сүйеніп айтылған. «Еңбек түбі зейнет» деп, оның арты бақыттылыққа, дәулеттілікке, абырой-атаққа, ойлаған мақсатқа жетуге бастайтынын көрсетеді. «Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің» деп, оның қызығы мен рақаты алда екенін де ескертеді. Еңбегі сіңген адамдар біздің заманымызда өзінен әл-қуат кетіп, қартайған шағында немесе еңбек үстінде мертігіп, мүгедек болса пенсия алып, оның өмірі қамтамасыз етіліп отыратынын осының ай-

қын дәлелі. «Еңбек — елдің көркі, ел — ердің көркі» болатын осындай ынтымақтан, еңбек бірлігінен келіп туады. Мақалдар мен мәтелдер өмір тәжірибесінен алынған тапқыр ойдың тамаша жемісі.

Мақалдар мен мәтелдердің балалар ауыз әдебиетінен алатын орны, терең мазмұны мен тәрбиелік әсері, өмір оқулығындай болатын идеялық сипаты, өткір де көркем тілі, эстетикалық әсері оның мейлінше ықшам қолданылатынын өзінің оқушысын таң-тамаша етеді.

БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАСЫН ДАМУДА ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

Халықтық шығармалар ішінде балалар фольклорынан үлкен орын алатыны — жұмбақтар. Жұмбақтар және оның шешімін айту баланың ақыл-есін дамытады, ойын шынықтыра түседі. Ойлауға, ойлаған ісінің үдесіне шығаруға жаттықтырады. Жұмбақтардың шешімін табу баланың зейін, ықыласын арттырады. Әр нәрсенің себебін іздестіріп табуға үйретеді. М. И. Калининнің «Математика ойдың гимнастикасы», — деп айтқанындай, жұмбақтарды да балалар мен жас өспірімдер үшін «ойдың гимнастикасы» деп атауымызға болар еді. Жұмбақтар құпиясы баланы қызықтырып, әсерлендіре түседі, шешімін айтқызуға мәжбүр етеді. Баланың ұшқыр ойын іске, әрекетке қарай баулиды. Ой-санасының қызмет етуіне серпін береді.

С. Сейфуллин: «Жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойын-күлкі сөз — жұмбақ айтысу. Жұмбақ айтысу — хат жазу білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз алынша зейіндерін тапқыштыққа үйретіп безейтін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған дедік. Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтыса білмейтін жасы болмаған. Сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға төселген жастар жұмбақты ойынан да шығаратын болған»¹ деген. Жұмбақтар — жас буынның ақыл-ойын дамытуға бағытталған асыл мұра.

Академик Мұқтар Омарқанұлы Әуезов қазақтың әдет-ғұрып, салтында, өнерінде жұмбақтың да ерекше орын алғанын айта келіп: «Кейде бүкіл бір ертек жұмбақтан тұрады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған... Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Жұмбақты мектеп балалары тілге ұста болу мақсатымен оқиды, жаттайды. Жастар ойын-сауық кештерінде әлі де ермек етеді. Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде де баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар»² дейді.

Жұмбақтар өмірде кездесетін шаруашылық кәсіпке байланысты, тіршілік тірекке тиянақ болатын, адам көңілін аударатын қажетті заттардың бәрін қамтиды. Бәрін де алғаш жұмбақ етіп, соның сыр-сипатын, құпиясын ашып беруді қажет етеді. Бұл — іске, әрекетке баулудың, соған қызықтыра түсудің бір тәсілі. Жұмбақтар баланы байқағыштық, әр нәрсеге зер салғыштық қабілетке үйретумен қатар, ой-қиялға шоматын, ойландыратын жаққа қарай баулиды. Жас буынға мұның ең пайдалы жақтары осында.

Жұмбақтардың айтылуы, сөз құрамы, әдемі ұйқасы, құрылысы, жинақтылығы, аз сөзбен көп нәрсені қамтитыны да балаға көп эстетикалық әсер береді. Ойын жинақты, ықшам айтуға үйретеді. Сөзуар мылжың болудан, натуалсыздықтан аулақтата береді. Жұмбақтардың балалар фольклорынан үлкен орын алатын басты себептері осында.

Жұмбақтарда көзбен көріп, қолмен ұстап, қажетіне асырып жүрген өз айналасындағы заттарды жұмбақтап айтудан, алғаш жеңіл-желпіден бастайды. Қыз-бозбала жиналып, ойын-сауықтарда ойларының жүйріктігі мен тапқырлығын сыға салады. Жұмбақ шешімін тез табуға асығып, қызыға түседі. Айтылған жұмбақты тез шеше алмағандарын қызартып ұялтады. Оған тағы да басқа жұмбақ айтады. Жұмбақты тез шешкендерін мақтап, топ алдында оған сый-құрмет көрсетеді. Жақсы қыз, жақсы бала атандырады.

«Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр» дегенде кейбіреулері шешімін тез айта алмай, жолдастары алдында қатты қысылып, терлеп-тепшіп абыржып қалады. Күнде көріп, біліп жүрсе де соған зер салмайтынына, пайымдамайтынына қиналады. Көре жүріп ойланбайтынына өз-өзінен кейіді. Өзін-өзі кінәлайды. Бұл — иждағаттық, талаптың белгісі. Жұмбақтың мұндай сыры ақыл-ес тәрбиесінің жаттығуына жасалған, халықтың ойлап тапқан асыл мұрасы делінеді. Бұл жұмбақтың шешімі «Қазан мен от» дегенде ғана, тіпті оңай екен ғой деп өз ойының шама-шарқы тым тайыз екеніне, соны да шеше алмағанына пұшайман болады. Осындай тағы біреуін айт, оны шеше алмасам, болмағаным деп енді намысқа тырысады. Өмірден көріп-білгенін топшылауға, соның нәтижесін көруге өзін-өзі қамшылай түседі. Мұнда баланы ұрмай-соқпай тәрбиелеудің, ақылға көндірудің бірден-бір дұрыс бағыты, жақсы әдісі бар. Баланы ақыл парасатына қарай баули береді де, жастықтың данғойлығынан арылта түседі.

Бірінші жұмбақты шеше алмай өкінішті болған балаға енді өзінің өтініші бойынша екінші жұмбақ беріледі. «Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» бұл не? — дейді. Әрине, жұмбақ шешімі бірден-бірге қиындай бермек. Мұның шешімі де ойлануды қажет етеді. Өмір тіршілігіне араласы жоқ, «алма піс, аузыма түс» деп отыратын әрекеті жоқ, күйрек адамдар мұндай жұмбақты шеше алмайды. Жұмбақ құпиясының қызығы да, шын-

¹ С. Сейфуллин. Алматы, 1964; алтыншы том, 246-бет.

² М. Әуезов. «Жұмбақтар туралы», 1940, 1959.

дығы да осында. «Айдалада ақ отау, аузы-мұры жоқ отау» — бұған ұқсас не бар деп дал болады. Қапелімде ойға түсуі қиын-ақ. Мұның шешімі «жұмыртқа» екенін бірден айтып салу жас бұынға оңайға түспейді. Көбірек ойлануға міндеттейді.

Тым алысқа бармай-ақ, жұмбақ шешімін қиындатпай-ақ тіпті баланың өз мүшесімен құрастырып айтса да, кейбіреулер осының байыбына бара алмайды, тереңіне үңіле бермейді. «Қатар-қатар тас қойдым, жирен атты бос қойдым» дегенде осының шешімі «тіс пен тіл» екенін айта алмай қатты қысылады. Бірақ мұның өзі оң мен солын танымаған жас бұынға қиын нәрсе. Олардың өмірден көргені мен білгені аз, тәжірибесі жоқ. Олар осындайды естіп, білу арқылы ғана өз ойларын шыңдай түседі. Балалар үшін жұмбақтың пайдасы — сол.

Жұмбақтардағы терең ой, терең мағынамен қатар ондағы көркемдік шеберлікті қиыннан қиыстырып келтіреді. Бір затты екінші бір заттың түр-түсіне балап, салыстыра айту, соған қиыстыра білу ұқсастығын тауып көрсете алу, ойдың ұшқырлығы мен зеректігін танытады. Баланы да қызықтыратын осы жағы. «Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды» деп бұлттан шыққан күннің көзін ақ жібекке, бұлтты ақ сандыққа балап, соның толық мазмұнын аңғартатыны ғажап-ақ. Адам сүйсінерлік эстетикалық әсерлі сөздерді іздеп табатыны да шеберліктен туған.

«Міне, ертеп айт», «жұмбақ айт», «өлең айт» дегенде осы келтірген үйреншікті сөздерді айтып бір-екі ауыз ертеп, жұмбақ, өлең білмейтін қазақ болмаған. Бұлар балалардың жасынан жатқа оқып үйренетін, ақыл, есін күшейтуге, сөзді тез жаттауға дағдылануға алған сабақтары тәрізді болған. Бұл сабақтар балаларға сөзді есіне бекітуге үйрететін, сөзді таппақтап, ұйқастырып, ырғаққа салуға төселдіре беретін, тілін шеберлей беруге үйрететін ойнақы сөздер!...» — дейді С. Сейфуллин.

Жұмбақтың шарты тек қана соның не екенін тауып айтуды ғана көздемейді, сонымен қатар бір-біріне баламалап айтылған екі заттың екеуінің де өзгешелігін, ұқсастығын байқауға үйретеді. Бір заттың не артық, не кемшілігін таныту үшін оны сол сияқты екінші бір затқа не теңеп, не балап, салыстырып көрсете алуда үлкен шеберлікті, айтқыштық өнердің жетілген түрін байқатады. Баланың ой көлемі кеңейіп шыныққан сайын, жас ерекшелігі мен білім ерекшелігіне қарай жұмбақтардың да шешімі қиындап, мағынасы тереңдеп, бірден-бірге күрделене береді. Жас, кәрінің ой-өрісі мен білім көлеміне қарай әркімге лайықтала, өлшене айтылатын жұмбақтардың алуан түрі кездеседі. Жұмбақтың күрделенген түрі өлеңмен айтылады:

Бір нәрсе білмегенді білгізеді,
Өзінді тұрсаң қарап күлгізеді.

¹ С. Сейфуллин. Алматы, 1964, VI том, 240-бет.

Жалғанда әңгімесі сондай қызық,
Жаныңды тыңдай берсен кіргізеді, —

деп кітаптың пайдалы жақтарын айтып, оның не екенін оймен шешуге міндеттейді. Жұмбақтап айтумен қатар, соған ынтықтырып өнер-білімге үгіттеу де бар. Жұмбақтағанда сол заттың сыр-сипатын, түс-таңбасын, сапалық ерекшеліктерін, пайдалы жақтарын, қажетті екенін түгел қамтиды. Бала көңілін, бала ықыласын бір нәрсеге қызықтыру, аңсатудың өзі де жұмбақтағы шеберліктің бір белгісі делінбек.

Ұзын, ұзын, ұзын жол,
Ұшына жеткен бар ма екен?
Түбі терең қара су,
Түбіне жеткен бар ма екен?
Түбіне жетіп бұл судың,
Қанып ішкен бар ма екен? —

деп, оқуға, өнер-білімге қызықтырумен қатар, оның сондайлық қиындығын да, ұшы-қиыры жоқтығын да жұмбақ еткен.

Ауыр-ақ, бірақ түсер салмағы жоқ,
Артқанның арып кейін қалғаны жоқ.
Арқалап бірін қоймай көтергеннің,
Аяғы ешуақытта талғаны жоқ.

Өнер-білімнің соңына түссе, оны игеріп, меңгере алса, оның аяққа түсер салмағы болмайтынын да бір жағы жұмбақ етіп айтылса, бір жағы сол ғылымды үйренуге, білуге шақыру бар. Өнер, білім, оқу туралы айтылған жұмбақтармен қатар, техника туралы, байланыс, қатынас және шаруашылық құрылыстары жайында жұмбақ етіп айтылып жүрген өлеңдер де мол кездеседі.

Асыл заты ұзын жолдай ағылған,
Ішінде бір жібек тарам тағылған.
Айсыз қара түнде сұлу әдемі,
Нұрын төгіп, жұртқа таңдай тағылған, —

деп электр жарығын жұмбақ еткен. Техника тетігін білмейтін жас өспірімге оның қалай жанып тұрғанының өзі жұмбақ. Ілезде сөніп, ілезде қалай жана қалуы да білімсіз адамға жат нәрсе. Жел тұрып, құйын соқса да, қарлы боран қаһарын төксе де сөнбейтіні ғажап-ақ. Жұмбақ мақсаты жас өспірімдерге оның осындай кереметтерін білуді міндеттейді. Профессор М. Ғабдуллиннің: «Жұмбақ — оқушы балалар мен жастарға білім берерлік тәрбиелік мәні бар құралдың бірі»¹, — дегені осындай қасиетінен көрінеді.

¹ М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Алматы, 1964, 88-бет.

Немесе:

Ойланып мен жұмбақты енді жазам,
Дүниеде бар бір күшті қара қазан.
Үстінде жанды-жансыз толған мүлік
Ән салып кетіп жатыр азан-қазан.

Бір ауыз жұмбақ өлеңмен поездың толық сипатын көз алдына әкелгендей етеді. Екінші сөзбен айтқанда, техника тетіктерінің сыр-сипатын білуге, соны үйретуге міндеттейді. Бұдан шығатын қорытынды фольклорлық жанрдың бәрі де адамның өміріне және еңбегіне тікелей қатысы бар өзін қоршаған ортаны, табиғатты, бар дүниенің ішкі мазмұнын жан-жүйесіне әсер етерліктей көркем тілмен білдіруге, соны танытуға үйретуді көздейді.

Ал жұмбақ болса, алдымен өмірдің поэтикалық жақтарын қамтиды. Былайша айтқанда адамға өмірдің өзін қоршаған ортаның, табиғаттың поэтикалық көркем көріністерін танытады да, қай заттың, қай нәрсенің болса да соның баламалы көркем көріністерін тауып айтуға жаттықтырады. Сонымен жұмбақ дегеніміз — адамның қай затқа болса да поэтикалық көзқарасының қандай екенін сынау үшін, бір затты көркем тілмен жұмбақ етіп суреттеген халықтық жанрдың бір түрі.

Жұмбақтың балаларға тағы бір пайдалы жағы — өз бойындағы құпияны шештіру, айтқызу арқылы оларға өмірді танытады. Айнала төңіректе болып жатқан түрлі құбылысқа зер салуға, соның себебін іздестіруге үйретеді. Қайнаған өмірге араласып кетуге қол бұлғайды, соған қызықтыра, асыға шақырады. Осындай өзгешеліктері болғандықтан, балалар жұмбақты құмарта тыңдайды. Соның шешімін өз жолдастарынан бұрынырақ табам деп өзін-өзі іске, әрекетке, терең ойға, қабілеттілікке жұмылдыра түседі. Алғаш жұмбақ шешімін таба алмай қиналатын болса, сонымен оның қиын сырына жаттығып кетеді. Өзі де көрген, білгенін жұмбақ етіп айтуға, сол арқылы өз жолдасының қабілеттілігін арттыруға жардамдесіп, іскерлікке, қызметінің шеберлігіне төселе береді.

Ат басты,
Арқар мүйізді,
Бөрі кеуделі,
Бөкен санды,—

деп те айтылатын жұмбақтар бар. Жұмбақталған заттың барлық сипаты атқа да, арқарға да, бөрі мен бөкенге де баланып айтылып жатыр. Осы сипаттың барлығы бір нәрселе болуға тиісті. Бала көп нәрсені көз алдына елестетіп, еске түсіреді, ойланады. Көп заттарда бар ұқсастықтарды, ерекшеліктерді байқайды, ізденеді. Ұзақ ойланып, көп толғанған соң ғана осы өзгешеліктердің, осы тұлғалардың бәрі де жалғыз ғана шегірткеден табылғанына таң қалады.

Осының бәрін жинақтап, жұмбақтап, айтуда да шеберлік бар. Көпті көрген, көп нәрсені ойға түйген, байқағыштық қабілеті күшті адамдар ғана мұндайды жұмбақ етіп бере алады. Кейде жұмбақ айтушы кісі бұдан да гөрі қызықтыра түсу үшін түс-таңбасы белгісіз, қайдағы еске түспейтін, қаперіне келмейтін жәйттерді жұмбақ етеді. Шешімін өзі айтқанда ғана, тіпті оңай, көз алдында тұрған затты ойланып таба алмағанына пұшайман болады. «Қуып едім, мойын бұрмады, ұстайын деп едім, қолға тұрмады» дейді. Бұл жаңағыдан да қиын. Қиын болатыны мұнда түс те, таңба да жоқ. Тіпті белгісіз зат сияқты. Бұл жұмбақтың шешімі «Көлеңке» дегенде ғана ғажап екен деп өкінесің.

Түс таңбасы айтылмайтын жұмбақтардың күрделенген түрі бұдан да қызық, бұдан да әсерлі түрде айтыла береді. Жастардың ойлау қабілеттілігін шыңдай түседі.

Құлағы мен көзі жоқ,
Жоқ тіпті қол мен аяғы.
Бірақ ғажап өнерпаз
Мәнерлеп ою ояды.

Айтылуда ешқандай түс-таңбасы жоқ мұндай өнерпазды бірден табу да сондай қиын. Мұның шешімі «Қырау» дегенде ғана, тәжірибелі адамдардың көрген-білгенін соншалық шебер айта білетініне жастар риза болады.

Жұмбақ балалардың ойлау қабілеттілігін арттыра түсумен бірге, олардың көрген-білген нәрселерінің бәріне де ой жіберіп, себептерін, өзгешеліктерін айырып, ұқсастықтарын салыстырып, оны сондай бір екінші затқа теңеп отыратындай шеберлікке үйрету үшін қолданылған халықтың шебер, тапқыштық құралы болғанын білеміз. Дүние тану жолында баланы ойға, қиялға шомдыратын, іске, әрекетке баулитын және ой, қиялдың шамашарқын білдіретін құнды жанр. Дәлірек айтқанда, жұмбақ баланың фантазиялық ойын дамытатын жанр деуімізге болады.

Үшінші тарау

ЕРТЕГІЛЕР ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ АЙНАСЫ

Халықтық ертегілер — халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құралған оқиғалы көркем шығарма. Онда еңбекші халықтың ғасырлар бойы жасап келген өмір тәжірибесі, оның мәдениеті мен салты, әдеті мен ғұрпы, шаруашылық кәсібінің түрлері, тілінің шебер ерекшеліктері қамтылған. Табиғаттың адам баласына жұмбақ болып келген неше алуан қызметі айтылады. Үстем тап өкілдерінің зұлымдық, қастандық әрекеттері әшкере етіледі, күлкі-мазаққа айналдырылады. Халық ертегілерінің негізі өзінің тыңдаушысына ақыл-парасатты баяндайды. Адам арманының жарқын болашағына жөн сілтейді. Өмір күресіне бастайды. Ол сондықтан да «халық жанының айнасы»¹ деп аталған.

Халық ертегісі ішінде балалардың сүйіп оқитын, олардың жас ерекшеліктеріне тән мұралар сондай көп, халық ертегісі ғасырлар бойы балалардың ықыласын өзіне қызықтыра тартып, жас жанына әсер беріп, көңілін шаттық күлкіге бөлеп қуантады. Халық ертегілерінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан қияпатын танытады, сана-сезім, ақыл-ой қызметінің ерте дамуына, ерте қалыптасуына жәрдемдеседі.

Халық ертегісін балалардың сүйіп оқитыны, барлық ықыласымен сүйсіне тыңдайтыны, оның ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, әбден екішеліп халықтың даналық, тапқыр ой-пікірлері жинақталып, әрі көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Басталған жерден-ақ оқиғасы қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, жетектеп әкетеді. «Үлкендердің құрған әңгіме, жыр дүкені балаларға сабақ, оқу, өнеге болды дедік. Көп айтылып дағдылана берумен екішелініп шыққан өлеңнің де, ертектің де, жұмбақтың да, домбыраның да, қысқаша жинақы, ойнақы жасалған бөлек-бөлек «кұлақ күйі», бастау сөздері болған. Домбыра шертуге үйренбек болған балаға үлкендер алдымен «кұлақ күйін»... үйреткендей, ерте, жұмбақ, өлең, үйреткенде балаларға алдымен ертектің,

¹ В. Г. Белинский. Полное собрание сочинений, т. V, М., 1954, стр. 307.

жұмбақтың, өлеңнің «кұлақ күйлерін», бастау сөздерін үйрететін. Ертектің «кұлақ күйі» жоғарыда айтылғандай:

...Бар екен, жоқ екен...
Бөрі бөкеуіл екен.
Түлкі жасауыл екен...
Ертек-ертек ерте екен.
Кұйрық жүні келте екен,
Қырғауыл жүні қызыл екен,
Кұйрық жүні ұзын екен.
Мұзға мінген екен,
Бұты сынған екен...—

деп бастауды әркім-ақ бала күнінен үйренген болатын¹ дейді Сәкен Сейфуллин.

Халық ертегілерінің балаларды қызықтыратын тағы бір ерекшелігі ондағы адам бейнелері барлық жағынан әбден жетілген болады. «Кейіпкерлердің ең терең, ең айқын және көркемдігі жағынан әбден жетілген түрлері, типтері фольклорда, еңбекші халық ауыз әдебиетінде жасалған. Геркулес, Прометей, Минкула Селянинович, Святогор сияқты толық бейнелері, онан кейін доктор Фауст, Василиса Премудрая және ісі оңына келе беретін аңқау Иван сияқты толық бейнелерді және де докторды, попты, полицейді, шайтанды, тіпті өлімді женетін Петрушка сияқты көркем бейнелерді жасауға халықтың ақыл-ойы, үлгі тәжірибесі, сана-сезімі бірдей, тегіс қатынасқан. Бұлай келуі фольклорды туғызушының болмасты жасауға, өмірді жаңғырту күресіне тікелей қатынасы барлықтан деп білу керек»² дейді. М. Горький. Ертек оқиғасындағы әр алуан толық кейіпкерлердің іс-әрекеттері, ол кейіпкерлердің тапқырлық, ерлік, айлакерлік, ісі оңына келе беретін аңқаулық мінездері балаларды таң-тамаша қалдырып, сүйсіндіріп отырады. Ертегілердің осындай тамаша ерекшеліктері балалардың эстетикалық талғамдарын дамытуға³ алып әсер етеді.

ХАЙУАНАТТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ТАНЫТАРЛЫҚ СИПАТЫ

Халық ертегілері ішінде балалар арасына, алдымен балалар арасына, әсіресе сүйіп тыңдайтыны хайуанаттар жайындағы ботасынан айрылған боз ішкен екі көзі. Табиғат жайында ең бай материалдар, кеңінен адам жанын тебірендіретін осы хайуанаттар жайындағы ертегі. «Бармақтай бала», «Қотыр торғай», «Мің арыстан, қасқыр, түлкі, түйе, бөдене» бастым,

¹ С. Сейфуллин. VI том, Алматы тамызып,

² М. Горький. Әдебиет туралы, 1-ден ботамды,

шік пен мысық», «Қоянның ерні», «Түлкі мен бөдене», «Түлкі мен қоян», «Түлкінің арыстанды өлтіргені», «Түлкі мен тауық» т. б.

«Хайуанаттар жайында айтылатын ертегі кейіпкерлерінің өзі қызық. Сол күлкілі, қызық кейіпкерлердің өмір сүру, өмірге икемді болу жолындағы қактығыстары мен қарым-қатынастары, олардың айла-тәсілдері жас өспірімдерге өмір жолын танытады. Қышкентай, болымсыз тірлік иелерінің өмірге икемділігін, жеңгіштігін көрсету тақырыбы балаларға арналған қазақ ертегілерінің барлығына да ортақ. Бұл ертегілер балалардың ой-санасын оятып, оларды өздерінің күш-жігеріне сене білуге, тапқырлыққа баулиды, мақсат-мұратына жетуге үйретеді. Балаларға арналған ертегілер адам мен оны қоршаған табиғаттың арасындағы шекті елемейді. Балаларға арналған ертегілерде адам табиғатпен сіңісіп кетеді немесе соның ішінен ғажайып көрініске түсіп шығады, адамның әдеттегі қалпынан бөлек небір күлкілі күйлерге енеді. Мәселен, күйыршық тәрізді болады. Бұл ертегілер жас баланың ой-санасын оятып, қиялы шарықтап өсуіне әсер етеді»¹ — деген академик жазушы М. Әуезов.

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің қай түрін алсақ та балалардың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі де қызық болып айтылады. Хайуанаттар жайындағы ертегілерде балаларды қызықтырарлық және оларға ой саларлық екі түрлі сипат бар: бірінші, олардың мінез өзгешеліктерін, сырт көріністерін, күп көрісін байқайды. Есіту арқылы олар енді тікелей білуге, зерттеуге күштарланады. Екінші, хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы соны мысал ете отырып, адамдар арасында болатын тартыстардың сыр-сипатын байқайды. Үстем тап өкілдерінің қарапайым момын елді қалай алдайтынын, арбайтынын, күш көрсетіп қанайтынын, неше алуан зұлымдық әрекеттер жасайтынын біледі. Сондықтан халықтық шығармалар ішіндегі хайуанаттар жайында айтылатын ертегілерді түгел дерлік балалар фольклорының мұрасы деп қараймыз.

Бұған «Түлкі мен тауық» деген ертегіні мысал етіп көрейік. Бір түлкі жортып, тамақ іздеп келе жатып, биік ағаш басында отырған тауықты көреді де, бұл тауықты алдап, қақпаныма түсірейін деп ойлайды. Түлкі:

— Тауығым, биікте неге отырсың? Тілімді алсаң, жерге түс, дос болайық, осы жерде намаз оқып алайық, ойнап-күлейік, — дейді. Тауық:

— Рас айтасың, түлкім, бесін намазының мезгілі болып қалды, анау жерде имам жатыр, оята ғой, — дейді.

Жердегі тауықты жеймін ғой деп жүгіріп барса, бір тазы ұйықтап жатыр екен, тұра түлкіні қуады. Түлкі қаша жөнеледі. Тауық оны намазға шақырады. «Бәйтал түгіл бас қайғы», тазы түлкіні қуып жетіп, алқымынан алады. «Біреуге ор қазба, өз ба-

сына келер» деген. Апырмай, тауық қандай, түлкі қандай. Түлкіні тауық па еді алдағандай.

Осының өзі балалар үшін қандай қызық. Мұнда балаларға үлгі, өнеге боларлық терең ойлар айтылған. Айламы азғынның қолына түсіп, мерт болудан сақтандырудың жолдары көзделген. Әсіресе қиын-қыстау кезеңде асып-саспауға, не нәрсені болса да алдымен ақылға салып шешуге үйретеді. Тапқырлыққа баулиды. Сонымен қатар, хайуанаттар жайында айтылатын балалар фольклорындағы ертегілер де өзінің шағындығымен ұтымды көрінеді. Қорыта айтқанда, хайуанаттар жайындағы шағын ертегілер көбіне мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайық. Мұндағы тапқырлық күлкілер мен қызықты жеңіл түйіндер балаларды мәз-мәйрам етеді. Олардың эстетикалық талғамын күшейтіп, сөйлеу мәдениеттілігін арттырады.

БОЗ ІНГЕН

Хайуанаттар туралы ертегілер ішінде балаларға әдейі қызықты болуы үшін бастан аяқ бүтіндей өлеңмен айтылатындары да кездеседі. Соның бірі «Боз інген» ертегісі. Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқы әсіресе түйенің қадір-қасиетін өте жоғары бағалаған. Баласын жақсы көрген ата-ана «Ақтайлағым», «Атаным», «Ботакөзім» деп оларды құшырлана сүйеді. «Қолда өскен ботаның буыршын болғаны білінбес» деп, кейде өз балаларының ер жетіп, өсіп қалғанын, қолғабысқа жарағанын мақтаныш ете сөйлейді. Әсіресе ботаның боздағанына ішек-бауыры елжіреп, қазақ халқы оны қандай жақсы көреді десейші! Өзі қандай сүйкімді. Жәудіреген дөп-дөнгелек көздеріне қарасаң жап тойғысыз. Ол шеті мен бұл шетіне көз жеткісіз құм басқан шөлейт даладан, кең байтақ алмас арқадан, ұзыннан-ұзақ созылған сыр бойынан қабырғасы қайыспай ғасырлар бойы қазақ халқының ауыр жүктерін, тізбек-тізбек көштерін мыңқ етпей аман алып шығатын басты көлігі осы түйелер болды емес пе?

Міне, «Боз інген» ертегісінде осындай сүйкімді малдың басындағы трагедиялық өмірі баян етілген. Оны бала да, жас та, кәрі де тебірене отырып тыңдауға өзінен-өзі мәжбүр болады. Бұл — тыңдаушысын өзіне бас бұрғызбай баурап алатын қастерді ертегі. Зарығып жүріп, әзер көрген жас ботасынан айрылып, лажсыз саудагерлер жетегінде кеткен Боз інген екі көзінен жас парлап, ботасын іздеп боздағанда, адам жанын тебірен-терліктей егілдіріп жібереді:

Неше күндей жол бастым,
Көзімнен жасым ағызып.
Емшектің сүтін тамызып,
Өлгенде көрген ботамды,

¹ М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962, 546-бет.

Емізе алмадым жағызып!
Боташымнан айрылып,
Ішім оттай күйеді,
Жүйем босап сағынып!
Тұла бойым неді,—

деп зар илейді аруана. Міне, Боз інгенің тағдыры осындай күйге душар болған еді. Адам түгіл хайуанаттар да баласын бақытсыз етуге жол бермеуге тырысқан. Баласы үшін барлық қиянатқа да ана жүрегі қарсы тұра алады. Ең ақырғы жан тәсілім бергенге дейін баласы үшін арашасы болудан қандай ана болса да бас тартпаған. Басы байлаулы, өзі айдаулы болса да Боз інген ұшқан құс, жүгірген аңның бәрінен ботасының жай-күйін сұрап, бебеу қағып, бір рет дамыл таппаған:

Қалықтаған аспанда,
Ителгі менен сұңқарсын.
Ертеменен жем алсаң,
Сәскеде барып ұшарсын!
Аспанда ұшып келдің бе?
Ел ішінде қайғырған,
Енесінен айрылған,
Зарлап, боздап қайрылған,
Жетім бота көрдің бе?
«Қандай бота?»,— дедің бе?

Аруананың ботасын сұрап егілген қайғы-қасіреті, мұң зары адам көңілін тебіренерлік жағдайға осылайша әдемі де әсерлі суреттелген.

— Аспанда ұшып айналған,
Түлкі көрсе, сайланған,
Қара ала баршын бүркітім,
Аспанда ұшып келдің бе?
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дертін қозғаған
Базарға сатып тоймаған,
Еркіменен қоймаған,
Жетім бота көрдің бе?
«Неткен бота?»,— дедің бе?

Аруана басындағы трагедияны суреттеумен бірге, соған байланыстыра отырып, әрбір жан-жануарлардың өзіндік ерекшеліктері мен күн көрістерін оқушыларға байқатып отыру жағы да халық өлеңдерінде ескерусіз қалмағанын көреміз:

— Шарықтаған күшіген,
Аспанда кезген жорысын,
Бес тырнақтың зарынан
Таман құстың қорысын.

Таман құстың зорысын
Көктем ұшып келдің бе?
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дертін қозғаған
Жетім бота көрдің бе?
«Неткен бота?»,— дедің бе?
— Күндіз ұшпай түнде ұшқан,
Көбелекпен бірге ұшқан,
Көзі қызыл үкісін,
Түндерде ұшып келдің бе?
Енесінен айрылған,
Аққудай мойны қайрылған,
Күндіз-түн боздап зарлаған,
Көзінен жасы парлаған,
Жетім бота көрдің бе?
«Неткен бота?»,— дедің бе?

Біз мұнда Боз інген зарын толығырақ білдіру үшін үзіндіні әдейі ұзағырақ алдық. «Омырауы жасқа малынып, көрінген құсқа жалынып» саудагерлер жетегінде боздап бара жатқан Боз інгенің осындай аянышты халі кімнің де болса жан жүйесін тебіренітіп жібереді. Төрт түлік малды қадір тұтқан қазақ халқы адам түгіл мұндай қайғы-қасіретті хайуанаттардың да бастарына бермесін деп тілеген ғой. «Боз інгенде» ботасынан айырған жан аямас қаскөйлерге пәлет айтылған. Ақыры Бағланбайдың балалары Боз інгенді саудагерлер қолынан құтқарып, ботасына қосу үшін аулына әкеле жатқанда, аруананың жан жүйесі босап, одан ары ботасын аңсап, емірене, егіле түседі.

... Аман көріп ботамды,
Емізер күнім бар ма екен?
Жар жағалап қыдыртып
Тал бүршігін сыдыртып,
Жегізер күнім бар ма екен?
Айналайын, жан ботам,
Немене болып қалды екен?
Толған айдай толарда,
Кекіре біткен көк ойға,
Көлбетер күнім бар ма екен?
Сарымсақты сары ойға,
Ойнатар күнім бар ма екен?..
Көнектей толған қара емшек,
Емізер күнім бар ма екен?
Айналайын, жан ботам,
Немене болып қалды екен?
Жібектен бұйда мұрнында,
Шұбалтар күнім бар ма екен?
Бағланбайдың Боз інген,

Алтын бота тапты деп,
Қуантар күнім бар ма екен?
Айналайын, боташым,
Немене болып қалды екен?
Түйе аунаған шандаққа,
Аунатар күнім бар ма екен?
Түйе ішіне секіртті,
Ойнатар күнім бар ма екен?
Ұйықтап жатқан жерінде,
Қабырғадан тістелеп,
Қақ төсінен нискелеп,
Ойнатар күнім бар ма екен?

Мұнда аруанада болатын бар қасиет, ерекше сипат, оның жан жүйесі түгел айтылған. Әдемі де әсерлі суреттелген. Осындай ертегілерді тыңдап отырып, төрт түлік малға деген рақымшылық тумай ма? Оны күту, бағу, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне қарай баптау, оларға қамқорлық жасау, малға үйірсек болуды шаруалар балаларына жас шағынан, ертеректен үйретуді көздеген. Бұл ертегіні тыңдаған жас өспірімдер Боз іңгенге де, оның ботасына да аяушылық ете, олардың тағдырына араша тұруға өздерінің әрқашан дайын екенін білдіреді. Міне, шаруалар өз балаларын жас кезінен осылай тәрбиелеген. Жас өспірімдер бұл ертегіден «Боз іңген» тағдырына байланысты тажап оқиғаларды білумен қатар, әр алуан кұстардың аттарымен танысады. Сонымен қатар олардың тіршілігі, күн көріс тәсілдерін де игере береді. Мұның өзі балалар үшін үлкен білім. Сондықтан бұл жай ғана ермек ету үшін айтыла салған ертегі емес. Бұл ұзақ жылдар бойы, ізденіс жолында, халықтық педагогиканың асыл ойларынан туған мол тәжірибенің жемісі екені көрінеді. Қорыта келгенде, хайуанаттар жайлы айтылатын ертегілердің сипаты — жас өспірімдерді тәрбиелеу, өмірге үйрету, өнеге көрсету, оларды шаруаға икемді ете беру істеріне байланысты туғандығы байқалады. — Сонымен қатар баланы мейрімділікке үйрету көзделген. Мейірімділік — адамға біткен ұлы қасиет.

ТАЗШАЛАР АЙНАЛАСЫНДА АЙТЫЛАТЫН КҮЛДІРГІ ЕРТЕГІЛЕР

Басты кейіпкерлері бала боп келетін және балалар ұғымына жеңіл де әсерлі тиетін тазшалар жайындағы ертегілер көбіне балалар фольклорына жақын тұрады, соларға тән. Көркем бейнелері мол тазшалар жайындағы ертегілер тапқыр ойға құрылған шешендікті білдіреді. Мысалы, «Тазшаның қырық өтірігі» деген ертегіде хан алдында шарт жүгініп, өлімге басын байлап, нар тәуекел деп отырған тазша бала қырық ауыз өтірікті мүдірмей айтып шыққан соң да, ханның кенеттен оқыс қойған сұрақтарына аса тапқырлықпен жауап береді:

— Бәйтерегің қысқа шығар? — деген ханның сұрағына кішкентай тазша бала:

— Болса болар, түбінен таңертең ұшқан күйкентай басына кешке жетіп қонушы еді, — дейді.

— Күнің қысқа шығар? — дегенде бала:

— Болса болар, таңертең қашқан марал кешке бұзаулаушы еді, — деп ханның жетекші сұрақтарына да мүдірмей жауап береді. Өзінің тапқырлығымен өлімнен құтылады. Дәулеті төмен, өзі кедей болса да, ақыл-парасаты жағынан ханнан асып түседі. Халық даналығының ұтымды қасиеті, биік шоқтығы, ұшқыр қиялы, эстетикалық идеясы осындай тапқырлығымен көрінеді. Оның балаларға ұтымды да қызықты жағы осынысында.

Қазақта көбіне балалардың қызығып тыңдауына арнала айтылатын: «Екі суайт», «Ығай мен Сығайдың өтірік салыстырғаны», «Айлакер тазшаның өтірігі», «Тазша баланың өтірігі», «Жүз ауыз өтірік айтқан тазша», «Өтірік ертегі», «Балапанды барқып таз», «Токсанбай мен тоғыз жасар бала», «Екі ұры», «Өтірікке әкесінен асқан бала», «Бұғыбай мергеннің өтірігі», тағы басқа толып жатқан өтірік әңгімелер мен өтірік өлеңдер бар. Осы ертегі-әңгімелердің қай-қайсысы болса да, көбіне балаларды тапқырлыққа үйретеді де, алғырлыққа баулиды. Қиялдан қиястырып айта білетін шешендік өнерге жетілдіреді. «Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады» деген еді Ілияс Жансүгіров 1927 жылы Москвада шыққан «Өтірік» деген кітапқа жазған алғы сөзінде. Шынында да өтірік әңгімелер мен өтірік өлеңдер балалардың логикалық ойының дамуына көмектеседі.

Қазақ ертегілеріндегі көп айтылатын тазшалар бейнесі сыртқы пішіні жағынан елеусіз жан боп көрінсе де, ақыл-ой, парасаты, сөзге тапқырлығы бәрінен де асып түсіп отырады. Алдынан ажал тосып тұрса да саспайтыны, жол тауып құтылып кете беретіні балаларды қатты сүйсіндіріп, көп ойға қалдырады.

Тазша бала қырық өтірікті мүдірмей айтып, ханның жетекші сұрақтарына жауап берген соң, хан бұл баланың ақылына, тапқырлығына таң қалады. Баланы сөзден жаңылтып, мерт ете алмағанына хан бір жағынан іштей қатты күйінеді де:

— Сен бала бір міндеттен құтылдың. Сөзуар, тапқырлығың да бар екен. Қырық өтірікті сөзбен айттың, енді тағы да осындай қырық өтірікті өлеңмен айта аласың ба? — дейді хан, сүріндірсем, осы жерден сүріндірермін дегендей. Тазша бала оған да мүдірместен, тіпті қиналмастан «айтсам айтайын» деп бірден төгіліп жібереді.

Қамыстан жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.
Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын сырық қылдым.

Тазша бала өтірік өлеңдерін айтқан сайын, алғашқыдағыдан гөрі де үдей түседі. Ханды да, халықты да қыран жапқан күлкіге баурайды. Хан тазшаның өлеңіне таң-тамаша болады. Өтіріктен мін таппай мысы құриды.

Дуниенің ауыры үрген қуық,
Жалғыз өзім көтердім аузын буып,
Үлкеніне шіркейдің арба жектім,
Ондай мықты көрмедім өзім туып.

Тазша баланың өтірік өлеңдері қиыннан қисын тауып, осылай біріне бірі жалғасып айтыла береді.

Жоқтан барды қиыстырып айту арқылы да тазша бала еңбексіздіктен ерігіп отырған хандарды, сұлтандарды алдап, жоқтан өзгеге мәз етіп қояды. Өтірік өлеңдерді жоқтан барды құрастырып, еріккендердің уақытын алу үшін айтылатын айалы сөздер десек те, соның өзінде тапқырлық, суырып салатын ақындық өнердің де дарындылығы барын білеміз. Бұл ертегідегі осы өтірік өлеңдерді құрастырып айтушы кейіпкер тазша бала десек, соның өзі халық ортасынан шыққан халық өкілі. Ақыл-парасатына салып, шын айтысқа, не үлкен жарысқа түскенде, үстем тап өкілдерінің қойған неше алуан қиын шарттарынан, ор қазып қойған қиын бұлтарыстардан ақыл-айласымен құтылып кете береді.

Өтірік өлеңдер аса қызықты, адам ақылына сыйымсыз, тіреуі жоқ оқыс сөздерге құрылғандықтан, тыңдаушының бәрін де қыран жапқан күлкіге, көңіл сергітерлік ойын-сауыққа, думан-сейілге айналдырып жібереді. Әсіресе балаларды мәз-мәйрам етеді. Ұзақ күнге арып-талып, біреудің қол астында жалшылықта жүріп, еңбек етсе де халық өз көңілдерін көтеру үшін кей кездерде осындай қуақы, оспақты әзіл сөздермен балаларын жұбатып жарастықты қалжыңдар айтып, ойын-сауық құрып отырған.

Өтірік өлеңдер өзінің қызықтығы арқылы балаларды мәз-мәйрам етумен қатар, оларды неше алуан жәндіктердің атымен, олардың іс-әрекетімен, шама-шарқымен таныстырады. Шыбын-шіркей құмырсқаларды, салмақсыз үрген қарынды, қағанақ пен қуықты кереметтей алып суреттегені, көбелекпен қасқыр қуған, шымшықтың жұмыртқасын келі еткендері еріксіз күлдіреді.

Өтірік өлеңдердің тағы бір өзгешелігі — балаларды қиыннан қиыстырып келтіретін тапқырлыққа үйретеді. Сөздің реті, орнын тауып, қисынды сөйлеуге шеберлендіреді. Өйткені өтірік өлеңдерде әсерлі қисын тапқан көркем сөздер, жақсы теңеулер көп. Өтірік өлеңдердегі суреттелген көріністердің бәрі де әсірелеу, шендестіру, бейнелеу арқылы беріледі. Түйедейді түймедей етіп көрсету арқылы оқыс көріністер жасайды. Сондай оқыс көріністер баланы мәз-мәйрам етеді. Осындай ерекшеліктеріне қарап, тазшалар жайындағы ертегілер мен солар айтатын өтірік

әңгімелерді, өлеңдерді орталау және орта мектепте оқитын жас өспірімдер үшін өте қолайлы деп білеміз.

Заманның жарқын болашағын, бақытты тұрмысын, арман-тілегінің орындалуын ертеден көксеген халық, мұң-мұқтажының барлығын да ертегілерге енгізген. Сондықтан ертекем балаларға осындай ерекшеліктерімен танылып қызықтырып, олардың ой-еркін билеп әкетеде. Жана ой серпінін тудыруға, көңіл күйін оятуға себепші болады.

Халық ертегілерінен адам болашағының гүл бакшасы, бақытты жарқын тұрмысы, келешегі барлығы көрінеді. Халық ертегілерінен неше алуан жақсы сезімдерді, тапқырлықты байқаған балалар осындай тұрмысты көруді өздеріне мақсат етіп қояды. Қиялдың, ой жемісінің іс жүзіне асуына талаптанады. Талаптан туған жігер-қайрат оларды өмірдің жарқын болашағын, бақытты тұрмысын құрушылардың қатарына қарай баурайды.

Академик жазушы М. Әуезов салт ертегілерге ғылыми жолмен толық талдаулар бере келіп, ертегілер ішінде бала мен үлкендерге бірдей ортақ мұралардың мол екенін атап көрсетеді. «Салт ертегілер қатарындағы алуан бөлек бір топ — күлдіргі ертегілер. Бұл ертегілер бала мен үлкендерге бірдей ортақ, тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құралған әңгімелер. Алдымен мұндай ертегілердің оқиға ортасында жүретін бас геройның өзі ерекше. Оның бар іс-мінезінен бұрын аты-қалпы, кескін-ұсқыны да күлкілі, оқыс келеді: «Ши бұт, қағанақ бас, қылтамақ», «Ұр тоқпақ», «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Айла-лы тазша», «Қу тазша», «Тазшаның қырық өтірігі», «Қу бала», «Екі еріншек» деген сияқты болып, ертегінің аты мен адамынан ақ әңгіменің ойнақы, күлдіргі жаққа қарай бейім тұрғаны мәлім болады»¹ дейді. Бұған тағы да «Аңқау мен ұры», «Шал мен ажал», «Үш қу», «Әкесі мен баласы», «Бұқабай мерген» деген күлдіргі ертегілерді қосуға болады. Жас өспірімдерді күлдіре отырып, өмірге үйрететін осылар сияқты күлдіргі ертегілер балалар фольклорынан молынан табылады. Жоғарыда көрсетілген ертегілердің бәрі де күлдіру үшін жайдап-жай айтыла салған емес. Сонымен қатар үстем тапқа қарсы айтылған, олардың зұлымдық, қастандық істерін әшкерелеу үшін соларға қарсы қолданған айалы әрекеттің бір түрі. Өйткені ол кездерде зорлық-шыл күшке ашықтан-ашық қарсы тұруға дәрменсіз болғандықтан, осындай айалы әрекеттер мен тапқырлық іштей жетіліп, күшейе түскен. Қорытындылағанда тазшалар айналасында айтылатын күлдіргі ертегілердің әсері жас өспірімдерді тапқырлыққа, ерлікке, шешен сөйлеуге баулуды мақсат етеді.

¹ М. Әуезов. Ертегілер. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, бірінші кітап, 1960, 239-бет.

ТҰРМЫС САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІ

Тұрмыс салт ертегілері өзінің өткір тілі, айқын мазмұнымен еңбекші халықтың өмірін, қарапайым адамдардың тұрмыс-тіршілігін сипаттауға және олардың үстем тапқа деген көзқарасын, күресін көрсетуге бағытталған.

Халық қашан да болса байлық пен береке бір кісиде болсын деп ойламаған. «Елде болса, еріңге тиенді» дегенді қолдап, дүниедегі барлық байлық та, береке де халықтық мұраға, халықтық игілікке айналсын дегенді көптен арман еткен. «Баяғыда, тым ерте заманда еңбекшілердің тәжірибесін бірде-бір ұйымдастырушы, идеяны образға айналдырып, коллективтік еңбекке деген жігерін арттырушы халықтың ауыз әдебиеті, көркем творчествосы болған»¹ дейді М. Горький. Халық ертегілерінің ішінде балалар ойына қозғау салатын осындай ойларды баяндайтын, оларды адамгершілік шыншай қасиетке баулитын ертегілер аз емес.

«Ғажайып бақ» деген ертегіде Асан мен Касен деген екі кісі дос болады. Екеуі де жұпыны кедей шаруа. Асан диқаншылықпен, Касен мал бағумен кәсіп етеді. Бір жылы қыс аяғы кетті болып, Касеннің аз ғана малы жұтқа ұшырап, қырылып қалады. Касен Асанға келіп, қайғы-қасіретін мұң етіп шағады. Сонда Асан Касенге: «Менің жерімнің жартысы сенікі болсын. Көңіліңді жұбат, қолыңа кетпен алып, тырбанып тіршілік қыл», — дейді, досының мұндай адамгершілігіне рақмет айтып, Касен жұмысқа кіріседі. Бір күні Касен өз жерін қазып жүріп, кетпеннің зымылдан темірге тигенін байқап, бұл не жапа екен? деп таң қалады. Жерді одан сайын тереңірек қазып көрсе, ішіне толтырып алтын салған бір қара қазан көрінеді. Касеннің қуанышы қойнына сыймай әлгі алтынды алып, Асанның үйіне келіп, досынан сүйінші сұрайды: «Сүйінші, Асан, сүйінші! Үлкен олжаға кенелдің, енді сен бақытты болдың, сенің жеріңнен тауып алдым, мінекей!» — деп, тауып алған алтынды Асанға ұсынады. Досының адалдығы мен адамгершілігіне риза болған Асан Касенге: ««Ардақты досым, алтынныңды алмаймын, өзіне бұйырсын. Жердің асты-үстіндегі қазынаның барлығы сол жерге маңдай терін тамызып еңбек еткен адамдікі» — дейді. Екеуі бір-біріне сен ал, сен ал деп көп таласады. Ақырында Касеннің ер жеткен баласы, Асанның бой жеткен қызы бар екен. Екеуі де бір-біріне көңілдеп боп жүрмей, сол екеуінің басын қосайық та, алтынды соларға берейік, тым болмаса біздің балаларымыз кіріптарлық көрмесін деген тұжырымға келіп, сол күні той жасап, екі жасты қосады. Бір қазан алтынды соларға береді. Ертеңіне бір қазан алтынды алып екі жас аталарына қайтып келеді. Олар балаларының бұл ісіне таң қалады.

— Аталары безген нәрсеге балалары не болған жарамас. Біз алтынсыз да баймыз. Сүйіп қосылған екі көңілден артық дү-

ниеде қазына бар ма? — дейді екі жас. «Енді затынды кім алады?» деген талас қайта басталады. Ақырында сол төңіректе дана қария болыпты, соған барып жүгінбек болады. Айдалада жалғыз отырған қарияның жаман лашығы бар. Бұлар келгенде, дана қария жыртық киіздің үстінде отыр екен. Дана қария бұлардың таластарын есітіп, қасында отырған үш шәкірттің ең үлкеніне бұрылып:

— Сен бұған қандай билік айтар едің? — дейді.

— Мен мұны ханға сый етіп тартар едім, — дейді үлкені.

— Мен мұны жерге қайта көмер едім, — дейді ортаншысы.

Дана қария бұлардың жауабына риза болмай қабәқ шытып, басын шайқайды.

— Артық сөзім болса, айып етпеніз, ұстазым, — дейді кіші шәкірт. — Мен болсам осы алтынды жұмсап, құлазып жатқан далада гүл жайнаған саялы бақ өсірер едім. Арып-ашқан кем-кетіктер сол бақтың саясында тыныс алып жемісінен қорек етіп, рақатын көрер еді, — дейді.

Барлығы да осы баланың айтқанын дұрыс көріп, алтынды соған береді. Ол бала алтынды алып, өзі айтқанындай жападаналаны саялы салқын баққа айналдырып, жарлы-жақибайлардың барлығы да мол байлыққа кенеліп мұрадына жетеді.

Қазақ ертегілерінің көбі қиял-ғажайып, хайуанат жайында айтылады. Ал жер кәсібіне байланысты диқаншылық, бау-бақша жайындағы ертегілер қазақта мүлде аз. Соған қарағанда, «Ғажайып бақ» ертегісі беріректе, қазақ халқы отырықшылық өмірге, диқаншылыққа араласа бастаған кезде шыққан болуға тиісті. «Ғажайып бақ» ертегісі балаларды адал ниетке, кіші пейілділікке, адамгершілікке, эстетикалық идеалға, еңбекке баулуға бағытталған. Мұнда бұлдыр сағым жоқ, айқын, ашық айтылған жүйелі мақсаттар көрінеді. Үстем тап өкілдеріне қарағанда, еңбек адамдарының санасы, кісілігі, пейілі әлдеқайда жоғары тұратынын, оның ізгі ниеті мен адал қызметін кіші пейіл болуға, өнеге, үлгі етіп ұсынады. Ертегілерде сақталған халық даналықтарының осындай үлгілері балалар мен жас өспірімдерге өмір мектебінде, өмір танытарлықтай болмақ.

АЯЗ БИ ЕРТЕГІСІНДЕГІ ДАНАЛЫҚҚА ҚҰРЫЛҒАН ӨМІР ТАНЫТАРЛЫҚ ПАРАСАТТЫ ОЙ

Қазақ ертегілерінің аса бай, ең мол түрі — халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шыншыл ертегілер. Бұған «Аяз би» ертегісі де жатады. «Аяз би» ертегісінің оқиғалары қиялдан гөрі, өмірге анағұрлым жақын. Шыншыл ертегілерден халық өміріне, оның тұрмыс-тіршілігіне байланысты барлық жайларға жауап табуға болады. Оларда бүкіл қоғамға тән әлеуметтік мәселелерден бастап, адамның жеке басына тән қасиеттерге дейін сөз болады. Байлық пен кедейлік, теңсіздік пен теңдік, зорлық

¹ М. Горький. Әдебиет туралы, 1954, 193-бет.

пен оған қарсылық, жауыздық пен жақсылық, аярлық пен адалдық күресі — осылардың бәрі шыншыл ертегілердің тақырыптары. Бұл ертегілер ең алдымен баланы ақыл парасаттылыққа, кіші пейілділікке, ой тапқырлығына, сабырлы да төзімді болуға үйретеді.

«Аяз би» ертегісінде халықтық сарын, халық мүддесін қорғайтын идея басым. Халық өз ортасынан шыққан еңбек адамдарының ісі мен әрекеттерін ардақтап отырады. Оларды үстем тап өкілдерінен әлдеқайда жоғары қояды.

Мадан хан өзінің қырық уәзірін дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын, шөптің жаманын тауып өкеліндер деп жұмсағанда, уәзірлер құстың жаманы деп қырғауылды, шөптің жаманы деп шөңгелді, адамның жаманы деп қой бағып жүрген Аязды өкеледі.

Өмірмен тікелей араласа жүріп, оны жете таныған, көрген-білгені көп Аяз Мадан ханның ақылды деп жүрген қырық уәзірінің топастығын ашып береді. Қырғауылдың жаман құс емес екенін, шөңгелдің де пайдалы шөп екенін дәлелдейді. Ханның өзі мініп жүрген мақтаулы атының сиырға шатыс екенін де әшкере етеді. Ханның: «Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның аса-сындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар» деп санайтын гауһар тасының да құнсыз шірік екенін біледі. Өзін жеті атасынан бері қарай ханның ұрпағы деп жүрген Маданның өзі қараның баласы екенін дәлелдеп шығады. Басында адамның ең жаманы деп өкелінген Аяз Мадан ханның жұмбақты сұрауының бәрін де шешіп, ақылымен қырық уәзірден де, Маданның өзінен де асып түседі.

Ақылымен бүкіл халықты таңдандырған Аяз бидің данышпандығы балаларды таң-тамаша етеді. Қиын-қыстау кездегі тапқырлық ой — адамды ажалдан да, қайыршылық халден де алып қалатыны қандай ғажап. Адамды үлкен ойға шомдыратын осы сияқты даналық сөздер балаларды елтең-селтең жеңілтек мінездерден арылтып, парасатты болуға үйретеді. Отанына, еліне еңбегі сіңген қадірменді кісілердің қатарына қарай баулиды.

Аяз би бір күні хан сарайынан сыртқа шығып тұрса, қаланың ортасында тігулі алты канат ақ үй тұрғанын көреді. Бұл Уәлі байдың Менді дейтін қызының тіктірген үйі болып шығады. Менді: «Өзімнен ақылы артық кісіге тиемін», — деп дәмелді болып келген жігіттердің бәріне пышақ, қайрақ, тәрелке, гауһар тас беріп жібереді екен. Айттыра келген бай балалары мен хан балалары: «Менің үйімде пышағым жоқ па, болмаса қазынамда гауһар тасым жоқ па, я тіпті қайрақ таба алмай жүрмін бе?» — деп, ашуланып қайтып кете берген. Менді қыз Аязға да осы заттарды жеңгесінен беріп жібереді. Аяз: «Мұның құралын өкел!» — дейді. Қыз жеңгесінен балға мен төс беріп жібереді. Аяз балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөледі. Тәрелкені уатады, пышақты жетгесінен сындырады, гауһар тасты қақ жарады да: «Мә, бикешіңе алып бар!» —

деп жеңгесінің қолына береді. Осымен Менді қыздың шарты шешіледі. Бірақ оның не екеніне былайғы жұрт түсінбейді. Қыз жұмбағының шешімін ханға Аяз былай деп баян етеді:

— Қайрақтай бөлінгенше, тәрелкедей уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай қақ жарып мені алады дегені.

Менді қыз да, Аяз да айтқан сертте тұруға берік болуды дәріптеп отыр. «Әсіре қызыл тез оңардың» кері келмесін, өлімнен ұят күшті дегенді үлгі етеді. Екінші сөзбен айтқанда, «Алты бақан ала ауыз» болмауға үйретеді. «Аяз би» ертегісінің жас өспірімдерге тиімді де өнегелі болуы осы жағынан да көрінеді.

«Аяз би» ертегісінде мынадай тағы бір қызық жай бар: Мадан хан өзінің қырық уәзірімен бірге аң аулап келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға ұшырайды.

— Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? — деп сұрайды Мадан хан.

— Бір жиырма жыл болған шығар, — дейді шал.

— Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

— Он бес жыл болды.

— Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

— Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып тағы да:

— Ата, өзіңіз нешеусіз? — дейді.

— Ой, шырағым-ай, жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз.

— Баба, менің қырық асыранды қазым бар. Соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? — деп сұрады хан. Сонда шал.

— Адамына тап болсан, айтқаныңнан да артық етер, — деді.

Хан үйіне келген соң уәзірлеріне: «Мен не дедім, шал не деді? Соны айырындар, оны айыруға он бір ай уақыт берем. Айыра алмасандар қырқың да өлесіңдер, — деді.

Ханның бұл шартын қырық уәзір орындай алмаған соң, баяғы өздері «жаман» деп өкелген Аязға жалынады. Аяз оны былай шешеді. Ханның: «Мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? — дегені — «Шашына ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», — дейді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» — дегені — «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» — дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды», — деді. Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?» — дегені — «көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» — дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды», — деді. Ханның: «Ата, өзің нешеусің?» — дегені — «Үйінде неше жапың бар?» — дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз», — дегені — «Менің әйелім өліп еді, қазіргі әйелімің күйеуі өлген. Түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде, мен

өлген әйелімді сағынам, әйелім үйде отырып, өзінің өлген күйеуін ойлайды», — дегені еді. «Жатқанда екеу, тұрғанда төртеуіміз», — дегені сол еді. Ханның: «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені — «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» — дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан асырар» дегені — оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріңдегі киімдеріңді алып отқа жаққаным, білдірмей жұлғаным, аттарыңды сойғаным, — күйдірмей пісіргенім — Сендерді алдыма салып, жалаңаш, жаяу-жалпы айдап ханға әкелгенім — қан шығармай сойғаным еді», — дейді.

Осының бәрі — «Аяз би» ертегісінің құрылысы мен мазмұны, басты идеялары баланы ақыл парасаттылыққа, терең ойға, сабырлы да салқын қанды болуға, айтылған сөзге тұруға, ойнаса да ойлап сөйлеуге тәрбиелеуге бағытталғанын байқатады. Ертегінің бас кейіпкері Аяз бидің барлық бейнесі, ақылдылығы мен парасаттылығынан өмірді көрген, халық ортасынан шыққан еңбек адамы екені танылады. Бұл ертегіде адамның тоғышарлығы өмірге тікелей араласпауынан, еңбектенбеуінен екені ашық көрсетіледі. Мадан хан да, оның қырық уәзірі де — бәрі де өмірді тани білуі жағынан қой бағып жүрген қарапайым еңбек адамынан әлдеқайда төмен болып шығады.

Баланы өмірге, іске, әрекетке баулу, ойлы да саналы, азамат болуға үйретуі, өнегелі адамдарды үлгі етіп тәрбиелеуі — қазақ халықтық шығармаларының ең басты міндетіне айналған. Бұл — халықтық педагогиканың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе, үлгі, өнеге қорытындысының жемісі. «Қанша мектеп, институт және пансион болғанмен, жақсы әкесіз жақсы тәрбие жоқ»¹, — деп Н. М. Қарамзин айтқандай, өнегелі өмірді балаларға өз тәжірибесі арқылы көрсететін Аяз би сияқты әкелердің болуы халықтық педагогиканың таланттарынан туған асқақ ойдың эстетикалық, идеалдық белесі еді. Бұл ертегіде жақсы әкенің жақсы қасиеті, өнегелі типтік образы көрінген.

ДІН ҚҰПИЯСЫН ӘШКЕРЕ ЕТУ МАҚСАТЫНА ҚҰРЫЛҒАН ЕРТЕГІЛЕР

Қазақтың халық ертегілері ішінде дінге қарсы күресте елеулі роль атқарып келе жатқандары да аз емес. Көп заманнан бері қарай арқауы үзілмей келе жатқан ислам дінінің сарқыншақтары ел арасында елеулі орын алып, жеке адамдардың творчестволық күштерін толық көрсетуіне кедергі келтіріп отырған. Халық өз ұрпақтарын сондай жалған сенімге, дінге баулудан, олардың мұны ұландырудан аулақ ұстауға тырысқан. Бірақ

жас өспірімдерді атеистік тәрбиеге баулитын ертегілердің ашық айтылуына үстем тап өкілдері ол кезде қатаң тыйым салған. Оны өріс алдырмауға тырысқан. Мұндай ертегілерді айтушыларды қуғындап, қатаң түрде жазалайтын болған. Әйтсе де халық өз дегенін болдырмай қалған емес. Дін құпиясын әшкере ететін ертегілерді өз ара жасырын айта беретін болған. Бұған: «Өтірікші дәруш», «Молда неге итке тұмар жазып берді?», «Молда мен бай», «Түлкі мен тауық» деген сияқты ертегілерді мысал етіп көрсетуге болады.

Бір қартан байдың үйіне ақ құба, ақ сақалды бір молда келіп қоныпты. Ас ішіп болған соң, молда мақамдап құран оқи бастайды. Оқып отырғанда молданың құба сақалы желк-желк етіп тұрады. Бай молданың бетіне қарап отырып, өтірік еңкілдеп жылап қоя беріпті. Құран оқып болған соң, молда байдан сұрайды:

— Байеке, құран әуесіне бойыңыз балқып жылаған шығарсыз? Бай көзінің жасын сүртіп отырып айтыпты:

— Жоқ, молда еке, анау күні мың қойымды бастап жүретін бір ақ серкем өлді. Сақалы желк-желк етіп, ылғи қойды бастап жүруші еді. Сіздің желкілдеген құба сақалыңызды көрген соң, сол серкем есіме түсіп жыладым, — депті.

Осы бір кішкентай ертегінің мазмұнында күлкімен бірге байдың сараңдығы мен молданың арамдығын қатар түйреген өткір сатира, келісті тапқырлық бар. Күлдіре отырып, діни ғұрыптардың күл талқанын шығаратын ұтымдылық тәсілдері қолданылған. Осыған ұқсас «Өтірікші дәруш» атты ертегіден де бір мысал келтірейік.

Ерте заманда өзінің жас шәкіртімен бірге күмбездеп салған биік бейітті күзетіп, бір дәруш отырады екен дейді. Өткен-кеткендердің бәрі де «Бұл бейітке дүниенің төрт бұрышын түгел кезген киелі адамның қабыры бар, — деп хабарлайды. Содан соң-ақ ауру-сырқаулы адамдар, бала тұмайтын әйелдер осы зиратқа снынып, түнейтін болды. Келгендердің бәрі де дәрушке сый-құрмет көрсетіп, тапқан-таянғанын беріп кетеді екен. Кешкілікте өзінің жас шәкіртімен бірге оңаша ақша санап отырғанда, дәруш өзінен-өзі жымнып күліп қояды дейді. Мұны байқаған жас бала бір күні ұстазына:

— Ата, сіз ақша санап отырғанда неге күлесіз? — депті. — Мынау жұрттан жинаған ақша біздің қуанышымыз емес пе? — депті. Күннен-күнге бұлардың дәулеті көтеріле беріпті. Бір күні шәкірт бала дәрушке келіп:

— Ұстазым, үлкен-үлкен әулие-ағзамдарды аралап көргім келеді. Рұқсат етесіз бе? — депті. Дәруш қарсылық көрсетпепті.

Шәкірт бала көк есекке мініп, дәрушпен қош айтысып, алыс жолға сапар шегеді. Сол сапарында көк есегі сүрініп жығылып, өліпті. Шәкірт бала жаяу қалғанына қайғырып, жылайды. Осы кезде алыста келе жатқан екі атты жолаушыны көреді.

¹Н. М. Қарамзин. Қазақстан пионери, 4 май, 1967.

«Ана келе жатқан екі жолаушы есегіңді зорықтырып өлтіргенсің — деп өзімді кінәлауы мүмкін. Одан да тезірек көмеңің» деп, есегін дереу жолдың жағасына сүйреп шығады да, көмеді.

— Сен, бала, неге жылап отырсың? Әлде қаракшыларға тонадың ба?— дейді екі жолаушы жылап отырған баланы көріп.

— Жок, менің қайғым одан да ауырырақ. Жаңа ғана аяулы жолдасымды жерледім,— деп, бала одан бетер өксіп-өксіп жіберіпті.

— Қайғы-қасіретіңе қарағанда сенің досың қадірлі, күдіреті күшті, киелі адам болмағай еді,— дейді жолаушылар. Шәкірт бала дереу көзін сүртіп, өксігін басыпты.

— Сіздер оны қайдан біліп қойдыңыздар. Бұл адам — айтқаны екі болмаған, дүниенің төрт бұрышы түгел кезген әулие кісі екені рас еді, өзімнің ұстазым болатын,— депті.

Мұны есіткен екі жолаушы аттарынан түсіп, жас қабірдің аруағына сиынып, құран оқиды. Балаға екі-үш теңгелік алтын ақша тастап жөндеріне кетіпті. Сол күннен бастап, бала — өзін дәруш, есегінің моласын аруағы күшті әулиенің бейіті деп жариялайды. Көп ұзамай-ақ бұл қабірдің даңқы елден-елге тарап, құрмет көрсетуге келген адамдардың саны да күннен күнге көбейе беріпті. Өтірікші дәруш көк есегінің басына күмбездетіп, сырлатқан үлкен мешіт салдырыпты. Дәруштің өз үйі де көз тұндыратындай асыл бұйымдарға толыпты. Бала дәруштің даңқын есіткен ұстазы бір күні шәкіртіне келіпті.

— Сен күзеткен әулиенің аруағына сиынғалы келдім. Бұл қай әулиенің бейіті?— деп сұрапты шәкіртінен. Бала дәруш болған оқиғаны жасырмай түгел айтыпты. Ұстазы шәкіртінің бұл ісіне мәз болып, шек-сілесі қатқанша күліпті.

— Құрметті ұстаз! Өзіңіздің күзеткен бейітіңіз қай әулиенікі еді?— депті бала дәруш.

— Мен күзеткен әулие өзіне берген баяғы көк есектің анасының зираты еді,— депті ұстазы. Екеуі шек-сілесі қатқанша тағы да күлісіпті.

Міне, осыдан артық жеркенішті нәрсе болуы мүмкін де емес. «Ескі мешітке көкек азаншы, есі кеткен ауылға есек азаншы» дегендей, аңқау елге арамза молда болып, өтірікші дәруш осылай күн көрген. «Қисық арба жол бұзар, дүмше молда ел бұзар» дегендейін, ислам діні ғасырлар бойы балалар мен жас өспірімдердің миын уландырып, оларды адастырып, осы сияқты жалған нанымдарға сендіріп келді. «Әулие ишанға, шайтан ханға, дуана нәзірге тоймайды», «Сопы сұмнан шығады» деген халықтың данышпандық ойлары осыған байланысты туған. Діндарсыған адамдардың опасыз істеріне, әр алуан зұлымдықтарына түсінген халық соңынан оларды әжуә, мазақ етіп, солар жайлы мақал-мәтелдер шығарып, ел арасына таратып, бірден-бірге көбейтіп айта беретін болған. «Өлеңді жерде өгіз семіреп, өлімді жерде молда семіреп» деген халықтың данышпандық сөздері

жоғарыда көрсетілген сияқты діндарсыған молдалардың опасыздық істеріне байланысты өмірлік мысалдардан алынып айтылған. Әйтеуір ел білмесе болғаны, иттің өлімін де әулие санап, дәруштер соның есесінен өздері семіре берген. «Қожа, молда елді аздырады, құрай, құмай жерді аздырады» дегеннің керін келтірген. Дін иелері елді әрі аздырып, әрі тоздырып жіберуге дейін барған. Өз құлқынын тойдыру үшін олар халықты аямаған. Міне, осының бәрін қорыта келгенде, «Дін-қараңғы ін»— деп халық данышпандықпен өздерінің тұжырымды пікірімен дәлелдеген.

Балалар мен жас өспірімдерді діндарсыған адамдардың сиқырлы азабынан сақтандыру үшін және діншілдік көзқарастардың таралуына жол берілмеуі үшін балалар фольклорындағы осындай айқын да ашық фактілердің идеялық бағытын ашып беріп, олардың алдарына тосып, дін құпиясын ашкере етіп отыру ең басты міндеттердің бірінен саналады. Міне, осы сияқты ертегілерді орталау және орта мектеп оқушыларының талқысына салып отыру өте қолайлы нәтижелер береді.

ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНЕ ЖАТАТЫН НҰСҚАЛАР

Ертегілер, өлеңдер мақалдар мен мәтелдерден басқа, халық шығармаларында ерлік істерді дәріптейтін эпос немесе батырлар жырлары бар. Халықтық шығармалардың ең көлемдісі, ең көбі, мазмұны мол ұзақ жырланатыны — осы батырлар жыры. Батырлар жырының оқиғасы, желісі, ондағы әр дәуірден құралып суреттелетін кейіпкерлер де ерте замандағы халықтың өткен өмірін, ерлік істерін баяндайды.

Халық өміріндегі әр дәуірден құралған батырлықты, ерлікті суреттеу эпикалық жырлардың ең басты ерекшелігі болып саналады. Ал батырлар образы — сол патриоттық идеяның көрінісі. Батырлар жыры — ауыз әдебиеті шығармаларының ішіндегі ең асыл, көлемді мұраларының бірі. Батырлар жырының оқиғасы қызық, мазмұны терең, тілі көркем, әсерлі келеді, ондағы кейіпкерлер қайтпас ер, жауына мейлінше қатал, өз еліне мейірімді, ар-намысқа берік, ұстамды, өнегелі ісі бар адамдар ретінде суреттеледі. Сондықтан батырлық жырларды балалар да аса қадірлеп сүйсініп оқиды. «Жастардың үйренуі, тәрбиесі және білім алуы бізге ескі қоғамның қалдырған материалынан басталуы тиіс»¹, — деген болатын В. И. Ленин.

Іріктеліп алынып, балалардың оқуына лайықталған эпостық жырлар да басқа шығармалар сияқты жас азаматтарды батылдыққа, ерлік іске, табандылыққа, әділеттілікке, ақылды және парасаттылыққа тәрбиелейді. Халық эпостарындағы батырлар образы патриоттық идеяның көрінісі болғандықтан, ол балаларға күшті әсер етеді.

Эпостық жырларда оқиғаны еселеп, қайталап айту жағы көп кездеседі. Мұндай ерекшелік оқиға желісін ұмытпауға, есте тезірек сақтауға, тіпті жаттап айтуға мүмкіндік береді. Ондағы тамаша теңеулер мен тұрақты эпитеттердің мол болуы да балаларды әсерлендіріп отырады. Көркемдігімен қатар батырлар жырының тілі айқын да жеңіл. Осындай принциптерге сүйене отырып, Тайбурылдың шабысы мен «Қамбар батыр» жырының ерлікке, еңбекке баулитын эпизодтарын үлкендермен қатар балалардың да оқуына болатын, солардың қабілетіне, білімдік, жастық ерекшеліктеріне сай шығармалар деп бағалаймыз.

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 235-бет. Алматы, 1954.

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ТАЙБУРЫЛДЫҢ ШАБЫСЫ

Ыбырай Алтынсарин өзінің 1879 жылы бастырып шығарған «Киргизская хрестоматия» деген кітабына «Қобыланды батыр» жырынан Тайбурылдың шабысы туралы үзіндіні тектен-тек енгізбеген. Бұл «Қобыланды батыр» жырының баспа бетінде бірінші рет көрінуі еді. Бұдан ұлы ағартушының көшпелі қазақ аулы баласының ұғымына жеңіл тиетін, кәсібіне, мал шаруашылығына байланысы бар, өздеріне таныс жайларға көңіл бөлгендігі байқалады.

Батырлық жырлардағы гиперболалық күшті суреттемелер балаларды қатты әсерлендіріп, олардың жігер-қайратын шыңдап, ой-қиялын тасқындатып отырады. Мысалға Қобыланды батырдың Қазан шаһарына аттанғандағы Тайбурылдың шабысын алайық. Тайбурылдың шабысы өте әсерлі суреттелген. Ондағы әрбір гиперболалық өсірмелі теңеулер ат шабысын көз алдына келтіріп, Тайбурылдың тұлға кескінін көріп отырғандай әсер береді. Тайбурылдың шабысын оқығанда, оны бәйгеге қосып, алда келуін тосып, тілеулес болып отырған атбегілер сияқты, қатты сүйсінгендіктен жүрегің алып-ұшып отырады. Тайбурылдың шабысы ересек адамдарға осындай әсер еткенде, ат құлағында ойнайтын, бәйгеге шабатын балаларға онан да күшті әсер қалдырып, олар Тайбурылдың үстінде өздері шауып бара жатқандай сезінеді:

«Шырағым Бурыл, шу! — деді,
Құбылып Бурыл гүледі.
Табаны жерге тимеді,
Тауменен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі.
Аскарды көзі көрмеді,
Қолденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі».

Тайбурыл өзін баққан Күртқаны ұятқа қалдырмайтындай, намысқа тырысқандай ерен шабысқа салады. Қобыландыны мұқатып алға кеткен Қараманды басып озып, қырық күншілік жолды бір-ақ күнде қусырып тастайтынына сүйсінбей тұра алмайсың. Адамның арман-тілегі орындалып, мұрадына жетіп отырса, ондайға кім қуанбайды. Айшылық жолды алты аттау адам баласының ерте ғасырдан бері қарай арман етіп келе жатқан эстетикалық идеалы. Міне, бұл балалардың өршіл талабын ұштап, бұрын қолдан келмегеннің қазірде орындалып жатқанын да танытады.

Тайбурылдың шабысы бірден-бірге үдей түсіп, ұшқан құс-
тай самғаған сайын, мұны тыңдаған кісіге қанат бітіп, өзі де ас-
панға көтеріліп, самғап бара жатқандай сезінеді.

Барлы, барлы, барлы тау,
Басы биік қарлы тау.
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп, жол шекті-ау!...
Қалбағайлы шөлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан,
Жалғыз шауып жол шекті.
Астына мінген Бурыл ат,
Жауатын күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Құбылып, ойнап жер басты.

Бұл үзіндіде Тайбурылдың шабысына байланысты жан-жақты суреттеу бар. Онда ерте кездегі талай-талай географиялық атау-
лар да кездеседі. Сонымен қатар, оқушылар қазірде сирек ата-
латын өсімдіктердің аттарымен танысады. Ерте заманда малдың
өрісіне, қонысына жайлы болған шұрайлы жерлер мен жазық
жайлаулардың суреті елестейді.

Жырда әдемі қисын тапқан, әр нәрсенің өзіндік ерекше сыр-
сипатын танытатын көркем суреттемелер мол. Жыршы поэтика-
лық суреттемелерді күшейту үшін қызықты эпитеттерді көп қол-
дану арқылы Тайбурылдың шабысын мүлде әсерлі етіп көрсет-
кен. «Барлы тау, Қаратау, Алатау, түйе мойын иір тау» дегенде
соның әрқайсысының өзіндік заңғар сипатын білдіреді. Мұндай
суреттемелер балаларды байқағыштық, әр нәрсеге зер салып,
оның сыр-сипатын айыра білуге үйретеді. Сонымен қатар бұдан
әрбір таудың сырт көрінісіне берілген ертедегі географиялық
көне атаулар екенін біледі. Баланың сөз байлығы осындайларды
білуге байланысты дамиды.

Қобыланды Тайбурылмен тек тау-тасты ғана кезбеген. Оның
жолында ит мұрыны өтпейтін неше алуан қалың ормандар да
кездескен: «Тобылғылы Нұрадан, сексеуілді жырадан, баялыш-
ты құмайттан, бүлдіргенді шыңайттардан» асып өтеді. Әрбір
жердің асуы қиындығын айтумен байланысты, алдымен соның
айқындауыш мүшелерін тауып, оның жазық жер емес екенін
көрсетеді. Асуының қиындығы, алыстығымен қатар, бір жағы-
нан, әлгі айтылған тобылғыға, сексеуілге, бүлдіргенге, баялышқа

байланысты екені сипатталады. Екінші жағынан, жер байлығы-
ның молдығын білдіреді.

Эпостық жырларда соның ішінде «Тайбурылдың шабысы»
деп аталатын үзіндінің өзінде де балаларды тәрбиелеуге маңы-
зы зор патриоттық мотивтер сондай күшті. Бұл патриоттық мо-
тивтер, біріншіден, балаларды өз елін, өз жерін сүйетін намысы-
на берік отаншыл етіп үйретсе, екіншіден, отанына, еліне қастан-
дық жасамақшы болған сыртқы жауларға мейлінше қатал
болуға баулиды. В. Г. Белинский: «Балаларға жалпы адамзат-
тық, дүние жүзілік асыл қазыналарды неғұрлым көбірек білді-
ріндер; бірақ оларды көбінесе өзінің туған елінің, өз ұлтының
көріністері арқылы таныстыруға тырысыңыздар»¹ деген. Осы
тұрғыдан алып қарағанда, эпостық жырлардағы балалар фольк-
лорына тән мұралар жас өспірімдерді өз елдерінің нағыз патри-
отты етіп тәрбиелеуге баулитын асыл қазына деп бағалаймыз.

«КАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Батырлар жыр жастарға эстетикалық тәрбие берумен қатар,
оларды батырлық, ерлік, патриоттық рухта тәрбиелеуде көп
қызмет атқарған² деген академик М. Ғабдуллин.

«Камбар батыр» жырындағы Камбардың ерлік істері, хал-
қына сіңірген еңбегі балаларды қажырлы, өжет іске бастайды.
Олардың патриоттық рухын көтереді. Адамгершілік сапаны
жоғары ұстаудың жақсы үлгілерін тәрбиелейді. Камбардың
бойындағы барлық іс-әрекет жастарға үлгі-өнеге. Камбар тоқсан
үйлі тобыр мен алпыс үйлі арғынды жалғыз бағып, ел-жұртына
қайырымдылық істер істейді. Өзінің батырлық, ерлік әрекетте-
рін мақтан етпейді. Көршілес басқа елге басқыншылықпен ша-
буыл жасамайды. Біреудің бақ-дәулетіне қызықпайды, отан
сатылмайды. Өзін-өзі байсалды, сабырлы ұстайды. Аңғал емес,
оның іс-әрекетінің бәрі де ел-жұртына қызмет етуге арналған.

«Камбар батыр» жырының балалар ұғымына жеңіл тиетін
енді бір өзгешелігі мұнда өмірде кездеспейтін қиял-ғажайып
оқиғалар да айтылмайды. Жырдағы барлық оқиға тілге жеңіл,
жүрекке жылы тиіп отырады.

«Камбар батыр» жырындағы келесі өзгешелік — ондағы аң-
аулау кәсібі сауықшылықтан туған еріккеннің ермегі емес.
Жарлы-жақыбайларды бағу үшін жасалған еңбек сапары. Ол
қыз Назымның көркіне де, байлық салтанатына да қызықпайды.
Ол — өз намысын қорғай білетін азамат. Камбар қара бастың
қамы үшін жүрген кісі емес. Артында қалың ел, қадірлейтін
халқы барын ұмытпайды. Қыз Назым қандай айла-тәсілдер жа-

¹ В. Г. Белинский. Шығармаларының толық жинағы, V том, 186—
199-беттер.

² М. Ғабдуллин. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес, Алматы, 1966,
50-бет.

саса да, өзіне-өзі ұстамды. Қаз бен үйрек, тырнаны қара қасқа атқа қатарлап артып келе жатқан Қамбар қыз Назымның күрмет көрсетуі үшін әдейі жол тосып отырғанын біледі. Қамбар бұған да қызықпайды, көңіл бөлмейді;

Құдайдың, — деді, — ұрғаны, —
«Осыған көңілім бөлініп,
Ұмытып кетсем жұртымды,
Құдайдың, — деді, — ұрғаны, —»

дейді де, тағы да бұрылмай өтіп кете береді.

Батырдың аузынан шыққан осындай жалынды сөздер біздің жас өспірімдерімізге үлкен ой салмай қала алмайды. Бұдан ел-жұрты, отаны үшін қызмет етуде кісінің өзіне-өзінің сондай-лық берік болуының үлгілерін көреміз.

«Қамбар батыр» жырының біздің балаларымызға жақып болатыны, міне, осындай ерекшеліктерінде. «Қамбар батыр» жырының басқа батырлар жырынан гөрі біздің қазіргі өмірімізге жақын келетін жерлерін де осындай жақтарынан іздесек керек.

Қыз Назым да өзінің сүйгеніне, теңіне қосылуды арман етеді. Қамбардың кедейлігіне де, жалғыздығына да мін тақпайды. Оның асылдығын бақ дәулетінен емес, адамгершілігінен іздейді. Бүкіл ел-жұртының ішінен кедей де болса, Қамбарды қалаған қыз Назымның алды-артын болжай білетін ақылдылығын, талғампаздылығын, сезімталдығын танытады. Сонда да болса Қамбар батыр қыз Назымды сынағысы, білгісі келеді. Бұл шын сүю ме, әлде сүйіспеншілік ойына берілген әуестік пе деп, оған алғаш күдіктене қарайды. Жастықтың мастығына беріліп, абайламай қалып, түбінде опық жеудің, өкінішті болудың қажеті не дегенді аңғартады. Бұл жырдың осындай терең сыры, тәрбиелік мәні бар. Өзінің болашақ жеткіншектеріне, өмірінің жалғасына өмір тәжірибесін үлгі етіп көрсетеді. Атының жалына асылып, өтініш білдіріп тұрған қыз Назымға Қамбар батыр былай дейді:

Қатарыңа қарасан,
Мен емес таңдап тиерін;
Істегенің асылық,
Ыңырсытып байлаған,
Көшкенде топтап айдаған
Мастығы шығар биенің...
Қол ұстасып, қыз Назым,
Уағда қылсам сенімен,
Бір жаман келіп малы көп,
Алып кетсе айырып,
Абыройым ашылар,
Қайғыменен басылар,
Ат басындай жүрегім.

Бұл ескертулер тектен-тек айтыла салған емес, мұнда таптық сипат бар. Екеуінің қосылуына тосқауыл болатын үлкен қайшылық осында. Қамбар осыны ескертеді. Бұл «Қамбар батыр» жырының басқа батырлық жырлардан тағы бір үлкен өзгешелігі, жаңалығы деп білеміз. Қамбар жас болса да алды-артын болжай білетін, абайлап, ақылға салып қарайтын өнегелі азамат, ірі тұлға. Бұл — оған берілген халықтық сипат. Оның жас өспірімдеріміз үшін үлгі болатын тәрбиелік жақтары — батырлығымен қатар, ақылды, сабырлы, ұстамдылығында. Осындай қасиеттер жас өспірімдерге патриоттық рух беріп, оларды жігерлендіре түседі. Бұл — балалар үшін үлкен тәрбие.

Советтік патриотизм жайында Михаил Иванович Калинин былай деген: «Шынында, советтік патриотизм біздің халықты ілгері дамытқан ата-бабалардың творчестволық ісінің мирасқоры... Бұғаудан азат етілген халықтар өздерінің эпостық және тарихи батырларының образдарын асқан қуанышпен еске түсіруде. Олар — бұл қаһармандарын өздерінің таңдаулы көркем шығармаларында бейнелеп көрсетуде... Демек, советтік патриотизм өзінің қайнар көзін халық эпосынан бастап, ежелгі заманнан алады; ол халық жасаған қазынаның ең таңдаулыларының бәрін өзінің бойына жинайды және барлық жетістіктерін ардақтап сақтауды ұлт абыройы деп біледі»¹. Міне, осының өзі жас өспірімдерімізді батырлық жырлармен таныстыру арқылы патриоттық рух беретінімізді дәлелдейтін маңызы аса зор пікір.

«Қамбар батыр» жырындағы оқиға біртіндеп шиеленісіп, өрістеген сайын оқушыларда да әр түрлі ойлар туып, оларды қызықтыра түседі. Қыз Назымның тағдыры не болар екен? Қалмақ ханы Қараман шынымен-ақ қыз Назымды тартып әкете ме? Өз елі бүліншілікке түсейін деп тұрғанда, Қамбар батыр қарап жата бере ме? деген ой тартысының орынды сұрақтары туады. Жырдың ең қызықты жері де осы. Мұнда өмір сүру тартысы да, тап тартысы да айқын суреттелген. «Қамбар батыр» жырындағы кейіпкерлер іс-әрекеттерімен де, мінез-құлықтарымен де, таптық сипатымен де бір-біріне ұқсамайтып, біріне-бірі әрқашан қарама-қарсы келіп отыратын типтік образдар. Алшыораз бен Келмембеттің қақтығысы, қалмақ ханы Қараман мен Қамбар арасындағы тартыстар олардың өзіндік кейіптерін, бейнелерін даралап көрсетеді. Қараман мен Келмембеттің озбырлығына берілмей, жарлы да болса Қамбарды жақтап, соның етегінен ұстаған қыз Назымның қайсарлығы бас бостандығы үшін күрескен жастық арманын танытады. Оқиғасы қызық жұрылған, кейіпкерлер арасындағы тартыстар айқын суреттелетін, осындай шығармаларды балалар сүйіп оқиды.

«Қамбар батыр» жырындағы оқиға тартысының қызықтығын бұдан да гөрі айқындай түсу үшін, мынадай фактілерді ерекше

¹ М. И. Калинин. Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу туралы, 1951, 113-бет.

атап көрсетуіміз керек. Келмембетті Алшыораз өлтірмейді. Жауды жауша мұқату үшін қалмақ ханы Қараманға сәлем айта бар деп оны өлімнен босатады:

«Жүр едің мас боп, Келмембет,
Құдайдың берген бағына.
Басыңнан құлақ садаға,
Боласың адам тағы да.
Ішпесе тамақ өлер деп,
Қылмадым зиян жағына.
Кесілген жерің жайласып,
Шүкір ет қалған жапына.
Біз таласып бармаймыз,
Қыз-келіншек, бой жеткен,
Некелеп алған жарыңа!»—

дейді.

Озбырлық пен басқыншылық жасаудың, күш көрсетудің акыры не болатынын айтады. Жел сұраған дауылға соқтығар дегенді ескертеді. Еліңе де, жеріңе де таласпаймыз, бармаймыз. Сендерге ұқсап қыз-келіншек, бой жеткендеріңе де, некелеп алған жарларыңа да соқтықпаймыз дегенді айтады. Бейбіт өмір сүруді, басқыншылық жасамауды, жәбірлемеуді халық ерте заманнан бері-ақ аңсап та, жақтап та келгенін осыдан айқын көруге болады. «Қамбар батыр» жырының мазмұны да, идеясы да біздің қазіргі өмірімізге жақын келетінін осыдан көреміз. Балалардың оқуына жеңіл, түсінуіне оңай болатыны да осындай ерекшеліктерінде.

Алшыораз Келмембетке қатаң ескертулер айтып қайтарса да, мұны көрген Қараманның ет жүрегі шошынып, айдаһардай ысқырып, зәрің шашып, өзінің барлық сарбаздарын жиып алады. Ноғайлының елін, Әзімбайдың аулын шауып алуға баратынын айтып, асығыс тапсырмалар береді. Әзімбай да қарап жатпайды. Қамбарға хабар айтып, өтініш білдіреді. Қамбар бұл өтінішті қабыл алады. Қамбар тек қана Назымның намысын қорғау үшін емес, Ноғайлы елін басқыншылардан азат ету үшін аттанатынын атап айтады:

Қамбар айтты: «Жәдігер,
Қылмаңыз көп уайым,
Жұрт үшін белді буайым,
Отыңды жанған өшіріп,
Асырып қырдан қуайым.
Халқыңыз қапа болмасын,
Есен барса жолбарысын,
Сыңдырам сағым дұшпанның.»— дейді.

Қамбардың батырлығы да, жай уақыттағы тіршілігі де өз басының қамы емес, елдің, халықтың қамы, халық қамқоршысы еке-

нін білдіреді. Қамбар өз уәдесіне жетеді. Ноғайлы жеріне басқыншылықпен кіріп, қыз Назымды зорлықпен алғалы жатқан қалмақ ханы Қараманмен соғысып, олардың тас-талқанын шығарады. Жауларды өз елінен қуып тастайды. Халқын сүйген азаматтың қадірі мен дәрежесі күшейіп, беделі бұрынғыдан да арта түседі. Маңдай төрі төгілген асыл еңбек пен намыс шайқасының аяғы әрқашан игілікке айналуын арман ететін халықтың ізгі тілегі орындалады. Батырлар жырының ішінде балалар фольклорына жақын болатын «Қамбар батыр» жырының басты ерекшеліктері — осындай.

Бұл — ерте заманда халықтың басынан кешірген тарихи өмірінің шындық бейнесі. Ұрпақтан ұрпаққа ауысқан асыл мұрасы. «Эпосқа, ауыз әдебиетіне ұлы тарихи уақиғалар үнемі негізгі идеялық-сюжеттік мотив беретіні рас. Мәселен, қазақтың батырлар жырына қазақ халқының жоңғар қалмақтарының басқыншыларына қарсы ұзақ жылғы күрестері негізгі мотив болды. Бірақ фольклор тарихи шындықты сол калпында жырлай бермейді, ақындық қиял, творчестволық шабытпен құбылып, өзгертіп жырлайды¹ деген профессор Есмағамбет Исмайлов. «Қамбар батыр» жырының патриоттық сезімдерге құрылған халықтық терең мазмұны жас өспірімдерді рухтандырып, жігерлендіріп, қызықтырып отыратыны осыдан.

БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Балалар ауыз әдебиетіндегі көркемдік ерекшеліктерді анықтау — әдебиет тану ғылымында үлкен мәні бар проблема. Ол өз алдына бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелмегені мәлім.

Балаларға арналған халық өлеңдері өте күрделі болумен қатар, оның өзі әр алуан. Балалар өлеңінің кейбіреулері белгілі сюжетке, қою оқиғаға құрылады да, өлең шумақтары біріне-бірі тығыз байланыста келеді. Кейбір өлеңдер белгілі сюжетке, қою оқиғаларға құрылмайды. Олар бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауысады, тез өзгере береді. Өлең шумақтары бір-біріне байланыссыз тұрады. Мұндай өлеңдердің бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауысып, тез өзгеру себептері баланың жастық ерекшеліктері мен білім көлеміне байланысты. Екіншіден, баланы қоршаған ортаның әр алуан жаңалықтарына байланысты өзгереді. Үшіншіден, табиғат байлықтары мен ондағы түрлі құбылыстардың себептеріне балалар фантазиясы, балалар қиялы, ойы беріліп, тез әсер алуына, тез ойлауына байланысты бір тақырыптан екінші тақырыптарға тез ауыса береді. Төртіншіден, өзін қоршаған ортаның және табиғат сырларын білуге ынталанған бала көңілі, тілі жаңа шыға бастаған кездің өзінде-ақ шамадан тыс көп сұрақтар қояды. Шамамен айтқанда бір

¹ Е. Исмайлов. Ақындар, 1956; 7-бет.

бала ата-анаға бір күнде ең кемі 250—300-ге дейін сұрақтар қояды. Бала сөзі сұрақтан басталады. Баланың бір сұрақтан екінші сұраққа тез ауысып отыруы оның әр нәрсенің себеп-салдарын білуге тырысатынына байланысты. Сондықтан балаларға арналған өлең тақырыптары да әр алуан болып келеді. Мұндай өлеңдерде түсінікті болу үшін қайталаулар да жиі кездеседі. Суреттеу тәсілдеріне жататын: қайталау, өлең қайырмасы, өлең құрылысы, формасы, көлемі, өлшемі, варианттары, портрет, пейзаж, гипербола, кейіптеу балаларға арналған халық өлеңдерінде ерекше орын алады.

Қайталау. Халықтық шығармалардағы балалар фольклорына тән қасиет қайталау. Оның әсіресе балалар поэзиясынан алатын орны ерекше. Ой мақсатына, түсіндіру тәсілдеріне байланысты бала көңілін белгілі бір затқа, сол заттағы ерекшеліктерге аудару үшін бір сөзді, не бір сөйлемді, жеке дыбыстарды қайталап айтушылық болады. Бір сөзді не бір сөйлемді, кейде оқиға желісін, кейіпкерлердің жеңістен жеңіске жеткен батырлық, ерлік істерін қайталап айту арқылы танытады. Айнымалы қайталап келетін, еселенп айтылатын сөз, сөйлем айырмашылықтары болады: «Күндерден күн өткенде, күн артынан күн жеткенде, айлардан ай, жылдардан жыл өтіп, темір етікпен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, өлдім-талдым, өштім-жаңдым» — деп келеді.

Кейде:

Ертек, ертек, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауыл жүні қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен,—

деген, әлденеше қайталанған жетекші сөздер кездеседі. Немесе, «Жоғарғы дәудің басын ас, төменгі дәудің төсін ас, ортаншы дәудің өзін ас» деген батырлық, ерлік пәрменін асыра түсетін ойнақы сөздер айтылады. Еселене қайталанып, қайталанған сайын жаңа ұғым, көрікті ой тудыратын не үстеме мағына беретін өлеңдер де жиі кездеседі.

Торта қойдым,
Орта қойдым.
Орта қойдым,
Жорта қойдым,—

деген сияқты бас аяғы тұжырымды, белгілі мазмұнға құрылған бір айшық өлеңдер де көп. Төрт буыннан құрылған осы өлеңде қайталау бар. «Орта» деген сөз — екі рет, «қойдым» деген сөз «төрт рет қайталанған. «Торта», «орта», «жорта» деген сөздерді орнын тауып қолдана білгендіктен, бала көңіліне ойнақы, эстетикалық сезім тудырып, өлеңнің көркемдік әрпін де, мән-мағынасын да, мақсатын да арттыра түскен.

Қайталау — балалар өлеңдерінде ойнақылық, жеңіл серпін,

ой сезіміне, бала мінезіне әсер етерлік эстетикалық күш-қуат туғызады. Қайталанған ой бала көңілінде тез жатталып, берік сақталуға мүмкіндік беретін білім арнасы. Мұндай өлеңдер орындаушының талғамына, біліміне, ой-өрісіне, дүние танымына, ақындық талантына қарай өзгеріп те отырады.

Балаларға арналған халық өлеңдерінің ұйқастары да, осы қайталауға тығыз байланыста өріс алады. Өлең ұйқасы балалар фольклорында ең тұрақты, ең басты роль атқарады. Ұйқас балалар өлеңінде жас өспірімдерге эмоциялық, эстетикалық әсер алу үшін қызмет етеді. Сөз нәрін, сөз асылып, оның терең тербелісін, даналық ойын бейнелі түрмен түсіндіруге көмектеседі. Сонымен қатар өлеңнің мелодиялық негізін құрады. Мелодиялық негіз ән сазын, әуен сазын тудырады. Сөйтіп, ана тіліміздің барша әуезін, әрін, нәзік белгілерін жан-жақты терең түсінуге, жақсы білуге талаптандырады.

Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассан мәз болам.
Күрмеуінді шешейік,
Тұсауынды кесейік.

Жеті буынды осы өлеңдегі бастапқы екі жол өз алдына, соңғы екі жол өз алдына ұйқасып тұрғанмен, жалпы мақсаты бір-ақ нәрсені меңзейді. Онда әдемі ұйқас та, нәрестенің жас жанына, нәзік сезіміне эстетикалық әсер етерлік әдемі әуен сазы да, оған қойылған талап, тілектер де қамтылған. Мұндай егіз ұйқасты өлеңдер баланы ойната, сергіте жүріп айтылады. Сондықтан осындай ұйқастарды көбіне балалар фольклорына тән ұйқастар, балалар фольклорына тән ырғақтар деп қараймыз. Олай дейтініміз мұндағы ән сазы, әуен сазы, өлең ырғақтары тек бала жұбатуға, оларды қаз-қаз, тәй-тәй деп ойнатуға ғана бейімделген.

Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Балтырынды түре ғой.
Тай құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой,—

дегенде, «түр, жүр, шап, ал» деген негізгі етістіктерге «ғой» шылаулары тіркесу арқылы сөз күші, әуен күші баланы қимыл, әрекетке, қозғалысқа талпынуға баулып тұр. Мұнда бұйыру жоқ, тілек бар. Балалар поэзиясындағы ұйқастар әуезділігі жағынан көбіне толық ұйқасты болып келеді. Сонымен қатар жеке сөздердің, ассонанстар мен аллитерация сияқты жеке дыбыстардың қайталанып айтылуынан құралады. Қайталанған дыбыстар сөз басында, ортасында, соңында да келе береді.

Көбелек келіп көрп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.

Жапалак келіп жалп етіп,
Жарымын ішіп ол кетті.
Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп санк етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.

Мұндағы әрбір екі жолдың басқы дыбыстары қосарлана қайталанып айтылуы арқылы өлеңге сыр мен сымбат берген, оның әуенділігін күшейткен. Бірінші жолдағы «Қ» дыбысы сол жолдың басында, ортасында, аяғында да қайталанған. Әрбір қосарлана айтылған екі жолдың басқы дыбыстары не «Ж», не «Қ», «С» өлең құрылысын, өлең ұйқасын, өлең ырғақтарын әрлендіре, күшейте түскен. Мұндай өлеңдер балалардың жаттап айтуына да икемді.

Атты қойшы
Ашуы қатты қойшы.
Түйелі қойшы
Тұрған қойшы,
Төбесінен ұрған қойшы,—

дегендегі алғашқы екі жол «А» дауыстыларынан басталған да, соңғы үш жолдың басқы дыбыстары «Т» дауыссыздарынан басталған, осы өлеңдегі ассонанстар мен аллитерациялар өлеңге көркемдік сыр-сипат берумен қатар, өлеңдердің музыкалылығын күшейткен. Балалардың жаттап айтуына жеңілдік жасаған. Мұның өзі балаларға арналған халық өлеңдерінің көбіне ән сазын, әуен сазын, музыкалық ырғақтарға бейімделіп құрылатынын дәлелдейді. Балалар поэзиясына көбіне силлабикалық өлшемдер басым. Балаларға арналған халық поэзиясының әрбір жолы көбіне 3—4—8 буыннан артамайды. Ал санамақ сияқты өлеңдердің әр жолы екі-үш буыннан да құрала береді. Баланы эстетикалық тәрбиеге баулудың нақтылығы халық өлеңдеріндегі осындай ерекшеліктерге байланысты туады. Мұның өзі — баланы әдемілік дүниесіне баулып, өмірді тереңірек түсінуге, адамдар санасындағы асыл мұраттарды нақтылы дамытуға көмектеседі.

Редиф. Шығыс халықтарының поэзиясында өлең тармақтарына жалғас қайталанып отыратын жеке сөздер, сөз тізбектері, редиф көбіне балаларға арналған өлеңдерде жиі кездеседі. Редиф қосымша түрде ұйқастық қызмет те атқарады. Ұйқас ырғағын, өлең әуенділігін, мелодиясын толықтыра, күшейте түседі. Мұндай өлеңдер оңай жатталады, балалардың айтуына ыңғайлы келеді. Редиф өлең ұйқастарының соңында ылғи да қайталанып бөлініп қалмай айтылады. Өлең ұйқастары өзгергенмен редиф өзгермейді, өз қалпын сақтайды. Балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілерінің жазба әдебиет үлгілерінен бір айырмашылығы осы редиф арқылы байқалады.

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Қонақ келсе, қой, бөпем,
Қой тоқтысын сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпем,—

дегендегі өлең ұйқастарынан соң әлденеше рет қайталанып айтылған «бөпем» — редиф. Мұнда өлең ұйқасы «қой, сой, той» деген сөздерге аяқталған да, «бөпем» соған жалғас қосарлана қайталанған. Немесе:

Айналайын, балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай,—

дегенде де дәл солай. Мұндағы «бөпем», «ай» деген сөздер өлең ұйқастыру үшін қолданылған емес, көбіне әуен сазын, ән сазын, өлең мелодиясын толықтыру, күшейту үшін қолданылған.

Портрет. Балалар өлеңінде портрет ерекше орын алады. Ол көбінесе хайуанаттар мен ұсақ жәндіктер жайында айтылатын өлеңдер мен сатиралық өлеңдерде жиі қолданылады. Хайуанаттар мен ұсақ жәндіктер портреттерінің суреттелуі өте қарапайым болғандықтан, балалар оған оңай түсінеді, тез ұғады, жеңіл қабылдайды. Өзін қоршаған айналамен танысады, сол арқылы олардың түс-таңбасын ажырата біледі, өзіндік ерекшеліктерін байқайды.

Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Екі өркешін қом басқан.
Ала бұта теріскен,
Тілін тікен тесіген,
Мұрындығы келіскен,
«Шөк» дегенде «бык» деген,
Шешіп үйін жүктеген.

Осындай сыртқы белгілеріне, түс-таңбаларына қарап, бұл не? — десе, балалар бірден түйе деп жауап береді. Бұл өлеңде түйе портреті әдемі суреттелген. Ұсақ жәндіктер портреті бұдан да айқынырақ, бұдан да дәлірек суреттеледі.

Ат басты,
Арқар мүйізді,
Бөрі кеуделі,
Бөкен санды,—

дегенде де шегіртке портреті тым жақсы, тым әсерлі. Балаларға арналған халық поэзиясындағы суреттеу тәсілдері осындай ерекшеліктерімен де көп нәрсені аңғартқан, көп нәрсені еске салған, бала көңілін эстетикалық терең ойға шомдырған. Сол

арқылы бала талғамы мен олардың байқағыштық қабілетін арттырған, содан эстетикалық нәр алдырған.

Өлең қайырмасы. Өлең қайырмасының балалар поэзиясынан алатын орны, атқаратын қызметі ерекше. Ол балаларға арналған халық өлеңдерінің композициялық құрылымы қызықты да әсерлі болып шығуы үшін үлкен роль атқарады. Өлең қайырмасы бесік жырында, шірдехана, тұсау кесу және сатиралық өлеңдерде қолданылады.

Бесік жырларында өлең қайырмасы ойдың айқын айтылуына және өлең музыкасының нәресте сезіміне тез әсер етуіне ықпал жасайды. Ал сатиралық өлеңдерде өлең қайырмасы текст мазмұндарының мақсатын күшейту үшін алынады. Өлең қайырмасы көбіне текст мазмұнына байланыссыз түрде де айтыла береді.

«Бұл қай кезде болады?» деген бөбектерге арналған ән тексінің қайырмасында өлең мелодиясының балдырғандар сезіміне тез әсер етуіне ықпал жасайтын мынадай эстетикалық ерекшелігі барлығын байқаймыз.

Қар, тоң еріп,
Су көбейіп,
Сай-салада ағады.
Бүршік шашып,
Жапырақ ашып,
Гүл бәйшешек басады.
Мал маңырап
Төл жамырап,
Жайлау малға толады.
Бөбектерім,
Айтыңдаршы!
Бұл қай кезде болады?—

дегендегі соңғы үш жол ән мелодиясымен аяқталған осы өлеңнің қайырмасы. Жылдың төрт мезгілін, табиғат сұлулығын өлеңмен, ән мелодиясымен түсіндіру, білдіру мақсатын көздеп, өлең қайырмасын әдейі сұрау қожымен аяқтаған. Мұндағы өлең қайырмасы негізгі ән тексін сүйемелдеп, оның мән-мағынасын арттырып тұр.

Өрік, алма,
Шне, алша,
Жидек, жүзім піседі.
Қауын, қарбыз,
Түрлі жеміс,
Дүкендерге түседі.
Астық пісіп,
Орақ түсіп,
Қырман дәнге толады.
Бөбектерім,
Айтыңдаршы!
Бұл қай кезде болады?

Алғашқысында көктем көріністерін танытса, мұнда жаз мезгілін, адам еңбегінің жемісін, еңбек табыстарын білдіріп отыр. Өлең қайырмасының маңызды өзгешелігі жоғарыдағы көріністерді жылдың қай мезгілдерінде болатынын бөбектердің өздеріне айттыру мақсаты көзделген. Балаларға эстетикалық тәрбие беру күдіреті, соны оларға ұқтыра білу амал-айласы, әдісі осындай жолдармен іске асқан. Бұдан соң, түсі суық, ызғарлы сұр бұлттардың аспанды қаптап түскен көңілсіз күзгі көрінісін, табиғаттың қуаң тартқан сүреңсіз шағын айта келіп, қысты былай суреттеген.

Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Тереңді торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Сырғып жастар ойнайды.
Кейде ұлып,
Кейде ысқырып,
Ұйтқып боран соғады.
Бөбектерім,
Айтыңдаршы!
Бұл қай кезде болады?

«Зергердің алтын көрмесе, алтын да алтын болмайды» дегендей өлең қайырмасы өлең мазмұнын мәнерлеп, оның қадір-қасиетін арттырып, терең түсінуге баулып, соған міндеттеп тұрғандай көрінеді. Қорыта айтқанда, өлең қайырмасы әнге сән, мазмұнға мән беріп, оны екпіндетіп, әсерлендіре, құлпытта түседі, онысыз әннің сәні келмейді.

Өлең варианттары. Өлең варианттары әр түрлі жолдармен, әр түрлі себептермен пайда болады. Ол, біріншіден, орындаушының біліміне, талғамына, ақындық талантына байланысты туады. Екіншіден, айналаны қоршаған ортаның әсерінен, көпшілік қоғам ықпалынан, дәуір талабынан барып өлең варианттары көріне бастайды. Өлең варианттары тарихи жағдайларға байланысты өзгере береді. Оған мысал ретінде бесік жырын айтуға болады. Бесік жыры мен өтірік өлеңдердің алуан-алуан түрлері мен варианттары бар.

Әсірелеу. Балаларға арналған халық поэзиясында әсірелеу көбіне өтірік өлеңдер мен күлдіргі өлеңдерде мол болады. Мұндағы өлең оқиғасының мазмұнын шындықтан аулағырақ тұрады. Балалар поэзиясында әсірелеу өлең көркемдігін асыру үшін емес, жас өспірімдердің ой сезіміне, қиялына күшті әсер ету үшін қолданылады. Әсірелеу бала көңілін шығармаға беріле де, қызыға қарауға баулиды.

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,
Басына қарағайдың көл тұрыпты.

Өзгесі өтірік болса да осыным шын,
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

Әсірелеумен қатар, мұнда балаларды мәз-мәйрам етерлік әсерлі күлкі де бар. Тегінде өтірік өлеңдердің бәрі дерлік әсірелеуден тұрады да, балаларды мол күлкіге шомдырады. Қазіргі ақындар да өтірік өлеңде әсірелеуді қолданады:

Ұстадым киттің өзін қармақпенен,
Көтердім Көкшетауды бармақпенен.
Галошын тұңғышымның қайық етіп,
Мұхитта жиһанкездей шарлап келем.

Балалар әдебиетінің теориясын сөз еткенде көркемдік ерекшеліктердің мұндай сипаттарын мол табуға болады.

Кейіптеу. Балалар фольклорында кейіптеу айтайын деген ойға қызықтыру, еліктіру қызметін атқарады. Хайуанаттар мен ұсақ жәндіктер адамша сөйлеп, бір-бірімен адамша қарым-қатынас жасағандарына балалар қуанады, күледі. Оған таң-тамаша болады да, ғажап ойға батады.

Кой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
Ештеңені білмеген «момыным» деп.
Сыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
«Қараңғыға баспаған қорқағым» деп.
Түйе сүйеді баласын «ботағым» деп,
«Жаудыраған көзіңнен тоташым» деп.
Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,
«Тастан-тасқа секірген шұнағым» деп.

Балалар поэзиясында айтайын деген ой әрқашан қысқа, дәл, айқын беріледі. Онда біріне-бірі тіркескен шұбыртпалы сөздер, күрделі сөйлемдер кездеспейді. Артық эпитеттер де қолданылмайды. Қазақ балалар ауыз әдебиетінің көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеу оның өзіндік қасиетін тануға мүмкіндік береді. Сыр-сипатын білуге, тіл байлығын жете түсінуге, оны игере беруге, үйренуге жол ашады, эстетикалық талғамды, әдемілікті танып білуге баулиды.

Сатира. Балалар фольклорында жағымсыз кейіпкерлерді, оның оқыс мінездерін, іс-әрекеттерін шайқы-мазаққа айналдыратын сатиралық негізге құрылған күлдіргі өлең, күлдіргі ертегілер де көп. «Алдар көсе», «Тазша», «Тазшаның қырық өтірігі», «Бармақтай бала», «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Қағанак бас, жыл кеңірдек, ши бұт», т. б. балалар фольклорына жа-тады.

Шын күлкі коллективтік сезімге, коллективтік әсерге жақындап, күлкі мазмұнын одан ары тереңдете түседі. Күлкі кейде жағымсыз кейіпкерлерді әжуа етуге дейін барады. Күлдіргі ертегілердің негізі реалистік сатира мен юморға құрылған.

Реалистік сатирада халықтың өз жауымен келісе алмайтыны, жеңбей беріспейтіні суреттеледі. Ал юморда өз ара сын ретінде халық өміріндегі өрескел кемшіліктер айтылады.

Реалистік сатира негізінде жасалған ертегілердің ерекшелігі сын пафосына құрылуынан байқалады. Оның көркемдік күші — Шықбермес Шығайбай, жалмауыз кемпір, Жезтырнақ сияқты жағымсыз кейіпкерлердің типтік образдары арқылы әшкере етуінен көрінеді.

Жағымды кейіпкерлерді Алдар көсе, Қаңбақ шал немесе тазшалар бейнесі сияқты әрі қу, әрі айлакер, әрі ақылды, әрі батыл, епті етіп көрсетумен ұтады. Бұл амал халықтың эстетикалық мұратынан туған тапқырлық белгісі.

Сатиралық ертегілердегі жағымды кейіпкерлер ғажап ертегілердегі жағымды кейіпкерлерге қарағанда халық көркем ойының жетілген, дамыған жаңа белесінің жемісі сияқты көрінеді. Өйткені сатиралық ертегілердегі кейіпкерлер өмірге тым жақын, балалардың өз бастарынан кешірген оқиғаларындай сезіндіреді. Сатиралық ертегілерден реалистік өмірдің нағыз өзін көргендей болады.

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жазба әдебиеті дамыған қандай елді алсақ та оның негізі ауыз әдебиетімен тығыз байланысты, содан қоректеніп отырып жетілгенін білеміз. Бұл — жазу, сызудың шығуына, сауаттылыққа және мәдениеттің үздік өсуіне байланысты іске асатын құбылыс. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы ерекшеліктерді, ондағы басты-басты айырмашылықтарды белгілей келіп, В. Г. Белинский мынадай теориялық анықтамаларға тоқталған еді. «...Ауыз әдебиетінде аты мәлім автор болмайды, неге десеңіз ауыз әдебиетінің авторы әрқашан да — халық. Халықтың немесе тайпаның әлі балаң дәуіріндегі оның ішкі және тысқы өмірлері табиғи қалпында айқын көрсетілетін өлең-жырларын шығарушылар кімдер еді, оны ешкім білмейді...

Ал әдебиет ол басқаша. Әдебиеттің шығарушысы халық емес, оның авторлары — халық рухының әр алуан жақтарын өзінің ой-ақылы арқылы білдіретін жеке адамдар. Әдебиетте жеке адамдар өздерінің правоарын толық өз қолына алады, сөйтіп, әдебиет дәуіріндегі сол жеке адамдардың аттарына байланысты болып белгіленеді»¹

Халықтық шығармалардан жазба әдебиетке ауысуда жоғарыда айтылған теориялық анықтамаларға сәйкес қазақ балалар әдебиетінің де өзіндік қалыптасуы, өсуі, даму жолдары болды.

Халықтық шығармалардағы балалар әдебиетінің өсіп жетуімен қатар, ХІХ ғасырдың жазушылары да балалар әдебиетінің өркендеуіне ат салысып, жетекші роль атқарды.

Егер біз фольклор балалар әдебиетінің алтын бесігі десек, «Әліппе» мен «Букварь» балалар кітабының, балалар жазба әдебиетінің негізі болды дер едік. ХІХ ғасырдан бастап-ақ қазақ балалар жазба әдебиеті өзінің тұрақты педагогикалық көзқарасы анықталған және түрлі жанрларда жазылған әдебиет болып қалыптасты.

ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап балаларға арналған жаңа типті орыс-қазақ мектептерінде оқытылатын «Букварь» (1892), «Әліппе», «Қазақтар үшін орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1876), «Қазақ хрестоматиясы» (1879) шыға

¹ В. Г. Белинский. Шығармалары, I том, 537-бет.

бастады. Мұның өзі жаңа типті орыс-қазақ мектептерінің ашылуына байланысты туған игілік еді. «Алдыңғы қатарлы орыс жұртшылығының ағартушылық қозғалысы әсерінің, сонымен қатар орыс-қазақ халықтарының білімге деген ынтасының бірден-бірге өсе түсуінің арқасында оқу орындарының саны көбейді. Қазақ балалары үшін ашылған мектептер, соншама аз болса да, қазақ халқының арасында олар орыс білімінің тарауына көмектесті және Қазақстан мен Россияның мәдени байланыстарын жеңілдетті»¹. Сол жылдардың өзінде-ақ балаларға арналған шығармалардың көркем болуы, тілінің тазалығы, шет тілден енген түсініксіз сөздермен шұбарланбауы жайлы ерекше талаптар қойыла бастады. Балалар ендігі жерде діни медреселерде оқымасын, олардың бастарын діни уағыздармен шатастырмасын, бұдан былай олар жаңа типті орыс-қазақ мектептеріне тартылсын деген пікірлер туып бастады. Бұл кезде діни медреселерде оқитын шәкірттерге ислам дінін дәріптейтін өлеңдерді, түсініксіз аяттарды хормен айтқызып, еріксіз жаттауға мәжбүр ететін:

Қайрауат-ау, қайрауат,
Баймұғамет салауат.
Елімізге сәулет бер,
Бай, мырзаға дәулет бер,
Молдамызға нәубет бер,
Молдеке, бізге рұқсат бер, —

деп, молда алдына іліп тәжім беретін. Мұның өзі бала миын жас кезінен діни сүрелермен уландырып, қай нәрседен болса да қорқып, бұқпантайлап өмір сүруге кіріптар етіп қоятын. Тұңғыш ағартушы, тамаша педагог, қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин мен ұлы ақын Абай мұндай төзімсіз жағдайларға ашықтан-ашық қарсы шықты. Чернышевский әдебиет өмірі оқулығы болуға тиіс десе, осы идеяны ілгері қарай дамытқан Ы. Алтынсарин — балаға өмір танытатын әдебиет алдымен діни сөздерден, діни уағыздардан, дінді насихаттайтын үгіттерден арылуға тиіс деп күн ілгері жар салды.

Ыбырай Алтынсарин сол жылдардың өзінде-ақ қазақ мектептерінде орыс әрпімен оқытылсын деген жаңа идея ұсынды, оның пайдалы жақтарын түсіндірді. «Отырықшы халықпен жақын қарым-қатынас жағдайында отырған қазақ халқы көрші халықтардың тілін және олардың жазуын білуге құмартып отыр, өйткені, біріншіден, оның экономикалық және саяси жағдайының өзі қазір аттап басқан сайын, мысалы, орыс тілі мен жазуын білуді қажет етеді, ал, екіншіден, бұл халық өзінің жаратылысынан білуге өте құмар және алғыр халық»². — дейді Ы. Алтынсарин. Бұл идея сол кездің өзінде-ақ іске асырыла

¹ Қазақ ССР тарихы, I том, 1957, 45-бет.

² Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар, Алматы, 1955, VI таңдамалы.

бастады. Ол өзінің дидактикалық көзқарасында оқытудың жаңа системасын енгізді. Қазақ балаларына орыс тілі мен ана тілін оқыту жүйесін қолданды.

«Қазақ халқына білім алу үшін қасиетті негіз бар» дей жүріп, Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы «Қазақтар үшін орыс тілін үйренудің бастауыш құралы» («Начальное руководство к обучению Киргизов русскому языку») және «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») деген екі кітап шығарды. Бұл еңбектер қайталанып, 1906 жылы Орынборда екінші рет басылды. Мұндай оқу құралдарының шығуы қазақ халқының ағарту жұмысының, қазақ мәдениетінің, қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуына жаңа бағыт туғызды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ ауыз әдебиетінен балалар фольклорына жататын мұраларды да іріктеп алып көп жинаған. Оны бір жүйеге келтіріп, жанр-жанрға бөліп, өз кезінде бастырып та шығарған. Олары: аңыз әңгімелер, ертегілер, эпостық шығармалар, мақал-мәтелдер болып төрт жүйеге бөлінеді.

Тек қана бұл емес, орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арналып 1899 жылы А. Пушкиннің «Балықшы мен балық халқында» деген ертегісі басылып шықты. Бұл кітаптың көлемі 44 бет. Жартысы қазақша орыс әрпімен, жартысы орыс тілінде. Осы кітаптың 9-бетінде: «Пушкиннен бастап орыс халқы өзінің тілін бек жақсы біліпті... Әм бөтен халықтарды орысша оқытуға бек иждиһатты болыпты... 1841 жылы декабрьде қазақ балаларын орысша оқыту үшін хан ордасында тұңғыш рет школ ашылған» деген алғы сөз бар. Бұл өз кезінде қазақ балалар әдебиетінің дамуына қосылған үлкен үлес, мол табыс еді. Бұдан басқа «Самоучитель русской грамоты для киргизов» (1874 ж. II басылуы), «Первоначальный учебник русского языка для киргизов» (1898) кітаптар басылған. Бұлардың бәрі де орысша және қазақша аралас жазылған. Осы аталған кітаптарға енгізілген шығармалардың бәрі де балалар әдебиетінің мұралары еді.

Балалар үшін сол кездегі келелі тақырыптардың бірі хайуанаттар, жан-жануарлар жайында жазылған өлең-жырлар болып табылады.

Осы тұстағы қазақ балалар әдебиеті орыс балалар әдебиетінің қазақ тіліне аударылуымен де толығып, жетіле түсті. Өз шығармаларымен қатар, Ыбырай Алтынсарин И. А. Крыловтан, И. И. Дмитриевтен, Ушинский хрестоматиясынан балаларға лайықты көптеген өлеңдер, әңгімелер аударып, өз хрестоматиясына енгізді. Ыбырай мен Абайдың орыс әдебиетінен аударған шығармалары қазақ балалар әдебиетінің өсіп, дамуына игі әсерін тигізді.

Қазақ балалар әдебиеті мен балалар фольклорына жататын бай мұраларды жинап, іріктеп алу, бір жүйеге келтіру, бастыру жағы да осы XIX ғасырдан бастап қолға алынған еді. Осыған орай қазақ балалар әдебиеті педагогикалық принциптерді қолдануға тиіс деген өрелі ойлар өріс ала бастады.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСУЛЫ

(1803—1846)

Махамбет Өтемісұлы қазіргі Орал облысы, Жаныбек ауданы, Нарындағы Бекетай құмында туған. Махамбет бала кезінен бастап-ақ өлең айтып, ел ішіне өзінің дарынды ақындық өнерімен таныла бастайды. Бала кезінде Махамбет өздігінен оқып, сауатын ашып, ескіше хат таниды. Жас Махамбеттің атағына, ақындық шешендігіне қызыққан Жәңгір хан Махамбетті өзінің абырой-атағын мақтайтын, мәртебесін арттырып, даңқын көтеретін сарай ақыны етіп алғысы келеді.

Махамбетті өзінің қошаметшісі етіп шығарғысы келген Жәңгірдің ойы орындалмайды. Бір беткей, өр мінезді, әділет пен еркіндікке талпынған жас ақын Жәңгір ханның өзінен де тайсалмай, оның жауыздық әрекеттерін халық алдында әшкерелеп отырады. Махамбеттің Жәңгірге:

Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсың!
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр күйрек шаянсың, —

деп айтуы оның еш нәрседен де тайсалмайтын, шындықты бүкпей бетке тіке айтатын ақын болғандығын анық көрсетеді. Махамбеттің бұл мінезі, оның халық мұңын жырлауы ханмен оның айналасындағы би, сұлтандарға ұнамайды. Жәңгір хан мен оның жеңдеттері — би, сұлтандар — Махамбетті қудалауға кіріседі. 1829 жылы Махамбет патша әскерлерінің қолына түсіп, «қашқын» ретінде Қалмыков түрмесіне қамалады. Бұдан Махамбет 1831 жылы қашып шығады. Бұл кезде екі жақтан бірдей қанау қысымнан азап шеккен қалың бұқара қатты күйзеліске, аш-жалаңаштыққа душар болады. Хан Жәңгір өзі бас болып, оның туысқандары, билері, сұлтандары, старшиналары халықтың шұрайлы жер, жақсы қонысын тартып алып бір зарлатса, түрлі алым-салықты күшейтіп, халықты тағы да қан қақсатты. Шектен асқан бұл қанау, қысымға қарсы 1836—1837 жылдары еңбекші бұқара көтеріліске шығады. Көтерілістің басшысы Исатай болса, оның серігі — Махамбет көтеріліске өзінің жалынды жырларымен дем беруші болады.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме? —

деп халыққа жігер, қайрат беріп, оларды ерлікке, күреске үндеп отырады.

Махамбет жырларында Исатай бастаған шаруалар көтерілісінің алдына қойған мақсаттары мен тілектері айқын көрінеді. Махамбет өзінің өлеңдерінде хан, би, сұлтандардың жауыздығын әшкерелеп, еңбекші бұқараны теңдікке жеткізуді арман етеді. Осы тілектерін орындау үшін бас көтерген халық Исатай, Махамбеттің басқаруымен Жәңгір ханға, оның жақындары мен би, сұлтандарына қарсы тұрып, күш көрсетеді. Көтерілісшілер хан ордасы мен патша әскерлерінің қамалдарына, халықты езіп отырған би, сұлтандардың ауылдарына шабуыл жасап, соққы беріп отырады. Көтерілістің қарқынынан қорыққан Орынбор генерал-губернаторы Жәңгір ханның сұратуы бойынша көтерілісті басуға жазалаушы отрядтар жібереді.

1838 жылы Баймағамбет сұлтан мен подполковник Геккенің бастауымен келген жазалаушы отрядтың тегеурініне төтеп бере алмай, Исатай, Махамбет қолы жеңіліс табады. Көтерілістің сәтсіздікке ұшырауына байланысты Исатай мен Махамбеттің істерінде, көзқарастарында қайшылықтар, қателіктер болғандығы да байқалады.

Мысалы, жеңілген көтерілісті қайтадан жандандыру үшін, сол кездегі Хиуа ханынан көмек сұрап, Хиуа ханына қашып барып панаалап жүрген Қайыпқали Есімовпен бірігуге талаптанушылығы — ақынның көзқарасындағы қайшылығы, кемшілігі еді. Әрине, Исатай мен Махамбеттің бұл теріс талаптарынан нәтижелі іс шықпайды.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, Жәңгір және оның жеңдеттері көтеріліс жасаушыларды қатты жазалайды. Көтеріліске қатысқандарды тұтқынға алып, жер аударып, түрмеге қаматады. 1841 жылы Махамбет Орынбор түрмесіне айдалады. Бірақ түрмеде Махамбет көп отырмайды, қамаудан босатылып, елге, хан мен сұлтандар бақылауына жіберіледі. Мұнан кейін Баймағамбет сұлтан Махамбетті өлтірудің қамына кіріседі. Өзінің жеңдеттерін Махамбеттің үйіне жіберіп, ақырында солар арқылы Махамбетті өлтіреді. Ел үшін, бұқара қамы үшін қолымен де, жырымен де күш жұмсаған жалынды ақын 1846 жылы күзде 42 жасында қаза табады.

Махамбеттің өмірі хан-сұлтандарға, би, шонжарларға қарсы күреспен өтті. Ақын өз өлеңдерін шаруалар көтерілісінің айбынды үні, ұраны етіп шығарды. Махамбет өлеңдері шаруалардың хан, сұлтандарға деген өшпенділігін арттыра түсті, оларды өз азаттығы жолындағы күреске бастады.

Жас өспірімдерге патриоттық рух беруде Махамбет өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Жас өспірімдерге патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбет өлеңдерінің жас өспірімдер үшін маңызы ерекше.

Балалар әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсетін шығармалардағы кейіпкерлерге үнемі еліктеп отырады. «Ерлік — елге мұра, ұрпаққа ұран» деп босқа айтылмаған.

Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Толарсақтан саз кешіп», «Айныман», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым шығармалар. Бұл өлеңдерде балалардың жаттап айтуына жеңіл де әсерлі сөздер мен жанды теңеулер мол. Өлең құрылыстары шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды.

Махамбет өлеңдерінің балалар ұғымына жеңіл тиетін тағы бір өзгешелігі — онда аллитерация мен ассонанстардың жиі кездесуі. Өйткені қайталанып айтылған сөз көңілге қандай қонымды болса, сөз басындағы жеке дыбыстардың қайталанып айтылуы да балаларға сондай әсер етеді.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме? —

дегенде өлеңнің әрбір жаңа жолының басқы бірінші дыбыстары «Е» дауыстылардан басталып, өлеңге ерекше көркемдік сипат беріп тұр. Сонымен қатар, бір дыбыстың еселеніп, қайталанп айтылуы сол сөздерге үстеме, күшейткіш ұғым береді. Өлеңді мәнерлеп, ерекше көрік беріп айтудың бұл сияқты түрлері Махамбет шығармаларынан жиі кездеседі.

Түн қатып жүріп түс қашпай,
Тебіңгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме? —

дегендегі бастапқы үш жолдың бірінші дыбыстары «Т» әрпімен басталған. Аллитерация үшін өлең сөздердің әр жолының басқы дыбыстары бір тектес болып келуі ғана шарт емес, сонымен қатар сөйлем ішіндегі әр сөздердің басқы дыбыстары да бір келкі болып айтыла береді. Өлеңнің әрбір сөзі «Т» әрпінен басталып, «Тебіңгі теріс тағынбай» деп, сол сөйлемге ерекше көркемдік сипат беріп тұр. Аллитерация мен ассонанстар өлең сөздерге

көркемдік сипат берумен қатар, қайталап айтылуы жағынан балалардың ұғымына тез сіңіп, ерекше әсер қалдырады.

Қалың бұқараны қойдай іріп, қасқырша шауып, өз білгендерін істеп, атып та, шауып та үйренген Жәңгір ханның озбырлық мінездерін көрген Махамбет оның мұндай зұлымдығына төзе алмайды. Халық үстінен күн көріп, оларды қанаумен қатар, итше қорлайтыны, хан мен халық арасындағы теңсіздікті, өшпес егестің барлығын көрсетеді. Халық ханнан қайырым күтеді деп ойлаушы еді Махамбет. Іс жүзінде олай емес екендігіне көзі жетеді. Өздерінің қара бастарының қамы үшін халықты керек десе қырып салуға да барып, неше алуан зұлымдық әрекеттер жасайтынын біледі. Елді бұға беруге болмайтындай төзімсіз жағдайға келтіргенін көрген Исатай, Махамбет мұндай қорлыққа шыдамады. Халықты ханға қарсы көтерді.

Жас кезінен-ақ бір беткей боп өскен өр мінезді, әділет пен еркіндік дүниесіне талпынған Махамбет Жәңгір ханның, Баймағамбет сұлтандардың өздерінен де тайсалмай, олардың жауыздық әрекеттерін халық алдында әшкерелеп береді.

Өздеріндей хандардың
Басын кесем деп едім...
Елдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім...¹

деп, ханның халықты жүндей түтіп, тулақтай сабап қанайтын озбырлық ниеттерін бірде қасқырға, бірде қара шұбар жыланға, кейде айыр құйрық шаянға теңеп, қандай озбырлық әрекеттердің болатынын көз алдына тереңірек елестетсе, екіншіден, халық көтерілісінің алдына қойған мақсат-мүдделерін айқын көрсетіп берген. Хан, сұлтандардың иемденген шұрайлы жерлерін тартып алып, шаруалардың өздеріне қайырып беруді көздеген. Оларды малдандыру, түрлі алым-салықтардан құтқару мәселесін алға қойған.

Таза сезім, адал жүректен шыққан мұндай патриоттық сөздер балаға ой салмай қала алмайды. Баланың жас жақына әсер етіп, оның патриоттық сезімдеріне қозғау салмай қоймайды. Хан да, ханның өкілдері де ежелден андысып келе жатқан халықтың ата жауы екенін, олармен алысып теңдік алмаса, теңдікті қолдан бермейтінін Махамбет ашық айтқан, сыртынан емес, көзіне айтқан. Халықты қанап үйренген үстем таппен ешқандай да келісімге келе алмайтынына көзі жеткен. Сондықтан Махамбет Баймағамбет сұлтанға:

Қаһар қылады деп, тақсыр-ау,
Аяғына бас ұрмап.
Байеке сұлтан ақ сүйек,
Қыларың болса қылып қал.
Күндердің күні болғанда,
Бас кесермін, жасырман! —

деп, өмірінің ақырына дейін күресе беретінін көрсеткен. Болашақ халықтікі, болашақ халық игілігіне айналуға тиісті екенін де айта білген. Махамбет өлеңдерінің барлығынан да тап тартысының осындай айқын күресі көрініп отырады.

Махамбет өлеңдерінің біздің қазіргі жас өспірімдерімізге патриоттық рух беретіні және тарихи жағдайлармен таныстыратыны осында. «Адам баласының бүкіл өркендеу жолында туған мәдениетін әбден құяттап білу арқылы ғана, оны қайта қорытып шығару арқылы ғана пролетариат мәдениетін жасауға болатындығын анық ұғынбасақ, осыны ұғынбасақ, бұл міндетті біз ойдағыдай орындап шыға алмаймыз. Пролетариат мәдениеті ғайыптан пайда болған нәрсе емес, өздерін пролетариат мәдениетінің маманымыз дейтін адамдардың ойлап шығарған нәрсесі де емес. Оның бәрі жөнге келмейтін өңкей бос сөз. Пролетариат мәдениеті адам баласының капиталистік қоғамы, помещиктер қоғамы, чиновниктер қоғамы құлдығында жүріп жасап шығарған білім қорларының заңды дамуы болып табылуға тиіс»¹ деген В. И. Ленин.

Махамбет өлеңдеріне талдау жасағанда, В. И. Лениннің осы айтқан данышпандық өсиеттерінің рухын таба білеміз. Махамбет өлеңдері де жас өспірімдерге патриоттық рух себетін, жарқын идеясымен біздің пролетариат мәдениетінің мұрасына енетін еңбектер. Махамбет жырларында Исатай бастаған шаруалар көтерілісінің алдына қойған мақсаттары мен тілектері айқын көрінеді. Махамбет өзінің өлеңдерінде хан, би, сұлтандардың жауыздығын әшкерелеп, еңбекші бұқараны теңдікке жеткізуді арман еткенін айтады.

Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылды,
Теңдікті, малды бермедік.
Ханның кірген ақ орда,
Бұзуын ойлап кеңестік.
Аламанға жол бердік,
Аса жұртты меңгердік.
Қара қазақ баласын,
Хан ұлына теңгердік.
Өздеріндей хандардың,

¹ В. И. Ленин. Жастар одағының міндеттері. 1920 жылы сентябрьдің 2 күні сөйлеген сөзінен, III том, 288-бет.

Қабырғасын сөгілтіп,
Қабырғадан аққан қан,
Ат баурына төгілтіп,
«Әділ» жаннан түңілтіп,
Ат артына өңгердік, —

дейді. Ең алдымен бұл өлеңнің балалар үшін басты қасиеті адам өмірі туралы дұрыс ұғымдар беретіндігінде дейміз. Сонымен қатар Махамбет өлеңдерінің жастың үлкен-кішілігіне қарамай екеуіне бірдей қызмет ететін жағы да осы тұрғыдан деп танылады. Бұл өлеңнің балалар ұғымына жақын тағы бір пайдалы жағы — мұнда тарихи шындық, болған іс баяндалады. «Тарихтың бір өзінде қаншама бай материалдар бар. Кіршіксіз таза уылжыған жас жанға адамзат өкілдерінің ізгі іс-әрекеттерінің үлгілерін, жақсылықтың шындығын, зұлымдықты жасыруға болмайтындығын көрсету дегеніміз — сол жас жанды шыңға өрлету емес пе?»¹ — дейді В. Г. Белинский. Уылжыған жас жанның қанатына су бүркіп, бірден-бірге аспандата беру, өмірге жақындату, онымен таныстыру, іске, әрекетке бейімдеу, рухтандырып серпілте түсу дәл осындай өмірге бейім шығармалармен таныстырудан кеп шығады.

...Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорыған мен едім.
Мен де айрылдым елімнен.
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Сені көлден айырған.
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған,
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып-айтпай немене?..
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні.

Бұл өлеңдегі балалар ойына қозғау салып, оларды қызықтыратын бір өзгешелік Махамбет өз басына түскен қуғын-сүргінді, ақырет-азапты кісі ұғымына дәл тиетін екінші бір сол сияқты жәндіктер ортасында болатын оқиғаларға салыстыра суреттеу арқылы көрсетуінде дейміз. Оқуға да, түсінуге де, жаттауға да сондайлық икемді жазылған. Тәрбиелік маңызымен қатар, балалар әдебиеті мұрасына енетін Махамбет шығармаларындағы басты-басты ерекшеліктер осындай. Бұл өлеңдер арқылы үлкендер мен жас өспірімдерге бірдей қызмет еткен балалар әдебиетінің алғашқы даму, өркендеу, өсу кезеңдерінің қандай дәрежеде болғанын айқын көруге болады.

¹ В. Г. Белинский. Шығармаларының толық жинағы, V том, 186—199-беттер.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841—1889)

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Ыбырай Алтынсарин — қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, тамаша педагог, қазақ балалар әдебиетінің атасы.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 октябрьде қазіргі Костанай облысы, бұрынғы Аманқарағай болысы, Затабол ауданында туған. Ыбырай өз әкесі Алтынсарыдан 4 жасында жетім қалды. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Ыбырай атасы Балқожаның тәрбиесінде болады.

Балқожа кішкентай немересі Ыбырайды 1850 жылы, 23 августа Орынбор қаласында жаңадан ашылған мектепке оқуға берген. Ыбырай жас кезінен-ақ өте зерек болып, сабақты үнемі үздік оқиды. Атасы Балқожаның оқушы Ыбырайға өлеңмен жазған мына бір өсиет сөздерін ол бұлжытпай орындаған еді.

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақтағалам.
Атаң мұнда, анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Шырағым мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында,
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Оқуға көңіл берсең басыларсың.
Ата-ананды өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң алі ұрарсың, —

дейді. Жас шәкіртке оқудағы мақсаттың не екенін түсіндіреді. Атасының өсиетін бұлжытпай орындаған Ыбырай мектепте оқып жүрген кезінің өзінде-ақ орыс халқының атақты жазушыларының еңбектерімен танысып, олардың шығармаларын көп оқитын болған. Ыбырай бұл мектепте 7 жыл оқып, 1857 жылы бітірді. Мектепті бітірісімен, халық ағарту ісімен айналысады. Әкімшілік қызметке, шен-шекпенге қызықпайды. Оның бар ынтасы халық ағарту жұмысында болып, ел ішінен мектеп ашады, қазақ балаларын жинап оқытады, қыздар мектебін ұйымдастырады. Мек-

тепке керекті оқу жабдықтарын да өзі жинайды. Тұңғыш рет орыс алфавитін пайдалана отырып, қазақ балалары үшін алғашқы оқу кітаптарын жазып, хрестоматия құрастырып шығарады.

Ыбырай орыс алфавитіне көшудің пайдалы жақтарын айтып, 1870 жылы оны іс жүзінде өзі қолданып, қазақ балаларын оқыта бастады. «Орыс әрпін қолданумен байланысты, қазақ тіліне орынсыз кірген араб, татар сөздерінен тазарады. Орыс әрпімен жазғанымызда ғана сөзіміз дұрыс жазылатын болады. Қазір молдалар оқытып жүрген араб, парсы, татар тілдерінде шыққан діни кітаптар бізді кері кетіреді, таза ойымызды кірлетеді, басымызды құммен толтырады, таза тілімізді шұбарлайды» дейді Ыбырай Алтынсарин. Ол орыс алфавитімен оқытқанда ғана балалардың тез сауаттанып, негізгі білім ала алатынын айтты.

Ыбырай Алтынсарин — қазақтан шыққан бірінші педагог, халық ағартушысы болумен қатар, ірі жазушы да еді. Өзі құрастырған хрестоматияға енген өлеңдер мен әңгімелердің көпшілігі Ыбырайдың балаларға арнап жазған шығармалары болатын. Ыбырай өзінің шығармаларында қазақ халқын ескі салт, әдет ғұрыптан, نادандықтан құтылуға шақырды. Өнер, білім бар мәдениетті ұлы орыс халқынан үлгі, өнеге алуға, солардан үйренуге үндеді. Орыс алфавитіне көшудің өзі ұлы мәдениетке бет бұрудың айқын жолы болар еді деп үгіттеді. Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білімді қайдан үйренудің, кімнен үйренудің керек екендігі айтылды, сөйтіп, мешуе өмірден құтылудың жолы көрсетілді. Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңі жас өспірімдерді оқуға үгіттеген жалынды ұран болып қалды. Ыбырай шығармалары қазақ даласына жаңа ұғым, жаңа түсінік, жаңа сарын туғызды, ел еңсесін көтеріп, ойына қозғау салды.

Ыбырай тек төл шығармалар жазумен ғана шектелген жоқ, сонымен қатар ұлы орыс халқының И. Крылов, Л. Толстой сияқты атақты классик ақын-жазушыларының шығармаларын аударып, қазақ еліне танытты. Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы 48 жасында қайтыс болды.

Қазақ балалар жазба әдебиетінің алғашқы туындылары XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл қазақ халқының ұлы педагогы, балалар жазба әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің атымен тығыз байланысты.

Ыбырай Алтынсариннің ұсынысы бойынша 1889 жылы Ырғыз қаласында қыздар училищесі ашылды. Бұл бүкіл Шығыс елдері ішінде қыздар үшін ең бірінші ашылған оқу орны еді. Ыбырайға дейін қазақ даласында діни медреселерден басқа бірде-бір мұндай оқу орындары болмаған. «Мектеп—қазақтарға білім берудің басты құралы... барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі — осы, тек осы мектептерде. Сондықтан ғылыммен қаруланған, әсіресе дұрыс көзқарасы бар оқушылар қазақ арасын-

да көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады. Сонда діни фанатизмнің де күлі көкке ұшады»¹ деп, Алтынсарин өз халқына дұрыс бағыт сілтеді.

Ыбырай Алтынсариннің «Діни фанатизмнің күлі көкке ұшады» деп отырғаны — ол кезде ескі медреседе оқыған балалар өздеріне мазмұны жат діни схоластиканы жаттаумен бастары айналып кететін-ді. Мұндай медреселердегі оқудың негізгі мақсаты намаз сүрелерін жаттатып, құдайға құлшылық ете беруге үйретуді ғана көздейтін. Жас өспірімдердің ақыл-есін дамытуға, олардың сауатын ашуға дін оқуы мүлде көңіл бөлмеген. Қайта дін басылары жаңа типті орыс-қазақ мектептерінің ашылуына мүлде қарсы шыққан. Ыбырай Алтынсариннің түсінігі бойынша, орыс-қазақ мектептерінде қазақ балаларын орыс балаларымен қосып бірге оқыту — орыс тілін, орыс мәдениетін тез үйренудің бірден-бір дұрыс жолы болар еді, ұлы орыс халқымен жақындасудың, достасудың, оларды аға тұтып бірге өмір сүрудің де айқын жолы осы болар еді деп біледі.

«Шәкірттерім аздап орысша сөйлей біле бастаған кезде мен оларды осындағы орыс балаларымен араластырып жіберемін. Оған менің заң жағынан қақым бар. Қысқасы, бұл шәкірттерім төрт жыл ішінде мектепті бітіргенге дейін әжептәуір сөйлеп, оң пұлды біліп қалар деген үмітім зор» деп жазды Ыбырай Алтынсарин. Орыс-қазақ мектептерінің ашылу мақсаты тек қана сауат ашу, хат таныту ғана емес, сонымен қатар көшіп-конған қазақ елінің бір жерден қоныс теуіп, отырықшы қалыпқа келуіне себепкер болар еді деп, Ыбырай оның зор болашағы барлығын айтты. Әрбір көзі ашық сауатты адам көбейе берсе, өз елінің мәдениетін көтерумен қатар, оның шаруашылық-экономикасының өзгеруіне, жаңаруына, шаруашылықтың европалық жаңа түрлерінің енуіне мүмкіндік жасар еді деген мақсаттарды ойластырды. Осы мақсаттарды іске асыруды көздеп, орыс-қазақ мектептерінде сауат ашу, хат танытумен қатар, балаларға техникалық ілімдерді үйрететін пәндердің жүруін талап етті. Мектепке қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды Ыбырай өз міндетіне алды. Оқулықтар мен оқу құралдарына қажетті балаларға лайықты әдеби шығармалар іздестірді, ең тамашасы — ол шығарма жазды, орыс халқының балаларға лайықталған классикалық әдебиеттерін қазақ тіліне аударды.

Осындай игі жұмыстардың бәрін орындау, бұл арманды іске асыру бір адам үшін, әрине, аса ауыр да қиын еді. Оның үстіне, ауылдың діншіл фанатиктері жаңа мектептің ашылуына қарсы шығып, тосқауыл жасады. Мұның өзі жаңа өріс алып келе жатқан балалар жазба әдебиетінің дамуына, жаңа типті мектептердің салынуына және Алтынсариннің халық ағарту саласында істеген жұмыстарына қарсы жүргізілген діншіл фанатиктердің

¹ Ы. Алтынсарин. Шығармалар жинағының VI тарауы, 1864 жыл, 16-мартта жазылған хатты қараңыз.

үгіті еді. Халық ағарту жұмысы саласындағы идеясын іске асыру үшін Ыбырай Алтынсарин өзіне тосқауыл келтірген діншіл фанатиктермен аяусыз күрес жүргізуіне тура келді. «Надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасы келгенше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз» деп, көзі ашық ел азаматтарына үндеу салды. Осы пікіріне байланысты Ыбырай «Әй жігіттер» деген өлеңінде:

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден. —

дейді. Ыбырайдың «зияндасты кісі» деп отырғаны — дін апшынымен халық миын уландырып келген бақсы-балгерлер, молда-хазіреттер екені айдан анық. Ел ішін, қарапайым халықты осындай ірткі салушы топтардан арылтып алмай, өнер-білімге, жаңа мәдениетке шақыру сондайлық қиын екенін айта келіп:

Бас ауырса бақсыларды,
Алып келіп бақтырасың.
Жазықсыз жандарды сойып,
Өкпеменен қақтырасың.
Жыи бәлекет қашады деп,
Тұмар алып тақтырасың. —

деп, осыдан қандай жақсылық күтуге болады деп күйінді халықтың ұлы ағартушы педагогы. Халыққа ұлы орыс мәдениетін түсіндіру үшін алдымен жас ұрпақтарымызды дін апшынынан алыс ұстап, өнер-білімге шақыру керектігін Ыбырай өзіне ұлы міндет етіп қойған. Сөйтіп, өнер-білім оқылатын мектептерде дінге орын жоқтығын ашық көрсеткен.

Ыбырай қазақ халқының өнер-білімге, жаңалыққа, жаңа мәдениетке деген ынтасын, дарындылығын өте жоғары бағалаған. «Қазақтың осы ынтасын татар, өзбек, башқұрт сияқты көрші елдердің молда-қожалары пайдаланып отыр. Ал егер осы бұзылмаған іскер, дарынды халық... діни фанатизмнің ықпалына бір-жолата түсіп кетсе, онда бұл өте өкінішті болған болар еді. Осы жағынан қарағанда да, қазақ даласына орыс-қазақ мектептерін тез тарату қажет-ақ болар еді. Бұл мектептер татарша оқуды (діни мұсылманша оқу деген мағынада Ш. А.) толық ығыстырып шығармаса да, онымен тең түсетін бір күш болар еді, халықтың ілгері дамуына зиянын тигізіп отырған соқыр сезімдердің бетін қайтаратын дұрыс көзқарас таратушы орын болар еді. Бұл қазақтың әзірге жойылмай келген, ешқандай дін ықпалына түспей, тәжірибелік негіздерге сүйенген дәстүрлермен бірге, халықтың адамгершілік жағынан азуына жол бермеген болар еді»¹

¹ Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. 1955, 198-бет.

дейді ұлы ағартушы. Осы идеясын іске асыру үшін алдымен ұлы орыс халқының мәдениетіне, өнер-біліміне қол қойды, содан өзіне рухани күш алды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы.

Ұлы орыс халқының XIX ғасырда жасаған классикалық мол әдебиеттерімен танысқан Ыбырай Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, оқытуда, олардың ой-санасына қозғау салып жетілдіруде өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды, оларды жас ұрпақтарымызға үлгі етіп ұсынды. Бұл қазақ халқы үшін, әсіресе оның жас ұрпақ балалары үшін аса игілікті іс, жаңа бастама еді.

Ыбырай Алтынсарин И. Крыловтың «Егіннің бастары», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі», Лев Толстойдың «Полкан деген ит», «Силинші», И. И. Дмитриевтен «Екі шыбын», орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан «Такаппаршылық», «Дүние қалай етсең табылады», «Талаптың пайдасы», «Үш ұры», «Алтын шеттеуік», «Аурудан аяған күштірек», «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас», «Мейірімді бала» сияқты көптеген шығармаларды аударды.

Бұл шығармалардың барлығы да әрі қысқа, әрі мазмұнды, әрі көркем, баланың жас ерекшелігі мен білім көлеміне сай, түсінуге жеңіл, тәрбиелік жағынан шебер құрылған шығармалар. Баланы тәрбиелеу аса маңызды, қажетті әрі жауапты мәселе екенін айта келіп, балалар кітабы тәрбиелеу үшін жасалады, тәрбие жұмысы ұлы мәселе, ол адам қатысуымен ғана шешіледі дейді Белинский. Орыс классиктерінің балалар әдебиеті тақырыбына жазған кітаптарының барлығы да Белинскийдің осы қойған талаптарына сай жазылған. Ыбырай Алтынсарин да осы тұрғыдан қарап, орыс классиктерінің балалар әдебиетіне тән еңбектерін ғана іріктеп ала білгенін, аударғанын көреміз. Белинскийдің балалар әдебиеті тақырыбына жазылған кітаптарға зор баға бере келіп, мұндай кітаптар отанына сүйіспеншілікпен, қайырымдылықпен қарайтын идеялармен толыққан болсын. Кітап қорқақтық, жасқаншақтық, өзімшіл, такаппаршыл болудан, өтірік-өсек айтудан балаларды жиренетін жаман қылықтарға қарсы күрес жүргізетін дәрежеде жазылсын деген талаптар қояды.

Ыбырай балалар әдебиетіне тән көп шығармалар берді. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қояды. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» дейді. Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалып отырады.

Халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер-білімге

шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтергені, әрқашан жаңарып, түрленіп, құлпырып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі: «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдері.

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық! —

деп ұран салады. Ыбырай бұл өлеңінде алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсіндіреді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай-қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды. «Сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, оған ең алдымен әліппені үйрету керек. Онысыз саясаттың болуы мүмкін емес, онысыз тек ұзын құлақ өтірік, жоқ нәрсеге сенушілік қана болуы мүмкін, бірақ ол саясат болмайды»¹ дейді В. И. Ленин.

Баланы жан-жақты түсінігі бар, айтқанды тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпке түсетін, оған мойын ұсынатын саналы азамат болып қалыптасады, Оқудың пайдасы, оқу арқылы баланың көп нәрсеге жетілетіні жайлы Ыбырай шығармаларында көп айтылған. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді.

«Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті ұлы орыс халқының қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі-өнеге алуға шақырады. Ғылым табыстарын мадақтайды.

Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды, —

деп радио, телефон, телеграфты айтса,

Мың шақырым жерлерге,
Аты жоқ құр арбаны,
Күн жарымда барғызды, —

деп поезд бен автомашинаны үлгі етіп көрсетті

¹ В. И. Ленин. Шығармалары, 27-том, 51-бет.

Мұнда бұрын естімеген, білмеген ұғымдар өмірге келді. Бұдан біз Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетіне көркем творчествоның жаңа түрін енгізгенін байқаймыз. Бұл өлеңнен адамды таң-тамаша ететін, кісі қызығарлық, соған құштарлығын арттыра түсетін техникалық эстетика көрініс тауып отыр. Осындай техникалық білім алу дәрежесіне оқу және үздіксіз оқу арқылы ғана жетуге болатынын оқымаған қараңғы халықтың жастарына дәлел етіп, үлгі етіп көрсетті. Ғылым адамды әр түрлі апаттан алып шығады, құтқарады. Сауатсыз қараңғы адам жаратылыстың тілсіз сұрапылының құрбаны бола бермек, оған қарсы күресуге дәрменсіз. Мұндай дәрменсіздіктен арылу үшін ғылым, тағылым табыстарын тез игеріп, ұлы орыс халқының ілімінен, мәдениетінен үздіксіз үйрене беру керек деп жар салды. Өзінің жас шәкірттеріне ғылым табыстарын мақтан ете жырлады. Білім мен техниканы өз шығармаларының арқауы етіп, әр түрлі жолдармен балаларға әрқашан ұқтырып отырды:

Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты,
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішті.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай, —

деп самолетті, электрдің күшін, пароходты мақтан етіп жырлады. Жас өспірімдерді техникалық, өнеркәсіптік білім алу жолына шақырады. Ыбырай Алтынсарин мектепте балаларды әр түрлі мамандыққа үйретуді жақтаған. Мұндағы техникалық, өнеркәсіптік эстетика әсері тәтті үміт, жарық сәулелі болашаққа қарай үндеп еді. Сауат ашу, оқыту, білім беру белгілі бір мамандықты үйретуді көздейтін болсын деген. Жастардың мектептен техникалық білім алуы халықтың жалпы мәдениетін көтеруге қатар, негізінен олардың тұрмысының материалдық жағын жақсартады деп ашық айтқан. Практикалық жұмыспен байланысы жоқ сабақ оқушыға тиімсіз де мағынасыз бұлдыр сағым болады. Қай пәннің болса да баланың бірден түсінуіне ауыр тиетіні оның практикалық жұмыспен байланысының жоқтығынан деп білген. Қандай сабақ болса да көрінекі құралсыз өткізілмесін деген қағиданың негізі осыны баяндайды.

Ғылым мен техниканың табыстары адам баласын ұлы бақыттылыққа қарай бастайды. Оқыған адамның өмір сүруі жеңіл, болашағы айқын. Ғылымның мұндай кереметтерін игеру үшін оқу, үздіксіз оқу, тағы да оқи беру керек деп жар салған. Бұл өлеңнің балалар үшін аса қажетті прогрестік маңызы алдымен осынысында еді. Екіншіден, ғылым мен техниканың пайдалы жақтарын атап көрсетуінде еді. Үшіншіден, әсіресе ұлы орыс халқының озық мәдениетімен таныстырып, бір-біріне жақындастыра, достастыра түсудің бірден-бір айқын жолын ұсынуында еді.

Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жана өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай, —

деп жас өрендерге жігер-қайрат, күш-қуат бере жырлап, баланың ақыл-ой қызметінің дамуына қозғау салады. Мәдениетті орыс халқын қуып жет, қатарына қосыл, аға тұт дейді. Сол кезде көшіп-қонып жүрген қараңғы, сауатсыз ортаға Алтынсариннің осындай сөздер айтуының өзі де данышпандық еді. Осындай данышпандық идеяны іске асыру үшін Алтынсарин алдымен балаларды сауаттандыру, оқыту керек деп білген. Ал сауаттандырудың, оқытудың, негізгі идеяны іске асырудың базасы, білім беруді дамыту деп түсінген. Оқыту үшін қажетті құралдарды тауып алмай, жасамай, мұндай іске кірісу — сусыз тиірменді басқарумен тең болар еді. «Мектептің шаруашылық жағдайлары жаман болса, оның ісі еш уақытта оңға баспайды, пайдалы еш нәрсе бермейді, оның оқушылары да, оқытушылары да істен күдер үзіп кетеді, бұған менің әбден көзім жетті» деген болатын Ыбырай Алтынсарин. Сол замандағы ауыр тұрмыстың қиын-қыстау жақтары саналы Ыбырайды осындай күрделі жұмыспен айналысуға мәжбүр етті. Осы жағдай XIX ғасырда өз алдына дербес ізі бар, жолы мен бағыты айқын көрсетілген балалар әдебиетін жасады. Бұл осындай қажеттіліктен келіп туған игі бастама еді.

Ғылым, өнер, техника жайларын сөз еткенде, Ыбырай балалардың ұғымындағы түсініктерден алыс кетпейтін, өздерінің күнделікті есітіп, біліп, айтып жүрген сөздері арқылы беруге тырысады. Мұны біз Ыбырай өлеңдерінің тілдік ерекшелігінен айқын көреміз. Өлеңдерде кездесетін «Сарай салғызды», «Айшылық алыс жер», «Көзінді ашып-жұмғанша», «Күстай ұшу», «Балықтай жүзу», «Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай», «Желкілдеп шыққан көк шөптей», «Өнер жігіт көркі», «Сіздерге бердім батамды» т. б. сөз тіркестері халық ауыз әдебиетінде көп кездесетін сөздер. Өлеңінің жалпы құрылысы да шұбыртпалы ұйқаспен беріліп отырады. Өлеңдегі әрбір теңеулер де балалар түсінігіндегі ұғымдардан алыс емес. Өлең стилі де халықтық жырларға жақын. Ыбырай ғылым, өнер, техника, мәдениет жақтарын балаларға оңай түсіндіру үшін халықтық стильден алыс кетпеген.

Бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың роліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған:

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Изенді көлдей шалқытқан.
Айналасына ас қойып,
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, өздеріне жаттатса, ана қадірінің теңдесі жоқ қымбат та, қадірлі екенін сонда ғана сезіне бастар еді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сияқты, ана еңбегін қадірлемей, сыйламау, кейде тыңдамай кету болмас та еді. Балаға берілетін бірінші тәрбие әрқашан ата-анасын, өзінің жақын достарын сыйлауға үйретуден басталуға тиісті.

Ата-анасын сыйламайтын бала, ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзіп әлпештен өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. Сондықтан ана қадірін түсіне білу керек дейтін жалпы халықтық қағиданы әрқашан баланың зердесіне салып отыру — ол әрбір тәрбиешінің борышты міндеті дегенді Ыбырай Алтынсарин көп ескерткен. «Мақтасақ — әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел — ана; барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе...» деп совет әдебиетінің негізін салған М. Горький ана қадірін данышпандықпен таныта білген.

Ал «Ананың сүюі» деген өлеңі бала жанын тебіренерліктей мұнан да күшті, мұнан да әсерлірек жазылған.

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышқа қуанып, қайғыға күйетұғын.
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын!

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай көпке кетсең.
Ұмытпа ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін! — деп

ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ана жүрегі, ананың аялы алақаны қашан да күдіретті екенін естен қалғысыздай етіп, жадында сақтауды міндеттейді.

Кім сағынар сендерді келгенінше,
Құлындарын көзімен көргенінше.

Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас ед еле-өлгенше!

Әдебиет адам тану құралы дейміз ғой, Ыбырай Алтынсарин ана құдіретін, ана қасиетін, ана образын жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр. Бұл жолдар баланы ананың жан дүниесіне үйілтеді. Ананың балаға берілгендік сезімі мен оған бақыт тілеген ізгі ниеті жас өспірімдерді тебіренгіп жібереді. Оқушы қауым мұндай өлеңдерден өздерінің толғанғыс-тербелістерін, ой-қиялын табады. Мұнда аналық мейірімнен туған аналық қасиеттің молдығын, асылдығын балаларға ұғындыру мақсаты көзделген. Ата-ананы сыйлай білген бала, оның қадір-қасиетін түсіне білген бала басқаның да қадір-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын боп өседі.

Мұндай гиратты сөздерден үлгі, өнеге ала білетін, намысына тырысқан жас өспірімдер ертеңгі күні:

Батыр болған бабамнан,
Ел қорғауды үйренгем.
Ару болған анамнан,
Ар қорғауды үйренгем.
Ұшып шыққан ұям деп,
Жер қорғауды үйренгем, —

деп өз елі, өз халқының нағыз патриоты, жан ашыры болып шыға келетінінде күмән жоқ.

Балалар әдебиеті алдымен тәрбие жұмысымен тығыз байланысты болғандықтан, ол бір жақты дамымаған. Оның әр алуан саласы, тармақтары болады. Бала тәрбиелеу — балаға өмір жолын танытып, білім беру, сана-сезіміне қозғау салып, әр жақты тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің балаларға арнаған барлық шығармалары да тәрбие жұмысына бағытталған дейміз.

Алтынсариннің «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері де елге тану, айналадағы табиғат құбылысына құрметпен зер салуға бағытталған тәрбиелік орны бар, баланы әр алуан іске баулитын әсерлі шығарма.

Қол бұзылып, көк шығып, қойнын ашса,
Қақылдап қонар оған қаз бен тырна, —

деген шумақтар табиғат әлемінің әр алуан сұлу да көркем көріністерін баланың көз алдына келтіріп, көңіліне эстетикалық әсер қалдыру арқылы өмір танытады. Табиғаттың осындай мінсіз сұлулығын адам ғана түсіне алады. Творчестволық шабыттың қайнар көзі де теңдесі жоқ осы бір сұлулықтан, оның ерекше эстетикалық әсерінен табылмақ. «Өзен» деген өлеңінде:

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.

Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған, —

деп, Ыбырай өзенді оның сұлу көріністері үшін ғана тектен-тек суреттеп отырған жоқ. Әсемдік сезімі көкірегіне ұялаған, жақсылыққа жаны құмар, эстетикалық талғамы жетілген, әрбір адам табиғатты осылай қызықтайды. Адамның тіршілік тірегіне, шаруашылық экономикасына байланысты ондағы әр жақты пайдалы белгілерін көрсетіп отыр. Бұл өлеңді оқыған азамат, әсіресе жас өспірімдер жаратылыстың осындай байлықтарының көзін тауып, өзінің қажетіне жұмсай білсін, пайдасына асырсын, жайдан-жай ағып жатқан пайдасыз өзен екен ғой деп қарама-сын дегенді үйретеді. Сонымен қатар адамның қандай қажеттерін өтейтінін де саусақпен санағандай етіп, даралап көрсете білген.

Көркемдігімен қатар бұл өлеңнің осындай терең мағыналы екенін кезінде Абай да қадірлеген, ұнатқан. Абай өз өлеңдерімен қатар, Ыбырай Алтынсариннің осындай туындыларын бірге сақтап, бірге айтатын, бірге насихаттайтын болған. Бұл жөнінде академик жазушы М. Әуезовтің былай дегені есімізде: «Ең алғаш Абайдың қолжазбасынан шала хат танытын бала күнде танысқанымызда, Мүрсейіт молда жазған қолжазба кітапты түгелінен Абай кітабы деп білуші едік... Сонда «Сәуірде көтерілер рақмет туы» деген өлең мен «Араз бол, кедей болсаң ұрлықпен» деген өлең Абай кітабының ішінде бірге жазылған екен. Сол шақта Абай, Ыбырай бір адам шығар деп ойлаушы едік. Екеуінің қазақ аулындағы көктем жайында жазғандарын оқып отырсаңыз, шынында, бір ақындық мектептің: бір түрлі ақындық дәстүрдің үлгісін көресіз және екеуі де бұрын қазақ жазбаған өлеңді жазған... Кейін аңғарсақ, табиғат суретінің үлкен мастері болған ұлы Пушкин үлгісінен туған өлеңдер екен. Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлегендіктен, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кірумен бірге, Ыбырай өлеңдері бірге көшіріліп жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегін емес... Бұхар, Дулат, Шортанбайлар Абайдың қолжазбаларына жалғыз ауыз өлеңмен тұмсық сұғып кірмегенде, Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таралып жүруі, бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін таныту еді»¹.

Ыбырай Алтынсариннің «Жаз» деген өлеңі де Абайдың «Жазғытұрым» өлеңімен көркемдік жағынан да, мазмұны жағынан да үндесіп отырады. Екеуінде де асыға келген алты ай жаз адам тіршілігіне қолайлы да, шаруаға ыңғайлы кезең екендерін білдіреді. Бұл кезеңді елең-селеңмен бос өткізбей, шаруаның

¹ М. Әуезов. «Ыбырай Алтынсарин — қазақ мәдениетінің зор қайраткері», Социалистік Қазақстан, 1950 жыл, 11 апрель.

пайдалы жақтарына жұмсап, дұрыс пайдаланып; оның қадіріне жет дегенді ескертеді. Осының өзі жас өспірімдерге көп өнеге, көп үлгі.

Балаларға арнап жазылған Ыбырай өлеңдерінің қайсысын алсақ та тәрбиелік жақтары мол, жас өспірімдердің өмірге белсенділігін арттыра түсетін құнды еңбектер. Ыбырай қазақ балалар жазба әдебиетінің атасы деп айтатын себебіміз де осындай ерекшеліктерінің барлығынан танылады. Қорыта айтқанда, ауылда жаңа типті орыс-қазақ мектептерін ашу, оған балалар мен жас өспірімдерді тарту, халық ағарту жұмыстарын жақсарту барысында бұған неше алуан тосқауылдар жасап отырған діншіл фанатиктермен аяусыз күрес жүргізу — міне, Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің жалпы идеясы, алға қойған программалары мен міндеттері осындай еді.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

«Әдебиет өмір оқулығы» болуға тиіс деген Чернышевский. Демек, әдебиет өмір құбылыстарын бұрмаламастан айқын да, дәл өзінің табиғи қалпында суреттеуі керек. Біздің ұлы педагогымыз Ыбырай Алтынсарин өзінің балаларға ұсынған көркем әңгімелерінде осы принциптерді берік ұстаған.

Жас өспірімдерді өнер-білімге, оқуға, ұлы орыс халқының озық мәдениетінен үлгі-өнеге алуға шақырумен қатар, Ыбырай Алтынсарин балаларға отырықшылық тұрмыстың артықшылығын, белгілі мекен болудың жақсы жақтарын түсіндіруді мақсат етті. Жер, қолөнер кәсіптерімен айналысудың пайдалы жақтарын айтты. Ыбырайдың «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейітқұл» деген ықшам жазылған қысқа әңгімелерінде дәл осындай жағдайлар суреттеледі.

«Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгіме көлемі жағынан өте қысқа жазылса да, мазмұны терең, күрделі істі, әлеуметтік мәселені қамтиды. Оның қызықты болатыны осындай қасиеттерінде деп түсінеміз. Дәл бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай келе жатқаны осы себептерден деп білсек керек.

Сейітқұл дейтін кісі отыз үйлі тобырды, жарлы-жақыбайларды қалай етсем байытам, қалай етсем халық қатарына қосамын деген ойға қалады. Сауда етуге малы жоқ, ұры-қарлықпен күн көруге болмайды. «Жортуыл басы жолда қалады» деген халықтың даналық сөзі ондай жаман іске аяқ бастырмайды. Ақырында Сейітқұл тұрақты мекен іздейді. Торғай төңірегіндегі Қабырға деген өзен-судың жағасын ұнатып, сол жерді мекен етеді. Жоқшылықтың зардабын көп көрген жалаңаш-жалпы кедейлерді сол жерге көшіріп келеді де, отыз үйлі кедейге кетпен ұстатып, егіншілік жұмысты кәсіп етеді.

Барымтаны әдет еткен Сейітқұлдың ағасы бұл ынтымаққа көнбей, Түркістан жағында қалып қояды. Бір жерді тұрақты мекен еткен Сейітқұл аулы бірден-бірге көтеріліп, шаруалары күйлене бастайды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар жиналып, бес-алты жылдың ішінде Сейітқұл аулы дейтін іргелі елге айналады. Шымнан биік қорған салдырып, бұл жерді шаһарға айналдырып жіберді. Мұндай ынтымаққа көнбей Түркістан жағында қалып қойған Сейітқұлдың баяғы ағасы ұрлыққа аттанып жүргенде қолға түсіп, белгісіз біреулер өлтіріп кетеді. Әңгіме Сейдәлі сұлтанның айтуы бойынша — Сейітқұл дейтін кісі 1830 жылдарда өтіпті-міс деп аяқталады.

Бұл әңгімеде отырықшылық тұрмыстың артықшылығын айта келіп, байларға жалданбай-ақ, өз бетімен еңбек ету арқылы да дәулетті тұрмыс құруға болатынын дәлелдейді. Екіншіден, отырықшы халықтың ынтымағы да, бірлігі де, шаруашылық экономикасы да күшті болатынын суреттейді. Үшіншіден, мәдениет пен ғылым тек отырықшы халықтарда ғана болатынын айтады. Төртіншіден, оңай олжа табу үшін барымтамен күн көрудің баянсыз болатынын дәлелдеп, балаларды одан жирендіреді. Ыбырай шығармаларының тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, оқушысының санасын оятып, сүйсіндіре түсетін құнды жақтары осынысында. Балалардың түсінуіне жеңіл тиетін ерекшелігі де осы тұрғыдан баяндалады.

Отырықшылық мәселесінің тиімді жақтарын айқындап, тереңдетіп түсетін Ыбырайдың екінші шығармасы — «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесі. Бір жерді түпкілікті мекен ету үшін киіз үйден ағаш үйдің пайдалы екенін айта келіп: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына үйретемін», — дейді. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған қай шығармасын алсақ та, онан жас өспірімдерге үлгі-өнеге берерлік, болашағына жол сілтерлік, оларға өмір танытарлық және іске-әрекетке үйретерлік мол дүниенің есігі ашылғандай болады.

Ыбырай творчествосының үшінші көтеретін күрделі мәселесі — еңбек процесі. «Дүние қалай етсен табылады», «Бай мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Таза бұлақ» деген әңгімелері еңбектенген ғана ойлаған мақсатына жетерсің деген ойды жан-жақты дәлелдейді.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы он жасар баласын жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүгірген аңдар тіршілігімен таныстырады, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін айтады. Бәрі де тіршілік тірегі — өмір қамын жасауда. «Сәтемір хан» әңгімесінде жеті жасында жетім қалған Сәтемір деген бала ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне шығу үшін қаншама әрекет жасағанын көріп, өзінің жұмыссыз босқа ойнап жүргенін ақылсыздық деп табады. Артынша қалаға келіп, біреудің қолында жалшылық ете жүріп, оқиды. Ақырында ірі оқымысты болып шығады.

Адамның барлық қабілеті мен іскерлігі, таланты мен талабы тек еңбек арқылы ғана көрінетінін айтады. Ыбырай әңгімелерінің қайсысын алсаңыз да оқушысын нақтылы сендіретін, соған қызықтыратын шынайы көрнекілік бар. Қай әңгімесін болса да оқып отырып, содан үлкен картиналар жазауға болады. Әңгіменің баланы қызықтыратыны, оларды ойға қалдырып, іс пен әрекетке бастайтын ізгі қасиеті де осында.

«Әке мен бала» әңгімесінде еріншек, жалқау баланың ерсі істері мен қылықтарын суреттейді. Әкесі баласын еңбекке тәрбиелейді: «Көрдің бе, мына тағаны жамансынып жерден бір піліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиеңіз жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдін. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынан, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат ете білмесең — көптен де құр қала-сың», — дейді әкесі баласына. Көрдіңіз бе? Тәрбиесіздік өзгелердің мүддесін елемеуден көрінеді. Өзгелердің мүддесін елемеу — керенаулыққа апарып ұрындырады. Ал керенаулық еш нәрсеге мән бермейтін адам басындағы бақытсыздық, топастық. Ыбырай Алтынсарин «Әке мен бала» әңгімесін үлгі ету арқылы алдын ала осындайлардан сақтандыруды ойластырған.

Еңбек процесі тақырыбына жазылған Ыбырай әңгімелері бірінен-бірі асып түсіп отырады. Бірін-бірі қайталамайды, әрқайсысының өзіндік қызықты және тәрбиелік күшті жақтары бар. Мұны оқыған бала әрқашан пайдалы, өнегелі істерге үйренеді, өнегесіз істерден жирене түседі. Әрқашан ата-анаға болысу борышты міндет деген қорытындыға келеді. Ал баланың өзінің жауапкершілігін түсіну сезімін біле бастауы еңбек етуге төселуден, еңбекті сүйе білуден пайда болады. Бұл әңгімелердің ескірмейтін, тозбайтын өмірлік белгісі осы жақтарында. Еңбек етсең ғана ойлаған мұрадына жетуге болатынын, өмір сүру жеңіл болатынын ескертеті.

«Байлық» деген әңгімеде былай делінген. Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі өлерінің алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астында көмген көп қазынам бар. Соны қазып алсаң, қарның аш болмас, киімсіз болмассың», — депті. Әкесі өлгеннен соң, жетім баласы үйінің айналасын ертенді-кеш қаза береді. Көп машақаттанады. Бірақ әкесі айтқан мол қазынаны таба алмайды. Әбден шаршап, басы дал болып, еңсесі түскен бала көпті көрген бір данышпан қарияға келіп, әкесінің өлердегі өсиетін баяндайды. Данышпан қарт оған: «Балам, сен әкеңнің өсиетін түсінбеген екенсің, оның мәнісі былай. Әкең саған мирасқа жер қалдырыпты. Сол жерді күшің жеткенше күтіп, егін егіп, күз тұқым шашып, еңбек етсең, уақытында өнімін шашпай жинап алсаң, сонда сен байлықтың астында қаласың, көп байлыққа душар боларсың. Аш та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте», — депті. Сонда баласы әкесінің айтқан өсиетіне енді ғана түсініп, соны орындауға кіріскен екен.

Ыбырай Алтынсарин еңбек еткен адамдарды өмір тәжірибе-

сі мол, қандай жұмысқа болса да икемі бар, өздері кіші пейіл, мейірімді және ешқандай арамдық, зұлымдық әрекеттерді білмейтін, қалың бұқараның жайдары өкілі етіп көрсетеді. Ақыл да, терең ой да, оның әр нәрсеге икемділігі де, қиын-қыстау кезеңде жол тапқыштығы да еңбектену арқылы жинақталған өмір тәжірибесінің жемісі екенін білдіреді. Бұған қарама-қарсы еңбекті сүймейтін, ел үстінен күн көретін тоғышарларды, үстем тап өкілдерінің күйректігін суреттейді. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесінде жастайынан шаруаға араласқан, еңбек еткен, жас болса да өмір тәжірибесін көп көрген кедей баласы Үсен көбіне тәжірибеге сүйеніп, ақыл-парасатқа салып, көшкен елдің жаңа қонысын тауып алады. Ата-аналарымен аман, сау табысады. Бұл әңгімеде де екі нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қойып, салыстыра суреттеу методы бар.

Асан кім? Ол — бай баласы. Әке дәулетінің арқасында еш нәрседен хабары жоқ, бейғам өскен ерке бала. Онда ақыл да, өмір тәжірибесі де жоқ. Ол тіпті естіген, білгенін де, көргенін де көңілге тоқымаған, ондайларды қажет көрмеген күйрек бала. Басына ауыртпалық түсіп еді, айқайлап жылаудан басқаға шамасы келмейді.

Үсен кім? Ол — кедей баласы. Өмір мектебінің сара жолдарын өткен, еңбек үстінде шыныққан. Үсен басына түскен қиыншылыққа қайғырмайды, қайта соны жеңіп шығудың амал-тәсілдерін қарастырып, күш жұмсайды. Екі айыр жолға келіп, қайсысына түсерін білмей, дағдарып қалғанда: «Мына сұрлеу бүгін жүрген көштің сұрлеуі екен, малдың жас тезегі бар деп, Үсен тәжірибесі барлығын көрсетіп, жол тауып кетеді. Қарны ашқан Асанға жабайы үйректі қалай ұстаудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Тұзақ құрып ұстап алған үйректі пісіріп жеу үшін отты қалай жағудың да амалын көрсетеді. Үсен өмір тәжірибесін көп көрген адамдардың ақыл-кеңесін еске түсіреді, өзінің білгендеріне сүйенеді. Асанды жұбатқанда немесе бастарына түскен қиын-қыстау істердің қиындығынан құтылудың амал-тәсілдерін іздестіргенде әр сөзін: «Әкем айтушы еді!», — деп бастайды. Еңбек адамдарының тәжірибесін, олардан есітіп-білгендерін өзіне үлгі етеді. Үсен образы еңбек үстінде шыныққан кедей балаларының, еңбекші адамдардың кейпін танытады. Көркемдік бейне — өнердің негізі. Өнер туындысының бәрі де образ арқылы өмір сүреді. Мұнда Үсен образы арқылы қарапайым халық өкілдерінің адамгершілік асқақтығын, олардың рухани байлығы мен жан сұлулығын, ойының адалдығын, адамгершілігін жайып салған. «Нағыз шын, адал және еркін еңбек адамның тұрмысына әсер етеді, егер ондай еңбек болмаған күнде адам өзінің бағасын, адамдық қасиетін жоғалтқан болар еді!», — дейді К. Д. Ушинский.

¹ К. Д. Ушинский. Таңдамалы педагогикалық шығармалар. Оқу-педагогика баспасы, 1945, 99—101-беттер.

Еңбек адамды мол тәжірибеге, ақыл-парасатқа үйрететіндігін Ыбырай Алтынсарин жас өспірімдерге өзінің қызықты әңгімелері, өмір тәжірибесі арқылы танытқан.

Балалар мен жас өспірімдерді өнер-білімге шақыру, отырықшылық тұрмыстың жер кәсібімен айналысудың пайдалы жақтарын түсіндіру, оларға еңбек етудің артықшылығын ұғындырумен қатар, Ыбырай творчествосының көтеретін төртінші мәселесі — балаларды ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы ғана іске асатынын Ыбырай дұрыс түсінген, дұрыс шешкен. Жас балаларға осындай күрделі мәселелерді оңай түсіндіру үшін қызықты жазылған көркем әңгіменің атқаратын ролі күшті екеніне ұлы педагог зор мән берген. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин баланы оқытуда, тәрбиелеуде өзі көтерген мәселенің бәрін де оқушыларына шағын жазылған көркем әңгімелері арқылы жеткізеді. Мысалға ұқыптылық мәселесін алайық.

«Бір уыс мақта» деген әңгімеде әжесі кішкентай қызға: «Қарағым, қикым-сикым болса да киындыны жерге тастама, оның да қажетке асар жері бар», — дейді. Мұны немересі тындамайды. «Әже, осы қикымның еш нәрсеге керекті бола қоймас, — деп, мақтаның қикымн терезеден лақтырып жібереді. Мұны көрген торғай дереу әлгі мақтаны іліп алып, ұясына әкетеді. «Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді», — деді әжесі.

Баланың ой-парасаты, зейіні, ықыласы нақты және реалдық білім арқылы артады дейміз. Бұл әңгіменің құнды жағы сонысында. Әңгіме сондай қысқа болса да, мазмұны терең, шындық өмірді бейнелеген. Мұндай шығарма балалар үшін әрі қызықты, әрі нанымды болатыны осыдан. В. Г. Белинскийдің сөзімен айтқанда: «Мұнда өздерінің кішкентай оқушыларына жауыр болған уағыз сөздер, салқын түрде айтылған ақыл-өсиет, құрғақ әңгімелер жоқ. Қайта өмірді, қозғалысты толық елестетіп, сезімге әсер, бойға жігер беретін, жеңіл тілмен қызықты етіп жазылған әңгімелер мен суреттер бар»¹. Алтынсарин әңгімелерінде бірін-бірі қайталайтын мәселе жоқ, әрқайсысы әр алуан күрделі істің жайын қозғап, оның пайдалы жақтарын баяндайды. Сондықтан бұл әңгімелер өз оқушысын жалықтырмайды, қайта олардың білімін толықтырып отырады. Мұндай әңгімелерді оқыған бала айналасындағы көріністерге тосырқап қарамай, қайта өмірге жақындап, араласа түседі. Қай нәрсеге болса да пайымдылықпен ұқыпты қарайтын болады. Істеген жұмыстарына мән бере бастайды. Баланың әр нәрсеге ұқыпты болуы, оны өзінің

ойлаған мақсатына жеткізеді. Ұқыптылық мәселесі жайында жазылған Ыбырай әңгімелерін оқығанда алатын әсер осындай.

Баланың мейірімді, кіші пейілді, адамгершілік сапасының жоғары тұруы да осы ұқыпты болудан басталады. Ыбырай Алтынсариннің «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімелері де мейірімділік, кіші пейілді болуға, адамгершілік сапаға баулиды. Мейірімді болу — адамның адамға жаны ашуы, бір-біріне қамқоршы болуы, адамгершілік көзқарастың арта түсуін көрсетеді. Баланы жас кезінен осындай игі істерге, жақсы мінездерге, әдептілікке баулиды. Ыбырай Алтынсарин мейірімді, парасатты кісі болып қалыптасудың бұдан да жоғары түрлерін өте нанымды, ақылға сыйарлық, өмірге жанасымды фактілермен суреттеген. Жас баланың жанына әсер беріп, ойына қозғау салады, саналы азамат болуға баулиды.

«Мейірімді бала» деген әңгімесінде де адамгершілік қасиеттің ең жоғары сапасы суреттелген. Қытай елінде ескі заң бойынша біреуді алдағаны үшін, айыпты кісінің қолын кеседі екен. Бір кісі осындай жазаға бұйырылғанда, оның жас қыз баласы патшаға келеді. «Таксыр, патшам, менің әкем жазаға лайық болғаны рас, мінекей, таксыр, әкемнің қолы, — деп, өзінің қолын көтереді. — Бұйырыңыз, таксыр, осы нашар қолын кесіп... балашағаларын асырайтын қолын атама қалдыруға», — дейді әкесін аяған қыз бала.

Әңгіме өте әсерлі жазылған. Егер, тіпті топас адам оқыса да санасына жететіндей ой туғызар еді. Жас баланың адамгершілік санасы сондайлық әділ, адал. Ауыр істерге өзін-өзі қиып, әкесі үшін өз қолын кестіруге ризалық бергеніне ішің елжіреп, оған сүйсінесің. Жап сүйсінерлік мұндай әңгіменің мазмұны мен идеясы баланы ата-анасы алдында, халқы, отаны алдында өз борышын ақтау ісіне үйретуге тәрбиелесіді. Патриоттық сезім дегеніміздің өзі де осыдан келіп шығады. Баланы мейірімді, кіші пейілді болуға тәрбиелеуде бұл әңгімелердің маңызы өте зор, сондай әсерлі. Баланың мұндай мейірбандығы, әкесіне жасаған қамқорлығы, ақылдылығы өмірдің ащы-тұщысын көрген тәрбиелі жастың қимылынан туады. Баладағы мұндай батылдық, қажет болған жағдайда өз өмірін қиюға дайын екенін саналы түрде білдіру — патриоттық күш-қуаттың барлығын танытады. Мұндай жігерлі азаматтар өз отанын сыртқы жаудан қорғауға әрқашан дайын екенін де білдіреді. Бұл әңгіменің жастарымыз үшін тәрбиелік уыты осында. Қарағым, ұқыпты бол, жақсы оқы, қатарыңнан қалма, өз жолдастарыңды сыйлай біл, жасы асқан қарт адамдарға көмектес деген баланы мезгі ететін үйреншікті сөздерді қайталап айта бергеннен де, осы сияқты оқиғалы, мазмұнды, әсерлі әңгімелерді оқыту көп пайдалы болатынын дарынды педагог Ыбырай ерте түсінген. Осындай ізгі қасиеттер мен ерекшеліктерді бойына сіңірген бала әрі мәдениетті, әрі әдепті болып өседі.

¹ В. Г. Белинский. Шығармаларының толық жинағы, V том, 186—199-беттер.

«Пайдалы азамат болуға дайындалған адам ен алдымен адамшылыққа үйренуі тиіс» деген атақты орыс ғалымы Н. И. Пирогов. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының негізгі идеясы, бағыты баланы осы адамгершілік ізгі ниетке тәрбиелеуге бағытталған.

Ыбырай Алтынсарин творчествосының көтерген бесінші мәселесі достық, жолдастық қарым-қатынас жайлары. «Ақымақ дос», «Жаман жолдас» деген әңгімелері осы тақырыпқа арналған. Бұл әңгімелердің негізгі идеясы жаман әдеттен, нашар жолдастан аулақ жүруге үйретеді. Парасатты, жақсы адам әрқашан барлық жағынан да кіршіксіз таза, ізгі ниетті болуға тиісті дегенді қолдайды. Бұл әңгіменің басты қасиеті өмірде әр қили адамдардың болатынынан балаларды сақтандырып отырады. Сонымен қатар, ондай опасыз, тұрақсыз, күйрек болмауға шақырады. Мұның тәрбиелік мәні осында.

Достың да достары бар. Кейбір достар ерекше қамқорлық көрсеткен боп өзінді отқа итереді. Өтірік қамқорсып, біреудің қолымен от көсіп отыратын достар да болады. Сырты момын, іші қу, аңқаусыған ақымақ достар да кейде күтпеген жерде өмірден опық жегізеді. «Сақтықта қорлық жоқ» деген халықтың данышпандық мақалы осындайdan сақ бол дей келіп, жас балаға өмір жолын танытады. Тек жүрсен, тоқ жүресің деген қорытындыға әкеледі.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің көтерген алтыншы мәселесі — баланың тазалығы, денсаулық мәселесі. Баланы тәрбиелеу, оған білім беру үшін алдымен оның саулығын қамтамасыз ету керек деген мәселені алға тартады. «Денсаулық — зор байлық», «Тәні саудың, жаны сау». Саулығы жақсы адам ғана өзінің талаптануымен ойлаған мақсатына жетеді деп ескертеді.

Ыбырай балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мысал етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Балаға қызықты материал іздейді. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Қысық ағаш сияқты қиырайып қалмай, (мысалы «Бақша ағаштары») түзу өсу үшін, алдымен ата-ананың, мектептің айтқанына, тәртібіне, тәрбиесіне мойын ұсыну керектігін ескертеді.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының барлығы да көркем, тілі шебер жазылған. «Сөз әдебиеттің негізгі материалы болып табылады, біздің барлық әсерімізді, сезімімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін — сол. Әдебиет — сөз арқылы сұлу суреттелетін өнер. Классиктердің үйретуінше, сөздің мағынасы және бейнелі әсері неғұрлым қарапайым, неғұрлым айқын, неғұрлым анық болған сайын, табиғат көрінісін, оның адамға ықпалын, адам мінез-құлқын және оның адамдарға қарым-қатынасын суреттеуге, соғұрлым күшті, дәлме-дәл баянды болмақ»¹ — дейді М. Горький.

¹ М. Горький. «Әдебиет туралы». Алматы — 1954, 49-бет.

Тіл мәселесін әңгіме еткенде, көркем әдебиеттің алдына қойылатын маңызды мәселе, Горький айтқандай, ең алдымен сөз қолдану шеберлігі болуға тиісті. Өйткені қандай шумақ, қандай буынды етіп жазғысы келсе де, оның сөз қолдану өнері жетпей тұрса, айтайын деген ойы бытыраңқы, сөзі жасық, өзі әрсіз боп көрінеді. Өйткені тілдің көркемдігі мен шеберлігі алдымен айтайын деген ойдың тереңдігіне байланысты туады. Асыл сөз асыл ойдан шығады. Ой тайыз болса, сөздің көркемдігін жойып, әріп кетіреді. Жазылған шығарма тыңдаушыға ой саралық, пікір айтарлық, адам сезіміне әсер етерлік болмаған соң, оқушы жұрт жақсы қабылдамайды. Көркем әдебиетте сөз қолдану шеберлігін, сөз өнерін әңгіме еткенде алдымен осы жағын негізге алған жөн. Тақырыпты тандап ала білу, өмірдің тереңдігіне үңіліп, оны жан-жақты суреттеп, қызықты, әсерлі етіп көрсете алу — шығарманың әдемі құрылған композициясын, типтік образдарын қамтиды. Өйткені көркем ой көркем сөз тұрады.

Қай ұлттың тілінде болса да мына сөз жақсы, мына сөз жаман деген өлшем жоқ. Ешбір сөз өзінің жамандығынан сөздік қордан не қолданудан шығып қалған емес. Барлық ұлттың тілінде де барлық сөз орнын тауып қолдана білуіне қарай өте шебер болып көрінеді. Егер әр сөздің орнын тауып қолдана білмесе, әрине, Абай айтқандай, оның бірі жамау, бірі құрау болып, асыл сөздің мағынасын әлсіретіп жіберген болар еді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының ескірмей, әрқашан қажетке асып, тың тыныс тауып, мол әсерге не болып, балаларды қызықтырып отыратыны да осыдан. Шебер сөз терең оймен астасып жатқанда ғана адам сезіміне әсер беріп, көркемдік қасиетке ие болады. Өйткені тілдің түсініктілігі — айқын пікірдің нәтижесі, ал айқын пікір сөзсіз айқын форма тудызады.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының көбі балаларға арналғандықтан, алдымен оның тілі жеңіл болуын қарастырған. Оны қарапайым, халықтық тілмен жазған. Осы кездерде, одан бұрын да қазақ әдебиетіне араласып, шұбарлай бастаған араб, фарсы, татар, шағатай тілдері Ыбырай Алтынсарин шығармаларына енген емес. Діни сөздер мүлде кездеспейді. Ол қазақ әдеби тілінің тұтастығы мен тазалығы үшін күрескен. Ыбырай шығармаларының аса құнды жақтары осы еді. Баланың ұғымына қиын тиетін бірде-бір түсініксіз ауыр сөздер жоқ. Екіншіден, сөйлем орамдары мейлінше қысқа, көбіне жай сөйлемдер болып келеді. Үшіншіден, жазылған әңгімелерінің көлемі шағын. Төртіншіден, оқиға желісі баланы жалықтырмайтын қысқа, әрі жеңіл, әрі қызықты болып келеді. Нысанға тиетін ойларды дәл айтады, бос сөзділік, артық суреттемелер жоқ.

«Балалар кітаптарының беттерін енді дерексіз моральдық еснеттер, қиялдан шыққан сандырақтар, елжіреген бос сөздер толтырмауға тиіс. Оларға дүние мен адам туралы дұрыс мәліметтер беріліп, шындық өмірдің әңгімелері айтылуға тиіс, қо-

ғамды қазір толықтырып отырған және қазіргі балалар өмірге аяқ басысымен кездесетін мәселелер түсіндірілуі керек»¹ дейді Н. А. Добролюбов. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының барлығы да Н. А. Добролюбов айтқандай, осы талаптарға сай берілген. Онда асыра бағаланған, бұра суреттеген бірде-бір шығарма кездеспейді. Өйткені бала дәлдікті, әділдікті сүйетінін ұлы педагогтар мен жазушылар жақсы түсінген. Бұл жайттарды олар көп зерттеген.

Қорыта айтқанда, балаларға арналған көркем әдебиет Ыбырай Алтынсарин жазғандай жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуға тиіс.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

(1845—1904)

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДА АБАЙ РОЛІ

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев 1845 жылы қазіргі Семей облысына қарасты Шығыс тауының бөктерінде дүниеге келді. Ақынның әкесі Құнанбай ірі бай, әйгілі ру басы болған. Құнанбай бастапқыда, ауыл молдаларынан ескіше хат тани бастаған Абайды он жасында Семейге алып келіп, медресеге (діни оқу орнына) береді. Медреседегі дін сабақтары араб, парсы, татар тілдерінде жүретін. Мұның өзі жастайынан өлең-жырға әуес жас Абайға шығыс халықтарының атақты ақындары Фердауси, Саади, Низами, Фазли, Навондин¹ шығармаларын оқуға мүмкіндік береді. Медреседе оқып жүрген кезінің өзінде-ақ Абай осы ақындарға еліктеп, бірен-саран өлеңдер жазады.

Семейде болған кезінде Абай өз талабымен бастауыш орыс мектебінде (приходская школаға) түседі. Сөйтіп, ол орысша хат танып, орыс тілінде жазылған кітаптарды өздігінен оқи алатын дәрежеге көтеріледі. Орыстың ғылымы мен мәдениетіне бет бұрған Абайдың бұл игі қадамы ұзаққа созылмайды. Орыс мектебінде ол үш айдай ғана оқиды. Абай он үшке келісімен әкесі оны оқудан шығарып, жастайынан билікке баулу, өзінің көмекші із басары етіп әзірлеу мақсатымен Шығысқа алып кетеді. Сөйтіп, оқуға зерек, білімге барынша құштар жас талапкердің мектепте бар оқығаны Семейде өткен осы үш жыл болды.

Абай қаршадайынан ел ісіне араласа жүріп, әкесі сияқты аузы би-болыстардың билікке таласқанын да, қалың көпшілікке жасаған озбырлық сұрқия әрекеттерін де, ел арасының ескідеп қалған ру тартысы, барымта таласы тәрізді дауы мол, шымшытырық, талас-жанжалдарды да, қазақ кедейлерінің қараңғы қапастағы ауыр азапты тұрмысын да көзімен көреді. Осының бәрі Абайдың әділетсіздіктен жиренуіне, өзі шыққан ортадан түңілуіне себепші болады. Бұл кез Абайдың өмір тануына көп жәрдемін тигізгенімен, оның жастайынан талап қылған ақындық өнермен айналысуына мол мүмкіндік бермейді. Дегенмен ел ішінің дау-жанжалына, талас-тартысына қатысу, кейде билік

¹ Н. А. Добролюбов. «Балалар туралы шолу» деген мақаласының. Шығармаларының III томы, 565-бет.

¹ Фердауси (934—1020), Саади (1184—1291) — парсы, төжік халықтарының ұлы ақындары. Низами (1141—1203), Фазли (1502—1552) азербайжан халқының ұлы ақындары. Навои (1441—1501) — өзбек халқының ұлы ақыны.

сөзге араласу оның шешендік қабілетін, сөзге ұсталайын ұштай түседі. Оның үстіне өз тұсындағы халықтың дарынды акын-жырауларының, әнші-композиторларының, басқа дарын иелерінің өнерін тыңдау, көру, бай ауыз әдебиетінің әр алуан өрнегімен танысу Абайдың ақындық жанына игі әсер етеді. Бұған қоса ол өздігінен орыс әдебиеті шығармаларын оқуға талаптанады. Осы жағынан алғанда, Абайдың отыз отыз бестерге дейінгі өмірі оның кейінгі үлкен ақындық жолының дайындығындай болады.

Абай осы кезден бастап, елдің ішкі ісінен бүтіндей қол үзіп, өлең жазу ісімен тікелей айналысады. Ол өз өлеңдерімен мәдениеттен кенже қалған қазақ халқының басындағы надандық пен қараңғылықтың қара шымалдығын сыпырып тастауға ұмтылады.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре-тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,—

деп, өзінің босқа кеткен уақытына үлкен өкініш білдіре, жастарды оқуға, білімге, орыс халқының озық мәдениетінен үйренуге, үлгі алуға шақырады. Бұл тақырыпта «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» өлеңдерін жазады. Бұл өлеңдерінің қай-қайсысында да ұлы ақын жас шаңырақтарды өнер-білім алып, өмірдің іргелі қабырғасының пайдалы кірпіші болуға үндейді.

Абай өз заманының батыл сыншысы, жауыздық атаулының бәріне де қарсы күресуші, әділеттіктің қажымас дабылшысы болды. Ескіліктің шырмауында талант-тараж болған елді бірлікке, адал кәсіп, еңбекке уағыздады. Қысы-жазы бай малының соңында аянышты өмір кешкен кедей-жалшынның мүсіркеп, оны аяусыз қанап отырған бай, би, болыс, атқамінер әкімдерді өзінің ұятты мысқылының нысанасы етті. Абай «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысын» деген өлеңдерінде патша өкіметінің шен-шекіне мәз болып, «арқаға ұлық қаққанға» ар-ұяттың сатып, адамшылықтан безген үстем тап өкілдерін елтіре сынады. «Күз», «Қараша, жел тоқсан мен сол бір екі ай» өлеңдерінде ақын қазақ аулындағы таптық қайшылықтың бетін ашып береді.

Абай надандыққа, ол туғызып отырған жағымсыз қылықтардың бәріне атымен қас болды. «Бойы бұлғаң», «Сабырсыз, арыс, еріншек», «Серіз аяқ» өлеңдерінде ақын жаман әдет, ұнамсыз қылық, мәдениетсіздікті сын найзасына түйрейді. Абай өзінің ақындық өнерін халыққа қызмет етуге, оның санасын оятып, көкірек-көзін ашуға арнады. Мұны оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінің атынан-ақ айқын көреміз.

Ұлы ақын өлеңді түр, мазмұн жағынан байытуға да өлшеусіз еңбек сіңіреді. Мысалы: қазақ ақындарында (Ыбырайды айтпа-

ғанда) Абайдан бұрын табиғаттың сұлу көркін суреттеу дәстүрі кең етек алмаған болатын. Абайдың «Қыс», «Жазғытұрым», «Жазды күн шілде болғанда» өлеңдері бұл саладағы тың бастама еді. Абайдан бұрынғы өлеңдердің көбі қара өлең ұйқасымен не жыр түрінде жазылса, Абай өлең ұйқасына, оның буын өлшемін көптеген жаңалықтар енгізді.

Абай қазақ халқының ұлы орыс мәдениетімен жақындастыру бағытында көп еңбек етті. Абай орыстың атақты ақын-жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ жұртшылығына таныстырды. Крыловтың: «Қарға мен түлкі», «Шегіртке мен құмырсқа», «Өгіз бен бақа», «Есек пен бұлбұл» мысалдарын, Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін, Лермонтовтың бірсыпыра өлеңдерін аударды.

Абай — зор ақындық дарынның несі болумен қатар, үлкен әнші, композитор да болды. «Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Өзгеге көңілім тойарсын» сияқты сөзін өзі жазып, әнін өзі шығарған өлеңдері өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ даласына тарайды.

Абай 1904 жылы алпыс жасқа қараған шағында қайтыс болды. Оның денесі Шыңғыс тауының Жидебай алқабындағы өз қыстауының қасына, өзінің туып өскен жеріне қойылды.

Абай ғылым туралы XIX ғасырдың ұлы ақыны, ойшыл қоғам қайраткері, қазақ халқы ағартушыларының бірі — Абай Құнанбаев өзі педагог болмаса да, Ыбырай Алтынсарин сияқты баланы оқытуға, тәрбиелеуге көп көңіл бөлген, оған зор мән бере білген ақын. Баланы оқытудың да белгілі мақсаттары, алдарына қоятын тілектері барын айтқан. «Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім»,— дейді Абай.

Халық үшін туған ұл халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды.

Абай халықтың болашақ тарихының жаңа қауымына, жас өспірімдерге арнап бірталай өлеңдер жазды, ғақлия сөздер айтты. Жас өспірімдерді өнер-білімге шақырды. Абай өз өлеңдерін еріккеннің ермегі еткісі келмей, жастарға үлгі-өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп отырған:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,—

дейді. Абайдың жас өспірімдерге үлгі-өнеге көрсетуі ең әуелі олардың көңіл күйін оятуға күш жұмсаудан басталады. Өйткені бала жүрегі жақсылыққа құмар.

Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер;
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Жас өспірімдерге үлгі-өнеге аларлық насихат Абай өлеңдерінің әрбір жолынан табылады. Ол тек құрғақ насихат емес, өмір шындығына, өмірдің қызығы мен шындығы, дүниенің кілті ұлы орыс халқында, болашаққа көзінді ашатын да солар, сондықтан олардан үйрену керек деп ашықтан-ашық айтты. Осы идеяларды іске асыру үшін Абай мұны да өз шығармаларының негізгі арқауы етті. «Әсемпаз болма әрнеге» (1894) деген өлеңінде Абай жас өспірімдерді өнер-білімге шақырады.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалаң.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалаң, —

деп, жас өспірімдерге ақыл айтып, жөн сілтейді. Бұл өлеңде жас өспірімдердің ойына қозғау саларлық, ақыл берерлік, көңіл оятарлық терең ой жатыр. Олардың жарқын болашағына жөн сілтейтін тамаша пікір жатыр.

Абай әрбір жас азамат өз алдына белгілі мақсат қойып, сол мақсатты орындау жолында барлық күш-қуатын, жігер-қайратын соған жұмсап, табандылықпен соның мүддесіне шығу үшін күресу керектігін түсіндіреді. Кімнің болса да азаматтығы оның істеген жұмысының қорытындысынан көрінісін. Ол сонда ғана қоғамға еңбек еткен кісі боп саналады. Ол сонда ғана еңбегінің пірілігін көреді. Көрсө қызарлықпен әр нәрсеге бір соқтығып, одан ешқандай нәтиже шығармай, берекесіздікке ұрына берсе, ол өзінің азаматтығын жоғалтты дегенді ескертеді. «Әсіре қызыл тез оңар» деген осындай тиянағы жоқ берекесіздіктен келіп шығады дегенді аңғартады.

«Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сұнып, екінші өз қайратына сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды»¹ дейді Абай. Белгілі мамандыққа, өнерге, шаруашылықтың әр жакты жұмыстарына икемді болу — тек қана еңбектенудің арқасында ғана болатынын ескертеді. Осы жағынан қарағанда Абайдың бұл өлеңдері тек үлкендер үшін емес, көбінесе жастарға, жас өспірімдер мен балаларға айтылған ақыл сөз. Абайдың осы өлеңіндегі әрбір сөз баланы талапты болуға, өмірге жанасымды, икемді болуға шақырады. Қайрат пен ақыл, қажымай, талмай ізденушілік, ерінбей еңбек ету адамды ойлаған мақсатына жеткізеді деп кеңес береді. Оңай олжаға тап болуды көздеушілік, ар-ұятын жасырып, еңбексіз күн көруді мақсат ету — адамды азғындатады. Сондықтан:

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, Алматы, 1954, 192-бет.

Ақыры жүріп анық бас,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға, —

деп қорытынды жасайды. Баланы тәрбиелеу, өсіру жеңіл-желпі іс емес екенін ескертеді. Абай осы өлеңінде тек баланы оқытуды, мәдениетті елдерден үлгі-өнеге алуды ғана айтып қоймаған, сонымен қатар, бала тәрбиелеудегі ата-ананың ролін де көрсетеді. «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деп, бала тәрбиелеу ата-аналар алдындағы ең жауапты міндет екенін ескертеді. Балаға қарағанда, үлкен адамдардың өмірден көргені мен білгені, үйренгені көп, тым болмаса, соның өнегелі жактарын жас өспірімдерге үйретіп отыру басты міндетке айналсын деген талаптар қояды. Сондықтан да Абай:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз, —

деп үндейді. Өйткені бала өздігінен білім ала алмайды. Олар ізгі мақсатқа — көру, үйрену, оқу, жақсы тәрбиелену арқылы ғана жететінін ата-анаға ескертеді: «Ғылым, білімді әуел бастан бала ізденіп жатпайды, басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек. Үйрене келе өзі іздегендей болғанша, қашан ғылым-білімді махаббатпенен көксерлік болғанша үйрету керек»¹ дейді Абай. Абай өлеңдерінің үлкендер мен жас өспірімдерге бірдей қызмет ете алатын екі жакты тамаша қасиеті осынысында.

«Интернатта оқып жүр» (1886) деген өлеңінде де шенге, шекпенге, бақ құмарлыққа бола оқитындарды әшкерелейді. Жас шәкіртті ғылым иесі болуға шақырады. Ынтады, талапты болмай, еңбек етпей ғылым өздігінен келмейтінін айтады. Бас пайдан үшін емес, әр үшін, адамгершілік үшін, халық ұлы болу үшін оқу керек дегенді әрқашан ескертіп отырады.

Пайда ойлама, әр ойла,
Талап қыл артық білуге!
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге, —

дейді. Жас өспірімдерге жігер-қайрат, күш-қуат бере жырлайды. Баланың ақыл-ойының дамуына қозғау салады. М. Горький: «Жазушы әр уақытта оқушылардың өмірге белсенділігін арттыра түсуге, оларды өз күштеріне, өз қабілетіне сенушілікке... өмірдің ұлы мағынасын, еңбектің қуанышты зор маңызын түсінуге кедергі болған өз бойындағы және өзінен тысқарғы бөгеттерді

¹ Сонда, 42-бет.

жеңіп, шығатындығына оқушылардың көзін жеткізуге тиіс»¹ дей келіп, шығармалардың тәрбиелік жақтары осындай дәрежеде болсын деген талаптар қояды. Жас өспірімдерге арналған Абай өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та осы қойылған талаптарға сай, тәрбиелік жақтары мол, жастардың өмірге белсенділігін арттыра түсетін құнды еңбектер боп табылады.

«Ғылым таппай мақтанба» (1886) деген өлеңінде Абай өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ ғылымның жауы, талаптану, еңбек ету, терең ойлау, әр нәрсенің байыбына жетіп іс істеу адамгершілік белгісі деп үйретеді. Ұлы ақын өсіресе баланы жас кезінен бастап өтірік айтпауға дағдыландыру керектігін ескертеді, өйткені баланың алғашқы бұзылуы оның өтірік айтуынан басталады. Өзінің ата-анасын алдайды. Ата-анасын алдаған бала басқаны да аямайды. Баланың өтірік айтуы, алдауы өсе келе опасыздыққа әкеліп ұрындырады. Өтірік айтатын бала бірді-бірге соқтыратын өсекшіл де болады. Сондықтан тәрбие жұмысы ең алдымен баланы әділетшіл болуға үйретуден басталуға тиіс деген қорытындыға келеді.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге!

Ыбырай Алтынсарин сияқты, Абай да балаларды өнер-білімге көп үндеген:

Ғылым болмай немене,
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеніз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеніз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеніз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз, — деп

білім алудың неше алуан жолдарын көрсеткен. Байлықтың түп қазығы—өнерлі, білімді азамат болуда деп, ғылым алу жолындағы барлық қиындықтардан қорықпай, оны жеңе білуге шақырды. Еңбекпен, зейін-ықыласпен ұзақ сарылып, соған беріле ізденген кісі білім алатынын айтқан: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды»² дейді Абай.

¹ М. Горький. Эстетика туралы, Алматы, 1954.

² Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, Алматы, 1954, 36 бет.

Абайдың бұл пікірі Н. Г. Чернышевскийдің білім жайында айтқан пікірімен ұштасады. «Білім — адам үшін ең ұлы дәулет. Білімсіз адам бақытсыз әрі кедей, әрі тұрпайы. Ағартушылық халыққа тәуір тұрмыс пен даңқ әпереді»¹ дейді Н. Г. Чернышевский.

Жас өспірімдерге білім жайын түсіндіруде, оларды ұлы прогреске бастауда Абай өлеңдері балалар әдебиетінен үздік орын алатыны осындай ерекшеліктерінен көрінді. Сонымен қатар, алған білімнің халық игілігіне айналып, халық алдында қызмет етуге арналсын дегенді де Абай алдын ала ескерткен:

Өзін үшін үйренсен,
Жамандықтан жиренсен,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсен,
Біреу білмес, сен білсен,
Білгеніңнің бәрі тұл, —

дей отырып, адам болуда неден алыс болып, неге қарай ұмтылу жолдарын айтады. Өмір жолдарын үйретеді.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз,
Тілеуін, өмірін алдында.
Оған қайғы жесеңіз,
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс көнсеңіз.

Ұлы ақынның өлеңдерімен қатар, оқуды, өнер-білім мәселесін толық қамтитын, тәрбиелік мәні зор, жастарға үлгі-өнеге көрсетерлік публицистикалық қара сөздері де балалар әдебиетінен үлкен орын алады. Абайдың: «Екінші», «Жетінші», «Сегізінші», «Оныншы», «Он сегізінші», «Жиырма бесінші», «Он жетінші», «Отыз екінші», «Отыз үшінші», «Отыз жетінші», «Отыз сегізінші», «Қырық үшінші» сөздері халық ағарту мәселесін көтереді. Біз балалар әдебиеті дегенде, оны мектептен, өнер білімнен, халық ағарту ісінен бөліп қарамаймыз. Бұлардың бәрі де бір арнаға құятын, бір-біріне тығыз байланысты. Бірін-бірі толықтырып отыратын мақсаты мен идеясы бір нәрсе.

Абай, біріншіден, ғылымның қандай саласы болса да халықтың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болсын дегенді құптайды.

¹ Н. Г. Чернышевский, т. I, стр. 180.

Екіншіден, білім жолы тек бас пайданы ойлау үшін, айтыс-тартыстарда үздік болып отыруды көздеу үшін алынбауға тиіс. «Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бақасқа бола үйренбе, азырақ бақас көңіліңді пысықтырмақ үшін залалды емес, көбірек бақас адамды түземек түгіл, бұзады»¹ дейді. Әрбір айтыс-тартыс шындықтың бетін ашуға бағытталмай, тек өзінің қарсы адамын қалай да жеңіп шығуды, мұқатуды көздейтін айтысқа айналса, ондай айтыс кісінің беделін жойып, өзін бақытсыздыққа душар етеді. Ғылым жолына түскен жас өспірімдер оны ғылымдық дәрежеде ұстасын, зұлымдыққа айналдырмасын деп Абай жар салған.

Үшіншіден, ғылымды толық игеру үшін Абай әрқашан басқалармен ойласып, пікірлесіп, олардан білмегенінді сұрап отыруды ұсынды. Ғылым жолына түскен адам өзінің жақсы ықпалын, әр нәрсеге икемділігі, бейімі барлығын өз тұсынан көрсетіп, өзін-өзі сол нәрсеге итермелеп, қамшылап отырудың қажеттігін айтқан. Өз тұсынан талаптанбаса, басқаның күштеуі адамға онша көп дари бермейді.

Төртіншіден, ғылым жолына түскен адамда «уайымсыздық, салғырттық» болмау керек дейді Абай. Ақылды да, ардың да, дәулеттің де, ізеттіліктің де, бақытты болудың да жолына кесекөзденең тұратын екі нәрсе осы деп біледі. Жас өспірімдерді көбіне уайымсыздық пен салғырттықтан сақ болуға шақырады.

«Бесінші, ғылымда ақылды сақтайтын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын. Көрсө қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң, оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың...» — дейді Абай жиырма бесінші сөзінде. «Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет. Мына мен айтқан жол — мал аяйтын жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң — бала болсын десең, оқыт, мал аяма» — дейді. Міне, осының бәрі жас өспірімдер үшін пайдалы, өнегелі сөздер. Оларға әрқашан мұндай данышпандық ойларды түсіндіріп, бойларына сіңіріп айтып отыру — тәрбиенің абзал ісі.

Абай өлеңдерінде табиғат пен жан-жануарлардың суреттелуі

Балалар әдебиеті — эстетикалық тәрбиенің құралы екеніне Абай зор мән берген. Әдебиет жас өспірімдердің сезім дүниесін тәрбиелейтін, талғамын, байқағыштық қабілетін оятатын өмір оқулығы деп түсінген. Абай жылдың төрт мезгілін, табиғаттың әсем көріністерін адам өмірімен тығыз байланыстыра суреттеу арқылы оны жас өспірімдерге тіршілік тірегі деп түсіндірді. Адам өзіне қажетті барлық заттарды, жаратылысты зерттеу, игеру арқылы табатынын, адам соған байланысты екенін суреттеген.

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, Алматы, 1954, 204-бет.

«Сіз оларды тамаша дүниенің шексіз әр алуан құбылыстарымен таныстыра отырып, олардың білімдерін байыта аласыз, олардың өмір шындығына көзқарасын кеңейте аласыз... Ал ол үшін балаларға арнап бүкіл дүниеге, бүкіл табиғатқа жан беріп, меніреу тасты да, қырдың қылтаңағын да, сарқыраған бұлақты да, майда қоңыр желді де, гүл үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілік тілмен, өмір тілімен сөйлету керек»¹ деп, ұлы орыс халқының атақты сыншысы Белинский айтқандай, Абай өлеңдерінің балаларға лайықты әсем түрлері алдымен осы табиғат байлығын танытумен, оны адам өмірімен, тіршілік тірегімен байланыстыра суреттеуден басталады. Өйткені «Қай жерде өмір болса, сол жерде поэзия бар» деп А. С. Пушкин айтқандай, Абай да көркемдікті қабылдаудың, сүйсінуудің қайнар бұлағы өмірдің өзі деп түсінген. Оның бәрі де еңбек процесі арқылы туатынын жақсы білген.

Абай жылдың төрт мезгілін еңбек процесіне, қимыл, әрекетке байланыстыра суреттеген. Ол тек пейзаждық көркем көрініс емес, адам өмір тіршілігімен тығыз байланысты түрде сүйкімді, нәрзі көрінеді. Сондықтан жас өспірімдер адам тіршілігімен тығыз байланыстыра суреттеген Абайдың «Қыс», «Жаз», «Күз», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңдерін аса қадірлеп, сүйіп оқиды.

Табиғаттың әсем көріністерін суреттеуде қолданған Абайдың шешен тілі, сөздік құрамы, әсем теңеулері балаларды таңтамаша етеді. Соған сүйсінеді, сүйсінерлік істен үлгі алады. «Абайдың өмірді аңсаған, өмірді баяндаған поэзиясы сиқырлап бойды алатын адамгершіл лирикасы, өмір сүйгіш жүректің арманын білдірген оның табиғат, жыл мезгілі, сұлу қыз, құс салу, ат, достық пен махаббат туралы тамаша өлеңдері — эстетикалық ләззаттың сарқылмас бұлағы»² деп профессор М. Каратаев айтқандай, жас өспірімдер де Абайдың өмірлі өлеңдерінен эстетикалық ләззат, рухани азық алды. 1888 жылы жазған «Қыс» деген өлеңінде Абай жылдың бір мезгілін былай суреттеген:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы үскірік аяз бен қар,
Көрі құдаң қыс келіп әлек салды.

Адам бейнесінде суреттеп айтылған өлеңнің кішкентай осы үзіндісін оқығанда-ақ, оқушы көз алдына бірден аяз атаны елестетеді. Бұл өлең осыдан 86 жыл бұрын жазылса да, мал шаруашылығын бұрынғыдан көп ілгері өркендетіп отырған біздің қазіргі

¹ В. Г. Белинский. Шығармаларының толық жинағы, V том, 188—199-беттер.
² М. Каратаев. «Өнерпаз болсаң арқалаң», Алматы, 1960, 52-бет.

социалистік өмірімізбен тығыз байланысты екенім, әрқашан ұқыптылыққа, жинақтылыққа үйреткенін көреміз. Оның өлмес-тік ең басты қасиеті де сонысында. Осы өлеңнің соңында Абай:

Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылама итке малды.
Соңыға малды жайып күзетіндер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз камалды,—

деп, малшыларды одан бетер жігерлендіре түседі. «Жау жаға-дан алғанда, бөрі етекпен тартады» дегендей, қыстың ызғарлы, боранды сұрапылмен қоса, бір жағынан қасқырдың да шабуы-лы елді алаңдатып қоятын дажал екенін сақтандыра, еске са-лады. «Көрі құда» сияқты қыстың ызғарлы сұрапылынан малды қалай аман алып шығудың жолын үйретеді. Әрине, жаратылыс сұрапылына қарсы күресетін адам болғандықтан, «Ұйқы өлтір-мес, қайрат қыл, бұз камалды» деп, соған қарсы тұруға, қарсы тұрып жеңіп шығуға үндейді. Еңбек адамдары түбінде жара-тылыс сұрапылдарын қалай да жеңіп шыға алатынына Абай ешқашан күмәнданған емес. Өлеңнің ең күшті, ең күдіретті жа-ғы осынысында. Адамға сенімді арттыра сөйлеу — оны рухтан-дыра білудің, жігерлендіре берудің бірден-бір дұрыс жолы, дұрыс әдісі деп білеміз. Қыстың пейзаждық көркем сипатымен бірге, оның осындай терең мазмұны бар. Балалар әдебиеті деген-де, жас жанды рухтандыра білетін оның қасиеттері, оларды қы-зықтыра білетін осындай ерекшеліктері болатынын айтпақпыз.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отыратын жағы оның дәлді-гі мен көркемдігінде. Бұл өлеңді оқыған балалар, біріншіден, қыстың қаһарлы қысымынан сақтандыра айтылған оның ішкі мазмұнына да ой жібереді. Екіншіден, қазіргі жастарымыз қо-ғамдық мал шаруашылығын қыстан шығынсыз аман алып шығудың амал-тәсілдерін қарастыруды ойлайды. Үшіншіден, мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру жолында қажыр-лықпен еңбек етуге үйретеді. Баланы іс-әрекетке тәрбиелей-ді. «...Табиғат құбылысын адам характерімен салыстыра сурет-тесе, табиғатқа да жан бітіп, жадырап жүре береді»¹ дейді А. П. Чехов.

Абай өлеңдерінде жылдың қай мезгілі суреттелсе де, ол тек-тен-тек айтыла салған жай өлең емес. Бұл өлеңдерді оқығанда жас өспірімдер өмірмен, іспен, жаратылыстың ішкі сырымен та-нысады. «Жазғытұрым» өлеңін Абай табиғатқа жан бере, өмір тілімен суреттеген. Меніреу тасты да, қырдың қылтаңағын да, сарқыраған бұлақты да, майда қоңыр желді де, гүл үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілік тілімен, өмір тілімен сөйлете білген:

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат антала-са,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.
Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбыр қағып, бұрандап ағады су.

Мұнда табиғаттың әсем, сұлу көріністерін суреттеу арқылы, Абай жас өспірімдердің білімдерін байыта алады, олардың өмір шындығына көзқарасын кеңейтеді. Сонымен қатар өз елінің қадіріне бала сүйіспеншілігін арттыра түседі. Өз елінің қаді-ріне түсінген бала сол елдің нағыз патриоты болып тәрбиеле-неді. Өйткені табиғаттың әсем, сұлу көріністерін сипаттау эсте-тикалық тәрбиенің бір түрі.

Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек, —

деген суреттемелердің әсемдігі жан-жануарлар тіршілігінің сәу-летті көріністерін бейнелейді. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты. Өйткені көркемдікке тәрбие-леу — баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Эстетикалық тәрбие өнердің барлық салаларында да шеберлер жасаған көркем әдебиеттің аса құнды шығармаларын балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рақаттанып ләззат алуын дамытады. Осындай әсемдіктің сұлу көріністерінің тағы бір түрі Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінен табылады.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы. —
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Табиғаттағы сұлулық адамның еркінен тыс. Кісіні таң-тамаша қалдырып, рақатқа бөлейтін оның мінсіз сұлулығын адам ғана түсіне алады. Тек адам үшін ғана ол жасампаз еңбектің, творче-стволық шабыттың қайнар көзі болмақ. Абай жаратылыс әсем-

¹ А. П. Чехов. А. П. Чеховаға жазған хатынан. Қазақ әдебиеті газеті, 1958, № 36, 5 сентабрь.

дігіне ерекше мән бере білгені оның осындай ерекшеліктерінен байқалатын еді. Балалар поэзиясында Абай табиғат құбылыстарына өзгеше мән бере келіп, пейзаждық суреттемелерді балалар поэзиясының өзіне тән ерекшелігі етіп көрсетті. Өйткені эстетикалық тәрбиенің ең басты құралы осы пейзаждық суреттемелерден басталады, бұған түсінбейтін, бұған сүйсінбейтін бала жоқ. Абай «Жаз» деген өлеңінде:

Жаздығұн шілде болғанда,
Көкорай-шалғын бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап
Ат, айғырлар, биелер,
Бүйірі шығып ықылдап.
Арасында құлын, тай,
Айнала шауып бұлтылдап,—

деп суреттейді. Міне, осында қанша өмір, қаншама табиғи құбылыстар, жан сүйсінерлік қандай тамаша эстетикалық көріністер бар. Мұнда табиғаттың сәнді ұлылығы, сұлулығы мал баққан шаруалар тіршілігімен үндесіп, адамның шексіз, әсем әлемге араласуы біздерді еріксіз өзіне баурап алады. Осының бәрі де жас өспірімдер үшін өмір танытарлық дүние. Осының бәрі де өмірдің байырғы типтік көріністері. Жаз жайлауы көз алдында тұрғандай сезінесің. Пейзаждық сурет балалар поэзиясының ең басты ерекшелігі дейтініміз, оның осындай жеңіл де айқын көріністерінен байқалады. Өйткені мұның бәрі де балалардың күнделікті көріп, біліп, араласып жүрген өздеріне таныс, ауыл тіршілігіне жақын дүниелер. Оны Абайдың «Күз» деген өлеңінен де айқын көреміз:

Сұр бұлт түсі суық, қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін, тойғаны ма, тонғаны ма? —
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, құрай.

Пейзаж кейіпкерлер өміріндегі оқиғаларды жандандырып, әрлендіріп жіберетіні де осы үзіндіден айқын көрінеді. Осының барлығы да балалардың сезіміне терең әсер етеді. Сөйтіп, дүниедегі не бір жақсымен таныстыру арқасында дамыған эстетикалық тәрбие адамгершілік тәрбиеге ұштасады. Балаңыз өзің-өзі ұстай білуінде, оның істеген әрекеттерінде, жұмысында, жү-

ріс-тұрысында эстетикалық мәнерлер пайда болады. Балаларда талғампаздық, байқағыштық қасиеттер қабілеттілігі күшті болған жағдайда ғана ол өзінің айналасып, көрген-білгенінің барлық егжей-тегжейін байыптылықпен қарай алатын болады.

Біз жас өспірімдерге көркемдік-эстетикалық тәрбие берудегі балалар әдебиетінің ролі дегенде, оны мектепте, өнер-білімнен, халық ағарту істерінен бөліп қарамаймыз. Өйткені осының бәрі де бала тәрбиелеуде біріне-бірі байланысты, бірін-бірі толықтырып отыратын тұтас нәрсе. Бұлардың мақсаты мен идеясы бір-ақ мәселені қамтиды. Ол — бала тәрбиелеу мәселесі.

Жылдың төрт мезгілі жайында жазылған Абай өлеңдеріндегі тағы бір өзгешелік — мұнда табиғат ісіне көмектесе алатын пайдалы және аса қажетті жақтары бар. Алдымен мұнда айнала төнірекке, табиғаттағы жан-жануарлардың өмір тіршілігіне зер салуға үйретеді. Жалық дала, кең-байтақ көк мыйсалы жазирада көкке көтеріліп, боз торғайлар шырқаса, қалың орман, тоғайлар мен миуалы бақтар арасында отырып бұлбұлардың сайрайтыны, қорым жартас пен тау қойнауларының арасында байғыз, көкек, жапалақ, үкілердің үн қосып отыратыны айтылады. Сонда қай жәндік қай жерлерде, қалай тіршілік ететініне дейін рет-ретімен түгел сипатталған. Абай өлеңдерінің балалар үшін қызықты жақтары осында. «Жаратылыс логикасы, менің ойымша, балаға ең жеңіл түсінік, пайдалы логика болады»¹ дейді К. Д. Ушинский.

Абайдың байқағыштық, талғампаздық қабілеті күшті де өткір. Ол қай нәрсенің болса да ерекшеліктерін, тым ұсақ өзгешеліктеріне дейін таба білген, егжей-тегжейіне дейін қараған. Оны аса көркем тілмен, орамды ықшам тенеулермен сүйсіндіре айтып берген. Тайға таңба басқандай нанымды суреттеген, нені суреттесе де жас өспірімдердің қабілетіне сай, түсінуіне жеңіл етіп берген.

Абайдың аттың сынын сипаттайтын өлеңі жас өспірімдерді таң-тамаша қалдырады. Көре жүріп байқамайтын жақтарын аңғартады, еске түсіреді. Қай нәрсеге болса да байыпты, зейінді қарауға үйретеді. Әр нәрсенің жақсы-жаман жақтарын таба білуге, сынап білуге, байқай білуге баулиды. Өйткені талғампаздық қасиет өзіне-өзі және басқаға үлкен талап қоя білуге жаттықтырады. Бұл өлеңнің мақсаты тек сыртқы көріністі, сымбатты тұлғамы суреттеу емес, оның ішкі сыры, терең мазмұны осындай ерекшеліктерінде. Жоғарғы пікірлерімізді дәлелдеу үшін, аса қажетті болғандықтан, үлгі ретінде ұлы ақынның осы өлеңін толық беруді жөн көрдік:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Кой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды.
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

¹ К. Д. Ушинский. Таңдамалы педагогикалық шығармалары, 1945.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жөталы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ.
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғары сіңірлі, аяғы тік.
Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Көркемдік бейне — өнердің негізі дейтін болсақ, ұлы ақынның суреттеуіндегі аттың сыны көңіл күйін сергітіп, өзінді бейне бір тұлпар үстінде самғап бара жатқандай сезіндіреді. Аттың сынында көркем бейнелердің қайталанбас жиынтығы, жылқыға біткен сұлулықтың және мықтылықтың тамаша тұтас образы суреттелген:

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы,
Күлте кұйрық, қыл түбі алді келіп,
Көтендігі шығыңқы аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шакпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек, келісе кетті.
Сыртқы қысқа, сауыры жазық келіп,
Арты талпақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Дене сұлулығы, дене бітімі, сымбат сұлулығымен қоса, мінез-құлықтың нәзік сырларын және оның адамдардың көңіл күйіне тигізетін ықпал-әсеріне дейін Абай келістіре суреттеген.

Аяны тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей,
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей, —

дейді. Мұнда шапса жүйрік, мінсе берік, жуан жуас асыл тұқымды жылқыға біткен барлық жақсы ерекшеліктер, ең тандаулы қасиеттер, мінез өзгешеліктеріне дейін толық суреттелген. Әрбір сымбатты мүшеге сай, оның айқын өзіндік ерекшеліктерін тауып, көркем теңеулерімен айта білудің өзі де байқағыштық қабілетінің күштілігін танытады. Аттың сырт көрінісін суреттеудегі биологиялық дәлдік, оның психологиялық мінез өзгешеліктеріндегі

әр алуан нәзік белгілермен де сайма-сай айтылып, үлкен бір тұтастықты білдіріп тұр.

Мұндай сымбат, мұндай ерекшеліктер қай малдың болса да тұлғасынан, мінез өзгешеліктерінен табыла береді. Бірақ сондай ерекшеліктерді тауып айта білу, жеткізе алу шеберлікті, айтқыштықты қажет етеді. Саз беріп жаңа ғана атқан танды жазушылар «шығыс жак құлан некеніп келе жатқан еді» деп, құланның тек сарғыш негіне ғана теңеу арқылы да әдемі суреттейді. Каракаттай жаудыраған сұлу қыздың әдемі көздерін ботаның дөңгелеген үлкен көзіне теңеп, «ботакөз» деу де ішкі сыры мен сыртқы көрінісін бірдей тауып, қабыстыра шебер теңеулермен суреттеуі бәрінен де асып түседі.

Баланы байқағыштық қабілеттілікке үйретудің бірден-бір жолы осындайды үлгі етіп көрсетуден, айтып беруден, жақсы істерге баулудан басталады. Абай соны таба білген де, жас өспірімдерге үлгі еткен. Жас өспірімдерді мал қадірін сезе білуге, оны күтуге, бағып қастерлеуге үйрету — осылай етіп шебер түсіндіруден, соған қызықтыра білуден келіп шығады. Мұны біз жас ұрпақты өткендегі мәдени мұраларды құрметтеу рухында тәрбиелеуге баулитын бірден-бір дұрыс бағыт деп түсінеміз. Мәдени мұраларды құрметтей білген бала — өзінің болашағына да зор үмітпен қарайтын болады.

Абайдың тәрбие мәселесіне байланысты көзқарастары Балалар әдебиетін тәрбие құралы деп түсінген Абай балаға дұрыс тәрбие беруде біраз пікірлер қалдырған. «Енді бір бөлек тақырып боп, жетінші сөз окшаулау көрінеді. Ол — жас баланың психологиясын еске алып, талдаған сөз. Баладағы білуге ұмытылу жақсы қасиет екенін айтумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланың жанын жаман тәрбиемен қорлап бұзғанын білдіреді» — деп, М. Әуезов балаларға көп өнеге, үлгі берерлік Абайдың қара сөздеріндегі ерекшеліктерді атап көрсеткен еді.

Балаларға дұрыс тәрбие берудің орнына, кейбір ата-аналар өз білгенін өзіне, өз білгенім өзіме деп шыға келеді. «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылымен жарлы бол» деген сияқты, адамды бақытсыздыққа душар ететін кертартпа мақалдың жетегінде кетеді. Бала тәрбиелеу ісіндегі ата-аналардың осындай кемшіліктерін өздеріне айқын көрсетумен бірге, «баланы жас-тан» дегендей, Абай оларды тіпті жас шағынан тәрбиелеу қажеттігін ескерткен. Баланың психологиясын еске алып, дұрыс тәрбие беріп отыру олардың болашағын қамтамасыз етеді.

Абай өнегелі ақыл сөздер айтумен бірге, салғырттыққа, берекесіздікке салынып, қоғамда өз орнын таппай жүрген адамдарды қатты сынға алады. Ол бесінші сөзінде: «Егер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткі-

зіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісіміз, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, біреу қызықты қуғанда-ақ мойны катып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен»¹ дейді. Әрине, еңбектенбей, еш нәрсеге талаптанбай, барлық жастық шағын бос өткізген соң, артынан бармағын тістегенмен, мүлт кеткен өкініш кейін қайтып орнына келмек емес.

Абай «Отыз сегізінші сөзінде»: «Артық білім кітапта», «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол!», «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың» дейді. Дарышыл болмай, қоғамшыл, көпшіл, халықпен бірге бол деген идеяны насихаттайды. Балаға ой салады, оның көңіл көзін ашады. «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық, сақалып сатқан көріден еңбегін сатқан бала артық» деген сөздерінде ақыл-ой парасатына зор маңыз бере келіп, еңбек ету, еңбек етуді сүйе білу адам баласындағы ең жоғарғы сапа деп түсіндіреді. Керісінше, біреудің еңбегінен пайдаланып, оны қанап келген, оны өзіне үлкен бақыт деп санаған патша мен еңбек етуден ерініп, сақалып сатқан көріден, тағы сол сияқты тоғышарлардан жас өспірімдердің алыс болуын талап етеді. Осы ойын Абай одан ары тереңдете түседі. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзің үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың» дейді. Еңбек ету мен еңбекті сүйе білу қасиеті адамгершілік сапаның ең жоғарғы түрі екенін қарама-қарсы екі нәрсені бір-біріне салыстыра отырып сипаттайды. Еңбек ету арқылы ғана адам өзінің ойлаған мақсатына жете алатынын айтады. Осыған жалғас тағы бір сөзінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» дейді Абай. Бұл — коллектив ортасында тәрбиеленіп отырған біздің қазіргі жас өспірімдерімізге секунд сайын жұтып отыратын ауасындай өте қажет ақыл, данышпандық сөз. Егер мектепте оқып жүрген бір бала тәртіпсіз болса, оған коллективтік ортаның бәрі кінәлы, ата-ана да жауапты. Абайдың ақыл сөздері біздің мектептерімізде ұран ретінде жазылып, қабырғаға ілініп те қойылып жүр. Осы ойын тереңдете келіп: «Мен, егер, закон қуаты қолында бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» дейді Абай. Коллективтік орта, коллективтік талқы қандай мінезі теріс кісінің бодса да мінезін жөнге келтіреді. Қазіргі кезде тәрбие жүйесінің негізгі қағидалары да осыған саяды, яғни түзелмейтін адам жоқ.

Абайдың тәрбиелік мәні зор өлеңдері және ақыл сөздерінде оқушының түсінуіне жеңіл болу үшін екі нәрсені салыстыра ай-

ту методы бар. Түсінуге жеңіл болу үшін өлең жазғанда да көрнектілік мәні бар екі затты қатар қойып, салыстыра жырлауды ірі жазушылар өздеріне зор міндет етіп қойғаны байқалады. Данышпан Абай адамшылық ар-намысты, адал еңбек жемісін, адамдар достығын, семья сыйластығын, өнер-білім мұраттарын жырлай отырып, бала жанында, бала өсіруші ата мен ана жанында көптеген ұстаздық өсиеттер қалдырды. Солардың ішінде «Онның сөз» деп аталатын ғақылиясы ата-апаға арналған: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орындымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді» деп, мағынасы тар, мардымы аз дүмбілез ұғымды соғады. «Өзіңнен қалған, өзгеден қызғанатын неңдей дүниен, қандай еңбегің бар еді, әуелі соны неге ойламайсың» дейді Абай. Өзіңнің көрген өмірің айтарлықсыз болса, оған бола мирасқор тілеп не керек. Артымнан құран оқысын деп тілейсің. Өз тіршілігіңде жақсы қылығың көп болса, саған кімнің жаны ашымайды. Кім жақсылық тілемейді? Тіршілігіңде жақсы болмасаң, жақсылық ісің болмаса, жұрт сені не қылады? Өлген әкенің күнәсын, жаманшылығын бала қайтіп өтейді?

Қартайғанда тамағымды асырасын деп тілеу де бос сөз. Қашан да болса өз күшіне, еңбегіңе сен. Баланың үміт еткің келсе, сол үмітіңді өзін әзірле. Баланды соған лайық тәрбиеле. Үмітіңнің ақталарына өз тіршілігіңмен көзінді жеткіз, — дейді. Кейбір ата-ана өз баласын өзі алдайды. «Әне, оны берем, міне, мұны берем», — деп қулық-сұмдық жасайды, соған мәз болады. Соңыра баласы алдамшы болса, оны кімнен көреді? Бала тілін қызық көргенсіп, «Бокта, бокта», — деп үйретеді де, «Кәпір қияңқы, осыған тиімдерші!» — деп, оны дандайсытып тентектікке, әдепсіздікке өзі үйретеді.

Баласын сабаққа берсе, ол мектептің ішкі ісімен, оқытушысының талап дәрежесімен, алмақ білімінің қалай қонарымен таныспайды. Оған көмектесу, жағдай жасау, қамқоршы болуды ойламайды. Тек оқысын, хат танысын дейді. Мұндай ата-аналық неге тұрады? Кейбір ата-ана «Әне қарашы, пәленшенің баласы қандай қу, қандай пысық. Қулық-сұмдықтың бәрі қолынан келеді. Сені сыртыңнан сатып кетеді», — деп, өз баласын кеміте сөйледі. Сені сыртыңнан сатып кетеді, — деп, өз баласын кеміте сөйлеп, тәлімі жаман баланы асыра мақтайды. Демек, баланы өзінен басқаға сенбеуге, өзінен-басқаны дос тұтпауға үйретеді. Балаға, еткен еңбегін, жақсы тілеуін осы ма? деп сөгеді Абай.

Абай баланы орынсыз ерке етіп өсіруді жаратпайды. Салғырт, бос болу, аңғырттық, өрескел, беймаза болу — осы еркектіктен. Еркелік баланы өсе келе алғаш мақтаншақ болуға итермелесе, одан соң, өтірік айтуға, суайттыққа, бұзықтыққа ұрындырады. Соның аяғы:

Кеселді жалқау, қылжаң бас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртын пысық, ішін нас,
Артын ойлап ұялмас, —

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1934, 213-бет.

² Бұл да сонда.

дейтін жалқаудың өзі боп шыға келеді. Абай баланы осындай болып кетпеуден сақтандырады. Осы ойының бәрін жинақтай келе Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген қорытынды жасайды.

Абай жас жанның сара көңілі әрқашан әділдікті жақтайтын боп өссін деген талаптар қояды және тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып айтады. Балаларға керектісі де сол. Өйткені олар айқындықты, дәлдікті, ақиқатты, сәби көңілін оятып, өзін болашаққа қызықтырып, игермелеп отыратын тұжырымды ойды қажет етеді. Қорыта айтқанда, Абай сөздері мен өлеңдері жас өспірімдерге қымбат әрі қажет. Абай сондықтан да қазақ балалар жазба әдебиетінің негізін қалаушы кемеңгердің бірінен саналады.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

XX ғасырдың басы Қазақстан мәдениетінің халық ағарту жұмысының дамуына зор ықпал етті. Өйткені осы кезден бастап Қазақстанда маркстік, лениндік идеялар өріс алды. Революциялық қозғалыстың күшеюі қоғамдық жағдайларға өзгерістер енгізе бастады. Қазақ арасында орыс білімінің, орыс мәдениетінің таралуы, өріс алуы қазақ халқына зор бақыт әкелді. Орыс мәдениеті қазақ халқының көзін ашып, көңіл күйін оятты. «1905 жылдан кейін халық ағарту ісінің дамуы қазақ тілінде кітап, газет және журналдардың шығарылуы Россиядағы демократиялық қозғалыстың жеңістерінің бірі болды»¹. Осындай түбегейлі жаңалықтар XX ғасыр басындағы ақын-жазушыларды XIX ғасыр ақын-жазушыларының ой-топшылауларынан әдекайда оздырып әкетті.

Қазақтың М. Серадин, С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Дөнен-таев сияқты демократияшыл интеллигенциясы халық ағарту жұмысы, халық мәдениетінің дамуы жайында күрделі мәселелер көтерді. Ана тілінде оқу құралдарын жазуды және балаларға орысша білім берудің кешеттілігін жақтады. «Тургеновтің, Толстойдың, Добролюбовтың, Чернышевскийдің тілінің ұлы және күшті тіл екенін сіздерден біз жақсы білеміз. Біз Россияны мекендеп отырған қандай болсын барлық ұлттардың езілген таптарының арасында мүмкіншілігінше неғұрлым тығыз қатынас және туысқандық бірлік орнауын сіздерден көбірек тілейміз. Сондықтан біз, әлбетте, Россияда тұрушы әрбір адамның ұлы орыс тілін үйренуге мүмкіндік алуын жақтаймыз»² деген еді В. И. Ленин. Қазақ демократияшыл интеллигенциясының мұраты да Ленин айтқан осы идея болатын.

Қазақтың демократияшыл интеллигенциясы мектеп сабағы өмірмен байланысты болсын деп тіледі, өйткені осы тұстағы медреселерде оқылатын дәрістердің өмірімен байланысы болмайтын. Дәл осы бір тұста Абайдың немересі Әубәкір ақынның сол кездегі жеке дыбыстармен байланыссыз, жеке-жеке сөздерді

¹ Қазақ ССР тарихы. I том, Алматы, 1957, 571-бет.

² В. И. Ленин. Шығармалар, 20 том, 61—62-беттер.

жаттатып оқыту әдісін сынап жазған өлеңдерінің мына бір екі шумағы еске түседі.

Сөз берсең, берсең елі мағыналы,
Ондай сөз осы ауылдан табылады.
«Абай», «ата», «таға» мен «өгіз», «серіз»
Жаттай беріп бала оны не қылады.
Қайтер еді әуелі «ата» десе,
Атып жазып тағы да «ана» десе.
Орыстардың үйрен деп азбукасын,—
Ыбырай айтпап па еді күні кеше!

Демократияшыл интеллигенция оқытудың мұндай түрлеріне, діни схоластиканы нәсихаттайтын медреселер оқуына қарсы шықты. Өздері құрастырып, өздері жазған оқулықтар мен хрестоматияларға орыс әдебиетінен аударылған, орыс әдебиеті үлгілері бойынша жазылған шығармаларды енгізді. Мысалы: С. Көбеев 1910 жылы жарияланған «Үлгілі тәржіме», 1912 жылы шығарылған «Үлгілі бала» деген оқулық хрестоматияларына орыс классиктерінен 40-тан астам өлең, әңгімелер аударып енгізген.

1912 жылы Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс», 1911 жылы Орынборда Мұхамедораз Нұрбаевтың «Көргенді бала, үлгілі ана» оқу кітабы шықты. Осы аталған кітаптарда да орыс классиктерінен алынған аудармалар және балалар фольклорынан көп шығармалар қамтылған. 1912 жылы Уфада шыққан Мұстақым Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» және 1911 жылы Уфада қазақ-қырғыз балалары үшін «Әліппе яки төте оқу» деген оқулықтар жарық көрді. Бұларда ай, күн, жыл аттары, санамақтар да қамтылған. 1912 жылы «Практические уроки русского языка для киргизов» деген оқулық шықты. Бәрі де қазақша және орысша аралас жазылған. Орыс сөздерінің қазақша аудармасы беріліп отырған. Бұлар таза оқуды өрістетуге, балаға білім беру тілегінен туған ізденістердің жемісі еді.

Бастауыш мектептер мен орта мектеп оқушыларына арналған оқулық-хрестоматиялардың қай кезде жазылғандарын алсақ та қамтылған материалдары балалар әдебиетіне тән, балалар қабілетіне жақын сұрыпталған шығармалар болатын. Мұның үстіне Ыбырай, Абай негізін салған қазақ балалар әдебиетінің дамуына, оның өріс алуына С. Көбеевтің, С. Торайғыровтың, С. Дөңептаевтың шығармалары үлкен үлес қосты. Сонымен қатар қазақ балалар жазба әдебиеті ұлы орыс классиктері шығармаларының қазақ тіліне аударылуымен толығып, олардың өз ара байланыстары өркен жайып, үлкен әдебиетке айналды, өз ерекшеліктерімен таныла бастады. Осы тұста, XX ғасырдың бас кездерінде, халық ағарту жұмыстары мен халық мәдениетінің дамуына мейлінше кедергі жасап келген діни ағымдарға қарсы жүргізілген күрестер кең өріс ала бастады. Діни ағымдарға қарсы М. Сералин, С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Дөңеп-

таев сияқты демократияшыл интеллигенциялармен бірге, халық ақындары да тарихи жағынан өте маңызды шығармалар беріп, ерекше қызмет етті. Соның бірі — Шымкенттің Бадам совхозында 1930 жылға дейін өмір сүрген Нұралы ақын. Оның «Сауда Ишан» атты қисса-дастаны халық ағарту жұмыстарының дамуына қарсы тұрған, әдейі кедергі жасап келген дін басыларының әр алуан әрекеттерін әшкере етуге арналған. Бұл дастанның жас өспірімдерді атеист етіп тәрбиелеуге зор ықпал жасайтынын ескеріп, алдын ала XX ғасырдың бас кезінде өріс алған осындай қисса-дастандармен таныстырып өтуді жөн көрдік.

«САУДА ИШАН» ДАСТАНЫ

«Сауда Ишан» дастаны — лиро-эпостық жырлар қатарына жататын шығарма. Жас өспірімдерді атеистік тәрбиеге баулуда бұл дастанның тәрбиелік ролі зор.

Мешіттер мен көне қабырларды әулие орындар, «киелі жер» деп оқымаған қараңғы халықты соларға табындырып, алдап келген молдалар мен ишандардың құпия сырларын, жұрт шошырлық масқара істерін бастан-аяқ жүйелі түрде әшкере ететін халықтық шығармалар ішіндегі ең ұзақ айтылып, жырланатыны — «Сауда Ишан» дастаны. Бұл дастан халық арасына кең тараған құнды мұра.

«Сауда Ишан» — дастанының оқиға желісі дін құпиясын бетке ұстап, қалың бұқараның арасында әр алуан зұлымдық, опасыздық, жиреністі істер жүргізген дін басыларың әшкере етуге, олардың зұлымдық әрекеттерінің бет пердесін ашуға, әйелдердің бас бостандығы үшін күресін, дін бұғауынан құтылу әрекетін жырлауға арналған.

Шолаққорған қаласында тұратын Мәһәлбай дейтін бай саудалгер бір перзентке зар болып жүріп, орта жастан асканда бір ұл, бір қыз көреді. Ұлының атын Болат, қызының атын Гүлжанат қояды. Балалары ер жеткен кезде, Мәһәлбай сауда-саттық жасау үшін ұзақ сапарға — Үрімші қаласына жүрмекші болады. Жол жүрер алдында Мәһәлбай үй ішін, бала-шағасын өзінің сиыңған пірі — Сауда Ишанға табыс етіп кетеді. Мәһәлбайдың мұнысына қатты қуанған Сауда Ишан: «Барлық қазына, байлығымен қоса, ай мен күндей Гүлжанаттың алдағы тағдыры да өз ұысымда болады» деп, тез ризалық білдіреді.

Киянат еш уақытта мен қылмаспын,
Мал-мүлік тапсырсаңыз пұлыңызды.
Қолыңа сау-саламат тапсырайын,
Қошлықпен көрсетсе алла жүзіңізді.
Барасың сапар шегіп жерге шалғай,
Көңіліміз тату еді шекер-балдай,
Кетіңіз ұғындырып қызыңызға,

Жүрмесін қапа қылып тілімді алмай,
Өлмесем орынына келтірермін,
Бір істі тапсырсаңыз алдеқалай,—

дейді Ишан. Мәһәлбай мұны «күран» сөзіндей көріп, әсіресе Гүлжанатқа: «Сауда Ишан көзімнің тірісінде пірім, өлсем рухым болады. Оның сөзін екі етпендер, көңіліне қаяу келтіріп, қапа қылмандар, шырағым!»,— деп тапсырады. Сауда Ишанға керегі де осы еді. Мәһәлбай жүріп кетісімен-ақ, ол ен байлыққа қол сұғып, алдымен Гүлжанатқа көз тігеді.

Шолаққорған шаһарындағы барлық мешіттің үлкен имамы болған Сауда Ишан — дін күшімен бүкіл елді құлдық ұрғызып, өзіне табындырған адам. «Сауда Ишанның» қатеріне іліккен адам оңбайды, қор болады. Сондықтан оның айтқанына көніп, аяғына бас ұрып, не десе де қарсылық білдірмей көне беру керек» деп, діни адамдар бұқара халық арасында лақап таратқан, еңбекші ел одан қатты үрейленіп, оның алдында құрдай жорғалаған.

Сауда Ишан Гүлжанатқа жез құман ұстатып, намаз оқыр алдында күніне бес рет дәрет алу үшін қолына су құйдырып қояды. Ондағы мақсаты — қызды жылы сөздермен өз бойына үйретіп, бірте-бірте жақындата беру еді. Дәрет алып отырып, Сауда Ишан Гүлжанаттың сұлулығына, зеректігіне қызығады. Бар ықыласы Гүлжанатқа ауып, намазын ұмытады.

Діни жолды бетке ұстап, әркімнің үй ішіне, семьясына бүлік салып үйренген әйел құмар Сауда Ишан Гүлжанатты да азғындық жолға түсіруді ойлайды. Гүлжанат оның әр түрлі айла-тәсілдеріне көнбеген соң, адамгершілік ар-ұяттың бәрінен де айрылған Ишан айуандық жасамақ болады.

Айналайын Жанат жан,
Мә, дұғам осы талаптан.
Ақ бетіңнен сүйгізіп,
Бір нискет тамақтан.
Не деп еді Мәһәлбай,
Сондағы әзір бар құдай.
Айтпап па еді әкеңіз,
Ишанның қыл деп көңілін жай.

Жырдың алғашқы басталуынан-ақ Сауда Ишанның кім екені, оның өзіне үйреншікті болып кеткен опасыздық әрекеттері бірдеп-ақ айқындала береді. Шолаққала шаһарын дін жолымен билеп алған Сауда Ишан ешкімнен қымсынбайды да, қаймықпайды. Қарақұрттың торына түскендей болған Гүлжанат бұдан тірідей құтылмасын білген соң, қолындағы жез құманмен Сауда Ишанның басына қойып қалады:

Қәрі төбет әрі деп,
Құманмен ұрып жіберді.

Осы орын деп сізге бап...
Қолынан шыға жөнелді.

Гүлжанат басындағы өмір трагедиясы осы жерден басталады. Гүлжанат Сауда Ишан сияқты қорқауға арын таптатып, жастық ұжданы мен адамгершілік ұжданын ұлатқысы келмейді. Бас бостандығы үшін ашық күреске шығады.

Қара ниеті іске аспаған соң, сауда Ишан енді Гүлжанатқа жала жауып, әкесіне шағымстырып, оны қара бет етіп көрсетудің әрекетіне кіріседі. Дастанда Сауда Ишанның барлық зұлымдық әрекеттері айқындалып, опасыздық істері біртіндеп ашыла береді. Мәһәлбай аман-сау ұзақ сапардан келе жатқанын Сауда Ишанға хабарлап: «Болат пен Гүлжанатты ертіп, алдымнан шықсын!»— дейді. Сауда Ишан бұл хабарды Гүлжанатқа білдірмей, тек Болатты ғана ертіп, жаралы бетін бүркеп, Мәһәлбайдың алдынан шығады. Мәһәлбай атынан түсіп, сыныған піріне қол қусырып қарсы алады. Сонда Сауда Ишан Гүлжанатты әкесіне шағымстырып былай дейді:

Мәһәлбай, аман барып, қайттың ба хош?
Сіз кеттіңіз мен көрдім талай жұмыс...
Өтірік сөз жанға хас дейді кітап,
Жұмыстың ақиқатын айтқан дұрыс.
Бағулы қапастағы ақ түйғынды,
Қарға мен айналдырды көп қаракүс
Шаһардың жалаң аяқ бойдақтары,
Мешітке күндіз-түні ойнақтады...
Қызына мұның не деп кейіп едім,
Бір ұрды құманменен жұлып алып...—

деп, Сауда Ишан қыршын жасқа жала жабады. Өзінің зұлымдық әрекеттерін бүркеу үшін ол қандай жауыздықтан болса да бас тартпайды. Бұл зұлымның сөзіне сенген Мәһәлбай Болатқа кілт бұрылып: «Өзім үйге барғанша Гүлжанатты өлтіріп, қанды көйлегін көрсетесің көзіме? Бұл тілімді алмасаң, жеткен ажал өзіңе!»— деп адал жанды перзентін өлім жазасына бұйырады.

Әбден дін шырмауына түсіп, сауда Ишанға құлдық ұрып, соған табынып қалған Мәһәлбай өз басына, семьясына, оның алдағы болашағына қандай қауіп-қатердің төніп тұрғанын сезгісі де келмейді. «Пірім» деп сыныған Сауда Ишаны не айтса да, оның ақты-қарасына қарамай, соны өзіне заң көреді. Сауда Ишан мен Мәһәлбайдың сөзінен шошынып, зәресі ұшқан Болат әкесінің өлім жазасына бұйырғанын қарындасына үрейлене айтады. Мұндай жан түршігерлік суық хабарды есіткен анасы Шырынның да зәре-құты қалмайды. Бұрып-соңды мұндай іс есіне келмеген сорлы ана төбесіне жай түскендей болады. Есі шыққан анасына барлық істің жай-жапсарын түсіндіріп, Гүлжанат өзінің адалдығын айтады, нақақтан өлім жазасына бұйрылып бара жатқанына зар илейді.

Жанат айтты: — жан ана,
Ишанына тапсырып,
Әкем кетті қалаға.
Жазған жерім жоқ еді,
Сауда Ишан жүзі қараға
Шағыстырып өрт сапты,
Атам менен арама! —

деп, Гүлжанат Сауда Ишанның зұлымдық әрекеттерін, оның өз мойнына артылған қанды шенгелін дәлел етіп көрсеткісі келсе де, бұл қасіретін ешкімге де тыңдата алмайды. Шолаққала шаһарын билеген екі дүлейге қарсы осы жағдайда кім бас көтермек. Осыны сезген Болат қарындасы Гүлжанатты артына мінгестіріп, жапан дүз, айдалаға алып кетеді. Жалғыз қарындасын өлтіруге қимай, артынан еріп шыққан итті атып, қыздың көйлегін қандап, әкесіне әкеледі. Гүлжанат ағасымен қоштасып, сахараны кезіп қаңғып кетеді. Сауда Ишан Гүлжанатты мұқатқанына масайрайды. Қалың бұқара айтқанына көніп, айдауына жүрген сайын, Сауда Ишан өзін-өзі киелі, құдіреті бар әулие адамдай сезінеді. Басынан талай-талай қиындықты өткізіп, өмір жолын таныған Гүлжанат ислам дінін бетке ұстаған Сауда Ишанды қалай да халық алдында әшкере ету үшін, бірнеше жылдан соң, өз еліне қайта оралады. Көздерінен қасірет пен жан азабы көрінген — Гүлжанат талмаусыраған бойы Шолаққалаға аяушылық түрмен қарайды. Ел шетіне жақындағанда қожа мен Ишандар жайлаған Шолаққаланы көріп, тітіркеніп былай дейді:

Тұрмысың аман-есен, Шолаққала,
Ішінде кесепатың мол-ақ қана.
Ишаның жұрт қол берген әзәзілдей,
Мешіттің атын былғап тұр һәм және.
Көзіме көрінесің мұнарланып,
Шығады мұңлы сөзім ызбарланып,
Қаңғырып сені тастап кетпес едім,
Жатқанда сұм Ишанмен жұмарланып.
Көрінді көзге жылы Шолаққала,
Нақақтан бір басым түсті жала.
Ізденіп мен өзінді тағы келдім,
Кетпедім күдер үзіп біржолата.

Шолаққала өмірін сипаттау арқылы да бүкіл елді бүйідей бүріп алған Сауда Ишанның зұлым келбетін, жиіркенішті портретін көз алдына әкеледі. Сауда Ишан дастанының идеялық мазмұны айқындалған сайын, оның сөз қолданысындағы көркемдік сипаты да терең ой, жылы сезімдерге баулып, қызықтыра түседі. Гүлжанат өлеңінен барған сайын ашынған адамның қайсар үні мен опасыздарға қарсы жағаласқан жанның жалын-

ды сөздері есітіліп тұрады. Ол қанша азап көрсе де, өлім жазасының алдында тұрса да алған бағытынан қайтпайды, оқырмандарды өжеттік сезімге, патриоттық рухқа бөлеп отырады. Бұл дастанда діни жолды ұстанған Мәһәлбай семьясының тағдыры қандай қайғы-қасіретке душар болғанын көреміз. Әділетсіздіктің салдарынан осынша азап көрген Гүлжанат басына таз кепеш киіп, қолына ақ таяқ ұстап қайыршы тазша бала кейпінде қалаға кіреді. Өз әкесі Мәһәлбайдың сауда-саттық жасайтын дүкендерін танып, соның қасында дем алып отырғанда, Гүлжанат қалғып кетеді. Дүкеніне келген Мәһәлбай ұйықтап жатқан тазшаны көріп, теуіп жібереді. Шырт ұйқыда жатқан бала орнынан ыршып тұрып, қорыққаннан бес-он қадам шегініп кетеді. Тепкен өз әкесі екенін көрген Гүлжанат өзін таптықсы келмейді:

Жан ата, бізді тептің мұнша неге,
Тізі тиер қаталықпен демедің бе,
Таңырқап таз көрмен не ең шамданасың,
Келе ме дүкеніне қожа, төре?
Ақырып, ашуланып жолатпайсың,
Саялап жатсам деп ем көлеңкенде.
Болғанмен мен жаман таз сыпайымын,
Қорықпа қол сұқпаймын берекеңе!
Жетімге қайыр ұшыр бермегенің,
Бұйырсын арам тамақ қожекеңе!

Дастанының идеясы мен көркемдік бірлестігі тұтасып, оқушыға өжеттік ой, қажырлы қайрат береді. Гүлжанаттың азаматтығы мен ерлігіне сүйсіндіріп отырады. Поэманың композициялық құрылысында адам арманына жетелейтін оптимистік үміт, жарқын сенім бар. Гүлжанат әдейі әкесінің намысына, қытығына тие сөйлейді. Мәһәлбайдың дінге сеніп істеген істерін, надандығын бетіне баспақ болады. Әкесінің ұрғанын, ұрысқанын, өлім жазасына бұйырғанын кек қылмағанды. Бәріне де көне жүріп, Сауда Ишанды халық алдында әшкере етуді көздейді. Әрине, бұл үшін үлкен төзімділік, қайсарлық пен ақыл парасат керек. Мұндай ізгі қасиеттер Гүлжанатта бар еді. Осы мақсатына жету үшін Гүлжанат ертеңінде тазы да Мәһәлбайдың дүкенінің қақ алдына келіп ұйықтайды. Басында таз кепеші бар, сиықсыз жексұрын бірсудің ұйықтап жатқанын екінші рет көріп, жиренген Мәһәлбай кешегісінен де қаттырақ теуіп-теуіп жібереді. Сонда Гүлжанат:

Жан ата, осы менен екі келдім,
Осынша азап бердің, не етіп едім?...
Төре мен қожа келсе орын беріп,
Мақұл ма жетім келсе жекіргенің?
Бір нәрсең ұрланбаса, сөге берме,
Жетімді бекер босқа тебе берме!

Кожаны, төре менен бай ұстайды,
Жетім де табар әділ тең келерге.

Қаншама азап көргенмен Гүлжанаттың ызадан туған өрелі ойларында күрсінуге жол жоқ. Қайта Мәһәлбай мен Сауда Ишан сияқты дін басыларын таптап өтетіндей дауыл серпіні еседі. Әкесінің пейлі бұзылып, араны ашылып, дүние қоныздан басқаны өзіне тең көрмейтініне көзі жеткен Гүлжанат үшінші күн әдейі сол жерге тағы да келіп жатады. Сөйте жүріп, өзінің ұятты да әділетті сөздерімен Мәһәлбайдың барлық оқыс істерін көз алдына келтіріп, әшкере етпек, діндарсыған адамның былығын ашпақ. Үшінші күні Мәһәлбай: «Мына тазшаның не білгені бар? Мені жұрт алдына мазақ еткісі келіп жүрген қандай мал-гүн!», — деп тағы да ұрып-соғып, дүкенінің алдынан қуып шығарды:

Сөгесің келген сайын ұрып-соғып,
Ашудан қай уақытта басыласың?
Ашудан қайтар, есірке десем дағы,
Бүгіннен ертең тағы асырасың.
Жаманын қожә болса жасырасың,
Босқа мақтап беделін асырасың.
Көрсеніз кожаны зор, жетімді қор,
Кесірмен бақытыңды жасырасың,
Ісіне осы қылған пұшайман боп,
Барғанда іс орнына ашынарсың,—

деген Гүлжанаттың сөздерінен секем алып, Мәһәлбай күдіктеніп, ойға қалады. «Балам, сенің өзін ақын екенсің, шайырлыққа жақын екенсің, маған айлыққа жүр», — деген ұсыныс жасайды. Тазша баланың күткені де сол еді. «Енді Мәһәлбайға қызмет ете жүріп, Сауда Ишанды да бетпе-бет кездестіріп, онымен де Мәһәлбайдың алдында бір ауыз сөзге келсем, жұрт алдында былығын бетіне бассам, әшкере етсем» дегенді арман етеді.

Тазша бала Мәһәлбай дүкенінің алдында қызмет етіп жүргенде, бір күні Сауда Ишан келеді. «Мынауың неғып жүрген таз!» — деп, Сауда Ишан жіркене, тіксіне қарайды. «Бұл таз, өленте саз, сөзге ұста, шайыр екен. Осындай ерігіп отырғанымызда мәжілісті гүлдендіріп отырсың деп әдейі жалдап алдым», — дейді Мәһәлбай. Сауда Ишан: «Тазшаның сондай өнері болса, не білетіні бар екен, тамаша етейік, айта отырсын», — дейді. Сауда Ишан өзі сұранып отырған сон, Гүлжанат аянысып ба, Мәһәлбайға үлкен ой тудыра, өткендегісін еске түсіре, Сауда Ишанның сиқырын, қылмысты, қиянатшыл былықтарын бірінші рет осы арада әшкере етеді:

Бүгінде Ишан бар ма, қожә бар ма?
Нәпсісі бұзылмаған таза бар ма?
Жетімнің, бай емеспін, қожә емеспін.
Сөзінде таз баланың маза бар ма?

Адамның жаман Ишан былғайды атын,
Шын айтсақ ол қожадан жақсы қатып,
Жалмауыз жаман қожә сиырмен тең,
Жеп қояр жұрты қойса аманатын...
Безеді ата-анасы перзентінен,
Пірінің рас көріп қиянатын.
Қайырын серілікпен байлар қылар,
Кедейді жарылқайды қай малдылар.
Бүгінде қасиетті Ишан бар ма?
Жұртының қыз-қатынын айналдырар.

Гүлжанаттың ақ ниетпен ақтарыла айтылған батыл сөздері оқушыны еріксіз толқынтады. Мұны есіткен Сауда Ишанның берекесі кетіп, түсі сұп-сұр болып, өңі қашып: «Оттатпа ақымағыңды!» — деп, тазшаны аяғындағы кебісімен періп жібереді. Тазша қаша жөнеледі. Тазша біраз жерге қашып барып, Ишанға қайта бұрылып, ызалы-кекті ойларын іркілмей төгіп, тағы да былай дейді:

Бір күні төгілесің тассан, қожам,
Іззет қып асырасың қашсам, қожам.
Үстінде қуаныштың қампаңдайсың,
Қайтер ең былығыңды, ашсам қожам.
Құдай бір, кезек екі деген сөз бар,
Қашар ма ең менен жаман, сассан қожам.
«Қор болар» зордың түбі — деген мақал,
Ісім ақ, осыменен сөзім тамам.

Гүлжанат осылайша өткір де батыл сөйлегенмен, қара дүрсінге бара бермейді. Сауда Ишан мен Мәһәлбайдың дінді бетке ұстап, қарапайым халықты алдап келген қара ниет былықтарын ақылмен, айламен әшкере етпек. «Сауда Ишанға тіл тигіздің, қарсы келдің, мінің айттын», — деп Мәһәлбай бұл жолы тазшаға реніш білдірмейді. Сауда Ишанда бір шикілік барын сезгендей, өз ойымен өзі анырып, отырып қалады. «Таз баланың айтқаны өз басымда болған оқиғаға, тым үкесас екен, әлде ол өзімді жерлеп отыр ма екен» деген ойлар келіп, ескі жаранын аузы ашылғандай, Мәһәлбай тынымсыздана бастайды.

Мұндағы тартыс түйіні барған сайын шиеленісіп, Сауда Ишан мен Мәһәлбайдың мінез-құлықтары дараланып айқында-ла береді. Әлеуметтік күрестің картинасы кең жайылып, халық көңілін өзіне аударып, Мәһәлбайдың да тұмшаланған құлағын елең еткізеді. «Сауда Ишан» дастанының оқиғасы бірден-бірге шиеленісіп, өзінің шарықтау шегіне көтеріле түседі. Гүлжанаттың бастан кешірген трагедиялық оқиғаларына оқырмандары, бір жағынан, аяныш білдіріп отырса, екінші жағынан, оның төзімділігі мен ақыл-парасатына және өзінен әлдеқайда басым жатқан озбырларға қарсы күресіне сүйсініп, желпініп отырады.

Бұл дастанның тағы бір үлкен ерекшелігі мұндағы ірілі-ұсақты барлық кейіпкерлер оқиғаның бітер алдында бір жерге жиналып, бір-бірімен беттесуі болып табылады. Гүлжанатты әр алуан қиындыққа душар еткен, бірі жасаған қылмысты бірі білмейтін Сауда Ишан, Мәһәлбай, Қалдарша, Зілпалуан, қойшы, падашы, жеті дәруш, диуаналар оқиға соңында бас қосады. Гүлжанат осылардың бәрін де және Сауда Ишан құпиясын, дін адамдардың елді алдайтын озбырлығын осы үлкен топта, қалың көптің ортасында әшкере етуді көздейді. Барлық кейіпкерлердің бір жерге жиналуының да орынды мотивтері бар. «Таз баланың не білгені бар екен, айтсын!» — деп жиналған топ қоймаған соң, Гүлжанат рұқсат сұраған боп былай дейді:

Үйрендік қазы менен биден ертек,
Бір момын жаламенен күйген ертек.
Бас-аяғын көп айтып не қылайын,
Мұрты қызын пірі зорлап сүйген ертек.
Біреуінен басқаның бәрі зорлық,
Бір қатын он бір байға тиген ертек.
Зарланып қыз әкесін іздеп келсе,
Үш күндей әкесінен жеген келтек.
Жақсылар, құлақ салып тындасандар,
Айтар ем ажыратып бөлтек-бөлтек, —

дейді. Бұл Гүлжанаттың басынан кешірген барлық оқиғасының жиынтығы, түйіні еді. «Ақындар — жұртты өмірдегі қасиетті ұғымдар мен қасиетті сезімдерге бастаушы. Олардың шығармаларын оқып отырғанда, біз барлық сұмдық, сұмырайлықтан жиіркенеміз де, барлық қайырым, сұлулықтың ғажайыптарына түсінеміз, жақсылықты сүйеміз»¹ деген Чернышевский. Сөз тәркіні неден басталғанын, бұл қандай ертек екенін сезіп қалған Сауда Ишан «Таздың сөзі құрысын, тараңдар!» — деп өзінің өлер жерін біліп, қалың топтан жырылып шыға жөнеледі. Мәһәлбай оның етегінен ұстап жібермейді. Ислам дінін бетке ұстап, қарапайым халықты қанаушы тапқа сөзсіз бағынуын, құл болуын талап етіп келгенін, «ана дүниенің жақсылығын көресіндер» деп, соқыр сенімге үгіттегенін, қарапайым халықты дәрменсіздікке, өмірде үмітсіздікке итермелеп отырғанын, елге жасаған әр алуан зұлымдық әрекеттерін Гүлжанат осы жерде әшкере етеді. Сауда Ишан тазша баладан осындай қайсарлық, бір беткейлікті, өжеттікті кездестіремін деп ойламаған. Өткен істің өкініші Мәһәлбайдың көзіне қан толтырып, өзінің ақымақ болғанына бармағын тістеп, бірден қасында отырған Сауда Ишанның жағасына жабысады:

Кім зәлім, жүзі кара Ишан зәлім,
Сенбегін әр сөзіне деген жарым.

Болатжан, түсіндің бе мына сөзге,
Қай түрлі қып өлтірсең ықтиярын.
Бұл қожа мұныменен тұрақтамас,
Әншейін айтқан сөзге боп жүрген мас.
Шырыным, мейірбаным, перзентімді,
Жамандап көзімнен сұм ағызған жас.
Сұм қожа, сұмырай қожа, зәлімдерді,
Ал, Болат, қанын шашып, көңілімді бас!

Неше алуан қиындықты жеңе жүріп, Гүлжанат ақыры шындықтың бетін ашып, дін құпиясын әшкере етеді. Оқиғаның бітер алдында ғана ұрып-соғып, дүкенінің алдына жолатпай қуып жіберген тазша бала, міне, қазір өз қызы болып шыққаны Мәһәлбайды мақтамен бауыздағандай жермен-жексен етеді. Мәһәлбай жұрт алдында да, өз семьясы алдында да қас масқарасы шығып, мүлде ел бетіне қарағысыз халге жетеді. Бұл Мәһәлбайға жүктелген қарғыс таңбасындай бетіне шіркеу бола беретін қара даққа айналады. Дін жолына түсіп, діндарсыған Сауда Ишан сияқты ала аяқтарды пір көтерген адамдардың халі дәл осы Мәһәлбайдың халіндей ел күлерлік, бетіне ел түкірерлік жиіркенішті күйге душар болатыны поэмадан айқын көрінеді. Поэмада суреттелгендей Мәһәлбай образы осындай жағымсыз образ, жиіркенішті, жексұрын образ боп танылады.

Сауда Ишан мен Мәһәлбайға берілген психологиялық мінездемелер сондайлық әсерлі де дәл тауып айтылған. Тілі де түсінікті, тартымды, жеңіл. Сауда Ишан мен Мәһәлбайдың зұлымдыққа бейімделген үрей тудыарлық портреттері көз алдынан кетпейтіндей әсерлі суреттелген. Тартыс түйіні барған сайын шиеленісе түсіп, халық алдында Сауда Ишан да, Мәһәлбай да мерт болады:

«Сұм қожа, сұмырай қожа, зәлімдерді,
Ал, Болат, қанын шашып, көңілімді бас! —

деп, Мәһәлбай Болатқа бұйрық бергенмен, «Жаманның ақылы түстен кейін келеді» дегеннің кері келеді. Бірақ ол орны толмайтын өкініш болғандықтан, Мәһәлбайдың жұртты жиірдендіретін сүйкімсіз кейіпі сүйкімсіз болып қала береді. Мұнда мұң мен мейірім, қуаныш пен қайғы, жан ауруы мен бақыт — адамдық үлкен сезімдер, адамдардың адал ойлары әсерлі суреттелген.

Дастанның негізгі оқиғасы, шарықтау шегі осымен аяқталған. Басқа дастандардан гөрі мұның негізгі өзгешелігі — ондағы басты оқиға дін құпиясының және дін басыларының әшкереленуі. Екіншіден, мұндағы басты кейіпкер — ойел болуы. Гүлжанаттың даналығы мен ақылдылығы, өжеттігі мен төзімділігі, шешендігі мен ақындық өнері дін басыларының сырын ашып, оларды әшкере етеді.

Дін жолын бетке ұстап, бар дүниеге астыртын бүлік салып, елді зар илетіп жүрген Сауда Ишанның зұлымдық әрекеттері

¹ Н. Г. Чернышевский. Том III, М., 1947, 626—627-беттер.

оқушыға айдан анық. Бір адамды не бір семья тағдырын емес, бүкіл халықты дін жолымен қараңғылық шырмауында ұстап келген Сауда Ишан сияқты дін басыларының ұсқыны, олардың типтік бейнесі халықтық шығармаларда осылай суреттелген. Дастандағы образдардың нәзімді де әсерлі шығуы ондағы өмір шындығының нақтылығы мен маңызды құбылысынан көрінеді. Қорыта айтқанда, «Сауда Ишан» дастаны «Сопы сұмнан шығады» деген халықтың даналық ойларын бірінесе фактілермен дәлелдейді. Сонымен бірге, дінге деген соқыр сенімдердің қаншалықты алдамшы, жалған екенін шебер түрде айқындап, аша білген. Балаларды атеистік тәрбиеге баулуда мұның өзі өмір фактісіне құрылған өнегелі мұра.

СПАНДИЯР КӨБЕЕВ

1878—1956

С. КӨБЕЕВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген оқытушы, белгілі «Қалың мал» романының авторы Спандияр Көбеев оқытушылық пен жазушылық қызметті қатар жүргізді. Өзінің барлық саналы өмірін, ақыл-ойын халық ағарту ісіне арнады.

Спандияр Көбеев 1878 жылы Қостанай облысының Меңдіқара ауданында дүниеге келген. Ол тоғыз жасында ескіше оқуға түседі. Бірақ молданың соққысына шыдамай және ескіше дін оқудың сурелеріне түсіне алмай тастап кетеді. Бұдан кейін 1887 жылы Ыбырай Алтынсарин ашқан екі жылдық мектепке түсіп, оны бітіріп шыққаннан кейін, ауылда бала оқытады. Одан әрі оқығысы келген Спандияр Қостанайдағы екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курсты бітіреді.

Қостанайдағы екі жылдық педагогикалық курсты аяқтап, бастауыш мектепке жолдама алған Спандияр өз аулына аттанар алдында: «Алдымда туып-өскен аулым — мәдениеттен кенже қалған қараңғы ауыл. Менің ендігі өмірім сол ауылда өтпекші. Сол ауылда қолымнан келгенше мәдениет шам-шырағын жақпақпын... Жас өспірімдерді оқытып, олардың көзін ашып, ғылым жолына, мәдениет соқпағына түсірермін деп асығып келемін», — дейді. Өз ұстазы Ыбырай Алтынсариннің жолын қуған Спандияр елге келісімен-ақ бала оқыту қызметіне кіріседі. Оқыту жолдарын, методтарын іздестіреді. Оқытушылық қызметінің алғашқы күндерінен бастап Спандияр оқушыларын ұлы орыс халқының мәдениетімен, оның классикалық әдебиетімен таныстыруды қолға алады.

И. А. Крыловтың қырық төрт мысал өлеңін аударып, «Үлгілі тәржіме» деген атпен 1910 жылы бастырып шығарады. Осы арқылы жас ұрпақты өнер-білімге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеуді мақсат етеді, мінез-құлықты түзетудің құралы етіп пайдаланады. Озбырлық еткен үстем таптың қиянатын, пасықтығын әшкерелеудің құралы етеді. Бұл жөнінде С. Көбеевтің өзі «Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын-жазушылардың шығармаларының мазмұнын айтып, түсіндірумен қатар, әсіресе Крыловтың мысалдарын көбірек оқып, аударып беріп жүрдім. Шынып айтқанда, Крыловтың мысалдарын аударуыма осы Кішіқұмдағы жағдай себеп болған еді» — дей келіп, одан арм

лай сүбеттейді: «Декабрьдің аяқ кезі еді. таңертең мектепке келсем, мектептің есігі ашық екен. Балалар келіп қалған-ау деп ішіне кірсем, мектептің ішінде он шақты қозы, лақ жүр. Ойымда түк те жоқ, төлдерді айдап шықтым. Мектептің ішін сыпырып болғанша балалар да келіп қалды. Сабақ басталды. Бір мезгілде еңтігің бай келіп қалды. Өңі бұзылып, ашуланып келіпті. Мүлдем ісініп, жарылып кеткелі тұр. Мен оны байқамаған кісі болып, балалардың жазуын қарап жүр едім, бай маған:

— Молда, мұның қалай?— деді. Мен оған жалт қарадым да:

— Қателесесіз, мен молда емеспін,— дедім.

— Оқа емес,— деді бай,— молда болмасаң да әйтеуір бала оқытушысың ғой. Төлді шығартқан сен бе?

— Қайдағы төлді?

— Осы үйге қаматқан төлді.

— Бұл мектеп емес пе?

— Мектеп болса қайтеді екен?

— Байеке-ау, мұнда балалар оқып отырған жоқ па?

— Оқып отырса қайтейін! Олар малдан артық деймісің? Мен не айтарымды білмей, біраз кідіріп қалдым да:

— Есің дұрыс па?— дедім.

— Сіздің ше?— деді бай шімірікпестен.

— Мен мектепті төл қораға айналдыра алмаймын.

— Үй менікі. Бұл үйді салдырған менмін. Арық-тұрақ төлдімді далаға қоя алмаймын, маған алдымен мал керек,— деді де, бай есікті ашып жіберді. «Кіргізіндер-ей, айда бері!»— деп әлдекімге бұйрық берді. Сол арада-ақ манағы қозы-лактар дүркіреп мектепке кіріп келді.

— Бай, бұлай ететін болсандар, мен онда мектепті жабамын,— дедім.

— Мейлің білсін, маған бәрібір. Мына отырған қу манқаларыңнан төл артық,— деді бай.— Несі бар?!— деді тағы да бай шығып бара жатып.— Оқыта бер. Бұл төлдердің түк зияны жоқ. Мал адамның бауыр еті деген қайда? Момын, сәби төлден безгені несі, мал көрмегірдің!

Лаж жоқ, оқыта беруге тура келді. Балалар оқудан тарағаннан кейін, мен мектепте қалып, Крыловтың «Қолбақа» деген мысалын аудардым. Аударып болып, оқып қарап едім, әжептәуір аударылған сияқты болып көрінді. Үстінен өңдеп, қайтадан ақ қағазға көшіріп шықтым. Осы аудармамды, сәл өңдеп, кейін «Үлгілі тәржіме» деген жинаққа енгіздім.

Мен мектептен шығарда Оспан ағай келді. Балалар айтып барған болу керек, оның бірден төлге көзі түсті.

— Балаларды таратып жіберіп, мыналарды оқытып отырмын,— дедім мен.

— Қайтесің шырағым... Заман күштінікі мен тістінікі ғой,— бетегеден биік, жусаннан аласа болмасаң, жер бастырып жүргізер деймісің олар. «Битке өкпелеп тонынды отқа салма» деген,

кішкене бауырларын үшін төзіп бак, қалқам»¹,— деді Оспан.

Жазушының мұғалімдік жұмысы мен әдеби қызметі осындай ауыр жағдайларда басталып еді.

Спандияр Көбеев «Үлгілі тәржімеден» соң, 1912 жылы «Үлгілі бала» кітабын бастырып шығарды. Бірінші кітабында 62 тақырыпқа жазылған, екінші кітабында 32 тақырыпқа жазылған өлең мен әңгімелер бар. Бұлардың бір қатары аударма болғанмен балаларды оқыту, тәрбиелеу процестерімен тығыз байланысты. Бұл жөнінде Спандияр Көбеев былай деген еді.

«Үлгілі бала» хрестоматиясына Крыловтың өзім аударған мысалдарын кіргіздім, орыс классиктерінің балаларға арнап жазған қысқа әңгімелерін өзімшілеп қазақ тұрмысына лайықтап жаздым, сол сияқты қазақтың бай ауыз әдебиетін сұрыптап пайдаландым. Осымен қатар, бұл кітапқа табиғат туралы, оның әр алуан құбылыстары туралы, география, өсімдік, жануарлар туралы мағлұматтар беретін, балалардың ұғымына сыйымды және қызықты, қысқа-қысқа әңгімелер, мысалдар кіргіздім. Әрбір әңгіменің соңына сұрақтар қойдым»².

Шығарма мазмұны мен оның идеясы және мақсаты балаға мейлінше түсінікті болу үшін, қойылған сұрақтар бойынша оны қайталаудың, есте сақтаудың қажеттігін де жазушы педагог ұмыт қалдырмаған. Балаға жан-жақты тәрбие беру үшін кітабына енгізген шығармаларының тақырыбы әр алуан болуын да ескерген. Қазақ даласына салына бастаған жаңа типті мектептер үшін мұның өзі алғашқы адым, алғашқы бастама ретінде өте қажетті кітапқа айналады.

Ыбырай Алтынсарин сияқты, оның шәкірті Спандияр Көбеев те оқуға қажетті материалдарды іздестіріп-құрастыруда, өз тұсынан жазуда болсын алғаш рет орыс әдебиеті мен орыс мәдениетін өзіне үлгі етті, содан үйренді.

Совет өкіметі орнағаннан кейін де Спандияр Көбеев өзінің сүйікті мамандығы — оқытушылық қызметінен қол үзген жоқ. Ұзақ жылғы жемісті еңбектері үшін 1959 жылы С. Көбеев Ленин орденімен наградталды. 1940 жылы қарт педагог Коммунистік партияның қатарына мүше болып алынды. 1947 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. 1940 жылы Спандияр Көбеев ұзақ жылғы оқытушылық қызметі мен жазушылық еңбегі үшін екінші рет Ленин орденімен наградталды. Балалар әдебиетінің қамқоршысы, дарынды педагог Спандияр Көбеев ұзақ науқастан соң, 1956 жылы, 2 декабрьде, 78 жасында қайтыс болды.

Спандияр
Көбеев —
педагог жазушы

Спандияр Көбеев қазақ балаларына арнап көптеген өлеңдер, әңгімелер жазды. «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме» атты хрестоматиялар құрастырды, оқулықтар шығарды. Халық ағарту мәселелеріне байланысты жүргізілетін жұмыстардың бәрі де

¹ С. Көбеев. «Орындалған арман». Алматы, 1954, 81—82-беттер.

² С. Көбеев. «Орындалған арман», Алматы, 1954, 103-бет.

оның көркем шығармаларының ең өзекті мәселесіне айналды. Спандияр Көбеевтің шығармалары XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ балалар жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты, ерекше роль атқарды.

И. А. Крыловтың мысал өлеңдерінен үйрене, үлгі ала отырып, Спандияр өз тұсынан да оқушы балаларға арнап көптеген мысал өлеңдер, әңгімелер жазды. Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала» деген оқу кітабындағы әңгіме, өлең, мысалдардың көбі өзінің мазмұны, көлемі жағынан мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына арналған. Бұл кітаптың алғашқы беті Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі сияқты «Мектепке шақыру» деген өлеңімен ашылған:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге мырза, ерке.
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес надан кісі алар текке.
Ертеңгі шақырумен әтеш құстың,
Халықтар кетіп жатыр егіндікке.
Күн шығып, терезеге сәуле түсті.
Тұрыңыз: жарамас тек уақыт өтсе,—

деп, тым әсерлі жұмсақ сөздермен балаларды ұйқысынан оятып, оларды мектепке дайындайды. Ата-ананың балаға деген мейірімін, шын ықыласын білдіреді. Өлеңнің осылай басталған жалғасы бұдан да әсерлі сөздермен баланың ой-санасына қозғау салады. Бал жинаған ара мен қалбандап ұшқан көбелек те, жүгірген аң, ұшқан құстың бәрі де әрекет үстінде, бәрі де тыным таппай қажетіне жарайтын мүлікті іздеп табу қимылында, өз міндетін атқаруда деп жанды теңеулер мен салыстырулар арқылы баланы оқуға, өнер-білім жолына қызықтырады.

Ыбырай Алтынсарин сияқты Спандияр Көбеев те халық ағарту жұмысына байланыстыра отырып, соған қажет болған балалар әдебиетінің тәрбиелік орнын халық игілі дәрежесіне көтерді. Сауатсыз қараңғы елдің мәдениетін көтеру үшін алдымен білімнің қайнар бұлағы болған, ғылымның да, халықтың да асыл мұрасын жинақтаған, сақтаған кітап екенін, соны сүюдің қажеттігін Спандияр Көбеев балаларға әрқашан сабақ сайын айтып, түсіндіріп отырған. Өлеңмен де, көркем сөзбен де кітаптың пайдалы жақтарын, асыл мұраларын дәлел еткен. Бұл жайында айтқан М. Горькийдің мына бір асыл ойын еске түсірген жөн сияқты. «Кітапты сүйініздер, — деген еді ұлы жазушы, — ол сіздерге өмірлі жеңілдетеді, ойды, сезімнің, оқиғалардың сан түрлі және қым-қиғаш шытырмандарын түсінуге достықпен көмектеседі. Ол сіздерге адамды және өзінді құрметтеуді үйретеді, ол ой мен жүректі әлемге, адамға деген сүйіспеншілік сезіммен қанағаттандырады». М. Горькийдің бұл пікірі бойынша кітап бірінші орынға қойылатын, бірінші болып айтылатын сөз. Біздің

алдыңғы қатарлы саналы педагогтарымыздың да қолдайтынын осы.

Спандияр Көбеев баланы оқыту барысында барлық білімді кітаптан алуға болады, ол үшін кітапты көп оқу, іздеп тауып оқудың қажеттігін бірінші орынға қойған. Осы мақсатты іске асыру үшін оқылуға керекті кітаптардың жоқ кезінде балаларға қажетті сондай кітаптарды өзі жазуға, өзі құрастыруға мәжбүр болғаны да осыдан еді. «Үлгілі бала» деген кітабындағы «Балалар мен ғалым» деген қысқа әңгімесінде де осы кітап мәселесін сөз еткен.

Екі бала келе жатып, бір кітап тауып алады. Сол баланың біреуі: «Бұл кітап менікі, неге десен, мен сенен бұрын көрдім», — дейді. Екінші бала оған жеңістік бермей: «Жоқ, бұл кітап менікі, неге десен, мен сенен бұрын жерден көтеріп алдым», — дейді. Екі баланың таласының үстінен шыққан ғалым оларға: «Сендер хат танысыңдар ма?» — дейді. Балалардың екеуі де шынын айтып, «Жоқ, хат танымаймыз», — дейді. Сонда ғалым: «Кітап сендерге не керек. Бұл кітапты мен алайын. Қай бұрын оқу білгенге беремін», — дейді.

Кітап кімге қажет дей келіп, кітап хат білгенге, сауатты азаматқа қажет екенін білдіреді. Кішкентай әңгіменің бала тәрбиелеудегі әрі терең, әрі үлкен мазмұны осындай ұтымды мәселені баяндаған еді. Балалар әдебиетінің тәрбиелік мазмұны оқу процестерімен тығыз байланысты болғанда ғана өз мағынасындағы дәрежесіне көтеріле беретіні осындай ерекшеліктерінен танылады.

Орыстың ұлы педагогы Ушинскийдің айтқан қағидалары мен балаларға арналған әңгімелерінің бәрі де осы мазмұндас болып келеді. Ыбырай Алтынсарин де, Спандияр Көбеев те педагогикалық осындай терең қағидалы орыстың үздік ғалымдарынан, жазушыларынан, педагогтарынан үйренгенін білеміз. «Оқыту-тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады»¹ дейді К. Д. Ушинский. Спандияр Көбеевтің оқытудағы және бала тәрбиелеудегі әдеби еңбектерін зерттегенде Ушинскийдің осы қағидасын мықты ескергенін білеміз. Оқыту үшін Спандияр Көбеевтің алдымен оқытуға қажетті материалдарды жинақтауы, өз тұсынан қарастыруы, жазуы осыны дәлелдейді. «Үлгілі бала» кітабының бірінші бетінде «Мектептерде және үйде оқу үшін жазылады» деген Спандияр Көбеевтің өзінің ескертпе сөзі бар.

«Үлгілі бала» негізінен С. Көбеевтің балаларға арнаған еңбектерінің қатарына жатады. Өйткені бұл кітап қазақ аулында ашыла бастаған жаңа типті мектептерде оқу құралы ретінде қолданылатын болғандықтан, С. Көбеев оған баланың жас ер-

¹ К. Д. Ушинский. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері. Алматы, 1961, 47-бет.

екшелігіне, білім көлеміне қарай әрі қысқа, әрі көркем, әрі мазмұнды, тәрбиелі орны жоғары сатыда тұрған шығармаларды іріктеп енгізгені бірден-ақ көзге түседі.

«Түскі тамақ һәм кешкі тамақ» деген әңгіменің де мазмұны қызық, тәрбиелік орны зор. Түске дейін ерігіп қарап жатқан баласына шешесі ет салып, жақсы сорпа жасап береді. Бала сорпаны ішіп отырып: «Сорпаңыз дәмсіз екен»,— дейді. Шешесі: «Кешке дәмді сорпа жасап берермін»,— дейді. Түс қайта баласы әкесімен шөп тасып, үйіне әбден шаршап қайтады. Шешесі баласына түскі тамақтан қалған сорпаны жылытып береді: «Түскі сорпаңнан мына сорпа дәмді екен»,— дейді баласы үсті-үстіне ұрттай түсіп, Сонда шешесі: «Еңбексіз ауыз тұшымас, балам. Бұл түскі сорпаның қалдығы еді. Саған бұл сорпаның дәмді болғаны, — сен түстен соң жұмыс істеп шаршадың ғой» — дейді.

Қай нәрсенің болса да әсерлі де жақсы көрінетіні көз алдында тұратыны ғой. Есітіп білгеннен де, соны көрген артық емес пе? Көзбен көріп, қолмен ұстап, тілмен татса ғана мол әсер қалдырмай ма? Бұл әңгіменің баланы еңбекке баулудағы, тәрбиелеудегі басты қасиеті де осыны көздейді. «Еңбексіз ауыз тұшымас» деген бір ауыз сөздің өзінде баланың өз басынан кешірген жарты күндік іс-әрекетіне байланыстыра суреттеген. Бұл — көркем әңгімедегі көрнекілік қасиеттің басты шарты екенін дәлелдейді. Орыс халқының ұлы педагогы К. Д. Ушинский де балаларға арналған әңгіменің осылай жазылуын жақтаған. Өйткені әңгіменің мұндай құрылысында көрнекілік сипат болатынын айтқан. «Сурет бойынша, әсіресе әңгімеге өзек болу үшін салған сурет бойынша жасалған әңгіме, суретсіз шешен тілмен айтылған қызықты әңгімеден анағұрлым көңілге қонымды болады. Бұл сурет тек әңгімені есте ғана қалдырмайды, сонымен мұғалімнің өзін және балалардың алған мәліметтерін мида жинауына мүмкіндік береді»¹ дейді К. Д. Ушинский. Спандиярдың «Түскі тамақ һәм кешкі тамақ» деген әңгімесінде жанды сурет бар. Бұл әңгіменің мазмұны да, кейіпкерлері де баланың күнделікті көз алдында болатын және оқиғаға өзі араласатын жайларды баяндайды. Әңгіме осынысымен ұтымды да бағалы.

Балалардың әдепсіз қылжақ мінездеріне тыйым салу үшін де Спандияр Көбеев әңгіменің осындай мазмұнды, ақыл, парасатқа жеңдіретін жақтарын шебер қолданады. Ұтымды айтылған аз сөзбен-ақ оларды көп нәрсеге мойын сұндырады. «Шал мен балалар» деген әңгімеде осы әдептілік мәселесі сөз болады. Бір жарлы есегіне мініп келе жатқанда, оның есегінің ақырған даусын естіген, бір топ бала алдынан жүгіріп шығып: «Неге сіз есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз»,— деп әжуа, мазақ еткілері келеді. Сонда шал балаларға: «Есегім өлең айтпайды. Сендер-

дей жақсы жолдасын көрген соң, қуанғаннан бақырады»,— депті. Әңгіме осы сөзбен аяқталған.

Шалды әжуа, мазақ еткілері келген еріккен балалар алғіндей ұтымды сөз естігенде, өздерінің қылықтары тым ерсі екенін сезініп, қатты ұялған. Балалар әдебиетінің негізгі түп қазығы, айқын мақсаты жастарды тәрбиелеуге, өмірдің келешегін танытып, білім беруге арналған болса, ол осы сияқты санаға, сезімге әсер еткендей болуға тиісті.

Балалар әдебиетінің көркемдік ерекшеліктеріне зерттеу жасағанда, оның көбіне осы сияқты әсерлі мазмұнын айқындаған дұрыс. Шеберлік пен көркемдік мәселесі қызық та оқиғалы мазмұнға байланысты туатыны белгілі. Оқиғасы және тартымды мазмұны жоқ жерде шеберлік те, көркемдік те болмайды. Балалар әдебиетін жазушылардың балаларға ой салатын және оларды маз-майрам ететін ойлы да өткір пікірді көбірек іздейтіні байқалады. Олар өткір де шебер пікірді баланың шама-шарқына қарай қысқа, ұтымды қолданады. Өйткені әңгіме қаншама көркем де қызықты болғанымен, шұбалаңқы, тым ұзақ болса, баланы жалықтырып жібереді. Баланың жас организмі ұзақ уақыт сарылып отыруды көтермейді. Бұл — жалпы жаратылыстық заң.

Спандияр Көбеев әңгіме тақырыбын бала қызығарлықтай етіп, таңдай білген. Тақырыбын оқығанда-ақ сол әңгіменің неге арналғаны аңғарылып отырады. «Қайырымды бала» деген әңгімесінің тақырыбы оның мазмұны неге бағытталғанын байқатады. Әңгімені оқымас бұрын, ол қандай қайырымдылық жасады екен, қандай өнегелі ісімен танылды екен деген сұрақтар туғызады да, өзін бастан-аяқ тезірек оқып шығуға ынталандыра түседі. Бұл әңгіменің мазмұны тым қысқа. Сабағын жақсы оқыған баласын қуаныш етіп, мақтай түсіп, әкесі оған он тиын береді. Баласы ол ақшаны бір қайыршыны аяп соған береді. Бұл — тәрбие көрген өнегелі, үлгілі бала. Үйіндегі барды далаға таситын, жоқ болса ұрлап алатын, бар ықыласы қара ниеттілікке ауған жаман баланы жөнге салуға, барға қанағат етуге үйрететін әңгіме. Сонымен қатар бұл әңгімеде баланы кіші пейілдікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке баулиды. Кіші пейілділік — озбырлыққа, дөрекілікке, даңғойлыққа қарама-қарсы тұратын ізгі ниет екенін танытады.

Қара күшке сүйенген даңғойлық оғар мінездің неге әкеліп соғатынын да Спандияр «Аю және бөрене» деген әңгімесінде қызық та күлкілі етіп суреттеген.

Қалың орманды аралап келе жатқанда аю бал арасының ұясына кез болады. Ағаш басындағы ара балына тамсанып, оны жегісі келді. Аю ағаш басына көтеріліп, ұяға жақындағанда, ілініп тұрған ауыр бөрене оған кедергі жасайды. Аю бөренені итеріп жібереді. Ары серпілген ауыр бөрене өз салмағымен қайта оралғанда, аюдың басына сарт ете қалады. Қара күшке сенген оғар аю, бөренені тағы да одан бетер қатты итеріп жібергенде, ол екінші рет аюдың басына соқтығып, құлағын шыңылда-

¹ К. Д. Ушинский. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері. Алматы, 1951, 47-бет.

тып жібереді. Оған ашуланған аю бар күшімен бөренені үшінші рет қойып жібереді. Серіппелі бөрене қайта айналып аюдың басына соқтыққанда, басы жарылған аю ағаш басынан жерге ұшып түседі. Аюдың ақылсыздығы мен оjarлығы, бал жеймін деп басын сындырып алғаны балаларды қатты күлкіге шомдырып, маз-майрам етумен қатар, оларды аю сияқты ақылсыз болмауға үйретуді көздейді.

Баланы тентек, даңғой мінезден арылтып, саналылыққа үйрететін әңгіменің тәрбиелік жақтары осындай болуға тиісті. «Біз тәрбиеде саналы ұғым үстем болғанын тілейміз: ол саналы ұғым тек мұғалімге ғана түсінікті болып қоймай, онымен бірге баланын өзіне де анық болсын»,¹ дейді Н. А. Добролюбов.

Спандияр Көбеев өзі педагог болғандықтан, оның жазған әңгімелерінің бәрінде де оқу процесіне байланысты мазмұн бар. Бұл әңгімелердің бәрі де баланы саналы, оқыған азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған. Оның шығармаларында артық айтылған, оқушының ұғымына ауыр тиетін, қисынсыз әңгімелер кездеспейді. Осындай қысқа жазылған өнегелі әңгімелермен қатар, «Үлгілі бала» кітабында панасыз қалған балалардың өмірін өте қайғылы халде сипаттайтын екі өлең бар. Оның бірі «Жетімнің өлеңі», екіншісі «Жетім» деп аталады.

«Жетімнің өлеңі» деген бірінші шығармасында жастайынан әке-шешесі өліп, жетім қалған баланың ауыр халі суреттелген. Онда әке-шешесінен қалған азын-аулақ мал мүлкті озбыр ағайындары бөліп алып, баланы ешқайсысы да қорғамай, қаңғытып жібергені баян етілген:

Бетіңмен іс етуге ақылң кем,
Бой өсіп, жас жетпеген білмейсің жөн.
Мал басың ағайынның талауында,
Алдаушы осы емес пе дүние деген.
Көзіңнен жас ағады қан аралас,
Биліктен малың түгіл шығып тұр бас.
Сұраусыз малыңда құрық, басыңда сырық,
Қыр аңы арыстан, қаблан мұндай болмас.

«Байтал түгіл бас қайғы» дегендейін, Октябрь революциясына дейін жетім-жесірлерге оқу түгіл, баспана табудың өзі де аса қиын еді. Өмірден қысым көріп, тұрмыс өгейлігі арқасына батқан жетім-жесірлер қайыршылық халге түскен. Академик жазушы Сәбит Мұқанов Көбеевтің «Үлгілі бала» деген осы кітабының жас өспірімдерге беретін үлкен әсері, тәрбиелік мәні барын айта келіп, былай деп жазған: «Спандияр Көбеевтің «Жетім» деген өлеңі маған аса қатты ұнады, — деп жазды Сәбит Мұқанов, — онда ескі ауылда үстемдік еткен озбыр байлардың қысымын көп көрген панасыз жетімнің ауыр халі өте айқын да әсерлі

суреттелген»¹. Бұл өлең 1912 жылдары жазылған. Сол кездің өзінде-ақ Спандияр Көбеев панасыз қалған жетім-жесірлерге пана болатын, қол созып, қамқорлық ететін, оларды өз қатарына қосатын ерлерді, бостандық жолын іздеген. Өлеңнің ең соңғы шумағы:

Шөлдесең сусын берер күндер қайда,
Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда.
Қаңғырып жүдеп-жалап жүргенінде,
Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда? —

деген патриоттық жігер беретін жалынды сөздермен аяқталған. Адамның сай-сүйегін сырқыратарлық, жас нәрестенің басындағы трагедиялық осындай хал кімге болса да үлкен ой туғызады да, қатты тебіренетеді. Біздің әкелеріміздің жастық шағы осындай қайғы-қасіретпен өтті, олар өмір өгейлігін көп көрді. Сол кездегі балалар басындағы ауыр халді, трагедиялық өмірді өз көзімен көрген Спандияр Көбеев осындай реалистік тұрғыда әсерлі суреттеген.

Біздің заманымызда өмір сүріп отырған бақытты балалар октябрь революциясына дейінгі балалардың халі қандай ауыр болғанын, аса төзімсіз жағдайда өткенін Спандияр Көбеевтің осы өлеңдерін оқып отырып, толық таныса алады. Шөлдегенге сусын, қарын аштарға тамақ, панасыздарға пана болып, маңдайынан сипап, қамқорлық жасайтын жұрт аңсаған бостандық өкіметі біздің өкіметі — совет өкіметі болды.

Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» атты кітабындағы «Тойда естіген әңгіме», «Молда алдында», «Зорлық», «Үміт сәулесі», «Құлақ естігенді көз көреді», «Бөлтіріктер», «Ауыр қаза», тағы басқа әңгімелері ауылдағы бұрынғы мектеп өмірі мен бүгінгі ауыл жайын толық таныстырады. Ол кезде мектеп салудың қиыншылық ауыр екені, салынған мектеп болса, онда тек үстем таптың балалары ғана оқу керек деген теріс қағидалар болғанын суреттейді. Тозығы жетіп келе жатқан мұндай теріс қағидаларға қарсы сол кезде қазақ арасынан бірен-саран шыға бастаған Ыбырай Алтынсарин сияқты интеллигенттердің қарсы күрес жүргізгені баяндалған. Сондықтан бұл әңгімелер де балалар әдебиеті мұрасына қосылған тарихи және тәрбиелік маңызы зор шығармалар.

Қорыта айтқанда, бар өмірін халық ағарту жұмысына сарп еткен, қазақтың жаңа типті ұлт мектептері үшін оқулықтар жазған, бала тәрбиелеу, оқыту саласында үздік көзге түскен, республикамызға еңбегі сіңген мұғалімнің әдеби мұралары қазақ балалар әдебиеті тарихынан өшпестік орын алады. Сонымен қатар, Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме» атты кітаптарындағы еңбектері балалар әдебиетіне қойылатын тілек-талаптарға берілген творчестволық жауап деуімізге болады. Спандияр Көбеевтің балалар сүйіп оқитын өміршең шығармалары ең жоғарғы құрметке не боп қала берді.

¹ С. Мұқанов. «Казахстанская правда», 15 май, 1939.

¹ Н. А. Добролюбов. Тандымалы педагогикалық пікірлері. Алматы, 1959, 11-бет.

ӨМІРІ МЕН ЖАЗУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Кейбір ақын-жазушылардың өнер-білімге іздену сапары, сол жолдағы көрген қиын-қыспақ кездері мен табыстары, тіпті олардың өмірбаяны да балаларды қатты қызықтырады. Өз өмірлеріне үлгі, өнеге етеді. Іздену сапарындағы көргені мен білгені көп, тәжірибесі мол жазушылардың шығармалары өмір оқулығындай сұрыпталатыны бар. Көргені мен білгені аз, өмір тәжірибесі кем жастар үшін ақын-жазушылардың қызықты шығармалары өмір мектебіндей көрінеді. Ақыл-есінің тез жетілуіне жәрдемдеседі. Оларға өмір сүру, білім алу жолдарын танытады. Жақсы өмір сүрудің жақсы жолдарын айтады. Талаптану, үздіксіз іздену, ойлаған мақсатқа жетудің қиын-қыстау кездеріне қарсы тұрып, төзе білу жолдарын үйретеді.

Балаларды қызықтыратын осындай ерекшеліктер, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларынан да, өзінің өмірбаянынан да көп кездеседі. Орталық партия комитетінің органы Правда газеті 1940 жылы 21 июнь айындағы шыққан 171-нөмірінде қазақ әдебиеті жайында жазған мақаласында — Сұлтанмахмұт Торайғыровты зор ақылды, өмір баяны өте қызық, тамаша жазушы деп атап өткен болатын. Адамның ақылдылығы мен парасаттылығы оның еңбегінен, істеген ісінен танылатыны да сөзсіз.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 октябрьде Омбы уезінің Шағырай болысында Қарауыл Шабар аулында (қазіргі Көкшетау облысының Қызыл ту ауданында) туған. Өзі кедей шаруаның баласы. Бір жасында шешесі өліп, жетімдік пен жокшылықтың қасіретін көп көреді. Сұлтанмахмұт алты жасар күнінде әкесінен оқып, хат таниды. Бұдан кейін ол әуелі ауылдағы молладан оқып, бергін келе Троицк, Семей, Томск қалаларына білім іздеп сапар шегеді. Ауыр азап пен көп қиыншылықтарға төзген, тұрмыс өгейлігін көп көрген болашақ жас ақын ауру-сырқаулы да болады. Бірақ Сұлтанмахмұт мұның бәріне де мойымады, тұрмыстың жарқын болашағын ансап, соны көруге үміттенді.

Кім не нәрсені ардақтай білсе, сол нәрсенің қадіріне жетіп, оны қолдай да алады, жақсысын асыра біледі. Сауат ашу, хат тану барысында Сұлтанмахмұт алдымен өзінің ана тілін қадір-

леді, соның барлық ерекшеліктерін тани білді. Ана тілінің асыл мұрасын бойына сіңіріп, жақсылығын мақтан етті.

Сүйемін туған тілді, анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен «құлыным, жаным» деген.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.

Ол өзінің ақыл-парасатының қандай дәрежеде екенін осындай дана пікірлерімен-ақ таныта алған. Ана тілін құрметтеп, сол тілде сөйлей алу, хат тану, сауат ашу, жазу-сызуды үйренудің бәрі де соған, тек қана соған байланысты екенін бойға сіңіріп айта алу, оқушыға түсіндіру ақындық қасиеттің ең жоғарғы сатысы, дарындылығы деп айтуға болар елі.

«...Біз балаларды өзінің ана тіліне үйреткенде, халықтың рухы, оның көп ғасырлық өмірінде жасаған мұраларымен таныстырамыз, яғни оған халықтың барлық күші мен барлық поэзиясының шексіз дария болып ағып жатқан жанды бұлағынан нәр тапқызамыз. Ана тілін үйреткен кезде біз адам мен табиғаттың сырын тікелей ашып беретін басқа пәндерді, атап айтқанда, тарихты, географияны, математиканы, жаратылыс тану пәндерін, одан соңғы кезде шетел тілдерін үйретуді көздейміз»¹ дейді К. Д. Ушинский. Ана тілін үйренудегі, білудегі негізгі мақсат оның түп қазығы мені аңғартатыны жайында Сұлтанмахмұттың көзқарасы орыстың ұлы педагогы К. Д. Ушинскийдің осы пікірлерімен дәлме-дәл ұштасып жатыр.

Өйткені «Ана тіліне немқұрайды қарау — өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайды қарау»² деп Паустовский айқын көрсеткен ғой.

Баланы тәрбиелеу, оқыту барысында көп сөзділіктің, құрғақ өсиеттің қажеті аз. Баланың санасына жеткізіп, жігер-қайрат, рух беретіндей ұятты, әдемі ақыл сөздер айтылып отырса, ол соған рухани азық болады. Өзінің сана сезімінің өсуіне, білімінің тез толығуына әсер ететін осы сипатты мәнді сөздерді, өлеңдерді балалар жатқа біліп, сахнада, сауық кештерінде мақтанышпен серпілте айтады.

Бала тәрбиелеуде құрғақ өсиет, әр түрлі тәтті сөздерден гөрі, оның өз өмірінен алынып айтылған нақтылы, ойлы пікірлердің қажет екендігі жайында В. И. Ленин былай деген болатын: «Коммунистік жастарға тәрбие беру — оларға әр түрлі тәтті

¹ К. Д. Ушинский. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері, 1951, 58-бет.

² Паустовский В. Лениншіл жас, 23 март, 1973.

сөздер сөйлеп, адамгершілік туралы ережелерді ұсынуда болмауы керек. Тәрбиенің мәні онда емес. Жұрт өз ата-аналарының помещиктер мен капиталистердің езгісінде қалай өмір сүргендігін көргенде, қанаушыларға қарсы күресе бастағандардың басына түскен ауыр азапты өздері бірге тартқанда, таптық табысты қорғау үшін осы күресті ұдетудің қандай құрбандық керек қылғандығын өзі көргенде, помещиктер мен капиталистердің қандай жан таласқан жау екенін көргенде, — сонда ол жұрт осындай жағдайда коммунист болып тәрбиеленеді. Коммунистік адамгершіліктің негізі — коммунизмді нығайту және аяқтау үшін күресу»¹.

Балалар әдебиеті дегенде, балаларға рухани азық боларлық, қанатына су бүркіп, аспандатып отыратын, өмірді үйрететін, еңбек майданына белсене араласып кетуге жұмылдыратын, болашағын, алдағысын танытатын өмір оқулығы дәрежесінде болуға тиісті. Әр ақын, жазушылардың шығармаларын зерттегенде, осы айтылған ерекшеліктердің әр түрлі элементтері не тұтас күйінде, не соның бір көрінісі ретінде айтылып отырады.

Қазақ әдебиеті тарихында балаға мейірімі түспеген, өз шығармалары арқылы балаларды қызықтырмаған, балаларға арнап шығарма жазбаған бірде-бір суреткер жоқ десек, қателеспеген болар едік. Солардың алдыңғы сапындағыларының бірі — Сұлтанмахмұт Торайғыров. Әрі өжет, әрі зерек, талабы таудай Сұлтанмахмұт орыс тілін үйренуге, орыс мәдениетімен танысуға талаптанады. Орыс ғылымын үйрену — адамды жарқын болашаққа бастайтын ізгі жол деп түсінді. «Өмірімнің уәдесі» деген өлеңінде:

Оллант ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, география пәнді білмей,
Оллант тірі болып жүрмеспін мен.
Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа, —

деп ант етеді. Талапты жас азамат білім алу жолында өзін-өзі үлкен іске міндеттейді. Парасатсыз, пайымсыз, ешқандай түйсігі жоқ дін оқудан орыс ілімінің пайдалы екенін жас кезінде-ақ біледі. Кейбір ақын-жазушылардың шығармаларымен қатар өмірбаяны да балаларға үлкен үлгі, мол тәрбие береді дейтініміз де осындай жайларға байланысты болып табылады. Сұлтанмахмұт білім алу жолындағы сапарында көп қиындық көреді. Қанша әрекеттеніп, қанша талаптанса да, жоқшылық оның қолын байлап, аяғына тұсау болып шырмала береді. Ол:

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 296-бет.

Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық.
Дәуісі едім неге керек дүние боқтық.
Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой, —
Дінкемді міне құрттың әттең жоқтық, —

дегенді талай айтып, талай рет қыпжылды. «...Жұмасында екі ғана обед етем (ет татам), құр шай мен нан, Құім алғаным жоқ. Кино, бечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным ала қағаздың беті... Халім — осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ», дейді бір хатында. Өмір өгейлігінің осындай қиыншылығын, таршылығын көрген Сұлтанмахмұттың ауруы асқынды. 1920 жылы, 21 май күні қайтыс болады.

Қазақ балалар әдебиетіне жаңа бағыт, жаңа идея тудыруда жас өспірімдер арасында Сұлтанмахмұт шығармалары ерекше роль атқарды. Біріншіден, ол — жас өспірімдерді өнер-білімге, оқуға шақыруда балалар әдебиетін жалынды күрес майданына айналдырып жіберді. Екіншіден, Сұлтанмахмұт өз шығармалары арқылы өнер-білімге, жаңа типті оқудың іске асуына қарсы болған және ұлт араздығын тудыруға күш жұмсап келген адамшыл, ел бұладіргіш сұмдарға, дін сқолас-тикаға ашықтан-ашық аяусыз күрес жүргізді. Оның зиянды жақтарын әшкере етушілердің алдыңғы қатарында болды. Үшіншіден, ұлы орыс халқының өнер-білімін, мәдениетін игеруге, тілін үйренуге, география, история пәндерін білуге шақырды. Төртіншіден, оқып білім алудың түп мақсаты — ел үшін, халық үшін еңбек етуге жұмсалуды тиіс деп, Сұлтанмахмұт жас өспірімдер арасына ұран тастады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ балалар әдебиетінің дамуындағы жаңа идея, жаңа бағыт осылай өріс алған еді. «Оқып жүрген жастарға» деген өлеңінде:

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз?
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз! —

деп, өзі сияқты кедей шаруалардан шыққан жас өспірімдерге қажырлы қайрат бере жырлайды. Оларды ынтымаққа, бірлікке, өнер-білімге шақырды. Сұлтанмахмұт «Таланттыларға», «Шығармын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» сияқты өлеңде-

рінде де өнер-білім, оқу жайын көп мадақтайды. «Ақтармын оқып шығып адам атын» деп өзіне-өзі үлкен сенім білдіру арқылы, басқаларды да еліктіреді. Сұлтанмахмұттың бұл өлеңдері балаларды білім алу, іздену жолында қажырлылыққа, төзімді болуға, қиындықты жеңе білуге үйретеді, оларды халық алдына қызмет етуге міндеттейді. Ол кезде қарапайым шаруа балаларының жаңа типті мектептерде оқуына жол бермей келген, оларға көп кесірін тигізген ислам діні екенін Сұлтанмахмұт ашық айтқан. Дін басшылары жаңа типті мектептерде оқылатын пәндердің ролін, ғылымның, техниканың табыстарын жоққа шығарғысы келетінін әшкере еткен.

Сұлтанмахмұт дінді халық ағарту жұмысына, өнер-білімге байланыстыра суреттейді. Халық ағарту жұмысы мен өнер-білім сөйленетін жерде балалар үшін жасалатын қамқорлық әрқашан бір айтылады, қатар жүреді. Әсіресе жас өспірімдерді дін ашыншы шырмауынан азат ету мәселесі Сұлтанмахмұт шығармаларынан елеулі орын алған. Сұлтанмахмұт дінге қарсы жазған шығармаларында дін басшыларының елді үркіту, қорқыту үшін, сөйтіп, ел тағдырын өз қолдарында ұстау үшін ойлап шығарған сандырағы деп түсіндіреді. Ол 1910 жылы жазған «Дін» деген өлеңінде:

Дін деген өтірікке нану деген.
Көңілге еңбес хиял алу деген.
Қиямет күн ғарасат майданында,
Өлген адам тіріліп бару деген.

Дозакқа күнәлілер жану деген,
Кәпірді зор азапқа салу деген.
Мұсылманның басқаның бәрі иттей боп,
Өшпес от, бітпес бейнетте қалу деген.

Бұл — молданың өтірігіне сену деген,
Жетегіне соқырдың еру деген.
Алдамшының алдаған сөзіне еріп,
Қолда барын сыпырып беру деген.

Мұнда дін тек құдайға құлшылық етуге ғана шақырып тұрған жоқ, ол ұлт пен ұлттың арасында бас араздық туғызуға, бір халық пен екінші халықтың өз ара бірлігін бұзуға бағытталған. Бұл — діннің өте-мөте қауіпті сипаты. Жаңа типті мектептерде орыс-қазақ балаларының бірігіп аралас оқуына жол бермеудің қауіпті көріністері еді. Сұлтанмахмұт діннің осындайлық кесепатын ашып, алға тосады. Анығында, дін соқыр сенімдерге иландыра беруді көздеумен қатар, ұлт бірлігінің сақталуына зиянын тигізеді. Ұлт араздығын тудыратын бірден-бір қатерлі күш, қатерлі қауіп, дін нелерінен, дін басшыларынан шығады.

Ұжмаққа қазақ ғана кіру деген,
Ол жолды қожа-молда білу деген.

Ежелгі надандықтың кесірі ғой,
Ғылымға бой ұсынбай іру деген.
Миға кірмес өтірік сөз емес пе, —
Мұның бәрі бос мылжын ұру деген.

Өтірікке төзбейтін Сұлтанмахмұт діннің осындай ойдан шығарған зұлымдығына қатты қынжылады, налиды. Ғылымға да, ұлт бірлігіне де діннің қарсы тұрып, қарапайым халықты мүлде қараңғы тұңғыққа апарып тіреп қояуы, бақытсыздыққа душар етуі зұлымдықтың ең асқынған түрі деп бағалайды. Осыдан келіп, дін тек үстем таптың пайдасы үшін қызмет ететінін, соның соңының соғатынын, оның таптық сипатын әшкере етеді. Ол «Соқыр сопы» деген өлеңінде дін нелеріне жүгінушілерді төмендегіше әшкерелейді.

Міндеті — ораза ұстап, намаз оқу,
Молда айтқанын талғамай ойға тоқу.
Мүләйім құдай деген сопы жан боп,
Момындарды алдаумен жемтік шоқу.

Дін нелерінің барлық айла-тәсілі — халықты, олардың жас буындарын жоққа нандырып алдаумен ел үстінен күн көру. Халықты дін жолымен билеп-төстеп болған соң, ойына келгенін істеп, олардың намысына, арына тиеді. Адал жанына кір жатады. Сұлтанмахмұт олардың сондай азғырынды суайт сөздеріне мүлде төзе алмайды да, оларды халық алдында әшкере етеді. «Шұбар қожа» деген кішкентай өлеңінің өзінде-ақ дін нелерінің жексұрындыққа толы типтік характерін, ішкі зұлымдық дүниесін ашып берген.

Сұрайтыны ат, айғыр, қошқар, бұқа,
Түк білмей-ақ күбірлеп оқыр дұға.
«Емдеймін», — деп, өлтірген ауруларды,
Елдегі үлкен кесір шұбар қожа.

Баласызға дұғамен бала бермек,
Қараңғы елді алдап, қылған ермек,
«Ұжмақ», «Дозақ» дегені рас болса,
Дозакқа ең алдымен Қожа кірмек.

Қара қойдың өкпесі кімді жазар,
Қожаның айланы ғой тамақ табар.
Алдауыш, ел бүлдіргіш, құрыса сұмдар,
Қараңғы ел арамзадан тыным табар.

Ел бүлдірген осындай алдаушы сұмдардың халық мәдениетінің өріс алуына жол бермей келгені тарихи өсу жолымыздан белгілі. Халықтың мәдениеті мен өнер-білімін көтеруге ғасырлар бойы тосқауыл болып келген дін оқуы, дін уағыздары қалың бұқара-

ны қараңғылық тұңғығына, надандық батпағына батыруды көздеді. Жас ұрпақтың оқуына, ғылым жолына түсіп іздеуіне жол бермеді. Ұлы орыс халқының үздік мәдениеті мен оқуын, өнер-білімін құбыжық етіп көрсетуге тырысты. «Шоқынды болып кетесіндер» деген діни лақаптар таратты. Қарым-қатынас жасауға тыйым салып қойды. Сөйтіп, дін қазақ халқының ұлттық өнерінің, мәдениетінің еркін дамуына, еркін шырқауына жол бермеді. Ән салған, өлең айтқан, күй шертіп, жыр-жырлаған адамдар тобын «жын ойнағы» деп құбыжық етіп көрсетті. Дін иелері өнерпаз адамдарды жек көрді. Балаларды жана типті мектептерде оқытуға қарсы шықты. Діннің осындай қара ниет сырын аша отырып, Сұлтанмахмұт оқудың, өнер-білімнің пайдасын, бақыт адамның білімінде екенін сипаттап түсіндіруге күш салды. Сұлтанмахмұт өзінің 18 жасында жазған «Оқу» деген өлеңінде былай дейді:

Бүгіндегі жастарға оқу міндет,
Тек қана оқуменен өнер білмек.
Өнер-білім, адалдық, ар, намысты,
Жоятын надандық қой емсіз індет.
Оқыса басқа елдердей қатарға еңбек,
Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек...
Білімге ел боп аңсап құмарланса,
Жетілу аз-ақ жылда жоғары өрлесп.

Ақын өнер-білімді игеру адам баласын бақытты болуға бастайды, надандықтан арылтады, өмір сүруді жеңілдетеді дегенді жас өспірімдердің санасына жеткізе айтады. Өнер мен білім қара бастың қамы үшін емес, ел қамы, халықтың қамқоршысы болу үшін жұмсалуды керек.

Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек,
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр», — деп.
Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек, —

деп халық үшін қызмет ету адамды өшпес данққа, құрметке бөлейтінін, тарихтың төрінен орын алатынын, халық аузында сүйкімді аңызға айналатынын суреттейді. Оқудың, өнер-білімнің қымбаттылығын, қолға оңай түспейтінін, бұл жолда ұзақ жылдар қажымай, талмай қиындығына төзе жүріп, еңбек етудің қажеттігін сипайттайды. Бұл өлеңнің жас өспірімдер үшін тәрбиелік мәні, ұзақ жылдар бойы оқулықтардан орын ала беретіні осындай терең мағынасына саяды. Ол кезде мәдениетсіз қараңғы елдің жас өспірімдеріне өнер-білім жайын, оның жарқын болашағы барын әйгілеу өте қажет еді. Жас өспірімдерді өнер-білімге қызықтыру, соған жұмылдыру қиын болатын. Сұлтанмахмұт «Орнымыз медресе оқып жатқан» деген өлеңінде осы жайды бейнелейді:

Шынында ғылым артық мал мен бақтан.
Ғылым болса қара су тасып аққан.
«Оқу оқып, не керек мал таппай», — деп,
Қазақтың айтқан сөзі надандықтан.

Ол кездегі балалар оқуды, өнер-білімді тек арман еткен, оған қолы жетпеген. Оқуға, өнер-білім алу үшін іздену сапарына шыққан жас өспірімдердің үстем тап өкілдеріне жалынып, жалбарынумен ғана күні өткен. «Бір баланың тілек батасы» деген өлеңінде Сұлтанмахмұт бұл жағдайды былай суреттейді:

Оқыт бізді, ағатай,
Қам көңілім болсын жай.
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып,
Уанта көр, құдай-ай!
Надандықтың пітінесін,
Суалта көр, құдай-ай!

Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақ елінде оқудың, білім алудың жолдары қандай қиын болғанын осыдан-ақ көруге болады. Сұлтанмахмұт мұндай қиын жағдайларды өз басынан кешіргендіктен шығармаларында айқын суреттейді.

Сұлтанмахмұт тұрмыстың ауыр халін, жоқшылықты айтып, оқудың, білім алудың қиындығын суреттеп қана қойған жоқ. Сары уайымға түсіп, «біткен жерім осы» деп отырмады. Тұрмыстың ауыр жағдайларын шебер суреттей отырып, оған қарсы күресуге, қиындықты жеңе білуге шақырды. Жалыну, жалбарыну күн көріс емес, соған қарсы күресу ғана ойлаған мақсатқа жеткізеді деп жас өспірімдерді жігерлендіреді. Әркім өзінің қайратына, күшіне, алған бағытына сенсе ғана, ол барлық қиындықтарға төзе жүріп, сол жолдағы еңбегінің жемісін көрсете алады деген идеяны уағыздады. Болашақ жас өспірімдердікі, олар қазірдің өзінде-ақ белсенді жасампаз күш екенін Сұлтанмахмұт өз ісімен көрсете алды. «Адамзаттың әрбір ісі тек ақылмен және білімге негізделіп істелсе ғана алға басады. Ақыл оқу арқылы өседі және білім де оқу арқылы беріледі, демек, тек сауатты халық қана табысқа жетуі мүмкін!» дейді Н. Г. Чернышевский. Сұлтанмахмұт та осы пікірді жақтайды. Ол «Шығармым тірі болсам адам болып» деген өлеңінде өзінің мақсатын, болашағын осы тұрғыдан бағалайды:

Шығармым тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

¹ Н. Г. Чернышевский. Таңдамалы педагогикалық пікірлері. 1951, 31-бет.

Мен — балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып тұрған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп өз-өзіме еткен егес.

Мінекей, талант иесінің айтқан сөзі. Оған жоқшылық та, тұрмыстың өгейлігі де, надандықтың қалың торы да, дін иелерінің қарсылығы да бөгет бола алмайды. Бәрін де баса-көктеп өтеді. Бідекті сыбанып кірісіп кетсе, алынбайтын қамал жоқ. «Көз қорқақ, қол батыр», әңгіме — белсене кірісуде. «Талапты ерге нұр жауар». Өнер-білім жолындағы өзінің барлық әрекеті, одан алған жемісі халыққа, тек қана халық үшін арналатынын баса айтқан. Жас өспірімдерге арналған Сұлтанмахмұт өлеңдерін талдағанда, ондағы осындай ақыл-нарасат үлгісіне жас өспірімдер айрықша зер салады, соған еліктейді. Өнер-білімнің соңына түсіп, оның айқын болашағын таныған, құдіретін көрген, тәтті дәміне аузы тұшыған Сұлтанмахмұт енді бұдан да өрши түседі. Өнер-білімнің қойнына енген сайын қайраты тасып, көңілі өседі. Білімнің арқасында не нәрсені болса да орындай алатынына сенімі артады. Енді қандай қиындық сұрапылы төнсе де серпіп тастаймын деп қайрат шегеді. Жас азамат өз өнерін көрсетіп, халық алдында қызмет етуге асығады. Өз халқы надандықтың қара түнек тұңғығынан арылтып, тезірек жарқын болашаққа қарай талпынасак деген адал көңілін білдіреді. «Тұрмысқа» деген өлеңінде:

Ден сау болса, тағдырдың,
Көкке ұшырам күлдерін.
Түрлентемін гүлдерін.
Жігермен талап еткен соң,
Қоям ба екен сүлдерін?
Аждаһадай ақырып,
Естімеймін үндерін.
Серпіп тастап түндерін,
Туғызамын күндерін.

Бұл — жігерлі, ақ жарқын азаматтың қажырлы қайратынан, зор сенімінен, адал жүрегінен жарып шыққан шын ниет. Ар-намысқа тие айтылған бұл өлеңде тасқындаған зор күш бар.

«Адам өзінің өмірін және өзінің мақсатын тек халық өмірімен және халық мақсатымен ұштастырғанда ғана пайдалы іске қолы жетеді»¹ дейді Н. Г. Чернышевский. Сұлтанмахмұттың

¹ Н. Г. Чернышевский. Таядамалы педагогикалық пікірлері, Алматы, 1951, 32-бет.

оқудағы мақсатын халық өмірімен және халық мақсатымен ұштастыра білгені, адамдық, азаматтық борышын білдіргені демекпіз. Осы пікірімізді тереңдете, ұлғайта түсу үшін Сұлтанмахмұттың «Шәкірт ойы» деген өлеңін мысалға келтіруге болады:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда, кім болам!?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кіремін.
Еңбек, бейнет тарауы,
Рақатқа сарқылар.
Қыздырып күннің қарауы,
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып көгерер.
Қызығын жайлап ел көрер.
Тұрмыс, тағдыр бәрі де,
Бұл мақсаттан бұра алмас.
Қаһарман Рустем, Әлі де,
Бұрам деп жолда тұра алмас.
Сыланған жардың күлкісі —
Алдандырмас бір ісі.

Әркім-ақ өз отаны, өз халқы алдында осындай қызмет етуге аянбайтынын білдіре берсе, сондай игілікке талпынса, адамгершілік санадың ең жоғарғы сатысына көтерілгенін өз ісімен байқатқан болар еді. Жас өспірімдерді отан алдында, халық алдында қызмет етуге үйретудің, бұл жолға барлық ынта-ықыласпен аянбай кірісуге баулудың қажет те міндет екенін түсіндіре білу керек. «Өз отанын уақытша емес, өмірлік даңқы үшін және адам баласының игілігі үшін қолдан келгенді аянбау — бұдан ардақты, қасиетті тілек бар ма» дейді Чернышевский. Баланы өз отанының өмірлік даңқы үшін күресетін, өз халқы алдында адал қызмет ететін патриот етіп тәрбиелеуде Сұлтанмахмұт өлеңдерінің мәні, оның балалар әдебиеті мұрасынан алатын орны үлкен.

Балалар әдебиетінен орын алатын Сұлтанмахмұт өлеңдерінің тәрбиелік жақтары мен мазмұндылығы, көркемдігі және жаңа бағыты осы дәрежеде, бұл — үлкен прогресс. «Прогресс ақылдың дамуына тікелей байланысты. Тұрмыстың қай саласында озат білім тәжірибесі қолданылса, сол саласында прогрестің болатыны даусыз» дейді Н. Г. Чернышевский. Жас өспірімдерді тәрбиелеудегі балалар әдебиетінің прогрестік қасиеті де дәл осындай.

өгіз» деген мысалдарын аударған. Бұл аудармалардың қазақ балалар жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына зор мәңгі болды.

Осы мезгілдерден бастап, ұлы орыс халқының балалар әдебиеті мен қазақ балалар жазба әдебиетінің өз ара байланыстары, ара қатысы, әсер-ықпалы үнемі өріс алып отырады. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, XX ғасырдың бас кезіндегі демократ ақын-жазушылар: Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев өз дәуірлерінің прогресшіл идеясын насихаттауда, туған халқына білім беруде орыс балалар әдебиетінен мысал өлеңдер аударып, қазақ халқына жеткізуде көптеген еңбек етті. Оның өзі қазақ балалар әдебиеті байланыстарының қайнар көзіне айналды. Осы аудармалар негізінде қазақ балалар жазба әдебиетінде мысал өлеңдердің төл үлгілері де пайда бола бастады.

Мысал өлеңдерде көбіне жануарлар немесе басқа да жансыз нәрселер сөз етілгенімен, олардың бәрі де адамша сөйлеп, адамша көңіл күйін білдіріп, сезініп отырады, яғни мысалдарда адамдар және олардың өз ара қарым-қатынастары бейнеленеді. Міне, осылайша өмір құбылыстарын, адам арасындағы қарым-қатынастарды астарлы түрде түспалдай суреттеуді аллегория дейді. Ал, мысал өлең дегеніміз — тәлім-тәрбие беретін көлемі шағын аллегориялық шығарма.

1898 жылы Абай аударған Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысал өлеңінің әсіресе төменгі класс оқушыларының оқуына жеңіл тиетін және олардың мінез-құлқын тәрбиелеуде ерекше маңызы зор. Мұнда еңбек етуді сүймейтін, той-думаның еркесіне айналған жалқаулар мен сәңкөйлерді, тоғышарларды өлтіре сынаған.

Шырылдауық шегіртке,	Жазды күні жапырақтың,
Ыршып жүріп ән салған.	Бірінде тамақ, бірінде үй.
Көгалды қуып төлейтпап,	Жапырақ кетті, жаз кетті,
Қызықпен жүріп жазды алған.	Күз болған соң кетті күй.

Крыловтың данышпандығы мысал өлеңдер мазмұнын үгіт-насихатқа құрылған аллегориялық түрден өткір сатираға айналдырып жіберуімен ерекше көзге түседі. Мына мысалда жатып ішер жалмауызға айтылған өткір сын бар.

Ала жаздай сейіл құрған сауықшыл жанның күз болатынын байқамай, бүрсең қағуына балалар мәз болады, күледі.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқа,
Ойын қайда, ән қайда?
Қайтсін қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер!

Крылов мысалдарындағы сатира адам қоғамында болатын кемшіліктерді ғана сынап қоймайды, оның терең мазмұны үстем тап өкілдерінің халықты қалай қанап жатқанын айқын, ашық көрсетуімен ұтымды көрінеді.

Қазақ балалар жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер еткен мысал өлеңдерінің қайсы бірін алсақ та бейнелеу тәсілдері жағынан халық ауыз әдебиетіндегі хайуанаттар жайындағы ертегілерді еске түсіреді. Бұларда әр түрлі жануарлардың, сонымен бірге басқа да жансыз нәрселердің қимыл-өрекеттері, қарым-қатынасы туралы сөз болады. Олар адамша өрекет жасап, адамша көңіл күйді, ой-пікірді білдіреді. Яғни мысалдарда адамдар және олардың арасындағы қарым-қатынас астарлы түрде, түспалдай суреттеледі. Осының негізінде өмірдегі адамға тән кемістіктер әжуз, сықақ етіледі, олардан жирену тұрғысында ақыл-кеңес беріледі. Крыловтан Абай аударған «Есек пен бұлбұл» мысалында дарынды өнер иелері дәріптеледі, мақталады, олардың өнеріне халық сүйсінеді, қадір тұтады. Ал өнерден түйсігі жоқ топастық өлтіре сықақ етіледі. Өздерін өмірдің билеп-төстеуші, көркі мен сәні деп ұғатын үстем тап өкілдерін ұлы мысалшы есекке теңейді.

«Екенсің ән салуға сен дағы епті,
Сен біраз этеш әнін үйрен!» — депті.
Бұл сықылды сыншының сөзін есітіп,
Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті.

Әділетсіздік салдарынан туған мұндай топастық қандай дарын иелерін болса да ашындырмай қоймайды. Крылов мысал өлеңдерді өткір сатираға құру арқылы оның көркемдік сипатын осылайша өте жоғары көтере білген, мысал өлеңдерді жас өспірімдердің аса сүйіп оқитыны да сондықтан. Абай Крылов мысалдарының осындай ерекшеліктерін тани білген де, оны өз халқына жеткізуге күш салған. Шағын өлеңдерде шалқыған терең ойлардың болуы типтік өмірдің типтік көріністерін тауып, дәл айта білуінен байқалады. Крылов мысалдары шындық өмірдің айғағы ретінде «Қарға мен түлкі» сияқты сол өмірдің типтік образдарын жасады. Сондықтан да ол әсіресе балалардың оқуына пайдалы да тиімді болып кетті.

Мысал өлеңде түлкінің қарғаны мақтаған айлакерлігі былай суреттелген.

«Қарағым, неткен сұлу ең!»
Деп таңырқап танданды.
«Неткен мойын, неткен көз!»
Осыдан артық дейсің бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?
Қалайша біткен япырмай,
Мұрыңыз бен жүніңіз!

Періштенің үніндей,
Деп ойлаймын үніңіз.
Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің білінді.
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіңі.
Құс төресі біздерге,
Сіз боларсыз бір күңі.»

Қарғаның аузындағы ірімшігін алдап алып жеу үшін түлкінің жасаған мұндай айлакерлігі мен зұлымдығы балаларды мол күлкіге кенелдіреді. Ал, күлкі соны оларды үлкен ойға шомдырады:

Басы айналды қарғаның,
Сұмның айтқан сөзіне.
Қуанғанның бүртініп
Бір мастық кірді өзіне.

Өзіне біткен өңешпен,
Аямастан қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті,
Іс бітті, қу кетті.

Баланы ойға қалдыратыны — осы жағы. Ал, ойлану — оларды мұндай мәселелер айналасында белгілі бір қорытынды жасауға үйретеді. Мысал өлеңдер балаларға эстетикалық тәрбие беруде өте пайдалы. Ондағы көркем образдардың нақтылығы, диалогтарының дәлдігі, оқиғаларының күлкілі тартыстарға құрылуы, тілінің өткірлігі мен көркемдігі — осының бәрі жиылып, жас өспірімдерді үлкен қуанышқа кенелтіп, ақыл-есін толықтырып, өздерін мәз-мәйрам етеді. Сондықтан да Крылов мысалдары Абай аудармалары арқылы қазақ балалар жазба әдебиеті байланыстарының қайнар көзіне айналған асыл мұра боп қалады.

Қазақ балалар әдебиетінің өз ара байланыстары ХХ ғасырдың бас кезінде де кең өріс алып, дами берді. Орыс әдебиеті мен қазақ балалар әдебиетінің өз ара байланыстары сияқты, басқа көршілес елдердің балалар әдебиетімен де өз ара байланыстар жасау кең тәжірибеге ене бастады. Абай сияқты Сұлтанмахмұт та мысал өлеңдер жазды. Мысал өлеңдердің балалар әдебиетінен ерекше орын алатынын, оның тәрбиелік мәнін түсінді. Өйткені мысал өлеңдер қазақ балалар әдебиетіне енген, өзіндік ерекшеліктері бар жаңа жанр екенін біле бастаған кез еді. 1912 жылы Сұлтанмахмұт татардың халық ақыны Ғ. Тоқайдан «Екі тышқан» деген мысал өлең аударып, өзі «Арыстан мен тышқан» деген мысал өлең жазды. «Екі тышқан» атты мысал өлеңде бірліктің, ынтымақтың болмауы кімді болса да алған бағытынан адастырып, қолда барынан айырып, бақытсыздыққа душар ететінін көрсеткен. Мысал өлеңдер көбіне белгілі кейіпкерлері бар қызықты оқиғаларға құрылады. Кейіпкерлер арасындағы тартыстар оқушысын еліктіре тартып, бірден өзіне баурап алады. «Екі тышқан» мысалындағы оқиға былай басталған:

Даладан екі тышқан май тауыпты,
Шығынсыз екеуі де жай тауыпты.
Жанжалдасып бұл майды бөлісе алмай,
Маймылға бөлдіруге көңілі ауыпты.

Мұндай онай олжаға маймыл қалай қызықпасын. Майды бөлуге кіріседі:

Өлшепті бір жағына майды салып,
Ар жағы көтерілді босқа қалып.

Бос жағы мен май жағын теңгеруге,
Маймыл тықты аузына майдан алып.
Ақырып жеп бітіріп майды басып,
Безбеннің тегістепті екі басын.
Безбеннің бірдейлігін көзбен көріп,
Тышқан кетті ағызып көздің жасын.

Мұндай безбеншінің қылығына қалай құлмессің. Әсіресе балалар мұндай оқиғаларға мәз болады, күледі. Құлмегенде қайтсін, «Алтау араз болса, ауыздағы кетеді» дегеннің кері келген. Бірақ, мұндай күлкілердің ар жағында үлкен зіл жатқанын жас өспірімдер соңынан барып аңғарады.

Сорлының жанжалдасқан майы қайда?
Бермейді ешбір уақыт жанжал пайда!
Өз ара қосылмаса ынтымағын,
Жем болды көрінгенге әрбір жайда.
Ендігері бірліктен айрылмасқа,
Тышқандар ант етіпті бір кең сайда.

Мысал өлеңдердің балалар әдебиетіне жақындығы — оқиғаны көз алдына келтіретін осындай типтік образдары мен көрнекілік қасиеттерінің барлығына байланысты. Мысал өлеңдердің көбі әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш класс оқушыларына суретті кітапша етіп ұсынуға лайықты. Мысал өлеңдердің тағы бір ұтымды жағы — ол барлық ұлт балаларының ұғымына жақын, түсінуіне жеңіл, бір жағы күлдіру үшін әзіл-оспаққа да бейім тұрады. Сонымен қатар, балалар әдебиетінің өз ара байланыстарын күшейтіп, бір-біріне жақындастырып, сол арқылы өркен жайып, өсіп, ілгері дамуына себеп болады. Сұлтанмахмұттың 1912 жылы жазған «Арыстан мен тышқан» атты мысал өлеңі де балаларды мәз-мәйрам етерлік мол күлкілі оқиғаларға құрылған. Мұнда да іс-әрекет бірден оқиғадан басталады:

Ұйықтанды бір арыстан ай далада,
Тыныштық алу үшін сай-панада.
Үстіне арыстанның ойнақтапты,
Бір тышқан іннен шығып сол арада.

«Ажалды қарға бүркітпен ойнайдының» кері келген. Тіпті арыстанның басына да барған, ойнақ салған, даңғойсып кеткен. Өлем-ау деп ойламаған, Басында ойнақтаған тышқанды арыстан ұстап алғандағы адам күлерлік оның аянышты мүшкіл халін көрсеніз.

Жалынды сонда тышқан: «Өлтірме! — деп,
Ағатай, маған зиян келтірме, — деп,
Бір қайтар менен-дағы бір жақсылық,
Азат қыл, байқамадым, өлтірме, — деп.

Әрине, мұндай халге түсуден, ажал алдында тұрудан күшті үрей жоқ. Бірақ, «Бір қайтар менен-дағы бір жақсылық» дегеніне мән берместен, жас өспірімдер күледі. Істің ақыры немен тыпырына алғаш ой жүгіртпейді.

Арыстан күліп айтты: «Сорлы тышқан,
Не жақсылық қайтады сен байғұстан?
Дүниеде саған қалған күнім құрсын,
Күшің кем жұдырықтай шымшық құстан.

Жатасың қорыққаныңнан қазып жерді,
Күлдірдің болмасты айтып, меңдей ерді.
Күлдіріп, көңіл ашқан ақын үшін,
Азат қылдым», — деді де, қоя берді.

Бұл жерде «Ұлық болсан, кішік бол!» — дегендей, әлділер ойына келгенін істеп, әлсіздерге күш көрсете бермесін дегенді аңғаруға болады. Ал біреуге еткен жақсылықтың қарымтасы қайтпай қалмайтыны да бұл мысал өлеңде қамтылған. Бір күні арыстан торға түсіп, оралып, шырмалып шыға алмайтын халде болады.

Күн қайда құтылатын торды бұзып,
Бакырып ызаланды жерді сүзіп.
Даусын танып баяғы тышқан келіп,
Құтқарды торды қиып, тістеп үзіп.

Мұнда да баяғы «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген данышпандықпен айтылған халық мақалын келтіруге болады. Тегінде, анау зор, мынау әлсіз деп қарауға болмайды. Жаратылыста әр нәрсенің өзіндік орны, өзіндік атқаратын қызметі бар. Жан-жануарлар арасындағы күн көріс әрекеттері дей отырып, адам қоғамында жиі кездесетін өмір жолын сипаттайтын мысал өлеңдердің балалар әдебиетінен орын алатын тәрбиелік мәні, эстетикалық талғамы, көркемдік сипаты, тіл шеберлігі, ондағы типтік көріністер — осының бәрі жиылып, жас өспірімдердің рухани азығына айналмақ. Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұт мысалдары балалардың творчестволық фантазиясының дамуына жол ашады.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ (1894—1933)

ӨМІРІ МЕН ЖАЗУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі — педагог ақын Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей губерниясы, Павлодар уезі, Ақсу болысында (қазіргі Павлодар облысының Ермек ауданында) кедей шаруаның семьясында туған. Дөнентай қолы қысқа кедей шаруа болса да зерделі кісі еді. Баласының сауатын ашып, хат танытуға, Сәбитті оқыған азаматтар қатарына қосуға көп күш жұмсайды. Әкесінің осындай қамқорлығын сезінген Сәбит жастайынан зерек болып өсті. Оның оқуға деген құштарлығы арта берді. Алғаш Қасым қажы дегеннің медресесінде татарша оқиды. Дінн оқулармен қатар, бұл медреседе география, тарих, есеп пәндері де өтіледі. Сәбит өз бетінше оқып, орысша хат таниды, газет-журналдар оқи бастайды. Ғабдолла Тоқай мен Абайдың өлеңдерімен танысады, соларға еліктеп, медреседе жүргенде алғашқы өлеңдерін жаза бастайды.

Медресені бітірген соң Сәбит ауылдық мектепте мұғалім болады. Осы кездерден бастап балалардың ұғымна жеңіл, түсінуіне оңай әрі қызық, әрі күлдіргі, олардың білімін толықтыруға септігін тигізерлік мысал өлеңдер жазады. Оның өлеңдерінің тұңғыш жинағы 1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен басылып шықты. Өз өмірінің көбін бала оқыту, бала тәрбиелеу жұмысына арнаған Сәбиттің ауыр тұрмыс салдарынан денсаулығы нашарлап, ауруы асқына береді. Ол сонда да болса өзі ұнатқан мамандығын тастаған жоқ. Өмірінің ақырына дейін қызмет үстінде болады. Халық ағарту жұмыстарының алдыңғы қатарында жүрген Сәбит Дөнентаев асқынған ауруының салдарынан 1933 жылы 23 майда Семей қаласында қайтыс болды.

Сәбит Дөнентаев өзінің алғашқы жұмысын әрі педагог, әрі балалар жазушысы ретінде бастады. Сәбиттің балалар әдебиетіне қосылатын шығармалары қысқа әрі мазмұнды, түсінуге жеңіл болып келеді. Ақын өлеңдері қысқа жазылса да, белгілі оқиғаларға құрылғандықтан, өзіне лайық кейіпкерлері, типтік образдары бар. Өтірік, өсек, жағымпаздық, мен-мендік және тақапарлықты әшкере ету — Сәбит Дөнентаев жазған мысал өлеңдердің ең басты тақырыптары болды. Оның: «Қожа», «Ауырған

Сәбит
Дөнентаевтың
мысал өлеңдері

арыстан», «Көзі тоймаған ит», «Екі теке» өлеңдері кейбір адамдарда болатын аңқаулық, өрескел қылықтардан, өсек-аяң, өтіріктен, жағымпаздық немесе бірді-бірге соғыстыратын айлакер сұм істерден аулақ болуға үйретеді. Ондай жағымсыз әрекеттердің адам баласына жат жақтарын әжуа, мазақ етіп, мейлінше әшкерелейді. Мұның балалар үшін қызықтығы сол — адамда болатын ағат мінездерді, ашқарақты немесе озбырлықты, қулықты хайуанаттардың іс-әрекетімен көрсетуінде. «Ауырған арыстан» деген мысал өлеңде:

Түлкіні балағаттап деді қасқыр,
«Жан қалмай сізді естіп келдік, тақсыр.
Бәрі де осыншаның келгенінде,
Қалыпты түлкі келмей кара басқыр»,—

дейді, Арыстан мұны естіп қатты ашуланады. Түлкінің келмей қалуын өзін басынғандай көреді. Қасқырдың шағыстырғанын естіп, басына қиын зобалаң туайын деп жатқанын біліп, түлкі де жетіп келеді.

Мен болдым сіз секілді қатты ауру.
Ізденіп жүріп қалдым соған дәру,—

деп, келісімен кешіккен себептерін арыстанға баян етеді. Мұны есіткен арыстан дереу «Табылды ол дертіңе неден дару?— деп сұрақ қояды. Сонда:

Түлкі айтты іліп ала-ақ, «ей, сұлтаным,
Кеше еді сізден жаман ауыр халім.
Қасқырды артқы аяғы сіңірін жеп,
Жазылды саламат боп ғазиз тәнім»,—

дейді. Түлкінің бұл сөзін есіткен арыстан дереу қасқырды шақыртып, басып жатып, артқы аяғының сіңірін суырып жейді.

Сонан соң кетті шығып қасқыр, түлкі,
Шағудан қасқырдың көп алған мүлкі.
— «Жануар қызыл аяқ қайда жүрдің»,—
Деп түлкі: қасекенді етті күлкі.

Мінекей, өтірік шағым берудің, біреулердің сыртынан өсек айтудың, қиянат жасаудың салдары осындай болмақ деген зілді сықақ, кекесімен қорытынды жасайды. Сәбиттің мысал өлеңдерінің қайсысында болса да өзінше қорытынды жасап, шешімін айтып, ақыл парасатына салып, қисынсыз қыңыр жақтарын көрсетіп отырады. Адам қылықтарына жат нәрселердің бәрінен де аулақ болуға үгіттейді. Өтірік, өсек айтудың аяғы әрқашан адамды жекеурып етіп жіберетінін нанымды түрде дәлелмен суреттейді. Мұның балалар үшін тәрбиелік мәні зор және аса қатты.

Сәбиттің осы мысалынан кейіпкерлер арасындағы тартысқа құрылған драмалық, комедиялық көріністер және олардың психологиясы, мінез өзгешеліктері анық байқалады. Кейіпкерлер арасындағы сөз қактығыстары да драманы, сахналық көріністі білдіреді. Олардың жүріс, қозғалыстары да, көз алдында тұрғандай әсер береді.

Сәбит Дөңентаевтың мысал өлеңдерінде бір-біріне мүлде жанасым жоқ, мінез өзгешеліктері басқа-басқа кейіпкерлер арасындағы тартыстарды шебер суреттейді. Солар арқылы адамдардың басында болатын әр қилы мінез-құлықтарды баян етеді. Мұндай өлеңдер балаларды қызықтыра отырып, олардың ойлау қабілетін, санасын шыңдайды, ішкі дүниесіне қозғау салады. Сәбит мысалдарындағы түсінуге жеңіл тиетін көрнекілік қасиеттің басым болуы — онда суреттелетін оқиғаның сыр-сипатын әлдендіріп, күшейте түсуі. «Баланың жас жаны тіпті ұсақ деген нәрсенің өзінен әсер алғыш болады. Сондықтан оның көзінше өнегесіз болудан, тіксінуден, ұрыс-таластан, өсек айтудан, ең нашары — өз сөзіне өзің қайшы шығудан сақ болу керек, бала оның бәрін байқағыш болады, кейін тіпті ұмытып кететін болса да, оның мінезінде бұл жайдың ізі қалады»¹ дейді Ф. Э. Держинский. Түлкіні арыстанға шағыстырып айтқан қасқырдың қандай күйге түскенін тіпті ұмытуға болмайды. Ф. Э. Держинский сондай озбырлықтардан сақтандырудың бірден-бір жақсы жолы оларға өзінің өнегелі болуы және санасынан берік орын алатын ақылшысы, тәрбиешісі болуы дейді. Сәбит Дөңентаев та өз өлеңдерімен жас өспірімдер алдында өнегелі болуды жақтайды.

«Көзі тоймайтын ит» деген мысал өлеңінде Сәбит дәл осындай идеяны ұсынады. Сүйек тістеп көпірден өтіп бара жатқан иттің өз көленкесін басқа ит деп түсініп, оның аузындағы үлкендеу сүйекті тартып алмақшы болып ұмтылғанда, өзі суға кетіп қалады. Өлеңнің ең соңында автор:

Әр қайда «ашкөздінің» олжасы осы,
Байқасаң, іс түбіне көзің садып,—

деп, екі ауыз сөзбен қорытынды жасайды. «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» деген халықтың даналық сөздерімен ұштастырады. Сұғанақтық, озбырлық, арсыздықтың бір түрі екенін айқын көрсетеді. «Ауырған арыстан» деген мысал өлеңінде жағымпаз, ашқарақ, дойыр кісілердің озбырлық әрекеттерін әшкерелейді. Жас өспірімдерді осындай жағымсыз қылықтардан аулақ болуға шақырды. Адамгершілігі мол, мәдениетті, ізетті болуға тәрбиелейді.

Сәбит өлеңдерінде қызықты күлкінің астарында зілді мысқыл жатады. Балалардың жаттап айтуына ықшамды «Кож»,

¹ Ф. Э. Держинский, «Соц. Қазақстан» газетінде, 1961, 27 март.

«Екі теке» өлеңдері осы сияқты қызықты, мазмұнды, күлкілі жазылған. Аңқаулық пен ашық ауыздық та кісі басында болатын үлкен кемшілік. Адам өзіне-өзі пысық, жинақты, ширақ, әсіресе барлық іске икемі бар бір сырлы, сегіз қырлы болуы керек. Кісінің ойлы да, парасатты, сабырлы болғаны жақсы, «Қожа» сияқты болып жүрмеңдер дегенді аңғартады.

Бір күні айдалада ақымақ Қожа терлеп-тепшіп жер қазып жатыр екен. Оған бір адам кез келіпті. — Қожеке, бар күшінді сарп етіп бұл жерді не үшін қазып жатырсыз?— десе, Қожекең оған былай депті.

Бұл жерге көмген едім алтын бұрын,
Таба алмай сол алтынды дал боп тұрмын.
«Қоймап па ең?— адам айтты,— ешбір белгі,
Болмаса ұмыттың ба белгі түрін?»

Адамға қожа сонда ал не деді:
«Қойып ем жоғалмастай мұнда белгі,
Мезгілде алтын көмген, дәл төбемде,
Ақ бұлт көлеңкелеп тұрып еді».

Бұлтты аспандағы кім алады,
Бір белгі бұдан артық болса ма енді?—
«Жарайды, олай болса жоғалмас», — деп,
Ол адам күлді дағы жүре берді.

Мұндағы өлең идеясының қызықтығы сол — «Ақылсыз бас екі аяққа дамыл бермейді» — дегеннің кейпін танытқан. Аңқаулық пен ашық ауыздық адамды адал жолынан тайдырады. Өйткені ондайлар сұм адамның жетегіне тез ілігеді. Түлкінің қарға аузындағы ірімшігін алдап алғаны сияқты, аңқитып, жер соқтырып кетеді. Осындай аңқаулықтан, ашық ауыздықтан сақтандырып, жас өспірімдерді әр нәрсеге икемі бар азамат етіп тәрбиелеуге шақырады. Бұл өлеңнің тәрбиелік мәні осында. Адамды әр түрлі болымсыз жаман істерден сақтандырып, қамқорлық жасап отыру — ақынның азаматтығын, адамгершілік дәрежесінің жоғары сатыда екенін, мәдениеттілігін танытады. Мұндай ақындардың шығармаларының ұзақ өмір сүретіні, әрқашан қажетке жарап отыратыны да сондықтан.

«Екі теке» өлеңінде айтыс-таласқа түсудің, ерегістің, берекесіздікке бастайтынын, адамды азғындатынын мысал етіп көрсеткен. Тар көпірдің үстінде бір-біріне қарсы кездескен екі теке бір-біріне жол бермей таласып, үлкен егеске түспек болады. Екеуі де біріне-бірі кішірейгісі келмейді... Жасынан тақап-пар боп өскен екі теке сүзісіп, бірінен бірі кек алғысы келеді. Өйткені ешкімнің тосқауылсыз көкірегін керіп, көпірден бұрып өту мақсаты бар. Сол мақсат оларды намысқа итермелейді. Бітім жасап, бірінен соң бірі көпірден еркін өтіп кету ынтыма-

ғына сол менмендік намыс жібермейді. Ерегіспен тайталасқа түскен екі теке сүзісіп қалғанда, тар көпірден тайып, екеуі де терең суға ұшып түседі. Өлеңнің ең соңында ақын:

Екеуі де суға құлап тыныш тапты,
«Жігіттік қып көпірді тез босатты».
Ерегістің нәтижесі осы да,
Таласқандар мұнай артық не тапты?—

деп, жас оқушыларды терең ойға қалдырып, үлкен сұрақ белгісін қояды. Кіші пейілділігі жоқ мұндай менмендік, бір-біріне орынсыз қилығы — өжеттік белгісі емес. Өжеттік өз орнына, адам баласына пайда келтіру мақсатына жұмсалмаса, екі теке-нің егесі сияқты нәтуасыздыққа киліктіреді. Сәбит өлеңдерінде балаға жат, жаман әрекеттердің барлық түрлерінде де осылай санаға жеткізе айту арқылы өрескел қылықтардан алыстату, қиянатқа жолатпау бағыты көзделген.

Сәбит Дөнентаевтың «У жеген қасқырға» деген мысал өлеңінде бұдан да зор мәселенің беті ашылады, көзі тоймаған қомағайлықтың салдарынан озбырлыққа, қаныпезерлікке айналған үстем тап өкілдерінің аулым әрекеттері әшкере етіледі:

Жерің кем шарламаған, бармай қалған,
Ісің кем ойға алмаған, болмай қалған,
Жалғызды, жарлыны да, қимасты да,
Ер едің көмекейге бүктөп салған.

Тозығы жеткен өткен дәуірдегі қанаушы таптардың озбырлық әрекеттерін осындай образды сөздермен оқушысына жеткізеді. Мысал өлеңдер қоғам өмірінде болған шындық оқиғаларға байланысты туады да, өзінің өткір мысалымен ондағы төзімсіз жағдайларға байланысты өріс алған әділетсіздіктің құл-талқанын шығарады. Әшкере етеді. Сөйтіп, оны халықтың күлкі, мазағына, тәлкегіне айналдырады. М. Горькийдің: «Балалар жаңа дүниенің негізін қалаушы ата-аналарынан гөрі мәдениетті, белсенді болуы керек. Біз үлкен сөзден қорықпай-ақ, балаларымыз дүние жүзі пролетариатының қазіргіден де гөрі белсенді көсемдері боларлықтай тәрбие алуға тиіс дегенді айтуымыз керек. Ол үшін ескі тұрмыстың кертартпалығына қарсы, тоғышарлық, мешандық ортаның ықпалына қарсы күрес жүргізуге қажетті білімінің барлық күшімен балаларды жастайынан қаруландыруға міндеттіміз»¹ деген терең ғылымдық қағидалары жас өспірімдерімізді осы бағытта тәрбиелейтін бірден-бір басты және күшті құрал екенін дәлелдейді.

Ақынның балалар әдебиеті мұрасына енген мысал өлеңдеріне талдаулар жасағанда, оның саяси мазмұнының өзі бірден-бірге

¹ М. Горький. Әдебиет туралы. Алматы, 1954, 93-бет.

тереңдеп, балаларға үлкен ой туғыза бастайды. Ол өзінің мысал өлеңдерін ескі тұрмыстың кертартпалығына қарсы, тоғышарлық, мешандық ортаның ықпалына қарсы күрес жүргізудің бірден-бір қуатты құралы етіп, шебер пайдалана білген. «Боз торғай» деген мысал өлеңінде: «тұрымтайдан зорлық-зомбылық, қысым көрген боз торғай ойдан-қырдан іздесе де мұң шағарлық таяныш таппаған соң, қырғиды іздеп ұзақ сапар шегеді. Оны — қырғиды — өзіне үлкен сүйеніш, тірек көреді. Әділдік осыдан ғана шығар деп ойлайды. Арып-талып ақыры қырғиды іздеп табады. Жемсауы шығып ыңқылдап, бір томардың түбінде бұғып отырған қырғиға тұрымтайдан зәбір көргендерін айта бастайды. Бірақ қырғи оның сөзін аяқтатпай: «Токтат! Еш нәрсе етпес. Жаным шықпас, күнің өтпес!», — деп тойтарып тастайды. Бұдан теңдік ала алмасын білген боз торғай тұрымтай мен қырғидың озбыр қылықтарынан шошынып, бұларды қаршығаға айту үшін тағы да ұша жөнеледі. Жолда ол бөденеге кездеседі:

Бөдене қылды ишара: «Мұнда кел», — деп,
«Ағанның мынау жатқан жайын көр», — деп,
«Мені аңдып бір жау қырғи отыр еді,
Білдің бе, кетті ме екен хабар бер», — деп.

Мұндай халді естіген боз торғай одан бетер шошынып, қаршығаға тез жетуді ойлайды. Жолда ол қиқу салған, азан-қазан болған үйректердің қанқылдаған үрейлі дауыстарын естиді. Боз торғай одан бетер үрейленіп, қатты шошынады. Енді осылардың бәрінен де бекзат еді, лашын ханға барайын деп аттанса, бір теректің түбінде бекзадасы қанып ағызып, қаздың етін жеп отырғанын көреді.

Жаным-ау, мынау біздің төреміз бе?
Шынымен ақтық көрмей өлеміз бе?
Кем-тарға бұлар қайтіп кек әпермек?
Күдірет көп деген соң көнеміз де! —

деп, шындықтың, әділдіктің түбіне жете алмай дінкесі құрып дал болады. Билік пен өкімет басшылығы байлар мен феодалдардың қолдарында тұрғанда, олардың қайсысына барсаң да осы сияқты күйінше соқтыға беретінін атап айтқан. Қанау бар жерде теңдік жоқ, бостандық жоқ, әділеттік те болмайтыны айқын суреттелген. Саяси жағынан осындай ұстамды шығармалар жазу арқылы және ескі тұрмыстың неше алуан былықтарын әшкере ету арқылы жазушы тәрбиешілердің алдына қоғамдық идея жағынан ұстамды, қайсар, адал ниетті азаматтар тәрбиелеу сияқты абыройлы мақсат қояды.

Сәбит Дөнентаевтың мысал өлеңдерінен халық данышпандығы, халықтың өткір сатирасы, ирониясы кең орын алған. Оның ең маңызды жағы — осында. Мысал өлеңдердің осындай ерекше-

діктеріне байланысты оны үлкендер де, балалар да қызыға оқиды. Ақынның әрбір мысал өлеңдерінен қазақ халқының бастап кешірген өмір өткелдері, арманы, айқын ойы көрінеді. Сәбит мысалдарының қорытындысы ел ішінде жиі айтылатын өнегелі нақыл сөздерге, мақал-мәтелдерге айналып кеткен. Өйткені, мақал-мәтелдер халық ойының, халық данышпандығының өте ықшам айтылатын асыл түйіні. Әрі қысқа, әрі мазмұнды, әрі көркем, әрі халық ойынан шығарлық мұндай туындылар ғасырлар бойы жинақталған халық тәжірибесінің қорытындысынан туған. Балалар әдебиеті дегенде мұның өзі жай ғана айтыла беретін елжіреген бос сөздер емес, оның саяси бет алысы, бағыты осындай дәрежеде болуға тиісті. Сәбит Дөнентаев мысалындағы хайуанаттар аллегориялық түрде алынған сахнадағы актерлер сияқты көрінеді. Ондағы қасқыр, түлкі, арыстан, ит, теке, боз торғай, бөдене, қырғи, лашын құс тағы басқалары адам өмірінде кездесетін шындық өмірдің бейнесін танытады. Олар да бірін-бірі алдау, арбау үшін адам күлерлік комедиялық назды сөздер қолданады. Соған қарай мысал өлеңдердегі кейіпкерлердің әрқайсысындағы әр алуан өзіндік мінез өзгешеліктері, психологиясы, күн көріс, тіршілік әрекеттері байқалады. Мысал өлеңдерде драмалық, комедиялық көріністер де орын алады дегенге осының өзі айқын дәлел.

Мысал жанры — ешқашан шұбыланқы, ұзақ айтылуды көтермейді. Оның мазмұнында екі ұштылық, жалтара сөйленетін жалған ұғым болмайды. Ондағы кейіпкерлер мінезі, олардың өмір сүру әрекеті мейлінше айқын, дәл суреттелуді қажет етеді. Сәбит мысалдары белгілі сюжетке құрылатындықтан оның кейіпкерлері әрқашан қимыл, әрекет, үнемі қозғалыс үстінде көрініп, сол сюжет арқылы мысалшының айтайын деген тегеурінді ойы іске асып отырады.

Белгілі сюжетке құрылған Сәбит мысалының негізінде анти-теза — салыстыру әдісін қолданушылық бар. Мұндағы кейіпкерлер іс-әрекеттерінің түйінінен қандай қорытынды жасауға болатынын көздеп, оның әр жағынан автордың өз пікірі барлығы айқын аңғарылады. Адам көңілінен шығарлық осындай ерекшелігіне байланысты мысал өлеңдер бұдан былай да өмірбақи халық данышпандығының ұлы кітабы қатарында қала бермек. Қорыта айтқанда, қалжың-келекелері мол, өткір сатираға құрылған Сәбит Дөнентаевтың жел қанатты, ашық үнді, өмір елегінен екшеліп алынған мысал өлеңдерінен жас өспірімдер көп нәрсе-ні үйренуге болады.

Оқуға, өнер-
білімге шақыру

Өз халқынды сүйе білу — ең басты, ең сүйікті міндет. Сол міндетті баланың жанына жас кезінен еге беру керек. Бала сол міндетті саналы түрде ұғуы үшін оған ең алдымен білім қажет. XX ғасырдың бас кезіндегі ақын, жазушылардың алдарына қойған мақсат-мүдделері ең алдымен өз халқының жас ұрпақтарын өнер-білімге, оқуға шақыру болды.

«Талап» деген өлеңінде Сәбит Дөнентаев жас өспірімдерді өнер-білімге, техника тегігін меңгеруге шақырады. Әрқашан да келешек жастардікі болғандықтан соларға үміт арта сөйлейді.

Әр дәулет саған даяр етсең талап,
Бақ келмес іздеп сені жатсаң қарап.
«Нұр жауар талаптыға» деген қарттар,
«Жүргенге жөргем» бар ғой бұрыннан-ақ.
Жалғызбың, жарлымың деп қорғаламай
Сал құлаш бір өзіңді жүзге балап.
Әр-бірі талаппенен тауып жатыр,
Дүниеде неше өнерлі көрсең санап,—

дейді. Адам уысына оңайлықпен келетін дүние жоқ. Тек ізден-сен, еңбек етуден жалықпасаң ғана ойлаған мақсатыңа жетесің. Жарлылық, жалғыздық та оған тосқауыл бола алмайды. Жарлылық пен жалғыздық көп қиындық, үлкен тосқауылдар жаса-са да, оны да үздіксіз сарылып еңбек етумен ғана жеңіп алуға болатынын айтады. Қай нәрсеге талаптанса, сол нәрсені жас кезінде, күш-қуаттың мол кездерінде ғана толық меңгеруге қол жететінін алдын ала ескертеді. Ал мезгілді күн босқа өтіп, елен-селеңмен кететін болса, онда бар өмірің ұйқымен, қайғы-қасіретпен кеткені дейді. Әрине, ашынға, намысқа тие, ойыңа қозғау сала айту зор қамқорлық, нағыз азаматтық, жан ашырлық сөз деп білсек керек.

Сәбит Дөнентаев жас өспірімдер мен балаларды өнер-білімге шақырғанда, олардың алдарына белгілі мақсат қояды. Оқып, білім алудың түп мақсаты халық алдында қызмет етуге тиіс екенін «Замандастар» деген өлеңінде қатты ескерткен.

Жабысайық өнерге,
Ынтықпай қарап өлерге.
Өзіміз керек демесек,
Керек қып бізді келер ме?
Сақтанбасақ бір қақтар,
Келешек мырза келерде!
Жұмулы болып көзіміз,
Ізденбесек өзіміз,
Білімінен білгендер,
Бөліп бізге бере ме?

Біздің халқымыз үшін, халқымыздың мәдениеті мен шаруашылық экономикасын көтеруіміз үшін және ұшан теңіз игерілмей жатқан табиғат байлықтарын меңгеруге ең алдымен білім керек. Зерделі ақын жас өспірімдерге соны ескертеді:

Ұмтылайық оқуға,
Айналмай көр-жер қоқымға!
Жара болып ұлғаймай,

Дәрі іздейік қотырға...
Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа!..
Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен —
Жан қиналып жолыңда,
Бас кетсе де тартыпба!...

Балаларға басшылық етіп, жөн сілтейтін, олардың болашағын айқындап беретін, ақыл айтатын осындай өлеңдер әрқашан жоғары бағаланады. Мұндай өлеңдерді оқушылар сүйсініп оқиды, ақынға ел құрмет көрсетеді. Жас өспірімдер алдында заман талабына сай осындай күрделі мәселелерді көтере білуі Сәбит Дөнентаевтың тарихи дамуымыздың алдағы перспективтік бағытына жөн сілтегені, соған бағыттағаны еді.

Жаңа өмір жаңа дүние тақырыбы Жаңа өмір, жаңа дүние,— советтік дәуірге қуана құлаш ұрған Сәбит Дөнентаев өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та өмірдің өнегелі жақтарын үлгі етуге тырысқаны байқалады. Оның қай өлеңін алсаңыз да белгілі бір оқиғаның айналасына құрылады. Мысалы, «Ерікті Айша» деген өлеңі жүрек тебіренерлік оқиғаларды еске түсіреді. Ескі дүние қыспағы ересектер түгіл, кәмелетке жетпеген жас баланың болашағына балта шауып, жас жанын уландырған еді. Жастайынан-ақ қара құрттың торындай улы құрсаумен шыр-малған жас Айшаның бұрынғы өмірін еске түсіре келіп, оны біздің қазіргі жас өспірімдерімізге өмір оқулығындай етіп түсіндіреді.

Шешен өліп,
Тезек теріп,
Сныр сауып, от жақтың.
Ас пісірдің,
Зыр жүгірдің.
Ерте тұрдың, кеш жаттың,—

дейді. Міне, ұлы октябрь революциясына дейінгі жас өспірімдердің көрген күні осы еді. Оларға ешқандай аяушылық болмаған, аш-жалаңаш өмір кешкен. Мұндай ауыр хал, қиын тұрмысын азсынғандай, азырақ ер жетінкірей бастағанда, бүйідей шал телміре қарап, қармағын салады.

Дәулетті шал,
Берді де мал,
Сорлы әкеңді ұлатты.
Шал алды деп,
Жас барды деп,—
Кім зарыңды тыңдапты.

Міне, жығылған үстіне жұдырық тиіп, одан бетер зар илейді, одан бетер өмірі өксі береді. Жас қыздың адам төзбес жан тұр-

шігерлік азаптарды басынан кешкенін акын осылай суреттейді. Енді осындай тұңғықтан, көр азабынан құтқарған ұлы Октябрь жемісі, коммунистік партияның ұлы қамқорлығы еді деп, акын Айшаның бас бостандық алғанына қуаныш білдіреді.

Ерікті Айша,
Толған Айша,
Жаркылда да жарық бол,
Басқа Айшалар,
Сеңдер де бар,
Күндіктен шық, қарық бол!—

дейді. Бұл өлеңді жазуда акынның қолданған шеберлігі, тайға таңба басқандай етіп, жас өспірімдерге екі өмірді қатар қойып, салыстыра суреттеу еді. Айшаның октябрь революциясына дейінгі бастан кешірген ақирет азабы мен ұлы октябрь революциясынан кейінгі бас бостандығы, жаздай жарқыраған советтік ерікті өмірі жеңіл де, көркем, әсерлі тілмен қуаныш етіледі.

Сәбит Дөнентаевтың «Бай мен комсомол» деген өлеңі де оқушыларға осындай әсер қалдыратын, өткен өмірдің өгейлігін танытатын, балалар әдебиетінің қорынан мықты орын алатын келелі және мазмұнды шығарма.

Сәбит Дөнентаев «Балалықты сағыну», «Балалық» деген өлеңдерінде олардың жас кезіндегі өзіндік психологиялық өзгешеліктерін, сәбилік қылықтарын тамаша суреттейді. Олардың адал пейілі, ақ көңіліне сүйінеді. Акын өзінің де балалақ шағын сағына, соны аңсап жырлайды.

Шығын көрмей қирағанды, күйгенді,
Тек отыр деп дұшпан көріп тигенді.
Құбыжық деп бөркін теріс кигенді,
Жығылғанын жұрттан көрген балалық!

«Ел қыдыртам, мінгіземін тайға» деп,
«Қаймақ пенен тойғызамын майға» деп,
Алдағанның бірін ұқпай айла деп,
Қолдағысын бәрін берген балалық!

Осындай кез, мұндай шақ — адам өмірінде екі рет кездеспейтін, қызықты да әсерлі кезеңі. Адамның сәбилік кезіндегі қимастық жақсы уақыттарды суреттей келіп, ең соңында:

Ойдан қырға шапсам да,
Қанша абырой, бақ тапсам да,
Мыңнан бірін көрмедім,
Мерекенің сен көрген...

дейді. Балалық шақ адам өмірінде қайталанбайтын ең бір бағалы да, қымбатты кез екенін акын шебер айтқан, тамаша сурет-

теген. Адам көңілі есейген шақта да дәл сондай мейірбанды, адал жанды, ынтымақшыл, көпшіл болса екен деп арман етеді жазушы. Баланы сәбилік шағындағыдай етіп тәрбиелеуге шақырады. Өмір тәжірибесін өмір оқулығы етіп жас өспірімдерге ұсынады.

Балалар әдебиетінің жас өспірімдер үшін аса қымбатты да қажетті болатыны — халық тәжірибелерінің асыл мұралары солар үшін жасалатындығында. Бұлай болатыны — халық өз ұрпақтарын өз өмірінің жалғасы, болашағы деп түсінеді. Барын да, табысын да, ең қимасын да соларға арнайды.

Сәбит Дөнентаев біздің жас өспірімдерімізге ұлы көсеміміз В. И. Лениннің мәңгілік өшпес даңқын, дүние жүзі пролетариаты алдындағы тарихи істерін, еңбекші халықты қаналудан, езілуден азат етіп, социалистік елге айналдырғанын, данышпандық өнегелі еңбегін құрмет ете жырлады. Ұлы көсем еңбектерін жас өспірімдерге үлгі етіп көрсетті. «Ұмытылмас» деген өлеңінде:

Ақылсыз ем азамды айқын көрмеген,
Аузым жарып ақ көкірегің ембеген.
Арманда едім, әлсіз едім, жас едім,
Етек тартып әке артынан ермеген.
Ақ бауырсаққа алақаным бір толмай,
Қайда барсам босағаны бермең ем.
«Жоғал арман, не бар саған, шық үйден!»
Бірдей еді «айналайын, кел» менен.
Ақ күнімде, пәк күнімде жақсылық,
Адам түгіл құдайдан да көрмең ем.
Қайғы-қасірет жүрегімді кермең ем.
Мезгілінде өмірден қол сермең ем.

Міне, бұл ғасырлар бойы қаналып келген езілген таптың аянышты халі еді. Осындай ауыр халден, аянышты өмірден азат еткен В. И. Ленин бастаған ұлы Октябрь революциясы екенін акын жас өспірімдерге жел қанатты жеңіл тілмен жеткізген.

Дауыс шықты, бізмеуші едім несін,
«Құтқарамын, сорлы, қолың бер!» — деген.
Бердім, көрдім: қайда жетім өзімдей,
Жетіліпті билігінде төр деген.
Енді сорлы ол дауысқа ермеген,
Енді соқыр оның туын көрмеген.
Құтқарушы қолың сұрап, сорлыны,
Кетсе де өзі, кетпес үні кеудеден.

Қысқа жазылған осы өлеңде талай-талай тарихи сыр бар. Бір кездегі жоқшылық ауыр тұрмыстар еске түседі. «Жоғал арман, не бар саған, шық үйден!» деген байлардың зорлық-зомбылық-

тары әлі де қабырғаны қайыстырады. Сондай азап-ақиреттен құтқарған, бақытты өмірге жеткізген В. И. Ленин еді. Ол кезде бұл өлеңнің балалар арасында тәрбиелік ролі өте күшті болды. Оларға ақ пен қараны, оң мен солын танытты. Өйткені бұл — балалар әдебиетінде ұлы көсеміміз В. И. Ленин жайында алғашқы жазылғандардың бірі еді. Бұл өлеңнің балалар үшін құндылығы, әсерлі, айқындығы осында. Көсем жайлы жазылған өлеңдер жастың да, кәрінің де жүрегіне қозғау салады, тебірендіре түседі.

Сәбит Дөнентаев В. И. Ленин туралы бұдан басқа да бірнеше өлеңдер жазған. В. И. Лениннің қайтыс болғанына бір жыл толғанына ариап:

Өлді деп ер,	Талай таптар,
Қайғы мен шер,	Өксін жоқтар,
Қаптады деп көкіректі.	Бныл да сол жетімдер...
Еңбекші ел,	Ленин, Ленин,
Көз жасы сел,	Қайран ерім —
Болғанына жыл өтті.	Деп еңбекшіл сағынар.
Аз ойламас,	Сағынса өзін,
Аз төкпес жас,	Сақтап сөзін,
Сорлы толған жұмыр жер.	Тұмар қылып тағынар.

Иә, Ленин сөзі, Ленин өсиеттері, Ленин орнатқан жаңа дүние советтік өмір жас өспірімдердің болашағына айналды. Міне, осыдан бастап, Қазақ балалар әдебиетінде жаңа дүние дәуірінің ұлылығын жырлауға бет бұру басталған еді.

Ш. Ахметов

КАЗАХСКАЯ ДЕТСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

(на казахском языке)

Редактор С. Жұмабеков.
Техн. редактор Н. Кислова, Р. Зотова.
Корректор К. Мұрадалиева.

Сдано в набор 11/III-74 г. Подписано к печати 15/VII-74 г. Бум. тип. № 3.
Формат 60×90/16. Печ. л. 11,0. Уч.-изд. л. 11,2. УГ00903. Тираж 6900 экз.
Цена 43 коп.

Издательство «Мектеп», г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса 99а.

Заказ №584. Полиграфкомбинат Главолиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.